В декабре 1927 г. была образована комиссия для разработки проекта закона о конфискации хозяйств крупных баев. После рассмотрения и уточнения на бюро Казкрайкома он был одобрен ЦК ВКП(б) и ВЦИК. 15 августа 1928 г. Крайком создал комиссию для непосредственного руководства кампанией.

27 августа 1928 г на заседании ЦИК и СНК республики постановление «О конфискации байских хозяйств» было принято. Были назначены уполномоченные по проведению конфискации в округах республики. Непосредственно в аулы направили свыше тысячи уполномоченных. Кроме того, в комиссиях содействия работало 4700 человек.

Согласно документальным материалам об итогах кампании, фактически конфискации было подвергнуто 696 хозяйств, из них 619 были высланы за пределы округа проживания. У них было экспроприировано 145 тыс. голов скота (в переводе на крупный). Около 114 тысяч

голов скота перераспределялось между колхозами (29 тыс. или 26 процентов) и бедняцко-батрацкими хозяйствами (85 тыс. голов или 74 процента). Кроме скота, было экспроприровано 633 юрты, 475 домов, 44 амбара, 534 другие надворные постройки, 108 плугов, 113 борон, 248 сенокосилок, 1367 бричек и т.д. [2,178]

Вместе с тем ликвидация байских и зажиточных хозяйств, выполнявших вполне определенную функциональную роль в наработанной системе воспроизводственных связей, вызывало нарастание хаотических процессов в традиционной структуре хозяйства, вела к ее деформации. Таким образом, конфискация скота у баев обернулась не консолидацией середнячества в ауле и ростом благосостояния, а, напротив, — нараставшей пауперизацией населения нищавших аулов и разрушением хозяйства. Это и был реальный итог силовой кампании по конфискации.

Сильнейший удар по крестьянству нанесла кампания по заготовке сельхозпродукции и силовая налоговая политика.

По методам проведения хлебозаготовительные кампании вылились в форму прямых экспроприации. Для прикрытия откровенно неправового характера предпринимаемых акций власти распространили действие статьи 107 УК РСФСР, определив уголовное наказание за «злостное повышение цен на товары, сокрытие или невыпуск таковых на рынок», и ст.61 УК РСФСР, предполагавшей уголовную ответственность за «отказ от выполнения повинностей, имеющих общегосударственное значение».

Информационные сводки орготдела ВЦИК фиксировали настроения полного разочарования крестьянства политикой власти. На многочисленных сходах крестьяне откровенно заявляли; «Не нужно развивать сельское хозяйство, иначе правительство задавит налогом», «Советская власть установила крепостное право», «Середняка разоряют, предоставляя за его счет льготы лодырям-беднякам», «Советская власть зажала крестьян хуже, чем при старой власти. Такой власти помогать не надо» и т.п.

Сильнейший административный террор был развязан в ходе заготовительных кампаний в казахском ауле. Здесь кампания по заготовке скота с самого начала приняла характер чрезвычайной акции времен «военного коммунизма», хотя даже в тот трудный период казахское хозяйство не знало ничего подобного. Размеры заготовок определялись плановыми заданиями, но те, как оказалось, имели в своей расчетной основе фальсифицированные данные о количестве у населения скота. В результате в районы стали спускаться задания, намного превышающие реальную численность имевшегося в наличии скота. В этой связи характерен пример Балхашского района, располагавшего стадом в 183 тысячи голов скота, но получившего разверстку почти на 300 тысяч единиц.

Под прикрытием государственных интересов творились беззакония и при заготовках в ауле других видов сельскохозяйственной продукции. Так, в целях «ударного» проведения заготовки шерсти в ряде мест заставляли стричь овец в середине суровой зимы, что не могло не привести к массовому падежу скота. Обязательные хлебозаготовки, вопреки всякой логике, распространялись и на несеющие хозяйства сугубо животноводческих районов. Страхась быть обвиненным в саботаже, их население было вынуждено обменивать свой скот на хлеб и сдавать последний в счет заготовок. Вследствие этого норма потребления начинала тяготеть к минимуму, предвещая близкий голод.

В ходе заготовительных кампаний в Казахстане были проведены масштабные антикрестьянские репрессии. По выявленным архивным данным удалось установить; в этот период к административно-уголовной ответственности было привлечено 56 498 жителей села, из них 34 121 был осужден. На закрытом заседании Бюро Казкрайкома ВКП(б) в начале января 1930 г. Голошекин дал информацию, что в ходе заготовок с 1 октября 1928 г. по 1 декабря 1929 г. по судебной линии было приговорено к расстрелу 125 человек, а по линии ГПУ за этот же период расстреляно 152.

Кроме того, следует иметь к виду, что в процессе заготовок практически уже осуществлялось «раскулачивание».

Под воздействием резко возросшей нормы налогообложения значительная часть хозяйств, используя терминологию тех лет, «самораскулачивалась», или, попросту говоря, раскрестьянивалась, уходя в города или меняя источники дохода и формы деятельности. Что касается скотоводческих хозяйств, то они откочевывали целыми общинами за рубежи республики и даже страны. Таким образом, «чрезвычайщина» во время заготовок, и силовая налоговая политика значительно усугубили положение сельского населения Казахстана, создавая новые предпосылки для приближающейся катастрофы.

Сильнейший удар нанесла по казахскому хозяйству волонтаристско-силовая политика по переводу скотоводов-кочевников и полукочевников на так называемую оседлость.

Однако все эти моменты в одних случаях воспринимались не более как досадные мелочи, которые можно попросту не замечать, а в других — выдавались за злобный имидж, выдуманный некоей националистической оппозицией или «великодержавными шовинистами от науки». Не случайно, ученые, практики и общественные деятели, которых отличало альтернативное понимание проблемы оседания (М.Г.Сириус, С.П.Швецов, А.Букейханов, К.А.Чувелев, А.Донич, С.Садвокасов и многие другие), подверглись жесточайшей обструкции, а впоследствии и репрессиям.

В течение первой пятилетки (1928-1932 гг.) удельный вес Казахстана в общесоюзном производстве товарного зерна уменьшился примерно с 9 до 3 процентов. Хотя посевные площади под зерновыми культурами возросли с 1928 по 1940 гг почти в 1,5 раза, их валовой сбор не только не увеличивался, но, наоборот, сократился примерно в 1,5 раза, урожайность за те же годы упала с 9,2 ц/га до 4,3. Начинало сказываться безразличие, порожденное отчуждением крестьянина от земли и превращением его в наемного исполнителя воли начальства [5,39].

Беспрецедентный урон понесло животноводство. Динамика случившейся здесь катастрофы выглядела следующим образом. В 1928 году в республике насчитывалось 6509 тыс. голов крупного рогатого скота, а в 1932 г. — всего 965 тыс. голов крупного рогатого скота. Даже накануне войны, в 1941 г., доколхозный уровень не был восстановлен (3335 тыс. голов). Еще больше поражают цифры по мелкому скоту; из 18566 тыс. овец в 1932 г. осталось только 1386 тыс. (перед самой войной численность стада едва приближалась к 8 млн голов). Из конского поголовья, определявшегося на 1928 г. в размере 3516 тыс. фактически выбыло 3200 тыс. (в 1941 г. — 885 тыс. голов). Практически перестала существовать такая традиционная для края отрасль, как верблюдоводство: к 1935 г. осталось всего 63 тыс. верблюдов, тогда как в 1928 г. их насчитывалось 1042 тыс. голов.

Реакция на силовое давление и грубый произвол выразилась не только и резко упадке сельскохозяйственного производства. Как и по всей стране, в Казахстане население проявляло открытое недовольство, которое в ряде случаев выливалось в вооруженные выступления крестьянства. В 1929-1931 гг. в Казахстане имело место 372 восстания, в которые было вовлечено около 80 тыс. человек. Особо трагическую известность получили крестьянские движения в Сузакском, Шемонаихинском, Бухтарминском, Иргизском, Казалинском, Кармакчинском, Самарском, Абралинском, Биен-Аксуйском, Чингистауском, Барибаевском, Кастекеком, Балхашском, Чубартауском, Мангистауском и других районах. Восстания сопровождались массовыми откочевками населения за пределы республики, в том числе и за границу. Только с начала 1930 г. до середины 1931 г. с территории Казахстана откочевало 281 230 крестьянских хозяйств, значительная часть - на территорию Китая, Ирана и Афганистана. Всего за пределы республики в годы голода откочевало 1130 тыс. чел., из них 676 тыс. безвозвратно и 454 тыс. впоследствии вернулось в Казахстан. Силами регулярных войск и органов ОГПУ против мятежного населения проводились жестокие карательные акции. За участие в крупных восстаниях и волнениях в 1929-1931 гг. только органами ОГПУ осуждено 5551 человек, из которых 883 расстреляно [7,96].

Результатом всех этих акций стал небывалый голод, поразивший все без исключения районы Казахстана. Утратив скот, обитатели Степи лишались традиционного для них мясо-

молочного рациона питания. Хлеб в ауле в силу неурожая также отсутствовал. Покинуть зону бедствия не всегда удавалось. Для бесскотного казахского крестьянства огромная Степь из кормилицы превратилась в ловушку [6, с. 85].

В течение 1931–1933 годов от голода умерло около 2 млн казахов и 200–250 тыс. казахстанцев других национальностей: 11 процентов украинцев, 6 процентов русских, 8 процентов узбеков, 13 процентов уйгуров, 10 процентов татар, 11 процентов немцев также умерли от голода. [4,28]

Предварительный анализ, проведенный историками и демографами, показывает, что казахский этнос подвергся жесточайшему геноциду и понес тяжелейшие потери. От голода и связанных с ним эпидемий, а также постоянно высокого уровня естественной смертности народ потерял 2 млн 200 тыс. человек, т.е. около 49 % всего своего состава.

Однако сейчас, с высоты нынешнего времени, вспоминая жертв голода 1932 года, мы ни в коем случае не имеем права политизировать данную трагедию, тем более искать виновных и призывать к отмщению. Это была трагедия всего советского народа. Это горькая страница в истории наших народов, когда-то живших в одной стране, и эта трагедия действительно вселенского масштаба, и память о бесчисленных жертвах должна объединять народы. Объединившись, мы никогда не допустим повторения таких явлений.

По указу Главы государства Нурсултана Назарбаева, с 1997 года ежегодно в нашей стране 31 мая отмечается как День памяти жертв политических репрессий. Не нагружая наш годичный календарь еще одним трагическим днем памяти жертв великого голода, целесообразно рассмотреть вопрос об объявлении 31 мая Днем памяти жертв тоталитаризма. В этот день мы могли бы во всех мечетях и церквях страны провести молебны, соответствующие данному дню мероприятия в память обо всех убиенных тоталитарным режимом жертвах всех национальностей и конфессий [6, с.14].

ЛИТЕРАТУРА

1. Камал Бурханов «Казахстан: Голодомор 30-х годов прошлого столетия призывает нас помнить об уроках истории» - А., 2011г.
2. Цаплин В. В. Статистика жертв сталинизма в 30-е годы // Вопросы истории, 1989, № 4. С.177—178.
3. Максудов С. Воссоздание памяти. Был ли голод 1932—1933 годов на Украине геноцидом//Московские новости, 2007, № 18
4. Андреев Е. М., Дарский Л. Е., Харькова Т. Л. Население Советского Союза. 1922—1991 // М., 1993;
5. Ивницкий Н. А. Голод 1932—1933 годов // М., 1995
6. Абылхожин Ж. Б., Козыбаев М. К., Татимов М. Б. Казахстанская трагедия.
7. Алексеенко А. Сельское население Казахстана. 1920-1990 гг. Алматы. 1994

ӘӨЖ 343.81

Ниетуллаев Н.Н.
«КАЗГЮУ Университеті» АҚ, Астана

АЗАПТАУЛАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазақстан Республикасы 1998 жылдың 29 маусымынан бастап азаптауларға қарсы күрестің бүкіләлемдік қозғалысының толыққанды мүшесіне айналды. Осы күні Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының 1984 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияға» қосылып, азаптауларға қарсы ұлттық заңнаманы қалыптастыру процесін іске қосты [1].

Осы бағытта отандық заңнамашы тарапынан бірқанша маңызды қадамдар жасалғаны пайымдалады. Олардың қатарында қолданыстағы қылмыстық заңнамада азаптаулардың

криминализациялануын, сондай-ақ азаптаулардың алдын алу институты ретінде Ұлттық алдын алу тетігінің қалыптасуын ерекше атап өту керек. Заңнамашының азаптаулардың алдын алуға және оларға қарсы күрес саласында жүзеге асырған іс-шараларының теориялық та, тәжірибелік те маңыздылығы күмән туғызбайды. Сонымен бірге, қазіргі таңда азаптауларға қарсы күрес саласындағы халықаралық міндеттемелерін орындау ауқымдылығы еліміздің өзге бағыттағы халықаралық міндеттемелерін іске асырудан айтарлықтай асып түсетіндігін атап өту керек.

Азаптауларға қарсы конвенцияға қосылу арқылы Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық қылмыстық заңнамасындағы азаптаулар үшін жауаптылық орнататын норманы осы Конвенция ережелеріне үйлестіру тиіс болатын. Сондықтан 2002 жылдың 21 желтоқсанында сол кезде қолданыста болған Қылмыстық кодексте азаптаулар (қинау) 347-1-бабында, сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар қатарында криминализацияланады. Яғни, бастапқыда азаптаулардың өзі заңнамашының пайымдауында «азаптауларға қарсы Конвенция» тек алдын ала тергеу саласында орын алатын күштеу әрекеттері тұрғысында меңзеліп, сәйкесінше, ол нұқсан келтіретін қоғамдық қатынастар да сот төрелігінің әділдігі саласындағы қоғамдық қатынастар болатын. Дегенмен, БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы комитетінің нұсқаулықтарында азаптаулардың және басқа да қатыгез және адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлері тек алдын ала тергеу саласындағы күдіктілерден, айыпталушылар мен сотталушылардан белгілі мазмұндағы мәліметтерді күштеп алу туралы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің басқа да «жабық» мекемелеріндегі адам құқықтарының өрескел бұзылу жағдайлары қамтылатыны айтылады [2]. Мұндай «жабық» мекемелер қатарына бас бостандығынан айыру жазасын атқаратын орындар, алдын ала тергеу сатысында бұлтартпау шарасын атқаратын орындар, психиатриялық емханалар, наркологиялық диспансерлер, кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы білім беру мекемелері және т.б. жатқызуға болады (Қазақстанда мұндай санаттағы мекемелер саны 600-ге жуық).

Осы тұста Қазақстан Республикасы азаптауларға қатысты қылмыстық заңнаманы Конвенцияда көзделген ережелерге сәйкестендіру қажеттігі туралы айтылған екінші мерзімді баяндамасының қорытындысы бойынша ескертуді «өздігінше» түсініп, 1997 жылғы ҚК-тің 347-1-бабының мазмұнын өзгертіп, криминализациялануға жататын қоғамдық қауіпті әрекеттер мен жауапқа тартылуға тиіс «субъекттер» аясын кеңейту орнына, осы бапты сот төрелігі мен жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар қатарынан алып тастап, оны адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар қатарына ауыстырған болатын [3]. Бұл жағдай азаптаулардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жүйесінде алатын орнын анықтауды әлдеқайда қиындата түскен.

Мұнда атап өтетін жағдай – заңнамашы бастапқыда азаптауларды «қинау» терминімен атаған болатын. Есесіне ҚК-тің 107-бабында (қазіргі қолданыстағы ҚК-те 109-бап) «азаптаулар» адам денсаулығына қарсы қылмыс түрі ретінде белгілі болатын. Бұл жағдай 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің мәтінінде орын алғанын атап өту керек. Алайда 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодекстің редакциясында аталған терминдер өзара орын ауысқаны таң қалдырады – ендігіден былай бұрын қинау болып келген «пытки» «азаптаулар» деп, ал «азаптау» болып келген «истязание» «қинау» болып аталатын болды. Бұл бір жағынан іс жүзінде орын алған терминологиялық шатасуды жойды, өйткені әуелбастан-ақ 1998 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы конвенциясына қосыларда «пытки» «азаптаулар» деп аударылған болатын.

«Азаптаулар» және «қинау» сөздерінің семантикалық мазмұнына қатысты филологиялық ізденістің қажеттілігі бар екендігін ескере отырып, заңнамашының қолданыстағы қылмыстық құқықтық тәжірибеге осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдарын өзара ажырату тұрғысында біршама қиыншылықты «қолдан жасап» отырғанын да айта кету керек.

Құқық қолдану тәжірибесінде азаптауларды қылмыстық құқықтық саралау бірнеше факторларға бола «күрделендірілгені» көзге түседі. Олардың қатарында азаптаулар үшін

жауаптылық орнататын норма диспозициясының шектен тыс «казуистикалығын» атап өту керек. Әрине, ҚК-тің 146-бабы (1997 ж. ҚК-тің 347-1 және 141-1-баптары) англо-саксондық нұсқада жазылған БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы конвенциясының 1-бабының ұлттық заңнамаға имплементациялануының көрінісі екені белгілі. Дегенмен, заңнамашы бұл орайда азаптаулардың Конвенциядағы дефинициясын ұлттық заң техникасының ерекшеліктерін ескере отырып, біршама «жалпылама» сипатта баяндауына мүмкіндігінің болғанын да атап өту керек.

Сонымен бірге, азаптаулар үшін жауаптылық орнататын қылмыстық құқықтық норманың қолданыстағы қылмыстық заңнамада бірсыпыра «іргелес» нормаларының да болуы азаптауларды дұрыс саралауды айтарлықтай қиындата түседі. Атап айтқанда, қолданыстағы тәжірибеде азаптаулар айғақтары бойынша тергеп-тексеру іс-шараларын басым көпшілігінде азаптаулар орын алған ішкі істер органдарының өздері тексерумен айналысатындықтан, кінәлілердің әрекеттері ҚК-тің 146-бабы бойынша сараланып, жауапқа тартылуының орнына әлдеқайда «жеңіл» жауаптылықты көздейтін ҚК-тің 361-362-баптары бойынша лауазымдық өкілеттіліктерін асыра не теріс пайдалану үшін жауаптылыққа тартылатынына Азаптауларға қарсы комитет те нұсқаған болатын [4]. Кінәлілердің әрекеттерін осылайша «теріс» саралаудың астарында жататын факторлардың қатарында «теріс ұғынылатын әріптестікті», сыбайластықты, сондай-ақ ҚК-тің 146-бабындағы қылмыс субъектісінің нақтыланбауын атап өтуге де болады. Мысалы, жоғарыда атап өткеніміздей, психоневрологиялық емханалар мен диспансерлердің лауазымды адамдары, бас бостандығынан айыру орындарының қызметкерлері азаптаулар бойынша тура мағынада қылмыс субъектісі деп таныла алмайды. Сондықтан олардың азаптауларға қатысты әрекеттерін саралауда құқық қолданушы кейде осы «іргелес» нормаларды қолдануға мәжбүр болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 247 Заңы // www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000247_
2. Толығырақ қараңыз: Консолидированный доклад участников Национального превентивного механизма по итогам превентивных посещений, выполненных в 2015 году. – Астана, 2016. – 116 с.
3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV Заңы // www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000393#z45
4. Толығырақ қараңыз: Заключительные замечания по третьему периодическому докладу Казахстана (Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания) от 12 декабря 2014 года.

ӘОЖ: 37 (091) (574.4) «18/19»

Болатова Қ.Б.¹, Болатова С.Б.²

т.ғ.к¹, тарих магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.²

САЯСИ ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАРДЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Шығыс Қазақстан аймағына ХІХ ғасырдың екінші жарысынан бастап қоныстандыру саясатының барысында шаруалармен қатар орыс демократиялық қоғамының белді өкілдері мен саясаткерлер де қоныстана батады. Ішкі Ресейден жер аударылған демократиялық қоғам

мүшелері аймақтағы сауаттандыру, білім беру мен ағарту ісін дамытуда біршама қызметтер атқарды.

Шығыс Қазақстан аймағына саяси жер аударылғандардың белсенді көмегімен халықты сауаттандыру бағытында 1871 жылдан бастап «Семей облыстық жаршысы» басылымы жарыққа шықты. Аталмыш басылымда аймақтағы халыққа білім беру, жергілікті халық тұрмысы, кәсібі, өлкедегі зерттеулер және т.б. ақпараттар үнемі жарияланып отырды. Басылым бетінде олар өздерінің білім мен ағарту саласына қатысты ойларын халыққа жеткізуге тырысты. XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Қазақстанда саяси жер аударылушылардың тікелей басшылығымен жергілікті мекендерде мектептер мен ағарту мекемелері бой көтерді.

Аталған аймақтың флорасы мен фаунасын зерттеу барысында олар көптеген экспедициялар ұйымдастырды. Әр жылдары ұйымдастырылған экспедицияларды Г.Н.Потанин, А.А. Уткин, Е.А. Воронин тәрізді білікті адамдар басқарып отырды [1, 280].

Осы демократиялық топтың өкілдері өлкенің ағарту саласын дамытуға да өзіндік үлестерін қосты. Мысалы, Шығыс Қазақстандағы Г.Н.Потанин басқаруымен 1863 жылы Өскеменде алғашқы жексенбілік мектеп ашылды. Халықшылдар қазақ даласында ағарту саласының кең етек жаюына өз үлестерін қосуға ұмтылып, «Общество попечение о начальном образовании казахских детей» атты қоғам ашуды қолдады. А.Н. Седельников жинақтаған зерттеулер материалдары негізінде «Озеро Зайсан» атты жинақ жарыққа шықты.

Белгілі саяхатшы Г.Н.Потаниннің “Очерки Северо-Западной Монголии” [2,160] атты еңбегі мен Тарбағатайдағы қазақ рулары, олардың мал шаруашылығы, қолөнері, сауаттылық турасындағы бірқатар мақалаларындағы мәліметтері өте құнды. Ал, оқу–ағарту мен мәдени мекемелер туралы мәліметтер белгілі түрколог В.В.Радловтың, белгілі зерттеуші Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектерінде кездеседі. Орыс мерзімді басылымдар мен әдеби, әскери журналдарда қазақ халқының салт-дәстүрі, рухани дамуы т.б мәселелерге қатысты жарық көрген жарияланымдар баршылық. Солардың бірі – “П.” деген лақап атпен жариялаған автордың “Обычаи киргизов Семипалатинской области” [3,77] және К.Дужанның “Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа” [4,47] деп аталатын көлемді мақалаларында осы өңір қазақтарының әдет-ғұрыптары жөнінде құнды деректер молынан келтірілген.

Орыс Географиялық Қоғамының жазбаларында жарияланған мақалалар ішінде Тарбағатай өңірі қазақтарына байланысты мақалалар біршама. Атап айтқанда, Г.Катанаев, Н.Я.Коншин өз мақалаларында қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына, салттарына кеңірек тоқтала отырып, ағарту саласының сандық құрамы жөнінде мол мағұлматтар келтіреді [5,38]. Тарбағатайдағы рулардың орналасуы халықтың сауаттылығы туралы құнды мәліметтер Г.Е.Грумм-Гржимайлоның “Западная Монголия и Урянхайский край” атты үш томдық еңбегінде кеңінен баяндалған.

Орыс демократиялық топтарының Қазақстанға жер аударылғандары Шығыс Қазақстан өңіріндегі жергілікті халыққа білім беру ісінің жағдайы жөнінде мол мағұлматтар жинақтап, басылым беттеріне жариялап отырған. Революционер-халықшылдар патша үкіметінің Ресейдің шеткері халықтарына білім беру саласындағы саясатына қарсы пікір айтып, қазақ халқын жаппай сауаттандыруды мақсат етті [6,352].

Жер аударылғандар қазақ даласындағы күнделікті қызметтері барысында сол кезеңдегі патша саясатына сай қалыптасқан «қазақтардың оқуға бейімі жоқ» деген пікірін жоққа шығаруға тырысты. Сонымен қатар, халықшыл демократ С.Л.Чудновскийдің Семей өңіріндегі қазақ балаларына білім беру жөнінде терең зерттеулер жүргізгендігін айтуға болады. Ол мәліметтерінің бірінде қазақ балаларының оқуға деген ынтасының төмендігін Семей өңіріндегі қазақ мектептерінің білім беру дәрежесінің нашарлығы деп түсіндіреді. С.Л.Чудновскийдің мәліметі бойынша Семей уезіндегі мектеп жасына толған 367 баланың 83-і ғана мектепке білім алуға тартылған, бұл көрсеткіштер жалпы осы аймақ бойынша қазақ балаларының 22,6% құрады. Мұндай көрсеткіш орыс балаларына қарағанда екі есе аз

болғандығын дәлелдейді. Келесі бір зерттеуші, халықшыл демократ С.П.Швецов Шығыс Қазақстан және Алтай өлкесіндегі халыққа білім беру ісінің барысын зерттеген. Оның көрсеткіші бойынша: Семей облысында XIX ғасырдың 80-90-шы жылдары 15 қазақ мұсылман мектебі болып, бұл мектептерде 798 ұл және 20 қыз бала оқығандығын келтірген. Оның айтуынша мектептерде ешқандай класс бөлмелері болмағандықтан аталған мектептерде шәкірттерге дұрыс білім беру мүмкін емес еді.

Сонымен қатар, Қазақстанға шетел демократиялық ойшылдар да қоныс аударған. XIX ғасырдағы қазақ халқының тарихын зерттеп, оның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына әділетті баға берген батыс зерттеушісінің бірі Адольф Янушкевичтің еңбегі орасан зор. Ол қазақ даласына саяси жер аударылғандардың бірі еді. Бұған дейін Сібірге жер аударылып, мерзімін өтеген А. Янушкевич 1841 жылы Омбыға ауыстырылды. Онда ол Сібір қырғыздары шекаралық басқармасы кеңсесінде қызметке орналасады. Бұл қызметке орналасу үшін де А. Янушкевич Сібір қырғыздары шекара бастығына «Қазіргі Сібір қырғыздары шекара басқармасында қызмет еткім келеді, ... сондықтан да 1841 жылғы қазанның 20-ғы берген өтінішіме сәйкес кеңсеге қызметкер ретінде қабылдауды сұраймын», - деген өтініш жазып, оның сұранысы Батыс Сібір генерал-губернаторлығы, тағы басқа орындар тарапынан ұзақ талқылаудан кейін қабылданды. Г.Зелинскийге жолдаған хаттарының бірінде ол: «Менің қазіргі жұмысым маған қырғыз тілі, салты, құқықтары мен дәстүрлерін білуімді талап етеді», - деп жазды [7,276].

Осы қызметте ол Сібір генерал-губернаторлығы басқармасының арнайы тапсырмасымен қазақ даласын көп аралады. Қазақтар арасындағы жан, мал санағын жүргізуге арналған комиссияның құрамында жұмыс істей отырып, А. Янушкевич жергілікті халықтың нақты жағдайымен танысты. Олардың мәдениетіне, тұрмысына назар аударды.

Шығыс Қазақстанның табиғатын, жергілікті халық тұрмысы мен шаруашылығын зерттеуде Е.П. Михаэлистің еңбегін ерекше айтуға болады. Е.П. Михаэлис замандастырының, осы кезеңдегі зерттеушілердің айтуынша аса жігерлі, терең ойлы адам болған. Ол өткен ғасырдың бірінші жартысында Петербург қаласында туып-өскен, сонда білім алған. Петербург университетінің физика-математика факультетінің жаратылыстану бөлімінде оқыған. Алғашқы кезден-ақ студенттер арасындағы халықшылдық қозғалысқа қатысты. Осы бағыттағы Петербург университеті студенттерінің ұйымдастырушы, жетекшісіне айналған. Студенттердің жасырын саяси үйірмесін ашып, оған жетекшілік жасады.

Н.В.Шелгуновтың жазуынша, Е.П. Михаэлис «...үлкен талантты, жігерлі, аса сыпайылығымен ерекшеленді. Михаэлистің дарындылығы сонда, ол Ресейдің өткен тарихында сирек кездесетін дарынды адамдардың бірі еді. Е. П. Михаэлис арқылы біз университеттегі саяси ахуалды біліп отыратын болдық. Жігерлі, ақылды, мақсаткер Михаэлис өзінің жастығына қарамастан (небәрі 18 жаста еді), студенттер арасындағы орасан беделі нәтижесінде депутаттыққа сайланды. Жастар арасындағы ондай адамды мен одан кейін көрген емеспін».

Осы кезде ол Н.Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов т.б. сол кездегі Ресейдегі революциялық қозғалыс жетекшілерімен тығыз байланыс жасап, үнемі кездесіп, пікір алысты. Мысалы оның апайы Л.П.Шелгунова былай деп жазады: «Студенттер арасындағы революциялық қызметімен таныс Н.А. Добролюбов Е.П.Михаэлиспен жақынырақ танысу үшін оны арнайы іздеп келген» [8,88-96].

1861 жылы Петербургте халықшыл Н.В.Шелгуновтың «Жас ұрпаққа» атты үндеуін таратқандығы, студенттер арасындағы патша үкіметіне қарсы ашық революциялық қызметі үшін ол тұтқынға алынды. Студенттер арасындағы аталған толқулардың басқарушысы деп танылған Е.П.Михаэлис алдымен Олонец губерниясының Петрозаводск қаласына, 1863 жылы Тобыл губерниясындағы Тару қаласына жер аударылды.

1869 жылы бұл іске Е.П.Михаэлистің шешесінің араласуымен жер аударылу Семей қаласында тұрумен ауыстырылды. Осы кезден бастап өмірінің соңына дейін (1913 жылға дейін) ғалым, этнограф, зерттеуші Е.П. Михаэлистің қазақ жеріндегі қызметі басталады.

Осы жылы 22-ші қазанда Е.П.Михаэлис Батыс Сібір генерал-губернаторлығының шешімімен 1869 жылғы 22-ші қазаннан Семей облыстық басқармасы шаруашылық бөлімінің іс жүргізушісінің көмекшісі қызметіне тағайындалды. Оның білімін, қаблетін ескере отыра, Семей облыстық басқармасы оған келесі жылдың көкек айында «Ерекше тапсырмалар» жөніндегі бөлімнің кіші қызметкері орнын ұсынады. Біраз уақыт өткеннен кейін Е. П. Михаэлиске Семей мен Қарқаралы арасындағы қолайлы пошта жолын іздестіру жұмысы тапсырылды.

Шығыс Қазақстан өлкенің экономикасын, мәдениетін зерттей отырып, ол 1875 жылы «Семей облысының экономикалық, әлеуметтік жағдайы» атты есеп жасады. Бұл есебінде Е.П.Михаэлис облыстың оңтүстік аудандарындағы жергілікті халықтың экономикалық, мәдени даму барысында талдау жасай отырып, осы аймақтардағы халыққа білім берудің барысы, мектептердің жағдайы, олардың уездер мен ауылдардағы халық санына байланысты орналасу жайын, мұғалімдер мен оқушылардың саны, жаңа мектептер, емдеу орындары, кітапханалар ашудың мүмкіндіктері, т.б. мәселелер жөнінде баяндайды. Е. П. Михаэлис өз есебінде жергілікті халық қоныстанған аудандарда мектептер, емдеу орындары, кітапханалар, мұғалімдер мен оқушылар санының мүлдем аздығына назар аударған. Мүмкіндігінше жергілікті халық өкілдерін білімге, отырықшылыққа тарту мәселелерін үнемі көтеріп отырған.

Е.П.Михаэлис 1875 жылдың қазанынан 1878 жылдың маусым айына дейін Семей облыстық хабаршысының редакторы қызметін атқарды. Осы кезеңдерде аталған басылымда Шығыс өлкесінің этнографиялық, этнологиялық, т.б. тақырыптарда мақалалар жиі жарияланып тұрды. Оның бастамасымен облыстық басқарма жанынан есеп комитеті құрылып, оның міндетіне облысты экономикалық зерттеуге талдау жасау міндеті кірді. Е. П. Михаэлис осы комитеттің хатшысы қызметін атқарды. Комитет жанындағы жинақталған құнды ғылыми әдебиеттер облыстық Гоголь атындағы қоғамдық-ғылыми кітапханаға беріліп, оның негізгі кітап қорына айналды. Е. П. Михаэлистің ұйымдастыруымен 1882 жылдың наурыз айында тұңғыш рет қала халқының санағы жүргізіліп, онда қала тұрғындарының ұлттық құрамы, білімі туралы анықтамалар жасалған. Санақ қорытындысы сарапталып, нәтижелері баспасөз беттерінде жарияланды. Е. П. Михаэлистің тікелей басшылығымен 1881 жылы Семейде халықтық кітапхана ашылып, ол қала халқының, соның ішінде, саяси жер аударылғандардың, оқыған қазақ ұлты өкілдерінің ғылым- білім үйренетін және демалыс орнына айналды. Онымен бірге осы кезеңде Е. П. Михаэлистің және қаладағы басқа да саяси жер аударылғандардың бастамасымен қалалық мұражайдағы ашылып, ондағы мұрағат бөлімін Е. П. Михаэлистің өзі басқарды.

Е.П.Михаэлис Шығыс Қазақстан өңіріндегі саяси жер аударылғандардың ішінде көрнекті тұлғаға айналды. Саяси жер аударылғандар өздерінің ғылыми, ағартушылық және қоғамдық жұмыстарын Семей санақ комитеті арқылы жүргізді. Бұл кезеңде аталған комитеттің бірінші хатшысы қызметін Е.П. Михаэлис атқарды. Осы кезде Семейде Ресейдегі революциялық қызметке қатысушылар қатарында А.Л. Блок, А.А. Леонтьев, П.Д. Лобановский, Н.И. Долгополов, С.С. Гросс, Г. Шестаков, т.б. болды. Олардың барлығы қаладағы айдалу мерзімдерін өтеген кездерінде комитетпен тығыз байланыста болды.

Н. Ф.Костылецкий әсіресе қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың Омскідегі кадет корпусындағы алғашқы мұғалімдерінің бірі болып, оның жан-жақты білім алуына, қазақ халқы ауыз әдебиетімен танысуына айырықша ықпал етті. Жас Шоқанды Омскідегі алдыңғы қатарлы, өз заманының білімді адамдарымен таныстырды.

Н.Ф.Костылецкийдің өмір жолы, ағартушылық, зерттеушілік еңбегі туралы мұрағат құжаттарында көптеген мәліметтер бар. Ол құжаттарда Николай Федорович Костылецкий Омск кадет корпусында тіл білімінен сабақ бергендігі, халықшылдық бағытты қолдағандығы жөнінде баяндалған.

1840 жылдың желтоқсан айынан бастап Н.Ф.Костылецкийдің Омск қаласындағы ағартушылық қызметі басталады. Міне осы кезеңде Н.Ф. Костылецкийден Шоқан Уәлиханов пен Григорий Потанин білім ала бастады.

Бірнеше жыл бойы Н.Ф. Костылецкий мен Шоқан Уәлиханов ерекше ықыласпен қазақ халық эпосын зерттеумен айналысты және олар осы салада бірлесе жүргізген жұмыстары өте табысты болды. Олар алғаш рет «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының көне нұсқасын орыс тіліне аударды [9]. Қазақстанның шығыс аймағы, Алтай өлкесінің тарихы мен табиғатын зерттеп, оны насихаттауда осы өлкенің азаматы, ғалым А.Н.Седельниковте өзіндік үлесі бар. Ол Өскемен қаласында жер аударылған мерзімдерін өтеп, одан кейін осы қалада қалған саяси жер аударылғандар А.Н.Федоров, О.Ф.Костюрин, Е.П.Михаэлис, т.б. тығыз қарым-қатынаста болды.

Б.Г.Герасимов аса ірі ғалымдар, жиһангерлер, ағартушылар, қоғам қайраткерлерімен, Сібір және Қазақстанның өлкетанушылары В.А. Обручев, В.В.Сапожников, В.Ф.Семенов, Г.Н.Потанин, А.И.Седельников, Мұхтар Әуезов, А.И.Линьков, Н.Я.Коншин, П.А.Соломин, К.М.Рынков, А.Н.Федоров, ағайынды Белослюдовтармен, т.б. зерттеушілермен достық қарым-қатынас жасады. Кеңес Одағы өлкетанушылары Орталық бюросының мүше-корреспонденті, Ресей географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің құрметті мүшесі болып сайланды.

Семей облыстық мемлекеттік мұрағатындағы «Губерниялық халыққа білім беру бөлімі» қорындағы мәліметте «Кәсібі және мамандығы» деген сұраққа Борис Георгиевич Герасимов «Педагог, қырғыз халқының тарихын зерттеуші» деп жазған [10].

Н.Я. Коншиннің бастауымен 1898 жылы Семей қаласында Ресей географиялық қоғамының бөлімшесін ашу туралы мәселе көтеріліп, 1902 жылы ол салтанатты жағдайда ашылды. Бөлімшенің іс басқарушысына Н.Я. Коншин сайланды. Сонымен қатар кептеген жылдар бойы ол қоғамдық негізде бөлімшенің кітапханасын басқарды, оның көп жылғы еңбегінің арқасында кітапхана сол кездегі Қазақстан мен Батыс Сібір өлкесіндегі ең бай кітапхана қорына айналды.

Осы жылдары Н.Я. Коншин өзінің Шығыс өлкесінің тарихын зерттеу жұмысын жүргізді. 1900 жылы оның басқаруымен археологиялық анықтамалар жинағы жасалып, «Семей облысындағы ежелгі тарихи ескерткіштері» атты мақалада атқарылған зерттеу жұмыстарына жан-жақты талдау жасалды.

Қорыта айтқанда, қазақ жерінің Ресей империясының құрамына қосылуынан кейінгі кезеңдегі қазақ даласында түрлі жағдайда және мақсатта болған орыс қоғамының алдыңғы қатарлы ғылым, білім өкілдері сол кездегі жергілікті халықтың теңсіздік жағдайын дұрыс түсініп, өлкенің болашақ дамуына өздерінің озық ойлы пікірлерін айтты. Осы тұрғыда олар нақты зерттеулер жүргізіп, бағалы да құнды еңбектер қалдырды. Олар, сонымен қатар өздерінің осы ғылыми зерттеулері, шолулары, шығармалары арқылы Қазақстанның, соның ішінде оның Шығыс және Алтай өлкесінің сол кездегі тарихын жасауға да өлшеусіз үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тәжібаев Т. Посвещения в школы Казахстана во второй половине 19 века. 1984 жыл, 280 бет.
2. КРОММ 369-қор, 454 – іс, 160-170 беттер
3. Обзор Семипалатинский области за 1903 г. – Семипалатинск. 1904. – 77 с.
4. Отчет о деятельности Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО за 1902 г. – Семипалатинск, 1904. – 47 с.
5. Коншин Н. Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края. Семипалатинск. Семгубиздат., 1928. – 38с.
6. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX веков.-Алматы: “Жеті жарғы”, 1996.-352 с
7. Ж.К.Касымбаев История города Семипалатинска (1718-1917г.г.)- А,1998-276с
8. Қарасаев Ғ.М Қазақстандағы алғашқы мектептер, арнайы оқу орындарының ашылуы тарихы, мақсаты мен міндеттері // Каз. МҰУ хабаршысы.-Тар. сер. –2003 жыл.- №3- 88-96 бет.

9. ШҚОММ қ 50.т. 1, іс 550, 34 п.

10. ШҚОММ қ. 50, Т.1. іс 550

УДҚ 340

Ғалы Ж.О., Ахметова И.Ә.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

МЕДИАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі [1].

Медиация ағылшын тілінен аударғанда mediation – делдал болу дегенді білдіреді. Бүгінде бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, ажырасу мен дүниені бөлісу деген сияқты мәселелерге дейін кеңінен қолданылады. Халықаралық статистикаға жүгінетін болсақ, бүкіл келіспеушіліктердің 30-40 пайызы мадиация арқылы өткізіледі, ойдағыдай нәтижеге оның 85 пайызы ие болады екен. Айтпақшы, кеңестік дәуірден кейін медиацияны алғаш боп қылмыстық істерді шешу үшін Молдова мен Литва қолданған. Бұл елдердің соңғысы іс жүзінде мұндай тәжірибеден экономикалық тиімділікке қол жеткізген. Ал Қазақстанда билер сотының жүйесі осы медиацияның түптұлғасы боп табылады. Билер сотының өзі қаншама шаңырақты бейбітшілікке шақырып, бітімділігін ұстап отыр.

Медиацияның мүмкіншілігі, келіссөзге бейтарап жақтың қатысуының оны жүргізуге оң әсер етуі фактісін мойындауға негізделген. Медиация дауларды альтернативті реттеудің әдісіне жатады және мемлекеттік және аралық соттарға балама болып табылады.

Медиация соттан тыс тәртіпте қолданылуы мүмкін, дәлірек айтқанда дау тараптары дауды реттеу бойынша бір шешімге келе алмаса, және сотқа да жүгінгісі келмесе. Сотқа дейін медиация шартқа немесе басқа да құқықтық келісімдерге, туындаған дауды медиация қолдану арқылы шешу туралы, медиациялық ескертпе енгізу негізінде жүзеге асырылады. Сот процесі аясында да тараптар істі сотта қараудың кез келген кезеңінде процесі тоқтатып медиация рәсіміне жүгіне алады, сот та тараптарға медиация рәсіміне жүгіну туралы ұсыныс жасай алады. Медиацияны қолдану дауласушы тараптарға соттағы қағаз бастылықтан, мағынасыз уақыт және ақша жұмсаудан, қоғамдағы, БАҚ-ғы немесе Интернет желелеріндегі қажетсіз жарялылықтан құтылуға, сонымен қатар адамгершілік, іскерлік немесе серіктестік қатынастарды, бедел мен өз ортасындағы силастықты сақтауға мүмкіндік береді.

Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті. Медиацияға бар болғаны 30 күн уақыт беріледі, ал соттар айларға, тіпті жылдарға созылады.

Медиация туралы келісімге қол жеткізгеннен кейін, егер іс сотта қаралса, ол сотта бейбіт келісім секілді мақұлданады. Дауласушы тараптар медиация туралы келісім-шарт және сотқа дейінгі тәртіппен жанжалды реттеу туралы келісім жасаған жағдайда, келісім дауласушы тараптар оны ерікті түрде орындауға міндеттеледі дегенді білдіреді.

Медиация тарихы өз бастауын көне заманнан алады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде даулы мәселелерді шешудің көптеген нысандары болды. Ол нысандар, тараптардың дауларын уақытша немесе түбегейлі жоя алатын және сол нақты тарихи қоғам үшін жарамды саналған көптеген шаралар мен шешімдердің кешенін қамтыды. Медиация рәсімі – дауды шешудің татуластыру тәсілдері алғашқы қауымдық қоғам пайда болғаннан бастап болған. Дуды шешуге үшінші бейтарап жақты қатыстыру қажеттілігі, бірінші кезекте, аман қалу қажеттілігінен туандады. Ежелгі дәуірде бұл рәсім ең алдымен сауда жақсы дамыған аймақтарда ерекше таралып дамыды. Тарихшылар медиацияның пайда болуын, негізі теңіз саудасы болған Финикия өркениетімен және Ежелгі Вавилонмен байланыстырып жатыр. Делдал болу институты Қытай мен Жапонияда да кең таралды. Бұл мемлекеттерде қазіргі

таңда да мораль нормалары, дауласушы тараптардың диалог арқылы татуласуын, мәселені мемлекеттік сотпен шешуден жоғары қояды.

Делдал болу институтының одан әрі дамуы Ежелгі Грецияда орын алды, ондағы медиаторла *proxenetes* атауымен әйгілі болды. Ежелгі Римде, Юстиниан Дигесталарынан бастап, медиаторларды жағдайын заң жүзінде бекіту жүзеге асырыла бастады. Рим құқығында олар әр түрлі атауларға ие болды: *internuncius*, *medium*, *intercessor*, *interpolator*, *conciliator*, *interlocutor*, *interpres* және сонымен қатар *mediator*. Орта ғасырларда Русьта да княздар арасындағы тартыстарды бейбіт жолмен шешу талпыныстары жасалды. Ол кездерде делдал-татуластырушылар ретінде көбінесе дін басылары шықты. Медиация халықаралық дауларды реттеу кезінде де жиі қолданылды. Ол қызмет әр түрлі аталды: «делдалдылық», «өтініш ету», «ізгі қызметтер ұсыну». XIX Ресей империясында коммерциялық соттар жүйесі құрылып белсенді қызмет етті. Олай деп аталуының себебі судьялардың жартысынан аз емесі саудагерлер өкілдері болды (1 немесе 2 гильдиядан төмен емес). Коммерциялық соттағы процестің өзі, әдет-ғұрып нормаларын қолдана отырып, татуластырушылық сіті қарау нысанында өтті.

Медиация институты қазіргі түрде алғашқы рет XX ғасырдың ортасында АҚШ-та пайда болды. XX ғасырдың басына қарай америкалық эконмикада шиеленістердің жаңа түрі пайда болды ол – кәсіп одақтар мен жұмыс берушілер арасындағы текетірес еді. Сол кезде АҚШ өкіметі дауларға қатысушыларға еңбек министірлігін бейтарап делдал ретінде пайдалануды ұсынды. 1947 жылы бұл міндетті орындау үшін арнайы федералдық орган – медиация және татуластырушы рәсімдер бойынша АҚШ федералдық қызметі (*Federal Mediation Conciliation Service, FMCS*) құрылды. Ол орган қазіргі таңда да қызмет етуде. Сол кезде алғашқы рет «медиация» термині қолданылды. Ол нысан дербес рәсім сипатында болмағанымен, дегенімен де, ол институттың әрі қарай дамуына негіз болды.

Медиация институтын қолдану қазақ әдет-ғұрып құқығының даму тарихында да көрініс тапты. Атап айтқанда, «Жеті жарғыда» құқық бұзушылықтың орнын құн және айып төлеу арқылы толтыру құқығы бекітілді. Медиаторлар рөлін билер атқарды. Билер сотының тарихи маңызы оның әділдіктің үлгісі ретінде болғандықта. Көшпенді демократияның қажетті шарты ретіндегі жариялылық, ежелгі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптық құқықтың нормаларына сәйкес келетін қоғамдық пікір, сондай-ақ, кез келген заңнан жоғары тұратын, әділдік қағидасының берік бекітілуі, - осының барлығы, жұрттың барлығы сенім артқан билер сотын қамтамасыз етіп отырған кепілдіктер болып табылады.

Сот жарысы, адамдар даудың шешімін табу мақсатында келген жерде басталатын болды. Ал олар өздері сенген билерге ғана барды. Олар, халық даналығы мен руханилығының қоймасы саналған, халықтың нағыз беткеуістарлары болды.

Жоғары мораль соты болып табылатын билер соты, оның мызғымас негізін құрайтын, судьяның сатылмаушылығы, сот шешімдерінің мәні мен моральдық бағыт ұстанушылығы ретіндегі әділдік, соттардың қолжетімділігі мен жариялылығы, судьяның дәлелдеудің құралы және сот шешімінің негізділігі ретінде ораторлық өнерге ие болуы, соттың тараптарды татуластыруға бейім болу және құқықбұзушы келтірген зардаптың орнын толықтай толтыру сияқты фундаменталды қағидаларға негізделіп құрылды.

Билер сотының ерекшеліктерінің бірі – оның руханилігінде: қарастырылып отырған даулардың рухани астарлары әрдайым ерекше ескерілді, билер бірінші кезекте қоғамда қалыптасқан моральдік ұстанымдарды басшылыққа алуға тырысты. Егер 1917 жылдан кейін билер институты толықтай жойылмағанда, онда ондай дауларды сотқа дейін шешудің өзіндік ерекше және тиімді әдісі құрымас еді.

Бітімгершілік және делдалдық Қазақстанда тарихи қалыптасқан институттар болып табылады. Қазақстандық зерттеушілер Зиманов С.З., Кенжалиев З.Ж., Алимжан К., Культелеев Т.М. және тағы басқалары қазақ қоғамында сот билігі ежелден, сол кездегі қоғамның даулы мәселелерді реттеуге қажеттіліктерін қанағаттандырған, билер сотымен жүзеге асырылғанын айтқан болатын.

Сот төрелігі қазақтарда негізінен құқық қолдану институты емес, бітімгершілік институты ретінде көрініс тапқан болатын. Шешімді жүзеге асыру механизмінің болмауы да тараптардың арасында келісімнің орнауын қажет еткен болатын, себебі тек билікке ғана негізделген сот шешімі орындалмай қалуы мүмкін еді. Ру арасында туындаған дауларды шешуге ру аттарынан айыптаушы билер мен қорғаушы билер қатысатын болған, сотта іс қарау «кенес» және «жүгініс» сияқты мекемелерде қабылданған қағидалардың негізінде жүзеге асырылды. Бірақ сотта істі қарау және іс бойынша дәлелдемелерді зерттеу басталғанша сот дәстүр бойынша келесі жағдайларды ұсынуға міндетті болды: 1) тараптарға бейбіт келісімнің шарттарын - «бітім», «береке»; 2) кешірім жасау, істі ұмыт қалдыруға, және сол арқылы істі сотта қараусыз бейбіт шешу мүмкіндігін – «мәжіліс». Л. Баллюзек келесідей айтқан болатын: «соттың алдында міндетті түрде басқалар, яғни дауласушылар үшін бейтарап және беделді тұлғалар арқылы сендіру болу керек, дауласушылар «қазақ» атты бір ұлттық отбасының ұлдары болғандықтан араларында айтыс-тартысқа жол бермеуі үшін...» [2, 165 б.]. Егер тараптар дауды бейбіт шешуге келіспесе онда кезек сотқа берілді.

Кейінірек ресми билер соты өздерінің қызметінде қолданған татуластыру шаралары да кейбір авторлардың жоғары бағасын алды. И. Козлов билер соттарының «дауласушы тараптардың ар-ұяттарына және бітімшілік рухына» үндеуі билердің әрбір істі қарауларында басшылыққа алатынын айтқан болатын [3, 306 б.]. Қазақтардың әдет-ғұрыптық іс жүргізу құқығы және ежелгінің беделді билерінің сот тәжірибесі, басты мақсаты тараптарды бітімнің қажеттігін түсінуге мәжбүрлеу, көндіру, сендіру болған, дауласушы тараптардың бейбіт келісімдерінің әр түрлері болған - «бітім», «жарасу», «тоқтам» сияқты әдіс-тәсілдерді белген. Оларға сонымен қатар билердің келесі амалдары мен тәсілдері жатады: 1) Көп жағдайларда маңызды емес істерде ғана емес, сонымен қатар үлкен дауларда: қылмыстық істер мен рулық даулар «қарындас» амалымен шешілген. Қарындас келісімінің басты мақсаты бір рулас және ағайын адамдарды сот алдына апармай татуластыру 2) Дауды шешудің тағы бір тәсілі «жартылай» немесе «жарып алу» - егер іс бойынша сенімді дәлелдер мен айғақтар болмаса қолданылған. 3) Егер би немес жауапкер жағынан ант берген адам жауапкердің кінәсіз екеніне сенімсіз болса және оның мүддесін қорғауға қажетті негіздерді таппаса, онда олар талапкерге (оның келісімі бойынша) «тарту» жасап істі бейбіт аяқтауға кеңес беруге құқылы болды. Шешім шығару кезінде билер әдетте белгілі бір рәсімдерді, қоғамның көне ережелерін қолданатын болған. Атап айтқанда «достық» рәсімі сл кездегі қазақтардың санасында құқықтық мәнге ие болған. Достық рәсімі әр түрлі жолдармен жүзеге асырылған. Билер кейбір кездерде, билік жүргізуден бас тартумен қорқыту арқылы немесе басқа да сылтаулармен, тараптарды құшақтасуға мәжбүрлеген және бір бірін «дос-тамыр», «жекжатым» деп атауға шақырған. Кейде билер «қалау» құқығын берген. «Қалау» құқығы алдымен талапкерге, айыптаушыға берілген, ал содан кейін жауапкерге берілген, бірақ оған белгілі бір уақыт белгіленетін болған, ал оның мақсаты уақыт өте келе тараптардың ашуның басылуы, кек алу, жауласу ниеттерінің бәсеңдеуі және татуласу болды. Бидің бұл жағдайлардағы басты ойы көшпенділердің ақкөңілділігі мен кең пейілділігін пайдалану. Көп жағдайларда тараптардың «қалау» немесе «қолқа» құқығын жүзеге асыруларын ас беруге, тойлардың уақытына, діни мейрамдар айттың уақытына шегеріліп отырған, ол кездерде сот талқылаулары мен талап арыз берулер беделі жоғарырақ рулардың, лауазымды тұлғалардың, ресми билік органдарының араласуымен тоқтатылуы мүмкін болды [4, 225-226 б.].

Қазақ көшпелі қоғамының идеологиялық құрылымының ерекшелігі сонда, ол қоғам шешендік өнеріне халықтың өміршеңдігінің басты құралы ретінде санап, ерекше мән беріп, ол ерекше қасиетті бірінші кезекте билерге тиесілі еткен. Бірақ сонымен қатар билерге қатаң талап та қойған. Оның мысалы ретінде келесі сөздерді айтуға болады: «Ердің құны екі ауыз сөзбен бітеді» бұлай дауды тек дана билер ғана шешкен. Би – судья, сотта делдалдық рөл атқара отырып, іс бойынша сөзді өзінің айтуы керектігін ұмытпаған. Ол туралы оған ескерту ретінде келесі сөздер болған: Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» - яғни көп сөзді даулы мәселе қысқа шешіммен аяқталу керек. Бірақ ол шешім дәледі және сендіре алатындай болу керек, ол туралы биге келесі тезистер ескертіп отырған: «Тілмен түйгенді,

тіспен шеше алмас». Билер стының қаулысы тек сондай болуы тиісті. Ең бастысы, қазақтардың ортағасырлық көшпенді қоғамының басты идеологиясы бойынша, билердің әділ сотының басты мақсаты, олардың қарым-қатынастарының күрделілігі мен шиеленіскендігіне қарамастан, сотқа қатысушы тараптардың татуласуы болды. «Даудың түбі біту» нұсқаушы нормасы болған [5, 94-95 б.].

Қазақ қоғамының құрылымы (билер соты, сұлтандар билігі) 1869 жылы Александр II – нің дала өлкесін басқару туралы «Уақытша ережелерге» қол қойып, ресейлік заңнаманың тарала бастағанға дейін, өзінің бұрынғы мәнін жоғалтқан жоқ еді. Ал ол ереже қабылданғаннан кейін билер сотының қарауына тек неке-отбасы істері, ұсақ талаптар мен даулар ғана жатты [6, 84 б.]. Билер сотынан басқа Қазақстанда, қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық деликттерге ажыратусыз, құқықтық даулар мен талап арыздарды шешудің дербес түрі ретінде аралық соттар да XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейін қызмет етті.

Татуластыру рәсімдерінің тарихи-теориялық негіздері әдет-ғұрып құғында орналасқан, және қазіргі таңда оларды, қазіргі таңдағы құқытық материяға үйлесімді біріктіре отырып, жаңа сапалық деңгейде қолдануға уақыт келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медиация туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы
2. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона. Материалы по казахскому обычному праву. Сб.- Алма-Ата, 1948, с.228.
3. Козлов И.А. Обычное право киргизов. Материалы по казахскому обычному праву. Сб. Алма-Ата, 1948. с. 306.
4. Изразцов Н. Обычное право «адат» киргизов Семереченской области. // Этнографические обозрение. 1897, № 4.
5. Зиманов С.З. Казахский суд биев – уникальная судебная система. – Алматы : Атамұра, 2008. С. 406
6. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. – Алма-Ата, 1955. С. 180.

ӘӨЖ: 323/324(574)

Байсеуова Г.Т.¹, Ығылова А.Қ.²

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті¹,
Атырау инженерлік-гуманитарлық институты²

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰЛТ ТҰҒЫРЫ, ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, азаттықтың даңғыл жолына түскенімізге міне биыл, 25 жыл толмақ. Егеменді ел, боп, көк туымызды көкке желбіретіп, күннен-күнге өркендеп, даму үстіндеміз. Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, тіл мәселесін басты назарда ұстап, оған мемлекеттік статус беріп, қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, мерейін асыруға көп еңбегін сіңірді. «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.» дей отырып, қазақ жерін өзінің тарихи отаны ретінде қабылдаған өзге ұлт өкілдерінің тіліне, діліне, дініне деген құрметпен қарауды, халықаралық ынтымақтастықты, бірлікті қолдап, өзінің көреген саясаткер, танымды көсем екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бытырғы 2015 жылдың ең үлкен тарихи мерекесі Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтті. 1465 жылы Керей мен Жәнібек құрған алғашқы қазақ хандығынан бүгінгі таңдағы қазақ елінің мемлекеттілік тарихы бастау алады.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты шарада «Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен алаш жұртының қаһармандық

дәуірі.» деп айтып кеткен болатын. Міне, осы қаһарман елдің бүгінгі жалғасы бүгінгі таңдағы қазақ елі, қазақ мемлекеті.

16 - желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні болып жарияланған күннен, біз бұл атаулы күнді жыл сайынғы мереке ретінде қазақстандықтар болып тойлап келеміз. Алайда бұл күн тарих беттерінде қазақ жұртының ел боп еңіреген, тәуелсіздік мен азаттық жолында қазақтың қара көз қайсар ұлдары мен қыздарының қыршыннан қиылып, қазақтың ұлт ретіндегі әділетсіздікке қарсы көрсеткен тарландай тағы мінезін паш еткен күн болып қалмақ....

Тәуелсіздік – қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлы күрес пен қарбаласқа толы күрделі де, ауыр кезеңінің жемісі, қиын кезеңде ел басына қонақтаған бағы. Мұны біз ешқашан естен шығармай, жадымызда ұстауымыз қажет. Бүгінгі қазақ халқы еркін, азат, ғылым мен білімнің озық жетістіктерін меңгерген ойы озық, білімі жетік егенменді ел азаматтарына айналып отыр. Осының бәрі Тәуелсіздіктің бізге берген ғаламат мүмкіндіктері.

Елдің мемлекет болып қалыптасуында тәуелсіздіктің, ел бірлігі мен ынтымағының, билеушінің ұтқыр саясатының жетекші роль атқаратындығы жөнінде айтылған, ежелгі түрік жұртының билеушісі, Білге қағанның « Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ.», ғұн көсемі және патшасы Атилланың өз дәуірінде айтып кеткен : «Көреген көсем - сәттілікті ешқашан арқа тұтпайды, өз болашағын әрқашан ауыр еңбек, төзімділік, табандылық және оптимизммен жасайды.» деген сөздерін келтіріп өтсем деймін.

Шындығында да, ел-жұртымыз бытыраңқы, өзара өршелескен араз, басы бірікпейтін, ұйымшыл, жарастығы жоқ ел болса, қайтер едік? Тәуелсіздіктің 25 жылдығына қадам басқалы отырмыз. Осы кезеңге дейін Ұлт Лидері, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының жүргізіп отырған салиқалы саятының нәтижесінде, дүйім халықты бір отбасы адамындай, ортақ мақсат пен мүддеге жұдырықтай жұмылдыруының арқасында еліміз егемендігі мен еркіндігін одан әрі асқақтатып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Бәріміздің киелі атамекеніміз бар, ол –қазақтың Ұлы Даласы. Сол далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз. Қасиетті Отанымызда қандай қиындықты да қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халық бар. Ол – ержүрек қазақ халқы. Сол қаһарман халықтың алға қойған ізгі мұраты бар. Ол – Ұлы Дала төсінде өзі құрған мемлекетті Мәңгілік Ел жасау» - деген жалынды сөздерін Қазақ хандығының 550 жылдығындағы салтанатты шарада халыққа қарата сөйлеген еді.

Халқымызға талай ғасырлардан бері көкसेген мұратына айналған тәуелсіздікті, егемендікті Қазақстанның көк туымен бірге биікке көтеріп ұлағаттайтын Тәуелсіздік күні – Отанымыздың әр азаматы үшін қастерлі де қасиетті мереке.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемендігіміз жариялағаннан бергі әртүрлі сындарлы, күрделі кезеңдер ішінде үлкен-үлкен елеулі, зор табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының жүргізіп отырған парасатты саясатының жемісі – Елімізде өркен жайған бейбітшілік пен мемлекет қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр.

Еліміздің егемендігі мен мемлекеттілігінің нығайып, орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынды дамуы, Қазақстан халқының елдің алдағы жарқын болашағына деген нық сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық қоғамында іргелі мемлекетке айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды.

Сондықтан Тәуелсіздік мерекесі жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткен ұлы тарихымызға деген тағзымымыз бен болашаққа деген жарқын үміттің, сенімнің мерекесі болып табылады. Еліміздің ұлы тарихы мен бабалар рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен бас иіп, Отанымыз – Қазақстанымызға деген құрмет, сүйіспеншілік сезімін әкелетін осындай мереке күні болшаққа деген сеніміміз бен үмітімізді тауыспай, еліміздің болашақ

бейбітшілігінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекеттерді жалғастыру керек деп ойлаймын. Тарих, тағдыр тағлымдары мен Отанымыздың мүддесі бүгінгі таңда отансүйгіштік дәстүрге сай жаңа міндеттерді алдымызға қойып отыр.

«Ұлттың болашағына, оның өзіндік «Мен» дегізерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау – жай әншейін кезекті қиялдың жемісі емес. Мұндай сенімнің бізде орнықты негізі бар.

Біріншіден, жиырмасыншы ғасырдың бас кезіне дейін небір қыспақ пен құбылтуларғы қарамастан, дәстүрлі өмір салттың «тұмшаланған» халде болуы аса тегеурінді этно-мәдени сананың сақталуына себепші болды. Бейнелеп айтқанда, біз өзіміздің тарихи түпкі біртектестігімізді былайғы жұрттар сияқты шашып-төккеніміз жоқ.

Екіншіден, қазақтар басқа ұлттармен кең көлемде араласқа түскен жоқ. Қазақстан жерінде ассимиляциялық үлгі қазақтар үшін ешқашан етек алған үрдіс болған емес. оның себептері көп, дегенмен ассимиляциялық тыйымның ұлттық сананы шындауға белгілі дәрежеде ықпал еткенін атап өткен жөн. Үшіншіден, барлық жасауымен төл мемлекеттікке қол жеткізу мейлінше тегеурінді психологиялық серпіліс тудырып, қазақ халқының өзін-өзі түсінуіне қатысты түбірлі өзгерістер әкелді. Төртіншіден, қазақтардың этногенетикалық жастығына және жастардың демографиялық құрылымына байланысты «этникалық энергияның» айтарлықтай қоры шоғырланды. Ең соңында бүгінгі дүниеде толыққанды ұлт санатында болу үшін және сәтімен тіршілік құру үшін қазақтардың «сын көтеретін саны» жеткілікті мөлшерде.»[3].

Елімізді осы бейбіт, тыныш, еркіндік қанаты кең жайылған заманға дейін жеткізген тарих парақтарында таңбаланып қалған оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, ата-бабаларымыздың жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын қайсар табандылығы - өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс.

Кең байтақ еліміз, күн сәулетті Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен танымал. Бүгінгі Қазақстан - өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел.

Егемендік алған жылдар арасында өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын мемлекет құрылды, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Конституциялық жолмен мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен дамудың берік іргетасы қаланды. Елдің ішкі экономикалық жүйесі өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада өз орны бар зайырлы, толерантты елге айналды.

Тарихта талай-талай тауқыметтерді бастан кешірсе де, ешкімге бас иіп, тізе бүкпеген қазақ халқы қазір әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресуде. Ендеше әрқашан да әрқайсымыздың «кішкене отбасымыздан бастау алатын байтақ ұлы Отанымыз Қазақстанның тәуелсіздігі нығая берсін, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз құламай әрқашан биіктен желбіресін! демекпін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. - «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» - Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1992.-56б.
2. Назарбаев Н.Ә. - «Қазақстан -2030» Алматы: Білім, 1998, 76б.
3. Назарбаев Н.Ә. - «Тарих толқынында» – Алматы, 2002ж. [3].
4. Назарбаев Н.Ә. - «Бейбітшілік кіндігі»– Алматы, 2001 ж.

МӘН – МАҒЫНАСЫ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН ТӘУЕЛСІЗДІК

*Өткен күннен алыс жоқ,
Келер күннен жақын жоқ
(халық мақалы)*

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Иә, ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді.

Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан. Тәуелсіз мемлекет бола салысымен, көптеген шұғыл сұрақтарға шешім табылды. Неше түрлі ауыртпашылық әкелген Семей полигоны жабылды, Арал теңізі мәселесі шешілді, тарихи мұра, мәдениетіміз, қазақ тілі қайта жаңғыртылды, табиғи байлығымызды өз иелігімізге қайтара алдық. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде өз жерімізде басымызды түсірдік. Экономика, ішкі және сыртқы саясатпен қатар, табиғи қорларымыз да, басқа мемлекеттің қарамағында еді. Сол қиын-қыстау кезеңде, қазақ халқының сана-сезімі, намысы оянды. Жігерлі қазақ жастары өз жерімізде лайықты күн көруге, өз ана тілімізді, мәдениетімізді құқылы қолдануға талпынды.

Бүгін міне, тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында, біз артқа қарап, Кеңес Одағы кезеңіндегі тарихты, сөзбен жеткізе алмайтын қиын өмірді еске алып жатамыз. Сонау Горбачёв бастаған қайта құру кезеңі ұлттық сана-сезімді оятты. Жаппай қазақ мектептерінің жабылуы, қазақ тілінде шығарылған газет-журналдар, мақалалар, кітаптардың сатылымнан жоғалуы, жоғарғы билеуші таптың басымдылығы, біздің ержүрек, батыл, намысшыл жандарымызды ызаландырды. Сөйтіп, халықтың ұлттық мүддесі үшін күреске жол ашылды.

Осының бәрі, бізді 1986 жылғы Алматыда өткен желтоқсан оқиғаларына алып келеді. Себебі, жаңа алаңда өткен қазақ жастарының шерулері, тәуелсіздікке әкелген бастама десек, қателеспейміз. Бүгін міне, желтоқсан оқиғаларына 30 жыл. Уақыт келе, сол тарихи оқиғаның мәнісін енді ғана ұға бастағандаймыз.

Қазіргі таңда, Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санасатын мемлекетке айналдық. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үлкен шараларды, іс-әрекеттерді талап етеді. Яғни, ішкі және сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өркендеуін, дүниежүзілік қауымдастықта өркениетті мемлекеттермен білікті қарым-қатынас жасау, әрине бір адамның қолында емес. Бірақ, халық атынан үлкен деңгейде сөйлей алатын, сөзін құлақ салып тындайтын, мемлекетке бағыт-бағдар беріп отыратын, ерекше тұлға, мемлекет басшысы – Президент.

Тәуелсіздік жариялаған сәттен бастап, Қазақстанды күтіп отырған оқиғалардың мән-жайын түсіну, ұғыну, мемлекеттің одан әрі даму үрдісін болжау және халықтың талғамына сай, ең тиімді даму стратегиясын таңдауда жан-жақты, қайсар, жігерлі, саясат жүргізуде көшбасшы және ой-өрісі кең, интеллектуалды тұлға ұқажет еді. Мұндай тарихи міндетті, Жаратушы осы қасиеттерге сай Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бұйырды. Тәуелсіз мемлекеттің қазіргі келбеті, бастан өткен сәтсіздіктері және жеңістері тұңғыш президентіміз, Елбасының есімімен тікелей байланысты. Тарихи өтпелі кезеңде Елбасының рөлі айқын және ашық көрінеді.

Елбасымыздың сол кезеңдегі басты таңдаған стратегиялық бағыты – ашық нарықтық экономикаға көшу болды. Түбегейлі құрылымдық өзгерістерді жүргізуде шетелдік инвестицияны маңызды фактор деп есептеді. Осындай тарихи шешімдердің арқасында біз қазіргі таңда әлемнің 50 ең бәсекеге қабілетті елдері қатарына кірдік. Бұл, меніңше, мақтанш сезіміне бөлейтін ең маңызды жетістік.

Әрине, сонау 25 жылда, еліміз неше түрлі жетістіктерге жетті, биік белес, асуларды алды. Маңыздыларын Елбасымыз “Қазақстан – 2030” Стратегиясының толықтай орындалуында қорытындылап кетті. Яғни, ұлттық қауіпсіз, ішкі саяси тұрақтылық пен бірлік, ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу сияқты стратегияда белгіленген негізгі міндеттер орындалды.

Енді біздің алдымызда одан үлкен міндеттер тұр. 2012 жылы желтоқсан айында, Елбасымыз “Қазақстан – 2030” Стратегиясын қорытындылай отырып, мемлекеттің жаңа саяси бағытын жариялады. Ондағы басты мақсат 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін “Қазақстан – 2050” Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады. Әрине, бәрі маңызды, мейлінше кәсіпкерлікті, яғни ұлттық экономиканың жетекші күшін, ішкі нарықты әрі қарай жан-жақты қолдау керек. Өйткені, отандық кәсіпкерлік экономиканың негізгі қозғаушы күші болады. Шағын және орта бизнесті қолдауда 1997 жылы құрылған “Даму” Кәсіпкерлікті Дамыту Қоры” Акционерлік қоғамының еңбегі орасан зор. Қазіргі таңда “Даму” Қоры кәсіпкерлердің несиелерін сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және банктердің алдында кәсіпкерлердің несиелерін кепілдендіру саясатын жүзеге асыратын қаржылық агент болып табылады.

Ірі бизнесті қолдауда да мемлекет тарапынан үлкен көлемде қаржылай көмек бөлініп отыр. Басты көздейтін мақсат – әртараптандыру арқылы ұлттық экономиканы шикізат секторынан тәуелсіз етуі. Осындай мақсатпен 2001 жылы “Қазақстанның Даму Банкі” Акционерлік қоғамы құрылған. Банк еліміздегі шикізат емес секторларға инвестицияларды жүзеге асыру арқылы ұлттық экономикамыздың тұрақты дамуына үлесін қосып жатыр. Осы жылы Банктің құрылғанына 15 жыл толады. Соңғы жылдардағы дағдарыстың салдарынан 2015 жылы экономиканың шикізат секторындағы өндіру көлемі тау-кен өндіруші саладағы шығару көлеміне дерлік теңестірілді. Сол себептен, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер тигізетін, 2010 жылы қабылданған мемлекеттік индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының екінші бесжылдығын ары қарай жүзеге асыру керек. Өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге жарамдылығын көтеру үшін шағын және орта бизнесті қаржыландыру ғана емес, сонымен қатар болашағы бар ірі жобаларды шетелдік инвесторлар арқылы қаржыландыруды тоқтатпаған жөн болар. Осы бағытта жыл сайын өткізілетін “Еуразиялық экономикалық форуммен” қатар “Астана экономикалық форумының” айтарлықтай пайдасы бар. Алдымызда “Еуразиялық кедендік одақ”, “Дүниежүзілік сауда ұйымы” сияқты халықаралық сауда-саттық нарығында сынақтар күтіп тұр.

Тағы айтып кететін жайт, бұл жастарды бизнеске деген құштарлығын ояту. Халықаралық тәжірибенің көрсетуі бойынша жастарды кәсіпкерлікте қолдау, жаңа жұмыс орындарды ашуымен қатар білікті мамандарды дайындауға жол ашылады. Сонымен қатар, еліміздің инновациялық даму жолына тезірек көшуіне мүмкіндік туғызады. Жастардың, менің ойымша, инновациялық жоғары белсенділігі, ойлаудың инновациялылығы, жедел түрде шешім қабылдауы, түрлі бөгеттерге иілгіштігі, тәуекелге бейімделуі сияқты күшті жақтары бар. Жыл сайын Алматы қаласында кәсіпкерліктің жаһандық аптасы шеңберінде “Жастар Кәсіпкерлігінің Форумы” өтіп келеді. Одан әрі жас кәсіпкерлер клубы, бизнес инкубатор сияқты жобалар ашылып жатыр. Мемлекет тарапынан осындай жобаларға қаржылай көмек бөліну керек деп ойлаймын.

Иә, 25 жылда мемлекетіміз күрт өзгерді. Экономикалық, әлеуметтік, интеллектуалды тұрғыда өркендеп келеміз. Оны архитектуралық тұрғыда қарасақ, Елбасы айтқандай, мемлекетіміздің басты күші – Астана қаласы. Астана тәуелсіздіктің белгісі, үні, келбеті деуге

де болады. Осы жерді басып жүріп, шын мәнінде, біздің болашағымыз жарқын екеніне қатты қуанам.

Алдымызда “ЭКСПО-2017” атты халықаралық көрме Астанада өткізілмекші. Ол Орталық Азияда және “Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына” кіретін мүше елдерде өтетін алғашқы көрме болмақ. Мұндай үлкен шараны біздің елде өткізу мемлекетіміздің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Көрменің тақырыбы “болашақ энергиясы” деп аталады, яғни жасыл технологияларға арналған. Халықаралық көрмелер бюросына мүше елдерді таң қалдырған сұрақ, қазіргі таңда көкейкесті мәселе. Сарқылмайтын энергия көздері: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу, болашақта адам баласына ең қажетті ресурс түрі. Бүкіл әлемдік көрме 3 айға дейін жалғасады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10-нан астам халықаралық ұйымы қатысады. Көрмеге 2 миллионнан астам адам қатысады деген болжам бар. Өтетін көрме, елдің өндірістік қуатына мықты серпін бере алады. Мұндай ауқымды және жауапкершілікті іс – шараны өткізуде біздің ел үшін пайдасы өте мол. Басқа елдермен достық қатынастар нығаюымен қатар, жоғарыда айтылғандай, елімізге инвесторлар алып келеді, еліміздің мәртебесін жоғарлатады.

Қорыта келгенде, 25 жыл ішінде жеткен жетістіктердің маңыздылығын бағалай отырып, біз болашаққа сеніммен қарай аламыз. Елбасымыздың 90-шы жылдарда анықтаған стратегиясының арқасында біздің еліміз осындай аз уақыт ішінде құрметке ие, жетістіктерін танытын, сөзіне құлақ салатын мемлекетке айналып отыр. Елбасымыздың осы қиын жолда сіңірген еңбегі зор, баға жетпес.

Біз өз ұлтымыздың, мемлекетіміздің тарихын ерекше қадірлеп, сақтауымыз керек. Келешек ұрпаққа да ақылын айтып, жеткізсек, біз де алып, мықты мемлекет бола аламыз.

Дүние керемет өзгеру жолында, бірақ біз ұлттық идеяны сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз керек. Әрине, ең бастысы, жеріміздегі ұлтаралық келісім, саяси тұрақтылық, ынтымақтастықты сақтай отырып, көптеген нәтижеге жете аламыз.

Сыртқы және ішкі саясатты жүргізіп отырған азаматтарымыздың еңбегі де өте зор. Біздің ел тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі екенін жан-жақты дәлелдеді. Абайдың 150 жылдығын “ЮНЕСКО” шеңберінде тойлады. “Біріккен Ұлттар Ұйымы” шеңберінде 2002 жылы Алматыда, яғни тұңғыш рет Азия құрлығында 24 мемлекет басшысын біріктіріп, кеңес өткізді. “Шанхай ынтымақтастық ұйымын” құрудың негізгі ұйытқысы, алғашқы ұсыныс жасаумен танылды. Одан әрі, 2003 жылы Астанада тұңғыш рет әлемдік діндер жетекшілерінің съезін өткізумен тарихта аты жазылды. Алдымызда, 100-ге жуық елдің басын қосатын халықаралық көрме “ЭКСПО-2017”. Осының бәрін бағалауымыз керек.

Қазір біз өркендеудің жаңа жолына, әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне бет алдық. Елбасы бекіткен жаңа экономикалық бағамда жаңа бағдарламалар, оның бағыттары және нәтижеге жету жолдары көрсетілген. Сол бағытты ұстанып, болашаққа сеніммен қарайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конститутциялық Заңы, 1991ж. 16 желтоқсан;
2. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы, <https://egemen.kz/2015/11/30/8979>
3. EXPO 2017, <http://yznaika.com/notes/454-expo-2017-astana>

Мұратханова М.Б.¹, Махсотова Ж.Р.²

з.ғ.к., доцент¹, «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті²,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қаласы

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМДАР

Елімізге бойына ата – бабаларымыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой – өрісі кең, алғыр да, жүректі, білімді де білікті азаматтар керек.

Н.Ә.Назарбаев

Міне, Қазақстан да ХХІ ғасырдың жаңа онжылдығына қадам басты. Әрине, еліміздің арайлы таңының пердесін тек белсенді жастар ғана аша алады. Елбасы, Н. Назарбаев, жолдауында: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деп пайымдаған.

Өз елін сүйген әр бір жас – өз елінің өткенін толықтай білуі керек, болашағын болжауы және ел болашағына деген сенімі болуы шарт.

Айқындалған асуларымыз – аңыз емес, ақиқат – екендігіне халықтың көзі жете бастады. Еркіндіктің ақ таңы арайлап атқанына да ширек ғасыр болуына санаулы күндер қалды.

Тәуелсіз қазақ елін ойласақ – оның дамуы жолындағы тарихи қадамдарды ойласақ – есімізге осы елдің көшін бастап бара жатқан, елін жарқын болашаққа нық қадаммен бастап бара жатқан көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев көз алдымызға келеді.

Дүниеде тәуелсіз қазақ елі бар, оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар! Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар! Ең бастысы – бүгінінен нұрлы, бүгінінен кемел – «болашағы» бар!

Сол күнге берік сенімі бар – бұл Елбасымыздың өз халқына деген махаббатынан туындаған ойы болатын! Бұл ой ақиқат болатын!

Ел көшін бастау маған – сын, мені қостау елге – сын деген ұстаныммен іс бастаған тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде ол да қатты ойланған болатын: қалай бастаймын? – 70 жыл «бодан» болған халқымның «еңсесін қалай көтеремін» – деген ой Елбасымызды қатты толғандырған.[1]

1991 жылы 1 желтоқсанында КСРіне сайлау өткізіліп 98,9 ұпаймен бүкіл қазақ халқы жүрегінің әмірімен таңдаған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы болатын. Ел тізгінін халық сеніп тапсырған Нұрсұлтан Әбішұлы ел үмітін ақтады. Ең алғашқы күннен бастап Қазақ елін даму жолына салуға бар күш жігерін жұмсады.

Елбасының жүрегінде: Менің арманым қазақ елін өркениетті елдердің қатарына теңестіру мен Қазақстанды әр отбасында өз үйінің немесе пәтері бар, «жұмысы тұрақты» – қалтасында көлігінің кілті бар – ел ретінде көргім келеді, – деп сонау 1991 жылы айтқан еді!

Елбасының сол арманы бүгінгі таңда орындалғаны аян.

Елімізде шағын және орта бизнес саласында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігі мен жолға қойылды. Мақсаты: елде жұмыссыздықты азайту және жоюға негізделген шара еді бұл! Кіші және орта бизнесті дамытуға төмен пайыздық несиелер ажыратып, халықтың жұмыссыз бөлігіне кәсібін айналдыруға мүмкіндік жасалғаны халықтың алғысы шексіз.

Қазақстан Халықтары ассамблеясының құрылуы – бейбіт өмір тұғыры.

Қазақ елі көп ұлтты мемлекет 200ге жақын ұлттың басын қосып, бір тудың астына жиып, бірлікпен тірлік етуді мақсат еткен Елбасымыз былай деген еді: Ата – бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақ елін ғибратты ел – деп аталуының өзі осыдан – деп өз халқының бауырмалдығын, кеңдігін, мейірімділігін бағалаған болатын.

Ассамблеяның жәрдемімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отандарымен байланыстарын қалпына келтіре бастады. Мысалы, қазір «Қазақстан-Украина» достық қоғамы белсенді жұмыс істеп келеді. Қырғызстан халықтарының ассамблеясымен іскерлік байланыстары да жолға қойылды. Одан басқа «Қазақстан-Ресей» қоғамы құрылу үстінде. Аталмыш қоғамдар көрші мемлекеттер мен халықтар арасындағы достық ынтымақтығымыздың ұйтқысы болып отыр. Қазақстан халықтары ассамблеясының мүшелері әртүрлі ұлт өкілдерінің мүдделерін көтеру мақсатында қоғамдық, әлеуметтік-мәдени өмірге белсенді араласуда. Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттар бірлігін нығайта түсудегі Ассамблея миссиясы «Қазақстан-2030» даму стратегиясына толық сәйкестендірілген.[2]

Еліміздің болашағы білімді де білікті жастар – деп бағалаған Елбасымыз 1993 жыл 9-қарашада «Болашақ» стипендиясын белгілеуінің өзі – жастардың қамын ойлауы – болашақ елдің қамын ойлауы болды және алған тәжірибені әрі қарай мемлекет мүддесіне қолдану үшін шетелде жоғары білім алуға қаржыландырады. Қазіргі кезде стипендия алушылардың 23 елдің 200 озық жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігі бар. «Болашақ» стипендиясы — түлектердің мансабының өсуінің және кәсіби өзін-өзі өсіру кепілі. Болашақ түлектерінің 74% мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге ықылас білдірді.

Қазіргі кезде стипендия магистрлік және докторлық оқыту бағдарламаларына, және де Қазақстанда сұранысқа ие техникалық және медициналық саладағы мамандарды даярлауға бағытталған.

Еліміздің қайта өркендеу, өрлеу, жаңғыру, жаңару дәуірінде бұрын – соңды еліміздің тарихында қол жеткізе алмаған толып жатқан үрдіс, жаңа құбылыстарды, жаңа әлеуметтік құрылым, жаңа әлеуметтік жетістіктерді, ұлттық еңсеміздің рухани көтерілуіне халқымыз шексіз еңбек ете білді.

1997 жылы Егемен Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаев Жарлығымен елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. Елбасының жүрегінен жарып шыққан арман шындыққа айналды. **Арман қала Астана** салына бастады.

Қазақстанның жаңа елордасы — Астананың халықаралық тұсауы кесілді. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды.[3]

Қазақстан – 2030 Стратегиясы– ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазанда қабылданған. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілді. Елімізде ұлтаралық және діни келісім тұрақтылық өркен жайды.

Ядролық сынақты «Невада Семей» сынақ байқауы тоқтатылды.

Осы өткен 25 жыл ішінде «Невада – Семей» қозғалысы ауқымды жұмыстар атқарды. Еліміз алғаш болып әлемде ядролық полигонды жапты. Осылайша Қазақстан әлем бойынша қуаты жағынан төртінші орын алатын ядролық қарудан бас тартты. Әлемге алғаш болып ядролық жарылыстарды тоқтату туралы бастама көтердік. Мораторий бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, біз ядролық қарудан мүлде бас тарту туралы бастама көтердік.

Бүгінгі күні барлық әлем Қазақстанның ядролық қарусыз жолын зерттеуде, сол үшін қазақ халқы ел Президентіне алғысын білдіруде. [4]

Елбасымыз жыл сайынға халыққа жолдауында тек халық қамын ойлау, халықтың әл – ауқатын жақсарту мәселелерін бірінші орынға қойды.

«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы халыққа қаншама қуаныш әкелді!

Тәуелсіз Қазақстанның даму жолындағы қадамдары жеткілікті деп айтуға болады.

«**Жол картасы**» – бағдарламасы тағы елге үлкен қуаныш сыйлады. Қала аралық жолдар тіпті мемлекет аралық жолдар, елді мекендерді газбен қамту, ауылдарға көңіл бөлу аграрлық саясатты жақсарту, бұл да – Елбасымыздың еселі еңбегінің біреуі.

Бүгінгі күні ауылдық аймақтарда кадр жетіспеушілігі мәселесі туындап отыр. Өйткені жастар ауылға барғысы келмейді, ал жасы жеткен кадрлар зейнеткерлікке шығуда. Осындай басым мәселелерді шешу мақсатында «**Дипломмен ауылға**» – бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр.

2009 жылы қолға алынған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында қазір жиырма мыңнан астам жас жұмысқа орналасып, елімізге адал қызметін және өздерінің жарқын болашағына жол ашуда.

«**Жасыл ел**» – бағдарламасы ел көңілінен шықты. 2005 жылдан бастап елбасының бастамасы бойынша жазғы демалыстар кезінде жастарға әр түрлі бағыттар бойынша студенттік отрядтарда жұмыс істеуге: құрылыс, елді мекендерді көгалдандыру (ағаштар отырғызу, кесу, ормандарды, су қоймаларын және т.б. санитарлық тазалау), өз қаланды көгалдандыруға мүмкіндік беретін «Жасыл Ел» бағдарламасы жұмысын бастады. Аталмыш бағдарлама соңғы жылдары өзін барынша белсенді ірі студенттік құрылымдардың бірі ретінде көрсете білді. Бүгінде елде 51 мыңнан астам «Жасыл ел» сарбаздары бар. Қозғалыс Республиканың он төрт облысында жеті жыл бойы әрекет етуде.

Қандай шара ұйымдастырылса да ол шара халыққа арналатын, олардың жағдайын жақсартуға арналатын.

Жұмыссыздықты жою, кіші бизнесті дамыту, кәсіпкерлікке кең жол ашу, шағын пайызбен несие беру – мәселелері болашақты көрегендікпен ойлаған бағдарламасы арқылы іске аса бастады.

«**Нұрлы жол**» – болашаққа, бақытқа бастар жол.

«Нұрлы жол» – еңбекші халықты бақытқа бастар жол болды. Заманға әсерін тигізіп отырған «нарық қыспағы» бізді де айналып өтпейтінін алдын – ала түсінген Елбасымыз ерекше ойлады. Қала мен қаланы, қала мен ауылды, облыс пен облысты, облыс пен орталықты Алматы мен Астананы байланыстыратын әлемдік деңгей талаптарына жауап беретін, халықаралық деңгейдегі жолдар салынды.

Қорытындылай келе, ХХІ ғасыр мәдениеттің ғылым мен ақыл – ой бәсекесінің ғасыры болмақ және нарық – ебі жоқтың ғана еншісін алып, құтын қашырады, арманшыл, еңбекшіл, амалшыл адамның несібесін асырады.

Тәуелсіз еліміз аман, болашағы жарқын болғай!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бирюков С., Делягин М., Собозобов Ю. 2020 Стратегиялық жоспары: Көшбасшылыққа бастайтын Қазақстандық жол, 161 б.
2. Назарбаев Н.А. Қазақстан халықтар Ассамблеясының 11 сессиясы: бейбітшілікке, ұлтаралық келісім және татулыққа 10 жыл//Жизнь.-2006.-№1.4-9б.
3. Интернет ақпарат: <https://kk.wikipedia>.
4. Көбенов І. Халықаралық антиядролық «Невада – Семей» қозғалысының басқосуынан: Ваq.kz сайты материалы

Курманғалиева З.К.

«№26 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қаласы

ТӘУЕЛСІЗДІК- МӘҢГІЛІК МҰРАТЫМЫЗ

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шыңдап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік.

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегінде елімізде мемлекеттік бастауларды нығайту, яғни болашақта құқықтық қоғам орнату маңызды ұлттық міндет екеніне баса көңіл аударды.

Кең байтақ қазақ жері – біздің кіндік кесіп, қанымыз тамған туған жеріміз. Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы сынға түскен жаугершілік заманда, яғни, 1458 жылы Әбілқайыр хандығынан іргесін бөлген Жәнібек пен Керей сұлтан Моғолстан жеріне Шу бойы мен Қозыбасқа алғаш, ең алғаш еркіндіктің ақ жалауын тіккен еді. Содан бері бұл киелі жер нелер талай оқиғаларды бастан өткізіп, қазіргі заманда тәуелсіз іргелі Қазақ елінің атамекеніне, бақ қонып, қыдыр дарыған қасиетті мекеніне айналды.

Қазақстан – ата-бабамыздың мекен еткен ежелгі қонысы. Елімізде сан түрлі ұлттардан құралған ұлт өкілдері қоян-қолтық еңбек етіп, тату-тәтті тұрып жатыр. Біздің еліміз бүкіл әлемге татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, мәдениет пен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың ерен үлгісін көрсетіп отыр.

Ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсап келген Тәуелсіздік 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастау алды.

Аз уақыттың ішінде еліміз ұлан-ғайыр жетістіктерге жетті. Елбасымыздың арман, тілегі жүзеге асып, адам таңқаларлықтай әсем де ару қала – астанамыз – Астана бой көтерді. Бұрын сайын далада орналасқан Ақмола адам танымастай өзгерді. Есіл өзенінің жағасында құрлыс тынымсыз дамып, сәулетті қала бой түзеді. Астана әлем халықтарының жиі-жиі бас қосып, түрлі симпозиумдар мен медиа-форумдар өтетін орталыққа айналды.

Қазіргі Қазақстан бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқарып келеді. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған сарабал саясатының арқасы.

Еліміз 1991 жылы 21 желтоқсанда ТМД елдеріне, 1992 жылы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.

Тәуелсіздіктің ақ таңы арайлап атқан еліміз үшін 1992 жылдың қаңтары ерекше есте қалатын күн. Тарихтың алтын беті. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсап кеген Тәуелсіздігін бүкіл әлемге әйгілеп, Қазақстанды төрткүл дүниенің баршасына танытқан күн. Елбасы Н.Назарбаевтың атына Біріккен Ұлттар Ұйымының сол кездегі хатшысы Бутрос Галиден Қауіпсіздік Кеңесі Бас Ассамблеясының Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдау туралы ұсынысын дауысқа салмай-ақ қабылданғаны жөнінде жеделхат келіп жетті. Осылайша әлемдегі ең беделді де белді ұйымдардың бірі БҰҰ-ның штаб-пәтері орналасқан Нью-Йорктегі зәулім ғимараттың алдында көгілдір аспан түстес туымыз Кіндік Еуразияда жас жаңа мемлекеттің өмірге келгенін паш етіп, желбірей бастады.

1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз қабылданды. 25 жыл ішінде жүрек толқытар сәттер аз болған жоқ.

Білім саласында да қаншама оң өзгерістер бастау алып, білім беру ісінде тың бастамалар жүзеге асты. Заңғар жазушы М.О.Әуезов айтқандай: «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» десек, тәуелсіздік туын тіккелі елімізде өркениетке бастар жол - білім жолы жаңа бағыттарға, тың идеяларға қол жеткізді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие болды. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыруға, оқушылардың өздігінен бағыт-бағдарын анықтап, дамуына, өзін-өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау жолға қойылды.

Қазақ тілі қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмысын, мәдениетін, тарихын білуге жол ашып, көп ұлтты халықтың достық қарым қатынасын күшейтудің құралына айналды. Елбасы Н.Назарбаевтың ұлттық тәрбиеге байланысты айтқан пікірлері көпшілікке үлкен ой салары сөзсіз.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Егеменді Қазақстан» газетінде жариялаған «Ұлы Дала ұлағаттары» туындысы - әлем таныған тұлғаның ордалы ойы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында жарық көрген құнды еңбек. Елбасы бұл еңбегінде ширек ғасыр ішінде еліміздің жеткен жетістігін саралап, белес биігінен көз тастай отырып, келешекті кемел көзқарасымен ой бөліседі.

«Қазақ – ойшыл халық, ақын халық. Сәби жүрегінде желпілдеген арман мен үміт, қиял мен ой көкірегінде сәулесі бар қазақ баласын өлең өлкесіне алып келеді. Халқымыздың ақынжандылығы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәңгілік мектеп. Телегей теңіз ауыз әдебиетінің қайнарынан сусындаған ұлтымыздың ұлы тарихындағы ұлағатты белестер бұған нақты дәлел. Біз тарихын тілмен де, ділмен де жазған халықпыз», - дейді Президент осы еңбегінің «Туған елім – тірегім» деген алғашқы тарауында. Одан әрі өз ойын Елбасы: «Ұлы Даламыз кейде ашық жатқан қыр кітабы сияқты болып та көрініп кетеді. Жадынды жаңғыртып, дұрыстап, жақсылап оқи алсаң, жан дүниені жадырап, бағы бабалардың баянды үнін, тарихтың тылсым сырын, туған елінің мәңгілік жырын қайыра естіп, байтақ әлемге құлашыңды кең жайғандай боласың», - деп кеңінен таратады.

«Ұлы Дала ұлағаттары» өткенімізге ой жүгіртер, келешегімізге бағдар сілтер сындарлы еңбек.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері қаншама игі істер атқарылды. Алға қойған мақсат-мұраттарымыз да биік. «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықпалының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды», - деп Н.Назарбаев айтқандай Қазақ елі Мәңгілік Ел болу жолында әлі де атқарар істер жетерлік. Соған жету жолындағы мақсаттарымыз айқын, келешегіміз кемел.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев .Ұлы Дала ұлағаттары. «Егемен Қазақстан», 8 қараша, 2016 жыл.
2. Қазақстан Республикасы. Тәуелсіздік шежіресі, 2013 жыл.

МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ ТҮСІНІГІН АНЫҚТАУДАҒЫ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Жаһандану заманында көптеген қоғамдық құбылыстар үлкен өзгерістерге ұшырауда. Солардың бірі мемлекет десек қате болмас, өйткені жаһанданудың жасаған әсерінен мемлекеттің функциялары да өзгеруде. Шыныменде, осыдан 25-30 жыл бұрын ұйымдасқан халықаралық қылмысқа, лаңкестікке, діни экстремизмге және басқа да осындай қоғамдық дерттерге мемлекеттер тек бірігіп ғана төтеп бере алатындығына және жалғыздан жалғыз күші келместігіне кім сенер еді. Ал бүгінгі күні болса ИГИЛ (ДАИШ) сияқты халықаралық лаңкестік ұйым бір топ мемлекеттерге қарсы ашық соғыс жүргізуде. Сол сияқты, 30 жыл бұрын адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мемлекеттің стратегиялық бағыттарының біріне айналады деп болжау мүмкін емес еді. Ал бүгінгі күні ол шындық, ақиқат.

Бұл факторды көптеген ғалымдар мойындайды. Мәселен, отандық зерттеушілердің бірі Е.Өміржанов бұл жөнінде былай дейді: "мемлекет қызметінің маңыздылығы белгілі тарихи даму кезеңіне сәйкес, қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес өз орындарын ауыстырып отырады немесе өз маңызын жойып, сәйкесінше жаңа мемлекет қызметі пайда болады". Мұның мысалы ретінде бұл автор мемлекеттің экологиялық қызметін келтіреді [1, 34-б.].

Осындай мысалдар, мемлекеттер атқаратын функциялардың заманға сай өзгеріп отыратындығын байқатады. Ол функциялардың мазмұны, жүзеге асырылу нысандары, қолданылу бағыттары және т.с.с. тұстарының өзгеруі заңды әрі орынды деуге болады. Осыған орай мемлекеттің жаңа жағдайдағы функцияларын зерттеп, қайта айқындау – заман талабы.

Кез келген теориялық зерттеу, зерттеу нысанасын анықтаудан басталуы тиіс. Біз үшін, ол мемлекет функциясының түсінігі.

Мемлекет қызметін сипаттайтын басты ұғымдардың бірі –оның функциялары болса да, бүгінгі күнге дейін олардың дау мен пікір-талас туғызбайтын, бір мағыналы анықтамасы әлі де қалыптасқан емес.

Мемлекет және құқық теориясы бойынша көптеген оқулықтарды қарайтын болсақ, олардың басым көпшілігінде мемлекеттің функциялары ретінде оның атқаратын қызметінің басты бағыттары түсініледі. Мысалы, Е.Өміржанов мемлекет функциясын "мемлекеттің алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізу үшін жүзеге асыратын іс-шараларының бағыты ретінде" анықтайды [1, 34-б.]. Мұндай көзқарасты ғалымдардың басым көпшілігі ұстанады, мысалы, қазақстандық ғалым Т.А. Ағдарбеков [2, 88-б.], ресейлік ғалымдар Н.И. Матузов пен А.В. Малько [3, с.61], Н.И. Глазунова [4, с.101] және т.б.

Тіпті ғылыми әдебиеттерде де көбінесе осы көзқарас қалыптасып қалған. Мысалы, бір топ қазақстандық ғалымдардың дайындаған монографиялардың бірінде «мемлекеттің функциялары –басқа бағыттардан бөлініп, бөлшектеніп шыққан және мемлекет қызметінің қалыптасып тұрақтанған бағыттары» деген анықтама берілген [5, с.73].

Мемлекет функциясын оның қызметінің басты бағыттары ретінде қарастыратын көзқарас заң ғылымында Кеңес Одағы кезінен қалыптасып қалды. Сол кезде мемлекет функцияларын зерттеген заңгер-ғалымдар осы көзқарасты ұстанды. Олар, М.И. Байтин [6, с.190], Н.В. Черноголовкин [7, с.7], В.О. Тененбаум [8, с.138] және т.б. Бүгінгі күні де бұл көзқарасты басшылыққа алатын ғалымдар аз емес. Олар, Л.А. Морозова [9, с.98], В.Е. Чиркин [10, с.199], А.А. Куковский [11, с.7-8], А.В. Захаров [12, с.240-241] және т.с.с.

Мұндай анықтама кеңінен тарағандығына қарамастан, оған барлық ғалымдар келісе бермейді. Қалыптасып қалған анықтаманың осал жерлерін сезінген ғалымдар басқа да анықтамалар ұсынуға талпынып отыратындығын айта кетейік.

Мәселен, ресейлік ғалым С.В. Бабаев мемлекеттің функциясы ретінде оның қызметінің басты бағыттарының бірін, сондай-ақ бұл қызметті жүзеге асырудың мақсаттарын, әдістерін, нысандары мен тәсілдерін түсіну керек дейді [13, с.7]. Бұл жерде автордың мемлекет функциясын кең мағынада қарастыруға талпынғанын байқауға болады, бірақ, мемлекет қызметін жүзеге асырудың мақсаттарын, әдістерін, нысандары мен тәсілдерін мемлекеттің функциясы ретінде қарастыруға қандай негіз бар екендігі түсініксіз болып отыр. Аталған факторлар мемлекеттің қызмет етуін сипаттау үшін маңызды болғанымен, оның функциясының мазмұнын кұрай алмайтындығын А.А. Дембицкий басып айтады [14, с.236].

Сол сияқты тағы бір ресейлік ғалым мемлекет функциясын мемлекеттің белгілі бір даму кезеңіндегі оның әлеуметтік немесе таптық (сыныптық) мақсаты жарық көретін қоғамдық қатынастарға деген мемлекеттің әсер ету бағыттарын айқындайтын мемлекет мәнінің сәті ретінде анықтайды [15, с.7].

Бұл анықтама мемлекет функциясының мәндік белгілерін көрсетпейді. Дефиниция мемлекет функциясын анықтайтын факторлардың сипатамасына көбірек қатысты болып келеді [14, с.236].

Л.А. Резванованың анықтамасына тоқталсақ, ол былай дейді: "Мемлекетке қатысты функциялар мемлекет мәніне байланысты мемлекеттің "тұлға-қоғам" жүйесін өзара өзгертуге деген қабілеттері мен мүмкіндіктері, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін тәсілдер мен құралдар" [16, с.15].

Бұл дефиниция да сын көтермейді, өйткені бұл анықтамада функция мемлекеттің табиғатына тән қабілеттері мен мүмкіндіктерінің көрініс табатыннақты қызметінің сипаты емес, мемлекетке тән потенциалдың сипатына айналады. Мемлекет функциясын былайша түсінуге келісу қиын, себебі "функция" мемлекеттің әрекет ету қабілетінің (оның қалай әрекет ете алатындығының) сипаты емес, нақты әрекетінің сипаты екендігі анық, дейді А.А. Дембицкий [14, с.237].

Ресейлік зерттеуші А.А. Дембицкий мемлекет функциясын оның қызмет ету бағыттары ретінде қарастыратынкеңінен таралғананықтаманы сынға алады. Оның айтуы бойынша, бағыт – ол қозғалыстың алдында жатқан жолы, немесе қозғалыстың бет алған жағы. Алайда, мұндай анықтамаларда мемлекет қызметінің бағыты ретінде мемлекеттің келе жатқан жолын ғана түсінуге болады. Функцияны мемлекет қызметінің (әрекетінің) бағыты ретінде, яғни мемлекеттің келе жатқан жолы ретінде түсіну, мұндай жолды жүзеге асыру нысандары туралы немесе іске асыру тетіктері жөнінде сөз қылудың өзін мүмкін емес қылатындығы анық дейді, - А.А. Дембицкий. Заң ғылымынан басқа бірде бір ғылыми таным саласында функция ұғымы қызметтің (қызмет етудің не әрекет етудің) бағытын анықтау үшін қолданылмайтындығы, әрине, мемлекет функциясын осылайша түсіндіру мүмкіндігіне күдік туғызады [14, с.236].

А.А.Дембицкий басқа ғылымсалаларындағы "функция" ұғымының анықтамаларын қарастырып шыққан. Оның зерттеуінің нәтижелеріне келсек, математика мен жаратылыс ғылымдарындағы "функция" ұғымына берілетін анықтамаларды екіге бөліп қарастыруға болады.

Тірі организмдерді зерттеуге байланысты биология сияқты ғылымдарда функция ретінде белгілі бір органның жалпы организмнің тіршілік ету қабілетін қамтамасыз ету үшін басқа органдармен жүйелене отырып қажетті, мақсатты және жеткілікті болып табылатын жұмысын түсінеді. Бұл тәсілді басқа ғылымдарда қолданған кезде оны органикалық тәсіл деп атайды.

Тірі емес объектілерді зерттеумен айналысатын жаратылыс ғылымдарында (физика, геология және т.с.с.) органикалық тәсілге ұқсас әдіс қолданылады, яғни функция жүйенің қажеттілігінен туындаған жұмыс ретінде түсініледі, бірақ бұл жерде жүйе ретінде организм емес, механизм қарастырылғандықтан функция түсінігінде де белгілі бір ерекшеліктер болады.

Механикалық тәсілдің органикалық тәсілден айырмашылығын былай сипаттауға болады: бұл тәсіл бойынша функция алдын ала сырттан белгіленеді, яғни жүйе басынан бастап белгілі бір атқарылатын жұмыс (функция) ретінде түсініледі. Биологияда белгілі бір организмнің қалай қызмет ететінін (функциясын атқаратынын) білу үшін бұл организмнің жүйесін түсіну керек және бұл жүйеге кіретін әрбір органның атқаратын функцияларын анықтау қажет. Механикада механизм мен оның бөліктерінің функцияларын анықтау үшін, ең алдымен, механизмінің мақсатын, ортаның оған жасайтын әсерінің ерекшелігін түсіну керек, және ең бастысы - механизмді қозғайтын импульсты (күшті) табу қажет [14, с.237].

Әлеуметтану (социология) ғылымында функция ұғымының екі түсінігі қалыптасқан. Біріншіден, функция - ол, белгілі бір әлеуметтік институттың, өзі соның бөлігі болып табылатын әлеуметтік жүйеге қатысты атқаратын рөлі. Екіншіден, функция ретінде бірыңғай әлеуметтік процестің әртүрлі компоненттері арасындағы өзара тәуелділік түсініледі [17, с.100].

Мемлекеттің функциясын түсіну мемлекеттің өзі қалай түсінілетіндігіне, оның қасиеттерінің қайсысы (яғни, организм, механизм әлде әлеуметтік институт ретіндегі қасиеттерінің қайсысы) маңызды болатындығына байланысты болмақ. Мемлекет, ең алдымен, әлеуметтік институт болғандықтан оның функцияларын анықтау не әлеуметтік институттың әлде әлеуметтік процестің ерекше рөлі ретінде, не әлеуметтік жағынан маңызды тәуелділік ретінде қарастырылуы керек. А.А. Думбицкий мемлекеттің әлеуметтік институт ретіндегі функцияларын белгілі бір тәуелділік ретінде емес, керісінше, мемлекет қызметінің тигізетін әсері, нақтырақ айтқанда, сыртта, әлеуметтік ортада, қоғамда табылатын әсер ретінде түсінеді және осы мағынада ғана мемлекеттің экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік және өзге де функциялары туралы айтуға болады деп есептейді. Оның пікірі бойынша, мемлекеттің функциясын жоғарырақ деңгейде ұйымдастырылған жүйе ретіндегі қоғамның қажеттіліктерін немесе қоғамды құрайтын топтардың (сыныптардың), әлеуметтік топтардың, жекелеген индивидтердің мүдделерін жүзеге асыру үшін мемлекеттің атқаратын рөлі ретінде анықтауға болады [14, с.238].

Ресейлік ғалымның келтірген дәлелдемелерімен келісе отырып, оның берген анықтамасын сынға алуға болады.

Функцияның философиялық түсінігі бойынша оны «біреуінің өзгеруі екіншісінің өзгеруіне алып келетін екі (немес бір топ) объектінің қатынасы» ретінде қарастыруға болады [18, с.751]. Бұл функцияның математикалық ұғымына жақын көзқарас.

Әлеуметтану ғылымында функцияның екі түрлі түсінігі бар деп айттық, олар:

1) жоғарырақ деңгейде ұйымдастырылған қоғамдық жүйе қажеттіліктеріне немесе оны құрайтын топтардың (сыныптардың), әлеуметтік топтар мен индивидтердің мүдделеріне қатысты белгілі бір әлеуметтік институттың (немесе жеке әлеуметтік процестің) атқаратын рөлі [18, с.751];

2) осы қоғамдық жүйе шеңберіндегі әртүрлі әлеуметтік процесстер арасында байқалатын тәуелділік [18, с.751].

А.А. Дембицкий өзінің авторлық анықтамасын тұжырымдау үшін әлеуметтану ғылымындағы екі түсініктің біріншісіне сүйенгендігі бірден байқалады. Екі тәсілдің біреуін таңдап, екіншісін неге теріс қарағандығын бұл ғалым түсіндірмейді.

Біздің ойымыз бойынша, егер әлеуметтануда қалыптасқан екі тәсілдің біреуін ғана қолданатын болсақ, басшылыққа екінші тәсілді алған дұрыс болып көрінеді. Оның себептері, біріншіден, таңдаған дефиницияның басқа да, әсіресе, жаратылыс ғылымдарына көбірек сәйкес келуі, екіншіден, осы дефиницияның мемлекет пен қоғам арасындағы тығыз байланысты көрсету қабілеті.

Сонымен, мемлекеттің функциясына біз былайша анықтама берер едік: мемлекет функциясы дегеніміз «белгілі бір қоғамдық жүйе шеңберінде қалыптасып отыратын мемлекет пен қоғамарасындағы тәуелділік».

Бұл тәуелділік екі жақты болып келеді, яғни мемлекеттегі маңызды өзгерістер қоғамдағы өзгерістерге алып келеді, ал қоғамда орын алған маңызды өзгерістер мемлекеттің

өзгеруіне әкеледі. Бұл байланыстың табиғатын, ерекшеліктерін, заңдылықтарын, басқа да маңызды тұстарын жан жақты зерттеу керек. Бірақ ол басқа мақаланың нысанасы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өміржанов Е. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. - 176 бет.
2. Ағдарбеков Т.А. Мемлекет және құқық теориясы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. - 320 б.
3. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. Курс лекций. - М.: Юристъ, 1999. - 672 с.
4. Глазунова Н.И. Система государственного управления: Учебник для вузов.- М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. - 551с.
5. Баймаханов М.Т. Функционирование государства и его функции: соотношение, формы, тенденции развития // Функции государства в условиях современного мира (на материалах независимого Казахстана) /Отв. ред. академик НАН РК М.Т. Баймаханов. – Алматы: Издательский дом КазГЮУ, 2005. – С.72-80.
6. Байтин М.И. Сущность и основные функции социалитического государства. - Саратов, 1979. - 301 с.
7. Черноголовкин Н.В. Теория функций социалистического государства. - М.: Юрид. лит., 1970. - 215 с.
8. Тененбаум В.О. Государство: система категорий. - Саратов, 1971. - 212 с.
9. Морозова Л.А. Функции Российского государства на современном этапе // Государство и право. – 1993. - №6. – С.98-108.
10. Чиркин В.Е. Современное государство. Монография. – М., 2001. – 416 с.
11. Куковский А.А. Некоторые вопросы определения понятия «функции государства» // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия «Право». – 2009. - №19. – С.6-9.
12. Захаров А.В. Функции государства и отражение в них борьбы с современными глобальными экологическими вызовами человечеству // Вестник Тамбовского университета. Серия «Гуманитарные науки». – 2012. – Т.105. - №1. – С.240-247.
13. Бабаев С.В. Теория функций современного российского государства. Дисс. ...канд. юрид. наук: 12.00.01. - Н.Новгород, 2001. - 201 с.
14. Дембицкий А.А. Понятие функции государства: сущность и определение // Ученые записки Орловского государственного университета. – 2014. - №4 (60). – С.236-238.
15. Андреев А.Г. Охранительная функция государства в современных условиях. Автореф. дисс. ...канд. юрид. наук: 12.00.01. - М., 2002. - 23 с.
16. Резванова Л.А. Сущность социального государства и ее проявление в сфере образования. Дисс. ...канд. юрид. наук. - Ростов-на-Дону, 2004. - 209 с.
17. Малахов В.П. Общая теория права и государства. К проблеме правопонимания. Учебное пособие.– М.:Юнити-Дана: Закон и право,2013. -144 с.
18. Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия,1983. - 840 с.

**СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ
КАЗАХСТАНОМ И ТУРЦИЕЙ В ПОСТСОВЕТСКИЙ ПЕРИОД**

После провозглашения Независимости, Казахстан был признан многими государствами мира как полноценный член мирового сообщества. Сегодня нашу республику признают свыше 120 стран мира и установили дипломатические отношения с нашим государством. Следует отметить, что большая и первая заслуга является признание Турцией нашей независимости. Казахстанско-турецкое сотрудничество характеризуется повышенной динамикой развития с первых дней установления дипломатических отношений (2 марта 1992 г.). Не прерываются плодотворные контакты на высшем уровне, в том числе в рамках саммитов тюркоязычных государств. Стороны подписали пакет важных межгосударственных соглашений, которые заложили фундамент долгосрочного сотрудничества [1]. Несмотря на отсутствие серьезных проблем в двусторонних отношениях, а также совпадение взглядов по многим международным проблемам, турецкий вектор стал весьма важным, но все же не доминирующим во внешней политике Казахстана (также, как и других Центрально-азиатских стран). Это подтвердили и итоговые документы встреч Глав тюркоязычных государств в Бишкеке (1995 г.), Ташкенте (1996 г.) и Астане (1998 г.), которые не содержали положений, указывающих на особые отношения указанных стран в какой-либо иной сфере, кроме образования и культуры.

Тем не менее, в Казахстане воздают должное турецкому руководству и народу этого государства за неизменно дружественное отношение к нашей стране. Турция была первым государством в мире, признавшим независимость Казахстана. Неоценимый вклад в становление и развитие плодотворного сотрудничества между нашими странами внесли Тургут Озал и Сулейман Демирель.

Следует признать, что Турция и другие сильные и средние акторы были заинтересованы в сотрудничестве с нашей республикой не только экономически, но и геополитически, так как территории Казахстана и Центральной Азии имеют выгодное географическое расположение в регионе.

Турецкое присутствие характеризуется двумя факторами: 1) она была частью стратегии Запада; 2) она развивалась под сильным влиянием тюркского фактора, особенно в первой половине 1990-х гг. [2,34]. После распада СССР Запад все еще рассматривал Турцию как своего агента для вмешательства в Центрально-азиатские дела. Тем не менее, визит министра обороны США Уильяма Перри (4 апреля 1995 г.) в Центральную Азию символизирует, что этот регион постепенно становится зоной прямых жизненных интересов США. Это действительно новая тенденция, имеющая историческое значение.

Вместе с тем, Анкара тоже начала укреплять дружественные отношения с центрально-азиатскими государствами. В начале июня 1995 г. президент и премьер-министр Турции нанесли ряд визитов в страны региона. 14 июня в Алматы президент Турции Сулейман Демирель подписал с президентом Казахстана Назарбаевым соглашение о создании консорциума для изучения возможности строительства нефтепровода для транспортировки казахстанской нефти через территорию Турции на западные рынки. Президент Демирель заявил, что в будущем этот нефтепровод сможет обслуживать все прикаспийские государства-производители нефти. После подписания этого соглашения США выразили горячую поддержку решению о перекачке казахстанской нефти через территорию Турции. Вслед за тем в августе, во время визита премьер-министра Турции Тансу Чиллер в Алматы, министрами нефтегазовой промышленности двух стран был подписан протокол о намерениях по созданию акционерной компании для строительства экспортного трубопровода к Средиземному морю через территорию Турции. Предполагается, что по нему

будет транспортироваться не только тенгизская нефть, но и та, которую надеются добывать на шельфе Каспийского моря [3, 143-144]. Вместе с тем, что в настоящий момент внешнеполитическая активность Анкары становится все менее существенным фактором и для самой Центральной Азии. Продемонстрированная в свое время Турцией неспособность оказать государствам региона достаточную финансово-экономическую и политическую поддержку существенно ограничила ее присутствие в Центральной Азии. Турецкие амбиции (особо не афишируемые в правительственных кругах) на лидерство в регионе, ассоциируемые с этно-идеологическим лозунгом пантюркизма, также не находят соответствующего отклика в государствах Центральной Азии.

В 1995г. США объявили Каспийский регион зоной своих жизненных интересов. Следом, когда при активной протекции «сверху» их корпорации закрепились в нефтяной отрасли Казахстана и Азербайджана, Вашингтон взялся за создание транскавказского энерготранспортного коридора к средиземноморским портам Турции. Широко разрекламированный проект получил название «Баку – Тбилиси – Джейхан» (БТД). Впоследствии этот трубопровод был переименован на «Актау - Баку – Тбилиси – Джейхан», так как Казахстан также стал экспортировать нефть по данному трубопроводу через танкерный терминал. И как отметил министр энергетики США Билл Ричардсон, БТД – это «не просто еще один трубопровод. Это стратегическая основа для продвижения интересов нашей национальной безопасности». Здесь преследовались следующие задачи: уменьшить зависимость от ОПЕК; перекрыть один из возможных источников энергоснабжения Китая; создать условия для поэтапной переориентации экономики Южного Кавказа и Центральной Азии на Запад; блокировать использование Российской и Иранской трубопроводной инфраструктуры; обеспечить установление политического контроля над столицами региона за счет контроля над энергоресурсами; отсечь Иран от Центральной Азии и России, и таким образом преодолеть американскую изоляцию; обеспечить доступ к стабильным поставкам неарабской нефти своим стратегическим союзникам – Турции и Израилю; подсобить экономикам лояльных Штатам на пространстве СНГ Грузии Азербайджану [4, 456].

Здесь, Турция играет огромную роль в обеспечении поставок черного золота через свою территорию в западные страны, а также удовлетворяет свои энергетические потребности. Немаловажную роль играет торгово-экономическое отношение. Предприниматели Турции занимают 4 место по объему инвестиции в неэнергетический сектор Казахстана, уступая США, Корею и Англию. В возведение новой столицы Казахстана Астаны были задействованы 60% турецких компаний. На сегодняшний день на казахской земле работают 500 совместных и 160 турецких предприятий.

Сегодня Казахстан своим поступательным движением вперед по пути развития в качестве одного из лидирующих государств своего региона стал уважаемым членом международного сообщества. В рамках этого источником гордости Турция поддержала председательство Казахстана в ОБСЕ. В 2010 году успешно был проведен Саммит ОБСЕ в Астане. Важным показателем признания Казахстана в качестве уважаемого участника международных процессов стало принятие Казахстаном периодического председательства в Организации Исламского Сотрудничества в июне следующего года. Благодаря своим успехам за прошедший короткий по историческим меркам 25-летний период превращение Казахстана в центр стабильности и безопасности в регионе стало важнейшим достижением.

Таким образом, Турция является одним из наиболее важных региональных партнеров Казахстана, с которой его связывают не только экономические отношения, но и глубокие культурно-исторические связи. Необходимо отметить, что именно Турция первой признала независимость Казахстана. На всем протяжении своего развития казахстанско-турецкие отношения опираются на совпадение или близость позиций по широкому кругу вопросов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Протокол об установлении дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Турецкой Республикой. – А. Казахстанская правда, 1992. – 3 марта.
2. Лаумилин М. Т. Геополитика в Центральной Азии и безопасность РК. Диссертация доктора политических наук. – А., 2003.
3. Чан Хси-мо. Нефть и геополитическая реконфигурация после окончания «холодной войны: на примере стран СНГ и Восточной Азии. Дисс. на соиск. уч. к.э.н. - М., 1998.
4. Жумалы Р. Геополитика Центральной Азии. - А., 2006., 515 с.

УДК 321.7(574)

Түйебаев М.М., Ашимова Г.М.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Бүгінгі күні әлем таныған Қазақстан Республикасының берік тұғыры Конституцияда атап көрсетілгендей біздің басты байлығымыз адам және оның бостандығы, тәуелсіз елімізді дамыту, мемлекеттілігімізді нығайту жолындағы реформаларды жүзеге асырудағы адамның рөлін философиялық тұрғыдан жан-жақты саралаудың маңызы өте зор.

Тәуелсіздік-қасиетті ұғым. Қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мұраты жүзеге асты. «Бүгінгі күні тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт»-деген-ді, Елбасы халыққа жолдауында.

XX ғасырдың 90-ы жылдары қазақ тарихындағы алтын әріппен жазылатын кезең болды. Қазақ елінің тәуелсіздігін санаулы уақытта әлемнің көптеген елдері мойындады. Қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихына шолу жасасақ, Қазақстан Республикасының мемлекетінің тарихы тереңде болғанымен белгілі бір кезеңде мемлекеттілігінің қалыптасуы, сипаты өзгерді, ғасырлар бойы қалыптасқан хандық билік жойылды. Ресейдің боданы болды. 1920 жылы қазан төңкерісінен кейін Ресейдің құрамына Қазақ АССР болып құрылды. 1936 жылы одақтас республика болды.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде әлем мойындаған мемлекетке айналды. Ғасырлар бойы бабалар армандаған тәуелсіздік туы көкте желбіреді. Қазақ халқының дамудың қандай жолына түсетіндігі Елбасын XX ғасырдың 90-ы жылдарының басынан бастап ойландыра бастады. Сол кездегі әлемдік дамудағы қалыптасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайды саралай келе, егеменді еліміздің даму жолы либералды идеяларды жүзеге асыру арқылы ғана мүмкін екендігін көрегендікпен айқындай білді.

Ұлт көшбасшысы бұл жөнінде ұдайы айта жүріп, мінез-құлық пен идеяларды қас-қағым сәтте өзгерту мүмкін емес екендігін, оны өркениетті тәсілмен шынайы реформаларды жасау негізінде адамдардың саяси мәдениетін жаңғырту қажеттілігін басты назарда ұстады. Сондықтан, тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ Қазақ елінің, Елбасының бұлжымас Стратегиялық бағыты республикада жаңа демократиялық қоғам орнату болып табылды. Соның жарқын дәлелі-1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңда және 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жөніндегі міндеттердің басты бағыты ретінде айқындалуы. Ал, 1995 жылы қабылдаған Ата Заңда қоғамды одан әрі демократияландыруға басым бағыт берілді. Бір сөзбен айтқанда, демократиялық даму Қазақстанның ерікті таңдауы болып табылады. Бұл қазіргі жаңа қазақстандық мемлекеттің нығаюына, бәсекелестікке қабілетті халықтың шоғырлануына мүмкіндік берді. Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік-саяси институттардың бірі ретінде шынайы демократияның маңызды элементіне айналып, ұлттар мен ұлттық мемлекетті ұйыстыруда қуатты құрал болып отыр.

Бүгінгі күні Конституция, шын мәнінде, саяси плюрализм мен көппартиялылықты қамтамасыз етуде. Еліміз тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани салада түбірлі өзгерістер жасай отырып, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, салт-дәстүрімізді жаңғырту жолында күрделі үдерістерді жүзеге асыруда. Соның нәтижесінде қоғам келбеті түбірінен өзгерді. Қоғамдағы саяси жаңарулардың нәтижесінде президенттік институт, кәсіби парламент, көппартиялық азаматтық қоғам, үкіметтік ұйымдар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары сияқты жаңа құрылымдар қалыптасты.

Қазақстан Президенті бүгінгі күні мемлекет басшысы, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтаушы және Қазақстанды ел іші мен халықаралық қатынаста көрсетуші ең жоғарғы қызмет иесі болуымен қатар, әлем мойындаған көшбасшыға айналып отыр. Ал президенттік институт еліміздегі демократиялық өзгерістерді жүзеге асырудың іргелі негізі. Бірақ Президенттік институт кеңестік саяси жүйеде бұрын-соңды болмағандықтан, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнын анықтау барысында көптеген қиыншылықтарды еңсеруге тура келеді. Олардың қатарында, атап айтқанда, президенттік институтты ендіру мемлекеттік басқарудағы түбегейлі өзгерістерге бірден әкеле қоймағаны, оның басқа билік тармақтарымен қарым-қатынасын реттейтін механизмінің болмауы сияқты мәселелер тұрды.

Келесі бір іргелі мәселе-демократиялық құндылықтар мен демократиялық саяси институттар мәселесі. Қазіргі заманғы демократиялық қоғам мен саяси жүйені дамыған партиялық құрылымсыз көз алдымызға елестету мүмкін емес. Демократиялық режим жағдайында азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шынайы саяси үдеріске партиялар айналдыра алады. Осы мүдделерді білдіру тұрғысынан алғанда саяси партиялар азаматтық қоғамның басты тірегі. Дала демократиясына негізделген қазақ мемлекетінің басқару жүйесі ХХІ ғасыр басында жалғасын тапты деп айтуға болады.

Елімізде жүзеге асып жатқан саяси модернизацияға шетелдік ғалымдар да зор баға беруде. Тәуелсіз Қазақ елінің мемлекеттік құрылыс мәселесінде қазақ халқына ежелден тән болып келген басқарудың жекелеген формаларын өркен жайдыру үлкен маңызға ие.

Еліміз Евразия құрлығындағы, әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін шешуде төрелік айтатын абыройға ие болған мемлекет ретінде танылды. Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан Республикасы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру мақсатында қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыған өміршең реформаларды жүзеге асыру үстінде. «Ұлы Дала» елі болу, осы Ұлы Далада көк туы желбіреген мәңгілік жасампаз ел орнату идеясы- Қазақстан Президентінің арманы. Мұны да нағыз ұлылық ұстанымынан туған Ұлттық идея деп бағалаған жөн, бұл идея халықтың әуелден жалғасып келе жатқан ұзақ та байтақ тарихының жалғасы. Асан қайғы бабамыздың желмаясына мініп шарқ ұрып іздейтін- Жерұйығы қандай жер, қандай ел десек, біздіңше, Асан атамыздың Жерұйығы-бақытты өмір, баянды тіршілік болса керек. Олай болса, Асан қайғының тұлғалық қасиетінен бүгінгі Елбасымыздың бейнесін айқын көреміз. Жапондар өздерін Күншығыс еліміз десе, қытайлар өздерін Аспан асты еліміз деп жатады, ал, біз-Ұлы Дала еліміз,- деп Президентіміз атап көрсеткеніндей, тәуелсіз қазақ елінің сан ғасырлар бұрын бастау алған мемлекеттілігін нығайту -бүгінгі күннің басты мәселесі. Бұл идеяның астарында, мемлекеттік институттарды жетілдірудің терең философиялық тұжырымдары жатыр.

Кеңес империясы тұсында тарихымыздан, дәстүрімізден, тілімізден айрылып қала жаздадық. Бүгінгі күні осы мәселелерді философиялық тұрғыдан талдап, шынайы бағасын беретін уақыт келді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік ұлтымыздың болмысын, ұлттық санасын қайта оятты, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, рухани құндылықтарымыз-тіл, діл, дініміз қайта оралды. Мемлекет құрушы ұлт ретінде, қазақ халқының еліміздегі тұрақтылықты, қазақ жерін Отаным деп мойындаған ұлттар мен ұлыстардың бүгінгі күні шат тұрмысын, жарқын болашағын қамтамасыз етуде ролі зор. Біздің жетістіктеріміздің қайнар көзі, басты байлығымыз-Қазақстан халықтарының бірлігі.

Дегенмен, тәуелсіз ел болғанымызға 25 жыл болса да, әлі қазақ патриотизмін, жалпы қазақшылықты өз мәнінде қалыптастыра алғанымыз жоқ. Алаш арыстары армандаған ұлттық мүддеге негізделген мемлекеттілікті қалыптастырудың кейбір мәселелері ойлануды қажет етеді.

Қазақстан көпұлтты мемлекет. Тәуелсіз қазақстанда мекендейтін барлық этностар елімізді өз отаны санайды, мемлекетімізді нығайтуға үлес қосады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев БҰҰ төрінен, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асқақтатып, қазақ тілінде әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін талдай отырып сөз сөйледі. Бұл қазақ халқының ұлттық рухының асқақ екендігінің дәлелі.

Тәуелсіз Қазақстан әлемдік қоғамдастықта іргелі мемлекетке айналып келеді. Соның жарқын дәлелі, бүгінгі таңда Қазақстанды әлемнің 130-ға жуық мемлекеті мойындады, елімізде 70-тен астам елшіліктер мен 20-дан аса халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелген. Қазақ елі шетелдерде өзінің дипломатиялық өкілдіктерін ашты, көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болды.

XXI ғасыр барлық құндылықтарымызды қайта зерделеуді қажет етеді. Тәуелсіздігіміз баянды болу үшін, халыққа әлеуетті рух қажет, сондықтан елдің, жердің тарихын, салт-дәстүрді, тілін, дінін сақтап, ұрпақ тәрбиесіне, білім мен ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Еркін өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс, жастары батыл, өршіл намысты биік рухты болса, еңсесі әрдайым жоғары тұрады.

Егеменді Қазақстан Республикасының ширек ғасыр аясында әлем таныған елге айналуы тәуелсіздік нәтижесінде жүзеге асып отыр. Бұл қазақ елінің мәңгілік мүдесі.

«Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі»-деп Елбасы атап көрсеткендей, ұлы дала төсіндегі мәңгілік тәуелсіз қазақ елінің болашағын баянды ету біздің басты мұратымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Астана, 2008ж
2. Н.Ә.Назарбаев. «Ғасырлар тоғысында» Алматы, 1996ж
3. «Становление и развитие независимого Казахстана социогуманитарный анализ Алматы, 2011г
4. «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» Алматы 2011ж
5. «Халық тарих толқынында» 1.2 том, Астана, 2013ж
6. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Ақиқат №1, 2016ж

УДК: 37

Идрисов Р. А.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ

XX ғасырдың 1920-1930 жж. республикада қоғамдық ұйымдастырудағы Смағұл Сәдуақасовтың рөлі, оның әсіресе жастар арасындағы көшбасшылығы айқындалады. Қазіргі уақыттағы қазақстандық тарихнамада бұл тұлғаның өмірі мен қызметі біршама қарастырылып, негізінен өмірлік кезеңдеріне, немесе кейбір күрделі мәселелерге назар аударылды. Ендігі кезекте тұлғаның саяси және экономикалық көзқарастары, сондай-ақ, отандық тарихта өлкелік және жалпы мемлекеттік дамуда, С.Сәдуақасовтың ойлары мен бағдарламалық идеялары қаншалықты біздің заманымызбен, яғни тарихи контексті құрайтынын сараптауға қадам жасалынды.

Ел қамын ойлаған Смағұл Сәдуақасұлының қайраткерлігі саясаттағы XX ғасыр басындағы реформалар тарихымен тікелей байланысты. Соның ішінде ауыл шаруашылығын кооперациялаудан бастау алған, қазіргі уақытта жартылай шешілген жерге қатысты шаруашылық жүргізудің өзекті мәселелер жетті. Олардың қатарына дәстүрлі шаруашылықтың күйреуі нәтижесінде қазақтар санының азаюы, қазақ даласында мыңдаған өзге ұлт қоныстанғаннан кейінгі этникалық дағдарыс, ұлттық тілдік ортаның бұзылуы сияқты мәселелер жатады.

Он сегіз жасар Смағұл Германиядағы өмір құрылымына сол кездің өзінде таңқалғанын білдіріп, қазақтар мен немістердің шаруашылық жүргізу нәтижелерін салыстыра отырып, қазақтардың артта қалышулығын жою үшін ол, саяси еркіндікке қол жеткізіп шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері мен жолдарын іздестірді. Сәдуақасов мұндай қиын жағдайдан шығудың жолы халыққа төмен баға мен киім, шай, ыдыс – аяқ сату үшін лавкалар ұйымдастыру, өте қажетісінушілерге ссудалар беру үшін несие серіктестіктерін құруды, халықтың мал тұқымы мен егіншілікті жақсартуға, сондай – ақ тері, жүн, май, малдың басқа да өнімдерін тиімді жағдайларда айырбастауға көмектесу үшін ауыл шаруашылық кооперативтерін құруды көздеді

1913 жылы С.Сәдуақасұлы республикалық Жоспарлау комитетінің жерді аудандастыру бөлімін басқарады. Осы жыл «Советская Киргизия» журналына мақала жариялай бастайды. Мақалада қаламгер қазақ жерін аудандастыру мәселесін көтерді. Кеңес билігі тұсында аса нәзік территориялық айырым мәселесі туралы салиқалы пікірді Смағұл сынды санаулы қайраткерлер айта алғаны белгілі. Бұл аталмыш мақала С.Сәдуақасұлының ұстаған концепциясын көрсететін еңбек. Жер мәселесі жөніндегі Смағұлдың осы жазбасынан Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Зайсан, Өскемен, Семей, Павлодар қалаларының дүниеге келу тарихын біле аламыз.

Сәдуақасұлының 1923 жылы «Жас қайрат» газетіне жазған «Күнбатыс һәм күн шығыстың бостандық жолында күрестерінің тарихы» атты зерттеуі тарихнама ғылымына қажетті дүние. Қаламгер қазақ тарихын тұңғыш рет әлемдік бостандық жолындағы күрестің бағыт-бағдарына, жөн-жосығына шолу жасайды. Сол күрестегі Шығыс пен Батыстың айырым өзгешеліктерін тілге тиек етеді. «Бостандық ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен келеді» - дейді ол. Сөйтіп астарлап қазақты оянуға шақырады[1,22].

Қазаққа бас болған қайраткерді әлімсақтан толғандырған жер мәселесі кеңес билігі орнаған жылдары тым ушығып кетті. Міне осы кезде қазаққа «Сенің жерің мынау», «Сен басқан жердің тарихы эне», деп қарапайым әрі нақты ұғыммен түсіндіретін кітаптар қажеттілігі анық байқалады. Осы жылдары қазақ оқығандары Ж.Сұлтанбекұлы «Бұрын һәм қазірде жер саясаты» (1925), Т.Шонаұлы «Қазақ жері мәселесінің тарихы» (1926) атты зерттеулер жазды. С.Сәдуақасұлы алдыңғы кітап шығысымен іле-шала «Еңбекші қазақ газетіне «Керекті кітап» атты мақала жариялайды. «Қазақстан жер мәселесі ең үлкен әңгіменің бірі, - дейді Смағұл. - ...Біз соңғы уақытқа дейін өз жерімізді өзіміз жөнді біле алмай келеміз. Сондықтан «қыс ішінде» келіп қалған бірер қазды қазақ оқушылары құттықтап қарсы алатын жөні бар.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық үрдістерін, атап айтқанда жайылымдар мен жайлауларды рулық қауым болып иемденетін қазақ қауымында әлі де малға жекеменшік берік орныққанын жақсы біле тұра ауылдың шырқын тұзып, оны таптық қозғалысқа келтіру елдегі ауқаттыларды жоюды көздегендіктен азамат соғысының бастамасы еді. Қалыптасқан шаруашылықты бұзу кеңес өкіметіне аса қажет болды. «Кіші қазанның» идеялық авторы Голощекин тұсында жарық көрген ресми құжаттардан мынаны оқуға болады: «Қазақ ауылында жерді пайдалану жайылымдық жерлерді иемдену үшін жекелеген шаруашылық топтарының күресі нәтижесінде тарихи қатынасты 1926-27 жылдарға дейін ауылдағы жерді пайдалануға шаруашылық топтары арасында жерді тең бөлмеу де сондай-ақ осы топтар ішінде таңдаулы шабындық және жайылымдық жерлерді байлардың басып алуы да негіз болды. Мысалы: бұрынғы Сырдария губерниясына тиесілі

болыстың №17 ауылында жалпы саны 150 десятина жердің таңдаулы 100 десятина жері шын мәнінде бір бай қожалығында болды» [1,51].

1925 жылы сәуірде болып өткен Жалпы қазақтық V кеңестер съезінде осы мәселелер көтерілген еді. Осы мәселеге сәйкес Қазақстан өкіметі 1926 жылы 26 тамызда «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» заң қабылдады. Оған сол кездегі Қазақстанның халық комиссарлар кеңесінің төрағасы әрі Орталық Атқару Комитетінің төрағасы міндетін уақытша атқарушы Н.Нұрмақов қол қойған.

1927 жылы 3 ақпанда бұл заңға толықтыру енгізілді. Толықтыруға Н.Нұрмақовпен бірге Республика Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ж.Мыңбаев қол қойған. Заңда мұндай бөлудің «кедей және экономикалық жағынан әлсіз халықтың шаруашылық қызметіне қолайсыз жағдай» туғызуға байланысты орын алып отырғаны атап көрсетілді. Ал шабындықты бөлу жан басы бойынша жүргізілетін болды. Қиын жандайда және бұлай бөлу мүмкін болмағанда ауылдық кеңестердің қаулылары бойынша шабындықты үй бойынша бөлуге жол берілді. Шабындықты және егістік жерлерді бөлгенде кедейлерге ең сапалы және қыстауларына жақын жерлерді талап ету артықшылығы берілді. Бұл жұмыстарға бақылау жасау Қазақстанның егіншілік халық комиссариатына тапсырылды. Ол кезде бұл саланы Ж.Сұлтанбеков басқаратын. Сонымен қатар бұл жұмыстарды жандандыру үшін губерниялық, уездік және округтік атқару комитеттері жанынан ерекше жедел үштіктер құрылды. 1927 жылы 2 ақпанда болып өткен БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде арнайы осы мәселелер қаралды. Онда Халық Комиссарлары Кеңесі мен Орталық Атқару Комитетінің біріккен қаулысына сәйкес жергілікті жерлерде жүргізілетін шараларға осы үштіктер тікелей жауапты болды және олардың құрамдары сол атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерде бекітілді. «Үштіктердің» міндеттері мен құқықтары қаулыда атап көрсетілді [2,9].

С.Садуақасұлының ауыл шаруашылық, экономика саласында атқарған қызметі көп. Соның дәлелі ретінде алатын еңбегі – «Кооперация нәм – қазақ шаруасы». Кооперация – Смағұл аса жетік меңгерген саласы. Ол мұны арнайы оқыды, қазақ шаруасына ыңғайлы жерін сол шәкірт күнінде-ақ басына тоқыды. Бұл туралы әжептәуір мақалалар жазды. Мына еңбек солардың қорытындысы секілді. Кітапшаның алғы сөзінде Смағұл «алты жыл ұдайымен арпалысқан заманның» зардаптарын айта келе «Қазақ шаруасының қазіргі халін тексеріп, ... кооперация ашу керек» деген тақтан жасағанын мәлімдеді.

Қаламгер алғашқы бөлімінде кооперацияның мән-мағынасын, оның түрі мен саласы қайдан шығып, жұрты қалай көркейткені жөнінде түсіндіреді. Бұл ретте ол кооперацияның кіндігін кескен Англиядан бастап, Германия, Дания, Голландия, Швеция, Ресейге дейінгі елдердің бой тәжірибесін тілге тиек етіп, олардың қазақ тұрмысына жанасатын жерлерін межелейді және саяси сапырылыстарының алдында Омбы, Орынбор жеріндегі ауылдарда құрылған шаруа дүкендері мен ұлттық дәстүрде ертеден бар дәстүрді жандандырудың, жетілдірудің жолын қарастырады.

Еңбектің тамыры – қазақтың шаруа түрлерінен тыңғылықты статистикалық мағлұмат берген бөлімдер. Мұнда экономист Смағұл қазақ түріндегі мал, егін шаруашылығының 1913-1922 жылдар аралығындағы көрсеткіштеріне талдау жасайды.

Бұл туындыға С.Садуақасұлының ұстаған бағыты-қазақ шаруасының негізін сақтай отырып, жаңа түр тұрпат беру. Оның ойынша, туралаған шаруаға сан сипат берілмесе, ол мүлде құлдырайды. Мұны Смағұл: Шаруаның өзгерісі – тарихтың сыны. Мұндай өзгерісте халық не жер жүзінде жоғалып кетеді, не екінші рет қайта дәуірлегенде шаруасы бұрынғыдан орнықты тәртіпке түседі, - деп орынды түсіндіреді [3,72].

С.Садуақасұлы қазақ ішінде бұрын да бар, енді тағы құрылғалы отырған кооперация халық тұрмысының бауырын бұрынғыдан бүтіндейтін үш нәрсе іске асырады деп жасайды. Екінші қазақта әзірше зауыт-фабрика жоқ болғандықтан, шет жұрттың өндіріс бұйымдарын тек айырбас негізінде ауылға жеткізеді. Үшінші, нашарлардың әл-ауқатын түзету үшін несие қаржы береді.

Қайраткердің пікірінше, осы түрдегі кооперация ұйымдары бойы келе, бірігіп, орталарынан банк ашып оның қаржысымен фабрика-зауыт сала алады. Сәдуақасов: «Алашордашылармен» бірігіп, ұйымдасу қажет, отаршылыққа қарсы күресті жалғастыру үшін топшылдықты қойып, Қожановпен бірігу керек, - деді. Сонымен қатар: Смирновтың, Калининнің отаршыл бағыты үстемдік алып кетуі мүмкін, сондықтан да барлық қазақ коммунистері мен ұлтшылдары топшылдықты тастап, басын біріктіріп, жұмыла жұмыс істеу керек,- деді. Ол жер мәселесі жөнінде бағдарлама жасауды ұсынды.

V партия конференциясына арналған жер мәселесі жөніндегі тезистерді Жандосовтың жеке өзі дайындады... V партия конференциясы қарсаңында ұлтшылдар Жандосовтың үйінде бірнеше кеңес өткізді. Онда Сәдуақасов пен Қожановтың топтары жер мәселесіне байланысты бас қосты, оған Нұрмақов пен Жандосов белсене араласты. Жер жөніндегі және V партия конференциясына қатысты екінші мәжіліс Сәдуақасовтың үйінде өтті, оған: Сұлтанбеков, Смағұл Сәдуақасов, Мұстамбаев, Кадаленко қатысты. Мұхтар Мұрзин де қатысты-ау деймін. Ол кезде Ташкенттен Қабылов пен Жүргенов келген болатын. Мен атын атағандардан басқа, бұл мәжіліске Семейден келген Мұхамеджан Бейсенов қатысты. Бұл кеңесте жер мәселесі, тезистердің баптары, Өлкелік Комитеттің құрамы талқыланды.

Мұндай тиянақтылықпен баяндалған көрсетіндіге орай «1931 жылдың 10 қазаны күні ОГПУ-дің коллегиясына Әлімхан Ермеков мынадай мәлімдеме» жасайды. Ә.Ермеков: «Айыптау ісінде Сәдуақасовтан Байділдинге хат әкелгенім туралы көрсетіліпті. 1925-жылы Өлкелік Комитет пен Халық комиссариаты мемлекеттік жоспарлау комитетінің өкілдеріне қосып Сәдуақасовты және мені Мәскеуге іссапарға жіберді. Менің Өлкелік Комитеттің мүшесі Ежов пен Сәдуақасовтан білгенім - негізгі мақсатымыз шекараны анықтап, бекіту екен. Оңтүстіктегі облыстарды Орта Азия федерациясына, солтүстік облыстарды РСФСР-дің көрші облыстарына қосу туралы мәселе қойылмақ екен. Оңтүстік Қазақстанның төрағасы бұған ерекше ынта қойып, қызу қолдайтынын білдірді. Солтүстік облыстардағы қазақтарды оңтүстікке, Жетісуға көшіру жөнінде нақты ұсыныс жасалыпты. Бұған мен: ұлттық белгісіне қарап қазақ, орыс тұрғындарының арасына шекара қою қиын, олар аралас тұрады. Оңтүстік және солтүстік облыстардың экономикасы өзара тығыз байланысты. Жазда солтүстікке қарай көшіп, мал өрістететін Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қазалы, Бөкей аймағындағы жер пайдаланушылар үшін де тиімсіз. Қостанай уезінің қазақтарын Оңтүстікке көшіру де мүмкін емес. Егерде солтүстік облыстар РСФСР-ға қосылатын болса, онда қазақ тұрғындары да Ресейдің көрші губернияларының қарамағына өтуі тиіс,- деп қарсы пікір білдірілді. Мәскеуге келгеннен кейін Ежов пен Сәдуақасов жолдастар: біздің мәселеміз қаралмайтын болды,- деді.

Әкімшіл-әміршіл жолмен жүре берді. Смағұл бұл ойды 1921 жылғы аштықтың қайталанбауы үшін айтқан болатын. Алайда қазақ елі кеңес үкіметінің кінәсінен 1932 жылы ашаршылыққа тағы ұрынып, сансыз малы мен жанынан бірдей айрылды.

Қазақ халқы қарастырып отырған жылдары орасан зор адам шығынына ұшырады. Егер де мұншалықты адам шығыны болмаса, бүгінгі күні қазақ өз жерінде азшылық болмас еді. Оның үстіне қазіргі Қазақстанда туындап отырған кейбір әлеуметтік және демографиялық проблемалар да сол кезеңнің жылдар бойы жалғасып келе жатқан салдарлары. ғалым Т.Омарбеков 1920 жылдардың соңындағы және 1930 жылдардағы отандық шаруалар тарихының тарихнамасын төмендегідей басты-басты үш кезеңге бөліп көрсетеді [1.28]: алғашқы кезең 20 жылдардың орта шенінен басталып жаппай ұжымдастырудың және зорлап отырықшыландырудың басталуына дейін, яғни 1929 жылдың соңына дейін барады, екінші кезең 1930 жылдан 1985 жылдың басына дейін, үшінші кезең 1985 жылдың орта шенінен бүгінгі күнге дейін созылады. Алғашқы кезең күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру басталғанға дейін ауыл шаруашылығын қайта құрудың сталиндік көзқарасына балама теориялық ұсыныстардың болғанын, бұл бағыттың Қазақстанда қазақ шаруаларының тарихи дәстүрлі даму жолын қорғау түрінде көрініс бергенін дәлелдейтін теориялық және ғылыми еңбектерді қамтиды. Кеңестік Қазақстан шаруалары тарихнамасындағы екінші кезең 1930 жылдан бастау алады. Бұл уақыт жеке шаруалар қожалықтарының мүддесін қорғайтын, Қазақстан үшін дәстүрлі мал

шаруашылығын дамытудың тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдейтін және көшпелілерді асықпай біртіндеп отырықшыландыруды жақтайтын, негізінен күштеп ұжымдастыруға және отырықшыландыруға дейінгі алғашқы кезде жарық көрген профессорлардың, ауыл шаруашылығы мамандарының еңбектерін «кондратьевшілдік», «рыбниковшілдік», «алашордашылдық», «сәдуақасовшілдық» немесе «зиянкестік» деп айыптайтын теориялық жұмыстардың жаппай жарық көруімен сипатталады.

Ел қамын ойлаған Смағұл Сәдуақасұлының қайраткерлігі саясатпен аралас болғандығы, ұлттық идеяны, жер, шаруашылық жүргізу кеңестік идеямен тоқайластырғысы келген қызметтері большевиктердің алашшыл іс-әрекеттерін жою деңгейін, тіпті алаш зиялыларының идеяларын жалғастырушы Сәдуақасовтай қайраткерлерді қалай құғындала басталғаны көпшілікке мәлім. Бір ғасырдай уақыт өтседе бұл тұлғаны толық ашық түрде зерттеу және жер мәселесін шешудің де саяси өзектіліктері күшейе түсті, өйткені осындай ұлтжанды тұлғалардың ғұмыры негізінен халықтың тағдырындағы оқиғалармен сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы. // Тарих ғыл. докторы. дисс. авторефераты. - Алматы, 1994 - 35 б.
2. Сәдуақасұлы С. Ауыл саясатының негізі. // Еңбекші қазақ, 1927. I. 7
3. Садуақасұлы С. Кооперация һәм қазақ шаруасы. Орынбор, 1925.

УДК:930.1

Катаргина Е.А.

Торгайский гуманитарный колледж им. Н. Кулжановой, г. Аркалык

СТАНОВЛЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Все идеи и достижения разных цивилизаций впитывал и перерабатывал народ, живший на территории Казахстана, внося, в свою очередь, в сокровищницу мировой культуры свои достижения в хозяйстве и культуре: мобильное жилище - юрту, седло и стремя для лошади, военное искусство верхового боя, ковровые узоры и серебряные украшения, мелодичные напевы и напоминающую бег степных лошадей музыку. Все это определило целостность и преемственность древней и средневековой истории Казахстана. Процесс образования казахской народности в XIV-XV вв. в основном завершился.

Первое казахское государство было сформировано при хане Касыме (годы правления 1511-1523). При Хак-Назаре (1538-1580) в районах кочевков различных групп племен сформировались Старший жуз (Семиречье), Средний жуз (Центральный Казахстан) и Младший жуз (Западный Казахстан); у каждого жуза существовала клановая структура, а их ханы со временем стали самостоятельными правителями. Несмотря на это, казахи оставались единым народом. Периоды единства чередовались междуособными конфликтами.

Во 2-й половине XVI в. происходит новый политический подъем Казахского ханства, спад междуособиц, развитие скотоводческого и земледельческого хозяйства, торговых отношений, расширяются контакты с Россией и другими сопредельными странами.[1]

Присоединение Казахстана к России включает вхождение, мирную и военную колонизацию, открытое завоевание. Хотя в те времена Средний жуз, во главе которого стоял хан Аблай, был гораздо меньше связан с Россией, а Старший жуз находился под властью джунгар и кокандского хана, присяга Абулхайра положила начало постоянно возраставшему влиянию России на жизнь казахов. В 1741-1742 джунгарские войска вновь вторглись в Средний и Младший жузы, но вмешательство русских пограничных властей заставило их отступить. Казахи Младшего жуза поддержали крестьянское восстание Емельяна Пугачева

(1773-1775). Когда восстание было подавлено, русские власти стали вводить в казахских степях более централизованную систему управления. В 1787 казахам, которых теснили узбекские племена, было разрешено перейти р.Урал и кочевать в Заволжье. Это решение официально закрепил император Павел I в 1801, когда из 7500 казахских семейств была образована Букеевская (Внутренняя) Орда во главе с султаном Букеем.

Россия попыталась упорядочить административное управление казахами на основе "Устава о сибирских киргизах", разработанного М.М.Сперанским. Реформы Сперанского и политика российских наместников делали упор на превращение казахов в земледельцев. Эти попытки преобразований привели к эпизодическим конфликтам между казахами и русскими, но организованное сопротивление казахи оказали во время восстания КенесарыКасимова (1837-1844), когда им удалось установить контроль над частью территории Среднего жуза. После поражения восстания русские усилили свое присутствие в регионе. В общей сложности казахский народ поднимал знамя свободы более 300 раз. Со второй половины XIX в. Казахстан представляет собой окончательно оформившуюся колонию Российской империи.[2]

К началу XX в. территория Казахстана состояла из областей: Сырдарьинской и Семиреченской (Туркестанское генерал-губернаторство, центр - г. Ташкент); Акмолинской, Семипалатинской, Уральской, Тургайской (Степное ген.-губернаторство, центр - г. Омск); Мангышлак - Закаспийской обл.; Внутренняя (Букеевская) Орда (в Астраханской губ.).

Война 1916 г. завершает национально-освободительное движение казахов в составе Российской империи. Победа февральской революции в России (27 февраля) привела к свержению власти царизма. В стране установилась двоевластие. Власть пролетариата и крестьянства в лице Советов рабочих и солдатских депутатов и власть буржуазии и помещиков в лице Временного правительства.

После свержения царизма в Казахстане начали создаваться Советы рабочих и солдатских депутатов. Наряду с Советами, были созданы и органы буржуазной власти: "исполнительные комитеты", "гражданские комитеты" или назначены областные и уездные комиссары Временного правительства.

В 1936 Казахская АССР была преобразована в полноправную союзную республику в составе СССР - Казахскую ССР.

В 1939-1941 гг. Казахстан превращается в крупную базу по производству цветных металлов, добыче угля, нефти, район развитого сельского хозяйства. Важное значение для перехода к подлинному народовластию имели выборы народных депутатов СССР весной 1989 г. Впервые они прошли на основе альтернативного выдвижения и голосования, сопровождались политическим соперничеством. В июне 1989 первым секретарем ЦК КП Казахстана стал Н.А.Назарбаев, казах, занимавший должность председателя Совета министров Казахской ССР с 1984. Назарбаев был одним из первых, кто выступил против Кунаева и поддержал Горбачева.

1991 г. - 19 августа - попытка государственного переворота в Москве. Назарбаев продолжал оставаться сторонником сохранения СССР, даже когда президенты РСФСР, Украины и Белоруссии объявили о выходе из Советского Союза.[3]

В сентябре 1991 г. было принято решение о роспуске Компартии Казахстана. Углубляется экономический кризис. Создаются новые банковские структуры. Нарастает инфляция, происходит падение жизненного уровня основной части населения. В этих условиях был взят курс на развитие рыночной экономики. Назарбаев Н.А. обращается к народу республики. Выходят Указы Президента: "Об образовании Совета безопасности Казахской ССР", "О переходе государственных предприятий и организаций союзного подчинения в ведение правительства Казахской ССР", "О создании золотого и алмазного фонда Казахской ССР", "О закрытии Семипалатинского ядерного полигона и др".

Позиции Назарбаева еще больше усилились после избрания его президентом на всеобщих выборах в декабре 1991 г. После провозглашения независимости 16 декабря 1991 Назарбаев, укрепляя казахское государство, оставался активным сторонником идеи сильного

Содружества независимых государств (СНГ). В 1994, после того как стала очевидной слабость СНГ, Назарбаев предложил создать вместо него Евразийский союз. Этот союз должен был управляться Советом президентов, иметь выборный наднациональный законодательный орган, единую валюту, общую экономическую и внешнюю политику. Но отсутствие интереса к такой инициативе со стороны других государств-членов СНГ сделало ее осуществление нереальным.[4]

16 декабря 1991 года принимается Закон Республики Казахстан о независимости (имеющего силу Конституционного Закона). Объявив о своей независимости, Республика Казахстан стала представлять собой политически самостоятельное государство с многонациональным укладом, с единым монолитным организмом. 1995 г. 30 августа на всенародном референдуме принимается ныне действующая Конституция Республики Казахстан.

В настоящее время в республике происходит интенсивный рост числа совместных предприятий, открываются представительства крупнейших компаний мира, разрабатываются и осуществляются проекты совместной разработки природных ресурсов и переработки сырья и материалов, внедрение прогрессивных технологий в аграрной сфере и т.д.

Богатые природные ресурсы Казахстана, социальная и политическая стабильность в республике делают этот регион одним из наиболее привлекательных для вложения иностранного капитала среди республик бывшего Советского Союза. Республика Казахстан стала полноправным членом мирового сообщества, получив признание и поддержку абсолютного большинства государств мира. На сегодня Казахстан признан 113 государствами, со 105-ю из них установлены дипломатические отношения. Укрепляется взаимодействие, расширяется сотрудничество с наиболее авторитетными международными структурами. В их числе ООН, Европейское сообщество, Международный и Европейский банки реконструкции и развития, Международный валютный фонд, МАГАТЭ, Красный Крест, ЮНЕСКО, ВОЗ и др. Республика присоединилась более чем к 40 международным конвенциям, ею подписано около 400 многосторонних и более 700 двусторонних договоров и соглашений. В 1997 г. принято решение о переносе столицы из г. Алматы в г. Акмола, связанное с геополитическими, экономическими причинами развития Казахстана. Разработана и принята к реализации Программа "О мерах по реализации стратегического развития Казахстана до 2030 года".

Политическое утверждение Казахстана сегодня неразрывно связано с его политическим прошлым. Поскольку, как видно из настоящей работы, Казахстан издавна был свободным государством, а временный его союз с Россией был политическим шагом в борьбе за независимость.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая Степь. М., 1989. С. 43.
2. История Казахстана с древнейших времен и до наших дней. Очерк / Под ред. М.К. Казыбаева и др. Алматы. 1993. С. 113.
3. Гумелев Л.И. Древняя Русь и Великая степь. М., 1989.
4. Асфендилов С. Д. История Казахстана с древнейших времен. Алма-Ата, 1993.

КЕҢЕС ДӘУІРІНІҢ КРИЗИС МЕНЕДЖЕРІ

Қазақстанның, жалпы посткеңестік республикалардың қазіргі заманғы тарихнамасында кеңес дәуірінің саяси тұлға-персоналилерін зерттеу үлкен маңызға ие. Егер, сталиндік заман дәстүріне сай кеңестік – партиялық жүйедегі адам, алып партиялық – мемлекеттік машинаның жансыз тетігі ретінде қарастырылғандықтан кеңес кезеңіндегі жеке адамның рөліне жете көңіл бөлінбей келген болса, қазіргі заманғы қазақ тарихнамасында ол тарихи зерттеулердегі басым тақырыптардың біріне айналды.

Қазіргі таңдағы тарих ғылымында «тарих жеке тұлғада, жеке тұлға тарихта» деген формула басымдығы байқалады. Қазақстанда Кеңес дәуірінде жаппай репрессиялардың құрбандарынан бастап 40-80-ші жж. саяси қайраткер-тұлғалардың бүтіндей галериясы жасалынды [1].

Кеңестік және посткеңестік кезеңдегі тарихи-тұлғалар ішінде бүгінгі күнге дейін тарих ғылымы тұрғысынан арнайы зерттелінбеген сол дәуірдің ерекше феномен тұлғалар қатарына кезінде Қазақстанның үш бірдей облысын басқарған, Одақтық дәрежеде үлкен қызмет атқарған Еркін Нұржанұлы да жатады. Еркін Нұржан ұлы Әуелбеков 1930 жылы 22-ші маусымда бұрынғы Қазақ Автономиялы Республикасының Ақмола губерниясының «Фрунзе» колхозында Көкшетау мен Айыртау өңіріне танымал Ленин орденді ұстаз Әуелбекұлы Нұржанның отбасында дүниеге келген. [2]

Еркін Әуелбеков Қазақстан тарихында ерекше орны бар Көкшетау өңірінің қазақтың елдік дәстүрі мен мінез-қалыбы күшті сақталған өңірдің тумасы. Әкесі Нұржан XX ғ. басындағы алаштың көрнекті қайраткерлері Жұмағали, Тлеулин, Біләл Малдыбаев сияқты белгілі азаматтарымен сыйлас, ескіше де жаңаша да сауатты өткен ғасырдың басында қазақ арасындағы кең өріс алған ағартушылық қозғалыстың белсенді өкілдерінің бірі болатын.

Осы өлкеден кеңес дәуірінде шыққан Қаз ССР –нің үкіметінің төрағасы қызметін көп жылдар бойы атқарған Бәйкен Әшімов, Қарақалпақ Автономиялы Республикасының бірінші хатшысы Кәкімбек Салықов, Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы Сұлтан Досмағамбетов, Қазақстанның бірқатар облыстарының бірінші хатшысы болған, Қазақ ССР-і Жоғары Кеңесінің төрағасы Мақтай Сағдиев сияқты тұлғалар шоғырында Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің тұлғасы өз замандастары мен қызметтестері бір ауыздан айтып жүргендей ерекше дараланып тұрады [3]

Еркін Нұржанұлы қайтыс болған 1999 ж. бері ол турасында жүздеген естелік мақалалар мен естеліктер күні бүгінге дейін, орталық және жергілікті баспасөзде жарияланып келеді. Еркін Әуелбеков туралы көлемді тұңғыш еңбек Көкшетаулық белгілі жорналшы В.Терещук құрастырған «Туған жердің перзенті» естеліктер жинағы 2000 жылы Омбы қаласында жарыққа шықты, қазақша мәтінін аударған Балталы Сәрсенбаев [4]. Сондай-ақ 2000 ж. Еркін Әуелбековтің 70-жылдығына орай шығарылған «Азамат» атты Е.Н. Әуелбеков жайындағы естелікте мен әңгімелер жинағы, 2010 ж. Қызылорда қаласында М. Мұхамедовтың редакторлығымен қайраткердің 80- жылдығына орай «Дара тұлға» естеліктер, эсселер мен әңгімелер жинағы[5], 2012ж.Торғайлық қызметтестерінің ұйымдастыруымен «Қазақтың асыл перзенті» атты естелік-эсселер жинағы жарық көрді [6, 102]. Еркін Нұржанұлы Әуелбековке қатысты архив құжат материалдары өз туған өлкесі Көкшетау қаласының мемлекеттік архивінде, Қызылорда облыстық архиві мен Арқалық қаласы мен Петропавл архивінде, Алматы қ. Орталық Мемлекеттік архивінде, ҚР Президенті архиві және РФ Президенті архиві қорларында жинақталған. Осы жолдардың авторы Қазақстандағы ғылыми басылымдарда бес зерттеу мақаласын жариялаған.

Кеңестік заманда ұлттық республикалар формальді-саяси егемендік жағдайында өмір сүріп, бар билік пен саясат Мәскеулік Орталықтан жүргізіліп тұрған шақта да ұлттық

республикадағы ұлттық кадрлар ішінен Қазақ елі сияқты байтақты сол кездегі Орталыққа лайықты түрде танытқан алаштың асыл азаматтары аз болған жоқ. Еркін Әуелбековтың белсенді қайраткерлік қызметі негізінен посткеңестік уақытқа - «тоқырау жылдары» деп аталған тарихи кезеңге сәйкес келеді. [7, 234-236].

Нақты тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеу арқылы XX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы «тоқырау жылдары» деп аталған кезеңдегі тарихи үдерісті сол заманның көптеген құбылыстары мен реалды жағдайларын жаңаша пайымдауымызға мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстанның XX ғ. тарихында қайшылықты құбылыстарға толы кеңестік дәуірді шамадан тыс идеализациялау немесе бірыңғай қара бояумен көрсету тарихи объективтілік қағидатына сәйкес келмесі анық. Қалай десек те, Еркін Нұржанұлы кеңес кезеңіндегі партиялық басқарушы – номенклатураның таңдаулы өкілі, оның жемісті қызметінің бастауы Қосыгин реформаларымен тұспа-тұс келеді [8]. Ол шын мәнісінде де кеңестік басқарушы-номенклатурасының реформашыл бөлігіне жататындығын сөзімен де, жасампаздық қызметімен дәлелдеген мемлекеттік қайраткер.

Қазіргі күнде Еркін Нұржан-ұлы кімнің кадры деп жатады, біздің зерттеуімізше, сол кезеңде Қазақстан басшысы болған Д. Қонаев оны өзі көтеріп, тәрбиелеген кадрлардың қатарында атамайды. Д.Қонаевтың 1994 жылы «Санат» баспасынан шыққан «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген кітабында өзі өсірген кадрларды ашып айтып онда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтан бастап Е. Дүйсенов, К. Аухадиев, З. Нұрқаділовке дейін тізбелеп өтеді бірақ онда Е. Әуелбековтың аты аталмайды. Еркін Нұржанұлы осы кітаптың 352-ші бетінде ғана өзіне қарата сын айтқан адам ретінде ғана аталып өтеді [9]. Сондықтан біз Әуелбеков кімнің кадры деген сұраққа басқа қырыннан келгенді жөн көрдік.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы КСРО басшылғы алдында зор беделге ие Ж. Шаяхметов соғыстан кейін И.В. Сталинге өз халқының сауатты адамдары 30-шы жылдары жойылып кеткенін, қалғандары соғыста мерт болғанын айтып, ұлттық кадрды Орталықтың жақсы оқу орындарында дайындауға көмектесу жөнінде өтініш жасады. Осыған байланысты Кеңес үкіметінің 1946 жылы «ҚССР-дегі ұлттық кадрлар жөнінде» қаулысы шығарылды [10].

Осы қаулы бойынша КСРО аумағындағы жоғары оқу орындары Қазақстан жастарын да оқытатын болды. Міне Қазақстанның осындай талапты жастарының санатында Еркін Нұржанұлы Әуелбеков 1948 ж Мәскеуге сол кездегі еліміздің ең таңдаулы ауылшаруашылық оқу орны Тимирязев академиясына түсуге арнайы жолдамамен жіберілді.[11]

Сөйтіп біз өз зерттеуімізде Еркін Нұржанұлының 1946-1954 жж. аралығында Қазақстан Компартиясының біріншісі хатшысы, қазақ кеңестік партиялық номенклатурасының негізін қалаушы Жұмабай Шаяхметовтың шығартқан қаулысымен Мәскеуге оқуға аттанған түлектер ішінен суырылып шығып, өзінің қабілет –қарымы арқасында, ешкімнің протекциясынсыз көтерілген кадр деп айтуға толық негіз бар деп санаймыз.

Еркін Әуелбековті бір ғана Д. Қонаев қана дарынды, өрелі басшы деп бағалаған жоқ оны Қазақстан Компартиясының Орталық партия Комитетіндегілер, тіпті КОКП-і Орталық комитетіндегі лауазымды тұлғалар жоғары бағалады. (1953 жылдан соң КСРО-да Сталин дәуіріндегі жеке дара басшылық жүйесінен доминантты тұлға жетекшілік жасайтын коллегиялды саяси басшылық жүйесі қалыптасты) [12]. Бұл турасында Шымкент, Семей облыстарының партия комитеттерінің бірінші хатшысы болған Аманолла Рамазанов былай деп еске алады: - 1959 жылы бірінші хатшыларды Мәскеуге шақыртты. КСРО Ауылшаруашылығы министрлігінде бес күнге созылған кеңес өтті. Бұл кеңесте бәрімізден батыл да өткір сөйлеген Еркін болған-ды.. Ол жалпы жасқанып-жалтақтауды білмейтін, өз ойын қай жерде болсын әрқашан ашық айтатын адам еді. Қазақ ауылдарының басына туған (тың игеруге байланысты) ахуал жайында ол әлгі кеңестен әлдеқайда көп бұрын мәселе көтерген. Сол тұстарда обкомның екінші хатшысы, облаткомның төрағасы боп жүрген кездерінде Орталық Комитеттің пленумдарында тың игеруге байланысты қазақ ауылдарының душар болып отырған халі, ондағы әрі-сәрі күйде қалған адамдар тағдыры

жайында әлденеше мәрте ашына сөйлеген болатын. [13, 351] Е. Әуелбеков ХХ ғ. 60-шы жылдарынан бастап, ел аузына іліккен, ресми атақ-даңқымен қатар партиялық номенклатура мен халық арасында үлкен бедел жинаған тұлғаның бірден бірі еді. Солтүстік Қазақстанда қызмет атқарған 12 жыл ішінде ол шаруашылық басқару мен партиялық жұмыстың үлкен мектебінен өтті. Сондықтан Д. Қонаев оның қабілет- дарынын жоғары бағалағанымен, болашақта өзіне бәсекелес саяси тұлға деп қарастыруы да әбден мүмкін жайт еді. Бұл жерде тағы да көрнекті мемлекет қайраткері Мақтай Сағдиев жорналшыларға берген сұқбатында осы пікірге маңыз береді: Д. Қонаев Юсуповтан бірінші хатшылық орнын қайтып алған уақытта Еркін Әуелбеков Солтүстік Қазақстан облысының облатком төрағасы қызметінде республика түгіл Одаққа танылып қалған білікті де беделді басшы еді. Сол қызметтен Қонаев оны 1965 жылдың наурызында Ауылшаруашылық министрінің орынбасары, ал 1967 жылы Астық өнімдері және құрама жем дайындау министрі етіп тағайындады. Бұл жоғарлату ма? Жоқ. Керісінше тұқырту. Содан бұл орында ол Одаққа танымал Әуелбеков үш жылдан астам отырып қалды. Тың игеріліп жатқан облыстарға Мәскеудегі Тимирязев академиясын үздік бітірген және тәжірибеде сыннан мүдірмей өткен білікті де білімді басшы аса қажет еді. Тіпті Әуелбековпен бірге оқыған адам бар болғаны – сегіз. Ал облыстық дәрежеде ысылғаны одан да аз. Ауыл шаруашылығын, облысты басқара алатындай білікті, ысылған маман жоқтың қасы. Мұндай кезеңде яғни 1968 жылы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына жіберуді бір адамның жеке шешімі дегеннен гөрі өмір, уақыт талабы деп қараған жөн» [14] деп айтуы біздің жоғарыдағы пікірімізді қуаттай түседі. Отыз сегіз жасында туған өлке басшылығына жіберілген Еркін Әуелбеков бұл қызметке шаруашылық пен саяси басқарушылықтың сатыларынан абыроймен өтіп, аса зор тәжірибеден өткен кемел басшы ретінде келді.

Ол Көкшетау облысына 1968 жылы басшы болып келгенде облыс көлеміндегі шаруашылықтар түрлі қиындықтарға ұшырап, оған дейінгі басшылардың шаруашылықты рентабельді жүргізе алмағандығы салдарынан төрт бірдей аудан жабылған болатын [15]. Жігерлі, халық шаруашылығының әр саласынан тәжірибе-білігі мол, іскер басшы келгеннен кейін жабылып қалған төрт ауданды қайта келтіріп қана қоймай, жаңдан төрт аудан ашылды. Облыс халқын жерге біркелкі орналастырып, 30 дан астам қой шаруашылығына маманданған кеңшарларды ашудың сәті түсіп, облыстағы қой түлігінің ғана саны 950 мың басқа жеткізілді. Бұл шаруашылық жағынан негізінен егіншілікке маманданған облыста жүзеге асырылды. Жергілікті өндіріс пен құрылыс индустриясы дамытылды. Көкшетау қаласы мен ауылдық жердің инфрақұрлымы ол облысты басқарған он жыл ішінде түбірінен өзгереді. Көкшетау облысын Е. Әуелбеков басқарып тұрған кезде, 19 адам Социалистік Еңбек Ері деген ең сол кездегі жоғарғы марапатқа ие болды, бірде бір партиядағы басшы қызметкер қылмыстық жауапкершілікке тартылмады. Бұл Е. Әуелбековтың кадрларды іріктеу мен тәрбиелеудегі жеткен жетістігінің нәтижесі деп білуіміз керек.

Қазіргі әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай кез-келген реформаторлық әрекет әрі ұзағанда өз нәтижесін (не оң, не теріс) 10 жыл ішінде көрсетеді. Көкшетау облысын 10 жыл басқарған уақытта Қазақстанда артта қалған облыс қатарынан, Кеңестер Одағындағы ең алдыңғы қатарлы 10 үлгілі облыстың санатына қосып, Одақтағы егіншаруашылық мәдениеті жоғары дамыған облыс деген атаққа ие болды. Облыстың осындай биік дәрежеге жеткендігін мойындаудың жанама дәлелі ол 1972 жылы Бурабайдағы Республика басшысының Қарасу резиденциясында Бүкілодақтық ауылшаруашылық кеңесінің КОКП ОК Бас хатшысы Л.И.Брежневтің қатысуымен өткендігі дәлелдей түседі. 1973 жылы Еркін Нұржанұлы КСРО Жоғары Кеңесінің Указымен Социалистік Еңбек Ері атағына қоса Ленин орденімен марапатталды және ол марапатты кемеліне келіп тұрған КСРО-ның басшысы Бас хатшы Л.И.Брежневтің өз қолынан алды [16].

Республика Казахстан является ярким примером страны межнационального и межконфессионального согласия. Основными принципами работы органов власти с религиозными объединениями являются толерантность, обеспечение свободы вероисповедания и равенства религий, укрепление в общественном сознании ценности межнационального и межэтнического согласия.

В 2011г. в Казахстане было создано Агентство по делам религий (которое явилось правопреемником Комитета по делам религий при Министерстве юстиции РК), уполномоченное взаимодействовать с религиозными объединениями. Очень важным, а главное своевременным, стало принятие нового законопроекта «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», разработчиком которого, кстати, также выступило Агентство по делам религий.

Необходимость принятия нового Закона была обусловлена тем, что прежний Закон «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» был принят еще в январе 1992 года, даже раньше, чем действующая Конституция. С тех пор в Закон несколько раз вносились

поправки, но они носили, в основном, редакционный характер. Серьёзной поправкой стало положение о регистрации религиозных объединений, принятое в 2005г. За прошедшие с момента обретения независимости 20 лет наше законодательство во всех сферах сильно изменилось, а этот Закон оставался почти в неизменном виде, и уже не отвечал современным реалиям.

За время действия закона «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» 1992г. в него вносились изменения семь раз, однако они не имели принципиального характера, а касались отдельных вопросов. Поэтому и возникла необходимость в комплексном совершенствовании законодательства с учетом современной религиозной ситуации в стране. При подготовке законопроекта ныне действующего Закона «О религиозной деятельности и религиозных объединениях в РК» от 11.10.2011г. был учтен опыт таких стран, как РФ, Белоруссия, Армения, Грузия, Таджикистан, Литва, Испания и ряда других европейских стран, также являющихся светскими государствами, как и Казахстан. [3, 48]. Анализ законов о религиозных объединениях других стран позволяет сделать вывод о том, что при классификации религиозных объединений Казахстана критерием является количественная составляющая, а для зарубежных стран - статус религиозных объединений, основанный на его историчности для данной страны.

Так, например, в Италии, все религии подразделяются на католические и не католические. В Латвии - на так называемые нетрадиционные религиозные организации и религиозные конфессии. В Литве четко разделены традиционные и нетрадиционные религиозные общины.

В Бельгии также есть классификация признанных и непризнанных религий. В Австрии религиозные организации делятся на религиозные общества, имеющие преференции во взаимодействии с государствами, и ассоциации. Согласно Конституции Швейцарии, каждый кантон сам определяет отношения с религиозными организациями. Как правило, к числу признанных относятся католики. Остальные религиозные организации могут получить указанный статус при выполнении определенных условий.

В Португалии существуют четыре категории религиозных организаций: церкви и религиозные общины, имеющие корни в этой стране, религиозные корпорации, частные корпорации, незарегистрированные ассоциации. В Словакии религиозные организации делятся на зарегистрированные религиозные группы и гражданские ассоциации. Соответственно, права и обязанности религиозных объединений в этих странах четко регулируются и не предполагают пролонгации.

Европарламент принял постановление о сектах в Европе от 12 февраля 1996 года, в котором призывает государства-членов проверить эффективность налоговых, уголовных и судебно-процессуальных законов, чтобы предотвратить совершения этими группами противоправных действий. Произошли серьезные изменения в правовой базе Японии, где было ужесточено законодательство, согласно которому религиозные объединения ежегодно должны представлять финансовые документы для проверки. Кроме того, любой человек может обратиться в уполномоченный орган по делам религии с просьбой проверить то или иное религиозное объединение, если посчитает, что ему был нанесен ущерб или угрожает опасность со стороны религиозной организации.

Согласно ныне действующему закону, религиозным объединениям дается право изменений своего статуса в случае соответствия действующему законодательству. Так, например, местные религиозные объединения в ходе своего развития могут быть преобразованы в региональные или республиканские. Это еще раз подчеркивает демократичную и социальную направленность вышеуказанного закона.

ЛИТЕРАТУРА

1. Орлеанский Н.Д. "Закон о религиозных объединениях СССР и действующие законы, инструкции, циркуляры с отдельными комментариями по вопросам, связанным с отделением церкви от государства и школы от церкви в СССР" М., 1930г.

2. Лупарев Г. Конституционные проблемы законодательства о религии и религиозных организациях. //«Религия и право»// М.,: Институт религии и права /, 2004г. - № 4. – С. 27.
3. Понкин И.В. Правовые основы светскости государства и образования. - М.: Про-Пресс, 2003г. – С. 119.

УДК 323.3.01/.06(574)

Койшибаев М.М.

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана

ЗАКОНОДАТЕЛЬНАЯ БАЗА ПОЛИТИКИ В ОТНОШЕНИИ ИНВАЛИДОВ В КАЗАХСТАНЕ

Соблюдения прав человека является одним из основных функциональных направлений деятельности каждого современного государства. В статье первой Конституции РК закреплено «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы» [1]. Особого государственного внимания требует обеспечение прав такой социальной группы, как инвалиды и люди с ограниченными возможностями здоровья.

Президент РК Н.А. Назарбаев в своих посланиях народу «Стратегия «Казахстан-2050»- новый политический курс» от 14 декабря 2012 года [2] и «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года [3], программной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» особо затрагивает вопрос в отношении лиц с ограниченными возможностями здоровья [4]. В этих документах говорится о необходимости развития механизма социализации данной группы населения, создании для них безбарьерной зоны, вовлечении их в активную жизнь, совершенствовании правовой базы деятельности инвалидов.

Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты прав, свобод и интересов лиц с ограниченными возможностями, приводимая в соответствии с международными документами, имеет как множество самостоятельных нормативных правовых актов, так и нормы и положения, отраженные в общих законах.

Определяющим законодательным актом в сфере социальной защиты инвалидов в Республике Казахстан является Закон «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» от 13 апреля 2005 года, регулирующий общественные отношения в области социальной защиты инвалидов в Республике Казахстан и определяет правовые, экономические и организационные условия обеспечения социальной защиты инвалидов, создания им равных возможностей для жизнедеятельности и интеграции в общество.

Социальное обеспечение в случае инвалидности, потери кормильца и по иным законным основаниям регулируется Законом «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту в Республике Казахстан» от 16 июня 1997 года.

В Законе РК «О специальных социальных услугах» от 29 декабря 2008 года прописаны единые принципы предоставления специальных социальных услуг в объеме гарантированного минимума, а также дополнительных специальных социальных услуг, определяется правовой статус социальных служб, устанавливаются права и обязанности социальных работников.

В Законе РК от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях» указывается условия предоставления жилья из государственных жилищных фондов гражданам из малоимущих социально защищаемых слоев населения. К данной категории относятся инвалиды 1 и 2 групп, семьи с детьми-инвалидами, многодетные и неполные семьи.

Согласно Закону «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» местные исполнительные органы обеспечивают оборудование жилых помещений, предоставляемых инвалидам и их семьям, специальными средствами и приспособлениями.

Также за местные исполнительными органами закреплено обеспечение инвалидам доступа к объектам социальной инфраструктуры и культурно-зрелищным мероприятиям.

Основными законодательными актами в области здравоохранения являются Закон РК «Об охране здоровья граждан» от 7 июля 2006 года, Закон РК от 4 июня 2003 года «О системе здравоохранения», которые регулируют отношения в данной сфере и обеспечивают реализацию прав граждан на охрану здоровья. Также вопросы реабилитации прописаны отдельных статьях Закона «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан»[5].

Согласно Закону РК «Об образовании» от 27 июля 2007 года государство обеспечивает гражданам с ограниченными возможностями в развитии условия для получения ими образования, коррекции нарушения развития и социальной адаптации.

Закон РК «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» от 11 июля 2002 года определяет формы и методы комплексной поддержки таких детей, решение проблем их воспитания и обучения.

По Трудовому Кодексу РК инвалиды имеют право заключать трудовые договоры с работодателями на обычных условиях труда, либо в специализированных организациях, применяющих труд инвалидов с учетом индивидуальных программ реабилитации.

В соответствии с Законом «О занятости населения» государство обеспечивает меры по содействию занятости целевым группам населения, в том числе и инвалидам, где прописываются организационный механизм профессиональной реабилитации инвалидов и местные исполнительные органы обеспечивают реализацию политики занятости инвалидов путем:

- организации общественных работ;
- установления квоты рабочих мест для инвалидов в размере 3 % от общей численности рабочих мест;
- создания специальных рабочих мест для трудоустройства инвалидов.

В настоящее время основным международным документом в данной сфере является Конвенция о правах инвалидов, принятая на заседании Генеральной Ассамблеи ООН 13 декабря 2006 года. Указом Президента РК № 711 от 11 декабря 2008 года было заявлено о присоединении Казахстана к этому международному документу. Реализуется «План мероприятий по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в Республике Казахстан на 2012-2018 годы»[6].

Так, в ходе реализации первого этапа данного Плана мероприятий, который проходил в 2012-2013 годах, разработана и утверждена методика паспортизации объектов социальной инфраструктуры на предмет доступности и пользования инвалидами всех категорий. Проведен процесс паспортизации во всех регионах Казахстана. В закон «О социальной защите инвалидов в РК» изменен пункт 2 статьи 25 об обязательном участии НПО инвалидов в государственных комиссиях по приему объектов социальной инфраструктуры.

При активном участии НПО инвалидов разработаны предложения по изменению около 32 нормативно-правовых актов на предмет соответствия этих документов положениям Конвенции.

С целью изменения менталитета населения в отношении инвалидов разработаны и продолжают реализовываться республиканский и региональные медиапланы, в которых расписаны мероприятия по информированию населения о проблемах и нуждах инвалидов [7].

По мнению отечественных и зарубежных экспертов, обширное казахстанское законодательство в сфере защиты прав, свобод лиц с ограниченными возможностями здоровья до последнего времени отличалось отсутствием системности в вопросе социализации инвалидов в качестве полноправных членов общества, так как они до последнего времени считались уязвимой категорией, которая должна получить элементарный прожиточный

уровень необходимых благ. Медицинская модель социальной политики в отношении инвалидности в РК все еще не преодолена и снижает возможности интеграции инвалидов в общество, а в развитых государствах мира давно уже реализуется социальная модель, обеспечивающая равные возможности для инвалидов и здоровых людей.

Имеются проблемы устаревания, противоречивости национального законодательства и его несоответствия международным стандартам.

Юридические нормы, гарантирующие соблюдение прав и свобод инвалидов, далеко не всегда выполняются из-за неимения механизмов реализации, должного контроля и средств.

Государству и обществу предстоит сделать еще многое для устранения не только правовых, но и всех других барьеров, мешающих согражданам с ограниченными возможностями полноценно участвовать в социальной, экономической жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1. Конституция Республики Казахстан [Электронный ресурс] / Официальный сайт Президента РК. Режим доступа: <http://www.akorda.kz/ru> (Дата обращения: 5. 10. 2016).
2. «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс» Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу. 14 декабря 2012 года.
3. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу. 17 января 2014 года.
4. «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда». Статья Президента РК Н.А. Назарбаева. 10 июля 2012 года.
5. Аубакиров Б.А. Эволюция ограниченных возможностей к безграничным. – Алматы: «Абзал-Ай». – 496 с.
6. Национальный отчет о человеческом развитии 2009 / От изолированности к равенству: реализация прав инвалидов в Казахстане. – Астана, 2009. – 171 с.
7. Совершенствование правозащитных механизмов в Казахстане и эффективная реализация рекомендаций Универсального периодического обзора ООН. – Астана, 2014.

ӘОЖ 323.1 (574)

Пұсырманов Н.С.

саясаттану мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН ТОПТАСТЫРУДАҒЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ШЕШІМІ

Қазақстан қоғамы полиэтникалық күрделілік пен конфессиялық қарама-қайшылыққа қарамастан, өз даму жолында сәтті қазақстандық моделді қалыптастырды.

Қазақстандық моделдің бастауы Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясаты мен тарихи шешімдерінің негізінде жатыр.

Ғасырлар тоғысында әлемдік сын-қатер мен ғаламдық ықпалды үрдістерге қарамастан түбегейлі өзгеріс жасап, жаңа Қазақстан Республикасын құру және халықаралық қауымдастықта мойындату – Н.Ә. Назарбаевтың тағдырымен туа біткен байлық.

Тарихқа қайта айналып, сол кезеңде жаңа тұлғаны жасамақ болсаң да, бұл кәдеге жарамайтын іс. Өйткені, Жаратқанның қалауы мен таңдауы әркімге беріле бермейтін мүмкіндік екені белгілі.

Өзіне жүктелген абыройлы да саяси жауапкершілікті сезіне отырып, қоғамдағы көшбасшылық басымдығы, саясатта салмақты мінезділігі, уақытқа сәйкес бәсекелестік қабілет пен кеңістіктің шексіз мүмкіндігін тәуекелге бұды.

Осы ретте, Қазақстанның қалыптасуындағы Н.Ә. Назарбаевтың айрықша мынадай еңбегін ерекше атап көрсету орынды:

Біріншіден, қоғамның дамуы жолы яғни тарихи тағдырлы кезеңде «Егер біз шыңдап аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, бұл жолға түсуге тиіспіз», - деген жолдармен басталған 1992 жылы Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы қабылдауы.

Осы құжатта этникалық алуан түрліліктегі әлеуметтік біртұтастықтың стратегиясы, бір территорияда тұратын, тұрмыстың ортақ жағдайымен әрі туысқандық менталитетпен, игілік және бақыт идеясымен біріккен, бір демократиялық құқықтық мемлекет қорғайтын адамдардың үйлесімді қауымдастығын қолдау маңызды екендігі, сонымен бірге нарықтық қазыналардың қолайлығы мен әділдігіне адамдардың көзін жеткізуге қабілетті нарықтық идеологияны орнықтыру үшін жаппай негіз құрумен айналысу керек, - делінген [1].

Алдымен экономика, содан соң саясат логикасы осыдан туындайды.

Қазақстан-2030, Қазақстан-2050 стратегиялары стратегиялық мүмкіндік пен зияткерлік әлеуетке ие.

Екіншіден, 1993 жылы өтпелі кезең Конституциясын қабылдап, 1995 жылғы 30 тамызда заманауи жаңа Конституцияны орнықтыру мақсатында Конституцияның жобасын бүкілхалықтық референдумға ұсынуы.

Бұл ашықтық қағидаты, қоғамдық пікірмен санасуы демократияның шынайы үлгісі. Ресми мәліметтер бойынша референдумға 8 212 773 адам, яғни ел халқының 89,14 пайызы қатысты. Референдумға қатысқан халықтың 7 411 934 азамат қолдаса, 800 839 азамат қарсы дауыс берді, яғни бұл барлық қатысушылардың 9,9 пайызы, 78130 бюллетень жарамсыз деп табылды [2]. Нәтижесінде, қолданыстағы жаңа Конституцияны қабылдады. Қазақстан Республикасы ең қымбат қазына – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына жол ашты.

Үшіншіден, мемлекеттілігімізді айшықтаған төл теңгеміздің қолданысқа енгізуі.

Теңге Ұлыбританияда басылып шығарылды. Ескі жүйе мен нарықтық қатынастар қайшылығы тұсында, Н.Назарбаевтың саяси ұтымды шешімі жаңа кезеңге, яғни Қазақстанның ұлттық экономикасына жол ашты.

Төртіншіден, билік тармақтарының айқындалуы мен этносаралық және конфессияаралық қатынаста Қазақстан халқы Ассамблеясын жасақтауы.

Әлемдік саяси ойлардың жетік тәжірибесіне негізделген атқарушы билік құрылымдары, екі Палаталы Парламент және сот билігінің орталықтанған жүйесі орнықты. Әлемде жоқ, жаңа жоба Қазақстан халқы Ассамблеясы пайда болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы этникалық бірегейлік, қоғамдық келісімде өміршендігін дәлелдеп келеді.

Қазақстан халықаралық қатынастардың саяси субъектісіне айналды.

Бесіншіден, мемлекет белгілерін анықтау, оның ішінде шекарамызды нақтылауы.

Геосаясатта тарихи тартыстар мен түрлі көзқарасты басып озып, мемлекет шекарасын шегендеуі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың аймақаралық саясаттағы салмақты саяси беделі. Әлем картасында жаңа Қазақстан орналасты.

Алтыншыдан, саяси идеяларының заманауи өзектілігі.

Оның ішінде, «жаңа Астана», «Қазақ елі», «Мәңгілік ел», т.б. атауға болады.

Астана – Қазақстан жүрегі. Дәл осы жерде барша ауыл мен қала ғана емес, әлемдік өркениет пен кемелді мәдениет тоғысып жатыр.

Айта кетелік, тәуелсіздік алған тұста Президенттің беделі мен көшбасшылық рөлі жұрттың сана-сезімінде елеулі орын алып, бастапқы кезеңде ұлттық идея рөлін атқарды деуге негіз бар. Тағы бір басты фактор – Президенттің қазақ болуы және қазақ тілін жетік білуі, ұлттық құндылықтардың бойынан табылуы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Мәңгілік ел идеясын нақтылады [3].

Ұлттық идея - мемлекет халқының ұмтылыстарын, оның жетістіктерінің нәтижесі мен мақсатын бейнелейтін ұғым [4].

Жетіншіден, және бұл ең басты еңбегі сырдарлы сәтте өз отанында азшылыққа айналған қазақ этносына қоғамды топтастырушы миссиясын жүктеуі.

Бүгінде қазақ этносы санының артуында табиғи өсімі, қандастарымыздың да отанға оралуы да заңды құбылыс. Өйткені, Қазақстан Республикасы - ұлт құраушы қазақ ұлтының әлемдегі жалғыз Отаны әрі туған жері, құт атамекені болып табылады. Сондай-ақ, қазақ этносы санының көбеюі де ұлт сатысына көтерілуге септігін тигізеді.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамының қайшылықсыз топтасуы мен саяси тұрақтылығының кепілі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі мен саяси шешімдерінің негізінде екендігіне ешкімнің дауы жоқ.

Елбасы есімі әрқашан дүниежүзілік тарихта орын алған Түркияда Мұстафа Кемал Ататүрік, Қытайда Дэн Сяопин, Сингапурдың Ли Куан Ю тәрізді тұлғаларымен қатар тұрады [5]. Кемал Ататүрік Түркияда түрік рухын оятты, Дэн Сяопин Қытай ғажабы, Ли Куан Ю Сингапур кереметтігімен танылса, Н.Ә.Назарбаев «Әлем. ХХІ ғасыр» атты манифесімен» ерекшеленеді. Бұл дегеніміз ХХІ ғасырда өмір сүретін және жұмыс істейтін өскелең ұрпақтың тағдырына шынайы алаңдаушылық. Осы құжаттың астарында бейбітшілік пен татулық, өзара ынтымақтастық, ядролық қарусызданудың өркениеттік бастамасы шоғырланған.

Түйіндей келе, уақыт сызығының жаңа талаптарына жаңаша жауап қалыптастырған саяси реформатор, Н.Ә.Назарбаев – Мәңгілік ел -Қазақстандық жолының бастауы, Қазақстан қоғамын топтастырудың – таптырмас кілті.

Өскелең ұрпаққа Елбасының елге сіңірген елеулі еңбегі мен тұлғалық бойындағы қарапайымдылық әрі әділетті сұлбасын, саясаттағы салмақты саяси шешімдері мен тарихтағы тағдырлы тағылымдары, саяси процестердегі қоғамдық келісім, сыйластыққа негізделген келбетін дарыту бүгінгі уақыттың күн тәртібіндегі келелі мәселесі болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, РГЖИ «Дәуір», 1992
2. <http://www.kazaly-maslihat.kz/index.php/kz/2013-02-13-21-08-22/419-2014-09-02-03-58-35.html>
3. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар.
4. Қайдарова Ә.С., Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010, - 40б.
5. Азия асқарлары // Егемен Қазақстан.-2005.-15 желтоқсан.

ӘӘЖ: 94(574)

Байсарина Қ.Қ.¹, Шаймарданова Н.²

т.ғ.д., профессор¹, 6M011400 Тарих мамандығының магистранты², Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

КЕҢЕС НҮРПЕЙІСОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Нұрпейіс Кеңес Нұрпейісұлы (15.03.1935) Алматы облысындағы Райымбек ауданы Саты ауылында туған. Кеңес Нұрпейісұлы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор ҰҒА - ның академигі, ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері. Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазҰУ) тарих

факультетін бітірген. 1958 жылдан Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында еңбек етеді. Нұрпейісов 460-тан астам ғылыми және ғылыми көпшілік еңбек жазған. Олардың ішінде 20-дан астам монография мен мектептерге арналған оқулықтар бар. Көптеген ұжымдық еңбектерді, олардың қатарында академиялық 5 томдық Қазақстан тарихының екі басылымын жазуға қатысқан. Ғылыми зерттеулерінің басты бағыттары: Қазақстандағы ұлт-азаттық тарихы, ұлттық-мемлекеттік құрылыс пен Қазақстанның ХХ ғасырындағы қоғамдық-саяси өмірінің өзекті мәселелері, аграрлық және шаруалар тарихының мәселелері, Алаш қозғалысы ХХ ғасырда Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін тарихы, т.б. Нұрпейісов 15 жыл бойы «Қазақ КСР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналы редакциялық алқасының жауапты хатшысы болды. Швецияда шығатын «Центральная Азия и Кавказ» қоғамдық-саяси журналы редакциялық алқа мүшесі міндеттерін үш жыл атқарды. 2003 жылдан бастап «Туған өлке» журналының бас редакторы. Республика тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының (1989 жылы құрылған) құрылтайшысының бірі және вице президенті.

Кеңес Нұрпейісұлы 1989-2005 жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандары болған. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, О.Жандосов мұраларын жариялап, бағалауға қомақты үлес қосты. Оның ғылыми жетекшілігімен 9 докторлық, 40-қа жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды. [1].

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің бір кезде бодандық және таптық жүйе қыспағанда бұрмаланып, ақтандық қалған беттерін қалпына келтіруде республикадағы тарихшылар қауымы талмай ізденіс жасап келеді. Оның соңғы үш-төрт жылдағы нәтижесі бүгінде жұртшылыққа аян. Осынау зейнеті мен бейнеті мол істің, көш басында келе жатқан маман тарихшылардың ішінде белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Кеңес Нұрпейісовтың есімін ерекше ілтипатпен атауға болады.

Жастайынан білімге құмартып өскен балаң жігіт арман жетегімен ҚазМУ-дің тарих факультетіне келіп оқуға түсті. Ол кезде республикадағы бірден-бір ерекше білім ордасында оған Ермұқан Бекмаханов сияқты атақты ғалымдар дәріс берді. Университетті үздік бітірген жас маман 1958 жылы республика Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына қызметке қабылданды. Міне, содан бері ғалым 38 жыл бойы тапжылмай бір мекемеде қызмет етіп келеді. Кезінде лауазым қуып, әртүрлі қызметтерге кетіп қалуына да болатын еді. Ондай ұсыныстар да болған. Бірақ өзінің төл қызметін тастап, ғылым жолында қалап алған мақсатынан таюға барған жоқ.

Әуелде кіші ғылыми қызметкер болған Кеңес үш жыл ішінде кандидаттық диссертация қорғап, білікті ғалым ретінде тез көзге түсті. Сол кездегі институт директоры академик Ақай Нүсіпбеков, оның орынбасары Г.Ф. Дахшлейгер, профессор Т. Елеуов және басқалары талантты жас ғалымға көп үмітін артқан еді. Ұстаздарының үмітін ақтаған ғалым қаламынан 250-ден астам ғылыми зерттеулер мен көпшілік қауымға арналған мақалалар жарық көрді. Ғалым назарын аударып, оның зерттеулеріне арқау болған басты мәселе Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісі; өлкенің төңкеріс пен азамат соғысы жылдарындағы тарихы, 20-жылдардағы қазақ ауылының ахуалы, Қазақ автономиясының құрылу тарихы еді. Осы мәселелер бойынша 60-70 жылдары оның «Қазақстан Советтерінің қалыптасуы», «Қазақстанның шаруалар Советтері», «Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезі», «Қазақстан – республикам менің Қазақ совет мемлекеттігінің қалыптасуы» сияқты көлемді монографиялары мен кітаптары жарық көрді. 1973 жылы 38 жасында докторлық диссертация қорғады.

Әрине, бұрын шыққан тарихи зерттеулердің бүгінде келіспейтін жерлері көп екені белгілі. Әйтсе де өткеннің бәрін жоққа шығарып, оқиғаларды, саяси құбылыстарды нақты әлеуметтік – экономикалық жағдайдан бөліп қарауға болмайтыны да түсінікті. Таптық идеология мен КОКП үстемдігі жағдайында тарихшылар өздері көріп, құжаттардан оқып-білген талай шындықтарды айта алмады. Ондай жағдайда ол мүмкін де емес еді. Дегенмен

көңілдің түкпірінде, жиналған көп құжат пен деректердің арасында сәтін күтіп ондай мәселелер де жататын. Сондай күй кешкен ғалымның бірі – Кеңес Нұрпейісов.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, өз билігіне өзіне тиген, өткенді сараптап, келешекті болжауда бұрынғы тұмша күйден арылған шақта оның да кезі келді. Ең алдымен ғалымды көптен толғандырып жүрген мәселе «Алаш һәм Алашорда» тарихы еді. Баспасөз беттерінде алғаш жарияланған мақалаларында ғалым бұл мәселе бойынша өзінің терең де байыпты пікірімен көзге түсті. Мәселені толық білмей, 80-90 жылдар шегіндегі митингілік даңғой кезде көзге бұрынырақ түсіп қалуға асыққан кезде көзге бұрынырақ түсіп қалуға, асыққан кейбір авторлардың бүгін қарасы да көрінбейді. Оның есесіне терең зерделі тұжырымға негізделген, зерттеулер дүниеге келе бастады. Соның бір айғағы Кеңес Нұрпейісовтың «Ататек» баспасынан шыққан «Алаш һәм Алашорда» атты көлемді кітабы.

Автор бұл зерттеуінде қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы тарихын саралай отырып, ұлт-азаттық қозғалысының жаңа деңгейін, қазақ халқының зиялы қауым өкілдерінің осы жолдағы қызметін, қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру үшін күресін, олардың қилы да қайғылы тағдырын көрсетеді.

Көп жылдар Алматының жоғары оқу орындарында профессор ретінде дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаздың өзінің жолын қуып, ғылымға келгендері де аз емес. Кеңес Нұрпейісов 20 ғылым кандидатын, екі ғылыми мектебін құрған ғалым.

Кеңес академияның, одан қалды Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының төл перзенті. Ол академиктер Ақай Нүсіпбеков, Сергей Николаевич Покровский, Әлкей Хақанұлы Марғұлан, Сақтаған Бәйшев академияның корреспондент-мүшелері Бек Сүлейменов, Григорий Федорович Дахшлейгер ғылым докторы, профессор Тәжен Елеуовтер сияқты аға ұрпақтан тәрбие алып өсті. Қазақша айқанда, көргені бар ғалым. [2]

Жиырмадан астам монография мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтары жарық көрген академик К.Нұрпейіс жалпы тарихнама мәселелерімен қатар еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық мемлекеттік құрылыс пен Қазақстанның 20-ғасырдағы саяси-қоғамдық өмірінің өзекті мәселелерін, аграрлық және шаруалар мәселелерін түбегейлі зерттеген ғалым. «Тарихи тұлғалар» атты кітабында кейінгі жылдары жазып, кезінде баспасөзде жарияланған материалдары жинақталған. Оқырман қауым Қазақстан тарихын жаңаша тұжырымдарға сай қайта зерделеу бағытымен танысып, коммунистік идеологияның кесірінен есімдері аталмай келген көрнекті алаш ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері тәуелсіздік жолындағы табанды күрестері жайлы дәйекті мағлұматтар алады.

Жалпы бұл кітап Алаш қозғалысының 90 жылдығы және қызыл қырғынның 70 жылдығына арналған. [3].

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Ф. Мәжитов Кеңес Нұрпейісов туралы былай деп ой қозғайды.

Кеңес Нұрпейіс туралы көптеген мақалалар, кітаптар, диссертациялық жұмыстар мен зерттеу жобалары әлі талай жазылатыны сөзсіз.

Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына келгеніме жиырма жыл болыпты. Соның он сегіз жылын Кеңес Нұрпейіс ағаммен бірге өткізген екенмін. Кезінде ғылыми жетекші академик Манаш Қозыбаев болғанымен, кейбір адамдар – «осы сенің жетекшің Кеңес Нұрпейіс пе?» деп талай айтатын. Біраз уақытқа дейін мен «Манаш ағаның орны өз алдына бөлек қой» деп біртүрлі шәкірті болу қаншалықты маңызды, жауапкершілігі мен абыройы мол екенін. Әсіресе Манаш ағамыз о дүниеге кеткен соң, мен бұл мәселеге ерекше мән бере бастадым. Өйткені ұстаздан айырылған шәкірттің жолы екі талай, өрісі көбінесе тарылып, кейде қураған ағаштың тағдырын кешіп жататыны өмірде кездесетін жәйт. Бірақ, менің бағыма қарай Кеңес ағамыз о баста сездірген қамқорлығын өмірінің соңғы күндеріне дейін көрсете білді.

Ұлы Әбу Райхан Бирунидің айтқаны бар емес пе: «Бостандық ғалым үшін ауадай қажет». Кеңес аға осы сөздерді айтпай-ақ, өзінің ғылыми іс-қимылдары арқылы жүзеге асыра білген ғалым.

Кеңес Нұрпейіс екі тілге бірдей еді. Аптасына бірнеше мақала жазып, бұқаралық арқылы бір сұхбатын қазақша берсе, екіншісін орыс тілінде жариялап жататын. Ол ғалымның кең өрістігінің кеңдігінің нышаны еді. Ол олай ма, 2004 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы басталған кезде, мен «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты 20 томдық кітаптар кітаптар сериясының жетекшісі болып тағайындалдым. Бұл жұмысты жүзеге асыру нәтижесінде бір қатар көне, ортағасырлық, шетелдік, яғни басқа тілдердегі мәтіндерді қазақ тіліне аударып, көпшілікке түсінікті мәтінмен сөйлетуге тура келді. Сонда академик ағамыз бірнеше бірнеше томның арнайы және ғылыми редакторы болуға келісімін беріп, көптеген іс атқарды. Ол туралы айтып отырғаным, көпшілік Кеңес Нұрпейісті тек кеңес дәуірі тарихы маманы ретінде ғана біледі. Олай емес, ол сонау көне Мысыр жазбалары мен антикалық тарихшылар деректерін, Еуропа классиктері мен АҚШ ғалымдарының еңбектерін жетік меңгерген болатын.

Кеңекеннің мындаған жақсы қасиеттерінің бірі – әріптестерін жасына қарап бөлмей, жастардың болашағына сеніммен қарап, қолынан келіп жатса жәрдемін аямастан, қол үшін беретіндігінде еді. Қашан да болсын қазақтың, басқа ұлттың балаларын бәйтеректей өзінің саясына жинап, оларға ақыл кеңесін берумен шектелмей, керек болса орнынан тұра салып, найзадай өткір сөзімен-ақ қорғап шығатын. Адами қасиеттерді жоғары қоятын Кеңес Нұрпейісұлы тырнақ астынан кір іздеп, майда іс-әрекеттерге көңіл бөліп адамдарды қинайтындарды ашығымен жек көретін...

Құлағымның ұшынан осы күнге дейін жиі естіліп тұратын ағаның бір диссертациялық қорғауда оппонент болғанымдағы мен туралы айтқан сөзі бар: «Біздің Саттар бауырымыз «левый-правый» дегенді білмейді, турасын айтады. Айтқанын дәлелдеп, жалтақтамайды. Болмай жатса, ойын астарлап жеткізеді...» деген. Ойлап отырсам бұл сөздердің маңыздылығы үлкен тәрбиелік мәнінде ғана емес, ағаның жастардың болашағына үлкен үміт артқанында екен.

Азаматтық қағидалары мен ұстанымдары жоғары болған Кеңес ағаның «өзім» деген адамдарға қоятын талаптары да дәл сондай деңгейде болатын. Әсіресе ғылымға келгенде. Айқындық пен ақиқатты аңсаған ғалым ретінде ол ғылымның құдығын инемен қазумен шектелмей, соның түбінен шыққан қасықтаған суды алдымен өзі ішпей, шәкірттерінің аузына тамыза білген.[4]

Кеңес Нұрпейісов өз өмір сүрген заманда халқының сүйікті ұлы, отбасы мен туыстарының қорғаны, шәкірттерінің ұлағатты ұстазы бола білді.

Кеңес Нұрпейісов бар ғұмырын ғылымға арнай білген жан. Кеңес Нұрпейісовтің қазақ ғылымның дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесі орасан зор. Осындай Алаштың ардақты азаматының өзі өлгенімен, оның артына қалдырған мол мұрасы ешқашан өлмек емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы 2005. (92-93)
2. «Егемен Қазақстан», 1995 ж. 14 наурыз
3. «Тұлғалар тұғыры» Манаш Қозыбаев – Алматы «ҚазАқпарат», 2009. – (299-303)
4. Нұрпейіс К. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – (2)
5. Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. (3-8)

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫН ҚҰРУДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

«Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - дейді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев [1].

Сондай тұлғалардың бірі – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған қазақ, өзбек және басқа да түрік халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер – Мұстафа Шоқай (1890-1941 жж).

Мұстафа Шоқай ақпан төңкерісінен кейін Түркістан халқының саяси және рухани жетекшісі болуымен қатар, «Қоқан мұхтариятының» («Қоқан автономиясы») негізін салушы. Мұстафа Шоқай автономия туралы жазған мақаласында: «1927 жылғы 10 желтоқсан (ескі жыл санауы бойынша 27 қараша) Түркістан ұлттық қозғалысы тарихында аса маңызды орын алады. Өйткені бұдан тура он жыл бұрын Түркістан өзін мұхтар (автономия) деп жариялаған еді. «Қоқан мұхтарияты» – бұл Түркістан мұсылмандары ұлттық қозғалысының алғаш рет құрылып, қалыптасуы еді. Бұл – біздің отанымыздың ұлттық-азаттық жолында абайлап басқан алғашқы қадамы болатын. Соңғы кездері Түркістандағы коммунистік баспасөз беттерінде «Қоқан мұхтарияты» мен оның қалыптасуы жолында көптеген мақалалар жарияланып, түрлі жиындарда да жиі-жиі айтыла бастады. Онда «Қоқан Мұхтариятының» алғашқы құрушысы ретінде мені айтады. Бұл ретте ұлттық қозғалыс пен ұлттық мемлекеттің бастапқы іргетасын қалаушы екенін есту, әлбетте, кісінің көңілін мақтаныш сезіммен қуанышқа бөлейді. Алайда, бұл құрмет маған емес, Түркістан Ұлттық ұйымына тиесілі. Ал тікелей маған тиесілі құрмет болса, 27-28 қараша (10-11 желтоқсан) күні кешкісін Түркістанда «Мұхтар өлке» деп жарияланған әйгілі әрі тарихи төтенше ұлттық құрылтайға басшылық жасауым болатын. Күні бүгінгідей есімде, құрылтайдың «Түркістан мұхтарияты» туралы шешімін бүкіл өкілдер ерекше қуанышпен қарсы алған еді», – дейді [2, 536].

Мұстафа Шоқай ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін бастаған қозғалыстың күш бастаушыларының бірі болды. Ол басқа түркістандық зиялылар сияқты ақпан төңкерісі нәтижесін үлкен ынтамен қолдап, уақытша үкімет тұсындағы Түркістанда болып жатқан саяси оқиғаларға қызу араласты [3].

1917 жылы Ақпан революциясын Мұстафа Шоқай өзінің пікірлес досы, башқұрт қайраткері Зәки Валедимен бірге Петерборда зор қуанышпен, үлкен үмітпен қарсы алады. Олар бұдан кейін өз халықтарының бостандыққа қолын жеткізу жолында жанқиярлық әрекеттер жасады.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі М. Шоқай тобының Түркістанда біртұтас Түркістан федерациясы құрамындағы ұлттық автономиялар құрылуға дайындалуына ықпал етті. Бірақ уақытша үкімет Түркістан халықтарының өзін-өзі билеуіне қарсы шықты [4, 1766].

Осы кезеңде Түркістан мұсылмандарының арасында екі үлкен топ қалыптасты. Біріншісі – консервативті бағыттағы «Улама жәмийаты» (Ғұламалар қоғамы), екіншісі «Шора-и-Исламия» (Мұсылмандар кеңесі). Бүкіл Түркістан тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған екі ұйым – «Шора-и-Исламия» мен «Ғұламалар қоғамы», Мұстафа Шоқайдың айтуынша, осы тарихи сахнада бір-бірімен қырқысып жатты, ал 7-15-ші сәуір

күндері Ташкентте жұмысшы депутаттары және мұсылман депутаттары кеңесінің бірлескен Түркістан өлкелік бірінші съезінде құрылып, М. Шоқай төрағасы болып сайланған [5, 2576] «Түркістан өлкелік Орталық Мұсылман Кеңесі» осы екеуін жақындастыра алмай әуреге түсті. Осы екі ұйым арасындағы алауыздық біздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресті бәсеңдетіп, жұмысты былықтырды... Өлкелік ұйым деп атаған, шынында бүкіл өлке тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған екі мықты ұйым «Шора-и-Исламия» мен «Ғұламалар қоғамы» бір-бірімен қатты қырқысып жатты. Мунаууор Қари басқарған «Шора-и-Исламия» жаңа дәуір талабы мен өлкенің жағдайын ескеріп, реформа жасау жоспарын ортаға салды. Түркия, Ауғанстан, Иран, Мысыр мен басқа да араб елдері сияқты азат, тәуелсіз ислам елдерінде жинақталған тәжірибе ұлттық қайсы жол, қандай бағытта баруы қажет екенін айқын көрсетіп еді. Марқұм Серәлі Лапин басқаратын «Ғұламалар қоғамы» мәселеге басқашалау тұрғыдан келді. Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік режимнің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» Әзіретті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген Хулафан Рашидтің мемлекеттік құрылысын қайталаған сәт демекші болды. «Ғұлама қоғамы» Ресей федерациясынан автономия беруді талап етті [6, 43-446].

1917 жылы шілде айының аяғы мен тамыз айының бас кезінде Петроградта Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің бірнеше мүшесімен сұхбаттасып, құрылтай жиналысында Түркістан автономиясын қолдайтындығы туралы олардың уәдесін алды. Түркістанның өз ішінде бұл мәселеде Мұстафа Шоқайды көптен бергі досы, Ферғана жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінде үлкен рөл атқарып жүрген социалист-революционер В.А. Чайкин қолдайды.

Түркістан автономиясы идеясын аса ұстамдылықпен, өлкедегі саяси күштердің арасалмағын есепке ала отырып тұжырымдауға тырысқан Мұстафа Шоқай Ташкентке келген күннен бастап басқа халықтармен тең құқылы өмір сүруді насихаттау және теориялық тұрғыдан негіздеумен қатар, жергілікті бұқара халықты автономиялық қозғалысқа белсенді түрде қатыстыру үшін бірнеше бағытта нақтылы жұмыстар жүргізеді.

Қазан төңкерісіне байланысты туындаған мәселелерді талқылау үшін Мұстафа Шоқай қазақ зиялыларымен бас қосуға Орынборға іссапармен барады. Қазақ зиялыларының мұнда М. Шоқаймен кездесуінде тәуелсіздік үшін күресті жалғыз Түркістанмен шектемей, оны қазақ облыстарымен башқұрт, татар халықтарының қозғалысымен ұштастыру, большевиктерді мойындамау, құрылтай жиналысына адалдықты сақтау жөнінде ортақ ұйғарым жасалады [6, 446].

1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласында өлкелік төтенше IV Мұсылмандар съезді шақырылды. Съезд төралқасында: М.Шоқай, У.Қожаев, Юргулы-Агаев, С.Герцфельд, О.Махмудов, И.Шагиахметов, Көшкінбаев, Камал-Кары, А.Уразаев, Пилиев, Каримбаев, М.Бехбудилер және т.б. болды.

Съездің күн тәртібінде мынандай мәселелер қаралды: Түркістанды басқару жүйесі, Атқару комитетін сайлау, Түркістан кеңесінің мұсылмандар депутаттарын қайта сайлау, милиция, қаржы және т.б. Басқосудың басты мәселесі - Түркістан өлкесін басқару жүйесі. Съездге қатысқандардың барлығы дерлік автономия және тәуелсіздік жариялау идеяларын қолдады. Сонымен қатар, өз нанымын, салтын, ұлттық құқықтарын сақтап қалуды көздеді. Бұл съезді кіріспе сөзбен Мұстафа Шоқайдың өзі ашты. Ол сөзінде: Ресей түгелдей және Түркістан өз келешегін өздері ойлау керек. Өлкедегі ауыр жағдайға ашаршылыққа ұласуы ықтимал азық-түлік тапшылығы қосылуда дей келіп, «осы жағдайдан қайтсек аман-есен шығамыз» деп сауал тастады. Одан әрі Мұстафа Шоқай өлкедегі орнаған Кеңес билігіне әкелген жолдың күнәсіз құрбандардың қанына боялғандығын, оған Ташкентте құрамына мұсылмандар өкілі енбеген үкіметтің құрылуы себепші болғандығын, төңкерістен кейін де жаңа билік басшыларының келісе жұмыс істеуге ықылас таныта қоймағандығын айтты [7, 66].

Сөйтіп 1917 жылдың 26-28 қарашасында Қоқанда жиналған төтенше IV Түркістан өлкелік құрылтайында ұлттық бірлік салтанат көрсетіліп, үш күн ішіндегі жұмыс

нәтижесінде 28 қарашада Ресей федеративтік Демократиялық республика құрамындағы территориялық Түркістан Мұхарияты (Түркістан автономиясы) жарияланды.

Кеңестік тарихнамада ол автономия құрылған қаланың атымен «Қоқан автономиясы» деп аталды. Автономия жарияланғанымен, кейін саяси билік Түркістан Уақытша Халық кеңесінің қолына көшті. Мәмбет Қойгелдиевтің айтуынша, сол кездегі Түркістан Уақытша Халық Кеңесі құрамына барлығы 54 адам енді, оның 32 Түркістаннан Бүкілресейлік Құрылтайға сайланған депутаттар еді. [8, 79-82б]. Олардың қатарында Ферғана облысынан: И.Шагиахметов, А.Күшбегиев, Камалхантураев, Д.Қарабеков, А.Уразаев, М.Мирзахметов; Сырдария облысынан: М.Шоқай, С.Лапин, У.Ходжаев, С.Байсейітов, Т.Нарботабеков, С.Мирджалилов, И.Ғұбайдуллин, С.Шәріпқожаев, К.Ходжинов; Самарқан облысынан: А.Абдулсалимов, С.Герцфельд, А.Дербісалин, М.Акчурин, Мажуров; Закаспий облысынан: Л.Ширинский, Ғ.Мұсабаев, А.Шакирхантураев, К.Рахманбердиев, А.Омаров, С.Юсупов, т.б. болды; қалалардың халықтық басқармасынан өкіл болып М.Бехбуди кірді [9].

Құрылтай жұмысы аяқталғаннан кейін Түркістан Уақытша Кеңесі үкімет құру үшін бас қосты. Түркістан автономиясының тұңғыш президенті кім болады дегенде – көпшілік делегаттар Мұстафа Шоқайұлын ұсынды. Осы істің жаны күйіп басында жүр, тәжірибесі білімі жетеді, президенттікке ұсынамыз деп қолқа салып отырып алады. Сонда Мұстафа беделді мінбеге қайырыла көтеріліп былай дейді: «Өз құрған отауымның төріне өзім шығып отырып алсам, басқаша саяси ренк алып кету кәдік. Онсыз да от боп жанып осы жұмыстың ортасында жүремін. Маған билікті берсендер, Түркістан автономиясының президенттігіне тарихты терең білетін алғыр, дарынды, қазірдің өзінде бірнеше кітаптың авторы – Мұхамеджан Тынышбаевты ұсынамын» - дейді. Сөйтіп, беделімен басып, салмағын салып сол кездегі 38 жасар, Жетісудан келген делегат Тынышбаевты президент етіп сайлайды [10, 21-22б]. Үкіметтің толық мүшелері мына қайраткерлерден құралды:

Мұхаметжан Тынышбаев – Бас министр және Ішкі істер министрі.

Ислам Шахахметов – Бас министр орынбасары.

Мұстафа Шоқай – Сыртқы істер министрі.

Убейдуллах Хожаев – Қорғаныс министрі.

Юрали Агаев – Жер асты және жер үсті қазба байлықтар министрі.

Абиджан Махмут – Азық-түлік министрі.

Абдырахман Оразаев – Ішкі істер министрінің орынбасары.

Соломон Абрамович Херзфельд – Қаржы министрі [11, 368-369б].

26-28 қараша күндері үш күнге созылған Түркістан мұсылмандарының IV Төтенше Құрылтайының ең маңызды шешімі – еш күмәнсіз Түркістан автономиясын жариялау болып табылады. Бұл шешімді Түркістан халқы үлкен толқу үстінде, қуанышпен қарсы алды. Түркістандағы көптеген қалаларда Қоқан, Наманган, тіпті большевиктер билігіндегі Ташкентте де халық автономияны мерекеледі. 1 желтоқсан күні Наманганда 10 мың адам автономияға қолдау шеруін өткізді. Шеруде «Жасасын Түркістан автономиясы мен үкіметі!» деген плакаттар алып жүрді. Осындай шерулер мен митингтер бір апта ішінде Түркістанның басқа қалаларында да жалғасты. Бұл турасында ең үлкен жиын 6 желтоқсан күні Ташкентте өткізілді. Жұма мешітінің іші мен сыртына 60 мыңдай адам жиналды. Жиналысты Саид Ғани Махдум, Мүневвер Кари және Серәлі Лапин басқарды. Жиналыста халық Түркістан Уақытша үкіметінен басқа ешқандай да өкіметті танымайтындықтары туралы шешім қабылдады [11, 369б].

«Қоқан автономиясы» жарияланған соң, Мұстафа Шоқай Орынбор қаласына шақырылған Екінші жалпықазақ съезіне қатысуға аттанады. 1917 жылдың 5-13 желтоқсандағы Екінші жалпы съезі барлық қазақ облыстары өкілдері қамтыған 15 адамнан тұратын Ұлт Кеңесі – Алашорда үкіметін құрғанда, оның құрамына Мұстафа Шоқай да енді. Ол Түркістан өңіріндегі жаңалықты Орынбор қаласында өткен Екінші жалпықазақ съезд делегаттарына жеткізіп, Қоқан автономиясының да, жаңадан құрылған Алашорда үкіметінің де мақсат-мүддесі ұлттық бірлік екенін баса айтқан еді [12, 176]. Съезд өз жұмысын аяқтағаннан күннің ертесінде біртұтас автономия мәселесін қорғау үшін Сырдария

қазақтарының құрылтайы шақырылуы туралы тиісті мекенжайларға жеделхат жолданады. Оған Алашорда үкіметі атынан Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқай қол қойды. Мұстафа Шоқайдың сол кездегі жерлестеріне өз атынан жолдаған қайырылуында: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кез осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей алаш туының астына жиналар деген үміттеміз» – деген сөздері бар еді [6, 496]. Алайда сол кезде Орта Азия мен Қазақстанда Азамат соғысының басталуына байланысты және Сырдария облысының Түркістан автономиясы құрамынан бөлініп кетуі Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына соққы болып тиеді деген пікір негізге алынып, екі автономияның қосылу мәселесі өз шешімін таппай қалады.

Большевиктер Қоқанды мемлекеттік құрылым ретінде мойындамады. Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің Түркістан автономиясын «Мемлекет» деп көзге ілмегені туралы былай дейді: «Біздің дәрменсіздігімізді халық та сезді, жұмысшы, Солдат депутаттары да түсінген болатын. Сондықтан олар бізді көзге де ілмеді. Көпшіліктің 96-98 пайызы болғанымызбен біз Кеңестерге қарсы тұра алмадық», – деп ащы шындықты айтып, Түркістан автономиясының барған сайын әлсіреп бара жатқанын көрсетті [13, 26-276].

1918 жылы 18-23 қаңтарда Түркістан өлкесі кеңестерінің IV өлкелік съезді болып өтті. Ондағы басты мәселе өлкедегі автономия мәселесі еді. Большевиктер фракциясы атынан И.О. Тоболин сөз сөйледі: «Егер халықтың еркі осы өлке Россиядан бөліну керек деген пікірді қолдаса, онда біз оларға бөліну құқығын өздеріне береміз. Бірақ қазір тез арада автономия жүргізу жайлы айтуға болмайды. Өйткені автономияның бірінші талабы өлкеден әскерді алып кету. Егер біз осы басты мәселені орындасaq, онда біз революцияның артынан жұдырық көрсеткен боламыз. Сондықтан біз автономия, тіпті өз алды, бөлек ел болу үшін тек қана дайындық жүргізе аламыз», – деді.

Түркістан Кеңестерінің IV съезді Түркістан Мұхтарияты басшылығымен келіссөз жүргізуден бас тартып, Қоқан автономиясы үкіметін заңнан тыс деп жариялады. Оның басшыларын тұтқындау және автономияны тарату жөнінде қаулы қалбылдады. Ал қаңтардың 18-інен 19-ына қараған түні Ташкенттен Қоқанға Е.Перфильев басқарған Кеңестік жақсы қаруланған әскери бөлімдер мен Самарқанд пен Ферғанадан да большевиктік әскерлер келіп жетті. Түркістан Мұхтариятын жақтаушылардың көпшілігінің қолында сойыл, шокпар, балта болды, жекелеген адамдар аңшы мылтықтарымен қаруланды. Шың мәнінде күштің арасалмағы тең емес еді. 29-ынан 30 қаңтарға қараған түні автономия жақтаушылары қаладағы қамалды алуға әрекет жасады. Бірақ ол іске аспады. Автономия жағындағылар телефон станциясына келіп, жаңа қаладағы телефон байланыстарын өшіріп тастап, Қоқан кеңесінің ғимаратына баса көктеп кіреді. Қоқан кеңесінің басшысы Е.А. Бабушкин станцияға қашып барып, жиналған жұмысшылар мен қалалық өкімет органы – «революциялық комитет» құруға кірісті. 30 қаңтар күні азанда қамалда жұмысшы, теміржолшыларға қоңыраулата дабыл соқыт, сөйтіп оларға қару-жарақ берілді. «Қоқан қаласын 10 мыңдаған адамдармен қоршады, қаладағы өкімет көпке шыдамайды» деген сыбыс тарады. Осы күні (30 қаңтар) Қоқанқаласының жанынан 2 көпір өртелді. Қала мен Сереве станциясы арасындағы теміржол бөлшектелді, телеграф сымдары кесіліп тасталды [7, 76].

Революциялық комитет мүшесі Сазонов Бабушкиннен «Зигельді, Шоқаевты және хатшысын тұтқынға алыындар» делінген жеделхан алады. Ол революциялық комитет мүшесі Николаенкомен бірге екі солдат алып ескі қалаға шығып кетіп, тек хатшыны ғана тұтқынға алады.

М. Шоқай мен оның сенімді серіктері жасырын әрекетке көшуге мәжбүр болады. Үш күн бойы Қоқан қаласы озбыр күштердің аяусыз соққысына ұшырады. Қалаға басып кірген қызыл әскер бөлімдері мен оларға көмектескен жергілікті армяндардың «Дашнакцутюн» партиясы құрған қарулы жасақтары қаланы оқ құшағына орады, азық-түлік пен мақта-мата қоймалары өртенді, жаппай тонау мен Мұхтарият жақтаушыларын тұтқындау орын алды. Түркістан Мұхтарияты Уақытша үкіметінің 54 мүшесінің 30-ы тұтқындалып, олардың екеуі:

Х.Юралы-Агаев пен М.Мырзахметов атылды. Большевиктердің қолына түскендер қатарында наманғандық Насырхантөре, самархандық Харцфельд, бұхаралық Әбиджан, т.б. болды. Құтылғандары Ферғана тауларына қашып кетіп, 1928 жылға дейін партизандық күрес жүргізді [7, 76].

Ал, Мұстафа Шоқай Қоқан қаласынан большевиктердің оғынан қашып шығып, Иргаш құрбашы жасақтарының қолына түседі. Осы кезде ол санасы төмен өзбек нәсілдеріне кектенбей басынан өткен қиыншылықтары туралы былайша қорытындылайды: «Жеке жүрген бауырларыңның дос тұтқан халқынан дұшпандық көріп, көңілі қала болып тұр. Сөйтсе де үнбастаудан басқа жер көрмеген, сарттан басқа ел көрмеген адамдардың маған қылған жаманшылығын бүкіл сарт халқына жапсырғым келмейді». Мұстафа Шоқай өзі үшін көптеген халықтың қырылып кетпеуін, өзінің зияны тимейтін жағын ойластырды [7, 76].

Сөйтіп, Қоқан автономиясы большевиктер тарапынан құлатылды. Қоқан автономиясының Түркістан Уақытша үкіметі екі айдай ғана өмір сүре алды. Шоқай естеліктерінде өзі-өзіне «Қоқан Өкіметі нені жасай алды?» деген сауал қояды және бұған өзі былай деп жауап береді: « Ол бір жағынан аз, ал екінші жағынан қыруар жұмыс атқарды». Тарихи тұрғыдан қарағанда аз; бірақ ол дәуірде Түркістанның ғылыми, саяси және техникалық тұрғыдан мешеу қалғанын ойласақ, Қоқан өкіметінің қыруар іс атқарғанын айта аламыз [11, 3726].

Қоқан автономиясы бар болғаны екі ай, төрт күн ғана өмір сүрді. Олардың не офицері, не әскері болған жоқ. Пошта, телеграф, темір жолдардың бәрі де жау қолында болатын. Осындай қиын кезде дүниеге келіп, қысқа ғана ғұмыр кешкен Қоқан үкіметінің Түркістан халқының ұлттық талаптарын қанағаттандыру жолында көзге көрінерлік ешқандай жұмыс тындыра алмауы заңды еді. Тіпті, бұл үкіметтің осындай жағдайда құрылып, 64 күн өмір сүре алуының өзі таңқаларлық құбылыс деуге болады.

Мұстафа Шоқай идеялары қазіргі күнде тәуелсіз Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру туралы бастамасында жалғасын табуда. Президент 2007 жылы 9 сәуірде қазақстандық жетекші телеарналардың сұрақтарына берген жауабында бұл идеяны бірінші болып Мұстафа Шоқайдың ұсынғанын еске түсіре келіп, былай деді: «... ең жақсысы Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру болар еді, мен бұған Қазақстан мен Орта Азияны қосамын. ... Бізге Құдайдың өзі бірігуді жазған: 55 миллион халық, тілдік кедергілер жоқ... бір кеңістікте жатырмыз. ... БАҚ-тар біздің мәдениетіміздің жақындығы, ортақ тарихымыз, тіліміз, біздің балаларымыздың болашағы туралы көбірек айтуға тиіс. ... Тарихты еске түсіретін болсақ, бізді бірігуге 1918 жылдың өзінде Мұстафа Шоқай шақырған болатын» [14, 96].

Мұстафа Шоқай – Түркістан автономиясын құрып, оның болашағына сеніп, өмірінің соңына дейін күрескен бірден-бір тұлға. Біз үшін бүгінгі күн биігінен қарап баға беру оңай болғанымен, Мұстафа Шоқай үшін Түркістандағы саяси жағдайды саралау сол кезде оңай емес еді. Бірақ Мұстафа Шоқай ойының дұрыстығын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Кез-келген мемлекеттің тарихы сол елдің, халықтың тәуелсіздік жолындағы саяси күресі тарихымен, өзектес келеді. Ал саяси күрестің нәтижелі болып, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруы оны басқарған қайраткерлердің еңбегі мен басшылыққа алған саяси және құқықтық ілімдерінің өміршендігіне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудағы ұлы мақсаттарын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан Республикасының тұтас тарихын жасау үшін оның мемлекеттілігінің қайнар бастауына, әр дәуір, кезең сайын өсіп-өркендеп, қалың бұқараның басым көпшілігін өз соңына ерте білген, елдегі саяси күштерді, қозғалыстарды біртұтас Алаш қозғалысына ұластырып, ұлттық-демократиялық бағыттағы Алаш партиясын ұйымдастырған, Алаш, Түркістан автономияларын жариялаған, соның нәтижесінде европалық үлгідегі Алашорда үкіметін құрған ұлт зиялыларының өмірін және олардың саяси, құқықтық көзқарастарын зерттеудің маңызы әрқашанда ерекше болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 1998. 16 желтоқсан.
2. Қоқан Мұхтарияты жайында. «Йени Түркістан» журналы, №7, 1927. // Аударған – Дархан Қыдыралиев. – Алматы: «Ақиқат». №4. 2005.
3. Қойгелдиев М.К. Түркістанның ұлы перзенті // Қазақ тарихы. – 1997 – №2. – 15-22-б
4. Қазақтар: көпшілікке арналған 9 томдық анықтамалық: Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 2-ші т. – 553 б.
5. Жарылқапова, Ж.Қ. Мұстафа Шоқайдың 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсындағы қоғамдық - саяси қызметі/ Ж.Қ. Жарылқапова // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті хабаршы = Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Сер. Историческая.- 2014.- №4.- Б.256-260.
6. Тлеубердинов Қуат Амантайұлы Мұстафа Шоқай көзқарасының қалптасуы мен дамуының тарихи негіздері: Тарих ғылымд. канд. Ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. / Қ.А. Тлеубердинов, Шәкәрім атынд. Семей мем. ун-ті. – Семей, 2010. – 148 б.
7. Жанат Ахметова. Мұстафа Шоқай және Түркістан автономиясы / Қазақ тарихы №2 (119), наурыз-сәуір, 2013, - 6-7б
8. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995
9. Климов С. Военно-организаторская деятельность коммунистической партии в Средней Азии в 1917-1924 гг. Ташкент, 1982.
10. Досжан Д. Сүргін М. М. Шоқай туралы / Д. Досжан // Жалын.-1993.-№5.
11. Жарылқапова, Ж.Қ. Мұстафа Шоқай - дың Түркістан автономиясын құрудағы қызметі/ Ж.Қ. Жарылқапова // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті хабаршы. Тарих сериясы = Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Сер. Историческая.- 2015.- №1.- Б.367-373.
12. Бәкір, Ә. Мұстафа Шоқай - ХХ ғасырдағы түркі әлемінің ұлы ойшылы және гуманисі/ Ә. Бәкір, Ә. Нысанбаев // Қазақ өркениеті =Казахская цивилизация.- 2012.- №2.- Б.12-37.
13. Шарафутдинов З. Түркістан және Алаш автономиялары // Қазақ тарихы, 2002. - №1.
14. Қыдыралина, Ж. Түркістанның тәуелсіздігі идеясы және Мұстафа Шоқай/ Ж. Қыдыралина // Қазақ тарихы.- 2012.- №4.- Б.5-9.

ӘӨЖ 94:329.4 (574)

Атангаева Б.Ж.¹, Махметова Н.А.²

т.ғ.д., профессор¹, «Тарих» мамандығының магистранты², Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҰЛТТАР БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

Елімізде сақталып отырған толеранттылық әртүрлі ұлттар арасындағы ауызбіршіліктің нышаны. Бұл тек өз ішімізде ғана емес, саяси аренада да Қазақстан деген көпұлтты мемлекетіміздің өзіндік ерекшелігі. Кеңес дәуірінде көптеген езгіге түскен халық болсақта біз ынтымақтастығымызды берік ұстанып отырған тәуелсіз елміз. Тәуелсіздік алғалы бері, 1995 ж құрылған Қазақстан Халқы Ассамблеясының алатын орын ерекше. 21 жыл ішінде атқарылған жұмыстар легі оң нәтиже беріп, еліміздің өсіп өркендеуіне үлес қосты.

Халықтар Ассамблеясын құрудың қажеттігі туралы идеяны елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1992 жылғы Қазақстан халықтарының форумындағы сөзінде: «біздің ең басты байлығымыз – халықтар достығын қазақстандықтардың бір ғана ұрпағы жасаған жоқ. Бүгінде біздің тарихымызды қайтадан ой елегінен өткізе келіп, айтарымыз, біздер бұл байлықтан айрылуға, жақсы дәстүрлерді жоққа шығаруға құқылы емеспіз. Оның қалыптасуы соңғы онжылдықтара емес және партиялық нұсқаулармен емес. Күн сайын адам дауысын, әр халықтың, әр ұлттың дауысын есту керек. Міне, сондықтан да Форумды тұрақты негізге

көшірген жөн, қоғамды жаңа институт – Қазақстан халықтарының келісімі мен бірлігінің Ассамблеясының құрылуы тиіс» айтылған болатын[1, 119-120 б.]. Бұл сөзден Ассамблеяның ұлттар арасында тұрақтылық пен бірлікті сақтайтын бірден-бір ұйым екенін байқай аламыз.

Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі – ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана айналып қоймай, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналуында. Қоғамдағы түрлі әлеуметтік және этностық топтар арасындағы және мемлекетаралық қатынастардағы келісімге қол жеткізу мәселесі - бағзы тарихтан мемлекет өміріндегі басты сұрақтардың бірі. Қазақстандағы аз ұлттардың өкілдерінің мұқтаждығын өтеуге, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнатуға барынша жағдай жасалған. Барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай және осы орайда өзге мемлекеттерге үлгі бола алатынын айта еткен жөн.

Қазақстандық қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі Ассамблеяның орны мен рөлін 2007 жылғы конституциялық реформа айқындап берді, оның нәтижесінде Ассамблея конституциялық орган мәртебесін алды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы бойынша Ассамблея заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме ретінде заңнамамен бекітілді.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік этносаясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттардың этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Орта мерзімді келешекте институционалдық тұрғыдан Ассамблеяның алдында көрсетілген конституциялық және заңнамалық нормаларды барынша толық іске асыру міндеті тұр. Ассамблея азаматтардың этноұлттық қатыстылығына, әлеуметтік жағдайына және саяси көзқарасына қарамастан, біріктіруші, мемлекет пен қоғамның дамуының өзекті мәселелері бойынша талқылау мен кең көлемді қоғамдық келісімді тұжырымдау үшін азаматтық сектордың топтастырушы алаңына айналуы тиіс[2, 234-236 б.].

Қазіргі таңда, Қазақстанда 130-ға тарта ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде. Әр ұлт өкілдері мемлекеттік құрылымды құру ісіне, нарықтық экономиканы жетілдіруге, мәдениетті көтеруге өз үлестерін қосуда. Қазақ халқы республикадағы барлық ұлт өкілдерін топтастыратын, Қазақстан азаматтарының бәріне ортақ ділді қалыптастыруға мұрындық болатын біріктіруші ұлт ретінде басқа халықтардың басын қосып, оған ұйтқы болуы қажет. Біз қазақстандық қоғамды мекен етуші әрбір халықтың сана-сезіміне «қазақстандық ұлтжандылық», «жалпықазақстандық мақтаныш» рухын қалыптастырғанымыз жөн. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей: «Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие болады.

Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық, ынтымақтастық. Күш қолдану мен жанжал атаулыны болдырмауға бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлттар өкілдерінің аянбай еңбек етуде.

Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргідей алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет» [5]. Ол үшін әр азаматтың ес білген кезінен бастап оларға қазақстандық қоғамдағы ұлттар арасындағы қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтаудың маңыздылығын, сондай-ақ, мемлекеттік рәміздер мен саяси-рухани

құндылықтардың мәні жайында айтылып, түсіндірілуі қажет. Бұған қоса барлық қазақстандықтардың санасында ұлттық, діни, саяси көзқарастардың әр алуандылығына қарамастан ұлтаралық келісімсіз Қазақстан қоғамындағы демократиялық өзгерістерді тереңдету мен нарықтық экономиканы өрістетудің мүмкін болмайтындығын негіздеу жолында түбегейлі іс-шаралар жүйесі жүргізілгені маңызды. Қоғамдық келісімді одан әрі нығайту, сайып келгенде, еліміздің серпінді дамуын қамтамасыз ету өзіміз алдымызға қойған асқақ міндетті ойдағыдай орындаудың негізі болып табылады.

17 млн. халықты бір тудың астында біріктіру, Елбасымыздың "Бір ел, бір ту, бір тіл, бір діл" қағидатының мәнінде. Кең-байтақ қазақ жерінде, барлығы бір ғана «қазақстандық» деген атауға ие болып отырған ұлттар береке мен мереке ортасында өмір сүруде. Қай ұлт өкілі болса да, «Қазақстандықпын» деп мақтанышпен айта алуының себебі, барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай болуында [3]. Бұл біздің егемендігіміздің тұрақты болуында деп білемін.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді [4, 190-192 б.].

Қоғамдағы түрлі әлеуметтік және этностық топтар арасындағы және мемлекетаралық қатынастардағы келісімге қол жеткізу мәселесі - бағзы тарихтан мемлекет өміріндегі басты сұрақтардың бірі. Осы құбылыстың мәнін ашатын «консенсус» (лат. тіл. Consensus - келісім, ынтымақ, жарастық) термині, қоғамдық келісімнің қандай да болмасын деңгейде, саяси және әлеуметтік дамудың барлық формасында кез келген қоғам үшін қажет екенін айғақтайды [3]. Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн.

Жоғары да аталған бірлік, ынтымақтастық, толеранттылықты сақтап отырған өңірлердің бірі - Шығыс Қазақстан облысы. Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының негізгі бағыты қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру мен нығайту және рухани-мәдени әрекеттестік пен этносаралық қатынастарды үйлестіру болып табылады. Оның ішінде, Семей қаласы да көптеген ұлт өкілдері бірлікте, татулықта, бейбіт өмір сүруде. Қазіргі таңда, «Достық үйі» ғимаратында 17 этно-мәдени бірлестік тіркелген. Сондай-ақ, 19 клубтық құрылымдар жұмыс жасайды. 2014 жылғы мәлімет бойынша, 1 жыл көлемінде 90 іс-шара 42100 адамның қатысуымен өткізілген.




Диаграмма 1. Семей қаласындағы әртүрлі ұлт өкілдерінің үлес салмағы

Жалпы, Семей қаласында 337633 адам тұрады. Әртүрлі ұлт өкілдерінің үлес салмағы әртүрлі болып келеді. Олардың ішінде қазақтар 231883, орыстар 90004, татарлар 9154, немістер 2263, украиндар 936, белорустер 248, шешендер 165, әзірбайжандар 240, корейлер 406, ұйғырлар 297, өзбектер 427, армяндар 104, молдовандар 86, башқұрттар 85, қырғыздар 228, болгарлар 67, мордвалар 20 және 1020 басқа ұлт өкілдері бірлікте тату-тәтті өмір сүруде (Диаграмма 1) [6]. Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды нығайтуға барша жағдай жасалынып отыр. Осындай бейбітшілік заманда өмір сүріп отырғанымыздың өзі көпұлтты еліміздің ынтымақтастығының белгісі. Соған дәлел әр ұлт өз мәдени, өнер іс-шараларды барлығы бірге ауызбіршілікте, қызығушылықпен атау өтуі. Бір шаңырақ астында татулығы жарасып, ел тарихын жасасып жатқан жүз отыздан астам ұлт өкілдері қазіргі таңда барша елге үлгі болып отыр.

Ассамблея еліміз дамуының жаңа кезеңінде мынадай міндеттерді дәйекті түрде шешуге тиіс:

Біріншіден, халықтардың бірлігін нығайту және Қазақстан қоғамын жаңартудың саяси идеология мен ағымдағы «сұраныстан» биік тұратын негіз қалаушы құндылықтары бойынша арнаулы қоғамдық келісімді қолдау мен дамыта беру.

Екіншіден, Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың ұлттық, әлеуметтік, былайша айтқанда, «зәуазаттық» шығу тегіне қарамастан, тең мүмкіндіктерге негізделген біртұтас азаматтығын нығайту.

Үшіншіден, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету...» [7], – деп атап көрсетілген.

Осы, аталған құжатта көрсетілгендей: «...Конституциялық реформа аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттілігі өсті. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі әлем назарын аударып отыр.

Елімізде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзге елдерге, мелекеттерге үлгі көрсетіп қана қойған жоқ, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырды. Достыққа - дәнекер, ұлағатты істерге - ұйытқы болды. Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік

пен келісімге негізделген қоғамдық қатынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал жасауда.

Халық бірлігі – мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Ә.Әлиев. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 212 б.
2. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк/авторлары: Е.Л. Тоғжанов, Г.В. Кан, В.С. Коробков, Н.У. Шаяхметов. - Алматы: Паритет, 2010. - 326, б.
3. Е.М. Абенов Қазақстандық толеранттылық үлгісі / History.kz (<http://edu.e-history.kz/kz/contents/view/1730>)
4. Н.Назарбаев Қазақстан халықтарының Ассамблеясы 10 жыл=10 лет Ассамблеи народов Казахстана: Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы / Нұрсұлтан Назарбаев. – Астана: Елорда, 2005. – 436 б.
5. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы: Атамұра–Қазақстан, 1993. – 11–12 бб.
6. Семей қалалық достық үйінен алынған мәлімет
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 ж. 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2007. – 1-наурыз. – №55(24632).

УДК:930(574)

Исапова Д.С.

п.ғ.к., ассоц. профессор, Халықаралық білім беру корпорациясы (ҚАУ кампусы), Алматы қ.

ҰЛЫ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЫМ

Тәуелсіздік-ұлы мұрат, шын ұққанға зор мәртебе. Тәуелсіздік-қан мен терін аямаған қазақтың кешкен азабының өтеуі. Ата-бабамыз аңсап, ерекше ықыласпен күткен еркіндік, бостандық таңы. Иә, қазағым тәуелсіз ел болу үшін қаншама азап пен мазакқа шыдады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деп Абай айтқандай, қайран қаһарман ел, алпауыт халық түрлі сынақты көтере білді. Тәуелсіздік жолында еш аянбады, өмір ағынындағы түрлі бұралаң-белестер мен қиындықтардан еш сағы сынбады. Қайта, керісінше, қайсар мінезі шыңдала берді. Керей мен Жәнібек бастаған сұлтандар тобы Өзбек ұлысынан бөлініп, жеке дара Қазақ Хандығын құрғаны белгілі. Қазақ халқы біртіндеп көбейіп, жер аумағы да еселене берді. Қазақ халқы тіпті қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған дәуірді де бастан кешірді. Қазағымның тыныштығын жоңғар халқы бұзды. Тыныш жатқан бейбіт елге шүйгіп, мазасын алды. Ұлы нәубетті бастан кешірген қазақ «елім-ай» деп елден безгеннен басқа амалы болмады. Бір жұдырықтай бірігіп, бірлігі жарасқан елім жоңғар елін тарих сахнасынан жойып жіберді. Қазақ елі Ресейге қосылып, «достас» мемлекет, яғни, терезесі тең, дәрежесі бір мемлекет болуды көздеді. Келіскен шарттарды Ресей патшалығы толық қанды орындамады. Қазақ халқын басынып, біртіндеп, өзіне бодан қылып алды. Онымен бірге шұрайлы жерімізді тартып алып, өзіндік крестьян-шаруаларына жерді бөліп берді. Тіпті, қазақ өзінің жерін жалға алуға мәжбүр болды. Ұлтымызды қорлаған ақ патша, қазақ жігіттерін қара жұмысқа салып қоймақшы болды. Бұған шыдай алмай көтерілген қазақтың көзін жойып, теңсіздік орнатты. Көтерілісшілерді басу үшін тайпа аралық қақтығыстарды шебер пайдаланды. Олар үшін қазақ елінің қараңғы болғаны тиімді еді. Сол себепті де түрлі жәрмеңкелерде қазақтың ақысын жеп күнелті. Мұндай мазакқа қой мінезді қазақ қана көніп, шыдады. Сарғайған сағымдай жеткен бостандық таңы енді атты деген қазақтың көңілі су сепкендей басылды. Әділсіз ақ патша алтын тақтан кеткенімен, керемет болашақты мақсат еткен кеңестірілген жұмысшы, шаруа, солдат депутаттарының билігі жеңіске жеткенімен,

халыққа ешбір жеңілдік болмады. «Отар болып келген ел, отар болып қалды»-деп С.Сәдуақасов сияқты зиялы қауым өкілдері күйінді. Қазақстан олар үшін тек шикізаттың мол сарқылмас қоры ретінде көрінді. Бар байлығын тартып алып, малмен күн көретін қазақтан байлықтарың кәніпсікілеп, шарасыз, панасыз қазақты шетел асуға итермеледі. «Кіші қазан» революциясын ойластырып, аштықты өз қолымен жасап, халықтың санын бірнеше есеге қысқартты. «Елім, халқым»- деп шырылдаған бетке ұстар азаматтарды, олардың отбасыларын түгел қинап, азаптап өлтірді. «Ұлтжанды» жанашыр зиялыларды «ұлтшыл» деп айыптады. Қазақты шоқындырып, орыстандырғысы келді. Қазақ халқының өр рухы, биік құндылықтары, әсем әдеп-ғұрпы, көркем діні басым болды. Еш уақытта қазағым өз ділін, тілін, дінін ұмытпады. Қандай тыйым салынған болса да, қазағым асыл қазынасын сақтап қала алды. Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз-Қазақстан. Қазақстан –тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Көп жыл шыдап, үндемеген қазақты Кеңес үкіметі одан әрі басынып, қазақ халқымен сорпасы қайнамаған, бөгде елдің екінші хатшысын басшы қылып қойды. 1986 жылы 15 желтоқсанда қазақ халқы мен еліне сіңірген орасан зор еңбегіне қарамастан Д.Қонаевты 2 минут ішінде лауазымынан босатты. Бұл талай шыдап та, жылап та баққан қазақтың шыдамының соңғы тамшысы еді. Дәл келесі күні бұл іске ашынған қазақ жастары, әсіресе, жас студенттер білімді жазылған түрлі транспараттармен көтеріліске шықты. Ондағы мақсат ұлтшылдық емес, қазақстанның жағдайынан хабардар, осында туып өскен басшы билеу болған еді. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты. Бір қару алып шықпаған қазағымға оқ жаудырды. Қоқыс секілді ауыр көліктерге тиіп, қала сыртына апарып тастады. Оқу орнынан шығарып жазалады. Қоғамнан қудалады. Қазақ бұзақыларының «ұлтшылдық» көрінісі деп бағалады. Талай көкөрім қыздарға қорлық көрсетті. Жігіттерімізді қинап, аямай жазалады. Түрмеге жапты. Дегенмен, қой мінезді деп жүрген қазақ кешегі көк бөрінің ұрпағы екенін білдіртті. «Досына адал, жауыңа қатал ел» өзіндік көзқарасы бар және онымен санасу керек екендігін солқылдақ басшылыққа жеткізді. Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мыңдаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?! Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірімдер қанаты қайырылса да намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Неткен қайтпас қайсар, өр рухты биік халық. Таспен атқанды аспен атып, әрбір жамандыққа жақсылықпен жауап қатты. Сан ғасырда түрлі сыннан өтсе де, өзіндік көркем мінезі мен ұлттық байлықты тәрк етпеді. Мұндай ержүрек халықтың тарихымен сусындаған өскелең жас ұрпақ мол үлгі-өнеге алары сөзсіз. 1991 жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Мұндай қиындықпен келген азаттықты бағалауымыз керек. Иә, тәуелсіз, дербес Қазақстанның ұландары-арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты. Мемлекетіміздің тағдыры мен болашағы енді жастардың қолында. Жастар неғұрлым жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, білімпаз болса-соғұрлым алтын бесік еліміздің көркеюі арта бермек. Бізге ата-бабамыз мирас қылып қалдырып кеткен рухани, материалды мәдениетті қорғау, сақтау-басты міндет. Тәуелсіздік-ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан Тәуелсіздік күні-ең қастерлі күн. Тәуелсіздік-ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі,

халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қарды дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытуға стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Өзінің Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл-тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді», -деп алдағы кезеңде кездесетін сын-кәтерлерден мүдірмей өтуге шақырды. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», -деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.[1,23] Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ, тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты елдің екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтерілуде. Өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды. Жыл сайынғы ел Президентінің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы-қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан-тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан бүгін де әлем мойындаған дамушы мемлекет. Өзіндік территориясы, ата заңы, халқы мен басшысы бар бақытты мемлекет. Қазақпен бірге өзге 130-дан астам ұлт пен ұлысқа пана болған Отан-ана. Жаһандану заманында әлемдегі ең тыныш, бейбіт, қонақжай, тұрақты дамушы мемлекет. Халықаралық аренада да «Саммит-2012», «Алаулы ақ Азиада», «Әлемдік дін басшыларының съезі», «ЭСҚПО-2017», «Универсиада-2017» сияқты даңқты жобаларды жоғарғы деңгейде ұйымдастыруда. Жиырма бес жыл ішінде Қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін-өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Ең бастысы, Қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдыретін жан жүрегімізбен түсінеміз. Ол егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы. Ол туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызбен жұмсау таңдауы. Ол-өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады. Ол алтын күндей жарқырап, алтын қыраны қалықтаған Қазақ Елінің ашық аспаны астында дүниеге келген әрбір сәбидің жүрегіне орнайды. Ол әрбір азаматтың

жүрегінде, әр шаңырақтың төрінде, елімізде бой көтерген әрбір үйде, әрбір қала мен ауылда салтанат құрды. Ол әрбір жаңа өндіріс орнымен, ұланғайыр Отанымызға төселген әрбір күре жолмен, дала төсіне өнген әрбір тонна алтын дәнмен нығаяды. Ұлы тәуелсіздікке тағзым ету-әрбір азаматтың қасиетті борышы.

ӘДЕБИЕТТЕР

І.Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан-2050. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.-Астана, Ақорда.

ӘОЖ 94 (570) "1990-1995"

Қайырханова Ф.К.¹, Тоқбаева Д.Е.²

т.ғ.к., доцент¹, магистрант², Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ: ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Тәуелсіздік ұғымы - оны орнатумен, құрумен ғана шектелмейді. Тәуелсіздік - еліміздің әрбір күнінің, әрбір қадамының, қиыншылығы мен өркендеп дамуының, қателіктері мен табыстарының белесі, жүріп өтетін жолы, тарихи шежіресі. Мемлекеттіліктің барлық атрибуттары белгіленіп, құрылымдары нығайып алыстарға құлаш серпеп, биіктерге жететін күш-қуаты молайған 25 деген қайратқа толы жасқа енді келді. Бірақ осындай қысқа мерзімге қарамас-тан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық-әлеуметтік қиыншылықтарды еңсере жүріп, әлем мойындаған елдер қатарына қосылды.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы, басқа да даму-дағы құбылыстар сияқты, үздіксіз процесс. Ол өзінің қалыптасу және даму процесінің барысында бірнеше кезеңдерден өтері заңдылық. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихын нақты белгілі бір күннен бастай алмаймыз. Мәселен, тәуелсіздік тарихын 1991-жылдың 16-желтоқсанынан бастасақ, оған жетер жолдағы қадамдар болған 1990-жылғы Қазақ КСР-ның Мемлекеттік Егемендігі Декларациясын, 1990-91 жылдары президенттік институттың пайда болуын және тіпті сонау Алаш қозғалысынан бастау алатын көптеген күрделі тарихи оқиғаларды ескермегендік болар еді. Сол кезде, Жоғарғы Кеңесте мемлекеттік тәуелсіздік туралы конституциялық заңның - "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Заң"- өзі екі күнге созылған талқылаулар нәтижесінде қабылданғанын ескеру керек. 21-желтоқсанда Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылуы, жыл соңында Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесінде Төраға Әнуар Әлімжановтың хабарлауымен КСРО-ның ресми түрде түпкілікті таралғаны жарияланды. Осылайша, Қазақстан ғана емес, әлем тарихында да айтулы оқиғалармен тарихқа енген бұл жыл - тоталитарлық тәртіп үстемдік еткен тұңғыш социалистік мемлекет КСРО-ның күйреуімен байланысты саяси оқиғаларға толы болып өткенін айта кету керек.

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін КСРО сияқты алып империяның ыдырауы нәтижесінде ғана, басқа одақтас елдердің ең соңында жариялауының өзіндік себептері бар еді. Олар: біріншіден, ұлтаралық қақтығыс пен жанжалдың туып кету қаупі болатын. Өйткені, "халықтар достығының лабораториясына" айналған Қазақстан басқа республикаларға қарағанда түрлі кезеңдегі солақай-өктемшіл саясатқа байланысты өз территориясында жергілікті халықтың аз пайызына ие болған ел еді. 1989-жылғы санақ бойынша Қазақстанда қазақтардың үлестік пайызы 39,7 пайызды ғана құрады. Ал орыстардың үлесі 40 пайыздан асты. [1;47] Сондықтан да ұлттық тәуелсіздік идеясы 1917-жылы Алаш автономиясын жариялаудағы сияқты, жеріміздегі басқа ұлттардың қарсылығын туғызу мүмкіндігін жоққа шығармады.

Екіншіден, шекара мәселесінде дау туу мүмкіндігі еді. Сол 1991-жылғы күзде Қазақстандағы казачестволар қозғалысы мен М.Горбачев, Д.Сахаров бастаған ресейлік

кейбір саясаткерлердің Қазақстанның Солтүстік және Батыс пен Шығыстағы бес облыстары жері туралы даулы пікірлер айтып, мәселені ушықтыра түсті. Тек Елбасы Н.Назарбаевтың саликалы саясаты арқасында Ресеймен және басқа шекаралас мемлекеттермен арадағы келіссөздер шекара мәселесіне нүкте қойылды. Кезінде В.И.Ленин мен И.В.Сталинге нақты дерек-термен жолығып, Қазақ АКСР-ы құрамына байырғы қазақ жерінің барлығын дерлік қосқызып, ел мен жер тұтастықтығын сақтап қалған Алаш қайраткер-лерінің еңбегі еш кетпей, осылайша тарихи сабақтастығын тапты.

Үшіншіден, Президентке бүкіл халық атынан өкілдік беру қажет болды. Өйткені ел Перизиденті Н.Назарбаевты 1990-жылы 24-сәуірде Қазақ КСР Заңының 24-статьясына сәйкес Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесінде сайлаған еді. Ал 1991-жылы 16-қазанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі қаулысымен “Қазақ КСР Президентін сайлау туралы” Заңына сәйкес осы жыл-дың 1-желтоқсанда жалпыхалықтық Президент сайлауын өткізу белгіленді. Бұл мерзімді де күтуге тура келді. Жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде сайланған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев желтоқсанның 10-ынан бастап Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісті.

Төртіншіден, Қазақстан территориясы ауыр климаттық аймақта орналас-қанымен, оның жер асты байлығына қызығушылар аз болмады. КСРО-ның ыдырау қарсаңында Қазақстанның картасына қатысты саяси ойындар жүріп жатқан болатын. Дүниежүзінде ең үлкен шекаралардың қатарынан саналатын Ресеймен аралықтағы шекараны бүкіл республика халқы түгелдей шықса да қорғай алмас еді. Ресеймен шекаралас облыстар халқының 80-85 пайызы басқа ұлт өкілдері болатын. Сондықтан да ашық-шашық жатқан шекара мәселесі дауының тыныштануын да күтуге тура келді. Яғни, 1991-жыл Қазақстан басшылығының негізгі назары тәуелсіздік идеясын пісіп-жетілдіру және сабырлы да саликалы саясат арқылы тәуелсіз мемлекет құруға кірісуге әзірлік жасау, оны біртіндеп іске асыру жылы болды.

Өз тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан Республикасы халқының, бірінші кезекте қазақ халқының алдында жаңа мемлекет қалыптастыру міндеті тұрды. Жаңа мемлекет құру ісінің өте қымбатқа түсетін, аса күрделі іс екендігін Н.Ә.Назарбаев КСРО-ның кезінде-ақ жете түсінген және оны ашық айтқан. Мысалы, 1991 жылдың наурыз-сәуір айларындадайындаған “Әділеттің ақ жолы” атты кітабында одақтас республикалар арасында сол кезде ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстарды үзудің бәрі үшін де қатерлі екендігін айта келе: “Оның үстіне бір-біріне мүлде тәуелсіз, жаңа мемлекеттерді құру дегеніңіз де өте қымбатқа түсетін іс екенін дәлел-деп жатудың сірә, керегі бола қоймас”- деуі соның дәлелі [2;257]. Дегенмен, көп ұзамай-ақ тағдыр оны дәл сол “өте қымбатқа түсетін” жаңа мемлекет құру ісімен айналысуға мәжбүр етті.

Ғасырлар бойы арман болған тәуелсіз мемлекеттігіміздің нығаюы, қазіргі жетістіктеріміз бен табыстарымыз қол жеткізу әсте де оңай болған жоқ. Шикізат шылауына байланған, "халықтар достығының лабораториясына" айналған Қазақстанның болашағы өз елімізде кейбіреулер үшін бұлыңғыр, Қазақстандағы жағдайдың өте қиын болуынан батыстық және ресейлік сыншы-сарапшылардың болжамдары бойынша Қазақстан жуық арада "үшін-ші әлемдегі" ең кедей елдердің біріне айналады, ол өз шикізатын сату арқылы бірнеше жыл тұрақтап тұра алса да, уақыт өте келе өз өнеркәсібінің түбіне жетеді деп есептелінді. Тіпті Қазақстанда 2005 жылға дейін әлеуметтік, ұлтаралық және т.б. наразылық дүмпуі орын алып, мемлекет іргесі шайқалады деген болжамдар да жасалды. “Егемен Қазақстан” газеті 2005 жылғы 15 желтоқсандағы нөмірінде, яғни 15 жыл 8 айдан кейін: “Сол бір ауыр жылдар-да жайсыздықтан, ертеңгі күнге сенімсіздіктен және этностық қақтығыстардан қорыққандықтан елді миллионнан астам адам тастап кетті. Толық күйреудің қаупі төне бастады”,- деп жазған еді. [3;2] Бірақ, мұндай болжамдар теріске шықты, өйткені сол кезде жас тәуелсіз мемлекеттің, оның көп ұлтты халқының алдағы атқарар міндеттері мен жүретін жолын дұрыс таңдай алатын, тиісті стратегиялық шешімдер қабылдай білетін өз Көшбасшысы болды.

Осындай жағдайда Қазақстанда тұңғыш Президент болып сайланған Н.Ә.Назарбаев “Әділеттің ақ жолында” 1991 жылдың көктеміне қарай елде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайға талдау жасай келе: “Шындықтың беті-не қаймықпай тура қарайтын кездің келгеніне көп болды: халық саяси айтыс-тартыстың нәтижесіз бос мылжыңынан мезі болып бітті, ендігі жерде қиын-дықтардан шығудың тиімді жолдарын табудың орнына оңшылдардың немесе сошылдардың, демократтардың немесе консерваторлардың арасынан қайдағы бір жағымсыздарды одан әрі шексіз іздестіре берумен айналысу арқылы халық-тың төзіміне қиянат жасауға болмайды. Тарихтың өзі куә: біз ондай жағдайды басымыздан кешіргенбіз. Бәрін де қайта жасау үшін ондай тағылым бізге өте-мөте қымбатқа түскен”- деп жазды [2;246].

Сол жылдары ел мен Елбасы алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі -көпұлтты республика халқын топтастыра білу еді. Ол туралы Н.Ә.Назарбаев: “Бізге керегі – қоғамдағы күштердің басын қосып, біріктіру, мұны құрғақ ұран деуге тіпті де болмайды. Бәрімізді біріктіре алатын қуатты күш ретінде дағда-рысты жағдайдан шығу, адамдардың аман-саулығы, республиканың гүлденуі, мемлекетіміздің нығайуы сияқты ортақ мақсаттарымыз күшті қызмет ете алады”-деп жазады [2;247]. Жаппай ыдырау мен идеологиялық қуыс кеңестік жағдайында көпэтносты Қазақстанда, басқа да бұрынғы кеңестік мемлекет-тердегі сияқты, ұлттық мәселенің өткірлігі бөлекше болды. Қазақстан КСРО-ның ең көпұлтты республикаларының бірі еді. Елде 45 діни конфессияға қарай-тын 130-дай ұлт пен ұлыс өмір сүретін. Олардың жартысына жуығы ғана қазақтар болды. Ашық немесе бүкпелі наразылық кез келген сәтте Югославия-дағы, Тәжікстандағы, Таулы Қарабақтағы, Приднестровьедегі, Абхазиядағы, Солтүстік Кавказдағы ағайын арасындағы соғыстар сияқты қанды қақтығыстарға ұласып кетуі мүмкін еді. Өйткені Қазақстаннан жер даулап, шекара мәселесін көтерген белгілі қайраткерлер пікірін Ресейлік баспасөзде де қолдап жатты.

Жаңа, тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі тарихының бұрын-соңды қазақ жерінде өмір сүрген мемлекеттер тарихынан басты ерекшеліктерінің бірі – оның саяси жүйесінде президенттік басқару институтының қалыптасуы болды. Еліміз тарихында бұрын болмаған саяси институттардың, билік субъектілерінің бірі – президенттік басқару институты ХХ ғасыр басында айтылып, тек ғасыр-дың соңында өмірге келіп, қалыптаса бастады. Бүгінгі күні өз мемлекетіміздің ең жаңа тарихын, өз Президентімізсіз көзге елестету мүмкін емес. Бұл, жаңа билік жүйесінің, дәлірек айтсақ, президенттік басқару институтының қазақ қоғамына етене еніп, оның біртұтас саяси құрылымына айналғандығының айқын көрінісі.

Мемлекеттік билікте президенттік жүйенің қалыптасуын өзінің көлемі жағынан жаһандық құбылыс деп айтуға болады. Мысалы, 1993 жылы БҰҰ мүше 183 елдің 130-нан артығында мемлекеттік билікте Президенттік лауазым болған. Ал, әлемнің 84 мемлекетінде Президенттік басқару формасы бар. Олардың ішінде: АҚШ, Франция, Аргентина, Мексика, Россия т.б. елдер бар. Демек, Қазақстан да сол мемлекеттердің қатарына қосылды. Қазақстанда презид-енттік институтының іргесі, Қазақ ССР-інің “Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына /Негізгі Заңына/ өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңына сәйкес қаланды

Дегенмен, Қазақстанда президенттік билік формасының қалыптасу тарихы-ның өзіндік ерекшелігі де бар. Мысалы, бізде мемлекеттік билікте президент-тік жүйе кеңестік кезең қойнауында дүниеге келсе, тәуелсіздік жылдары президенттік басқару формасына ұласты. Н.Ә.Назарбаев “Әділеттің ақ жолы” атты еңбегінде Президенттік басқару жүйесінің тек КСРО көлемінде ғана емес, одақтас республикаларда да пайда болу себебін: “Біріншіден, республика-лардағы қалыпты өкімет билігі орнамайынша, бүкіл мемлекет шеңберінде тәртіпті нығайту туралы сөз етуге де болмайды. Екіншіден, мен ССРО-ны жаңарту және одан әрі дамыту диалектикасын тек былай түсінемін: респу-бликалар күшті болса – орталық та күшті. Ал, орталық пен республикалар арасын-дағы өкілеттіліктерді бөлісу дегеніміз басқа мәселе”- деп, түсіндірген [2;238-239]. Демек, біріншіден, президенттік басқару жүйесінің ел көлемінде де, басқа одақтас республикаларда да пайда болуының басты себебі ескі кеңестік-

партиялық, әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесінің толық дағдарысқа ұшы-рауы, мемлекеттік өкімет билік құрылымының іргесінің шайқала бастауы, мемлекет шеңберінде тәртіптің қожырауы, т.б. болған. Оны басқа дерек көздері де дәлелдеп отыр.

Өмір көп ұзамай-ақ елде президенттік басқару жүйесін енгізу сияқты батыл қадамдар жасаудың дұрыстығын көрсетті. Ол туралы Н.Ә.Назарбаев: “Содан бері өткен бір жылдың өзі де мұндай қадам жасаудың өзін-өзі ақтағанын айқын көрсетіп берді ғой деп ойлаймын. Біріншіден, ондай қадам жасамайынша, республиканың егемендігі туралы Декларацияда қамтылған принциптерді дәйекті түрде жүзеге асыру мүмкін болмас еді. Бұл жерде әңгіме әміршілдік-әкімшілдік жүйенің әліде болса күшін сақтап қалған буындарының өктемдік жасауынан, өзгелердің ішкі ісіне қол сұғып, араласуынан егеменді мемлекетті оның өз Президенті арқылы қорғау туралы болып отыр. Екіншіден, турасын айту керек, әзірше Одақтық шартқа қол қойылмай тұрған кезде Одақтың мемлекеттік құрылымының қай сатыда екендігі туралы сөз етудің өзі қиын. Жаңа, біртұтас жаңартылған мемлекет дегеніміз әлі жоқ, ал оның ескі принциптері қазірдің өзінде ешкімді де қанағаттандыра алмайды. Міне, мұндай өтпелі кезеңде республикаға дәлдік пен айқындық өте-мөте қажет. Менің ойымша, біздің іс-қимылдарымыз тұтасымен алғанда халықтың тарапынан қолдау мен құптау тауып отыр. Ақырында, үшіншіден, қазір, әр бір күн қымбат, шұғыл шешілуін өмірдің өзі талап ететін жаңа проблемалар алдымыздан ұдайы ұшырасып отырған кезде, әрбір жасайтын қадамымызды парламенттік талқы-лауға салып жатуға болмайды”- деді [2;251-252].

Республиканың осындай ерекшеліктеріне талдау жасай келе Н.Назарбаев: “Қазақстанға тән өзіндік ерекшеліктердің бірі оның байырғы тұрғын халқы ең үлкен топ болғанымен де, жалпы халықтың көпшілігін құрай алмай отырған бірден-бір республика екендігінде. Тоталитарлық тәртіптің қатыгездікпен қана-ғанына, бір кездегі көсемдердің шамшылдықпен басынып, кемсіте қарағанына барынша төзіп келген қазақ халқының қайғы-қасіретке толы тарихындағы сойқанды іс-әрекеттер зардабы, міне, осындай. Республикадағы президенттік басқару институттары адамдардың салауатты ұлттық мақтаныш сезіміне неғұрлым толық сәйкес келді әрі сонымен қатар ұлтаралық қатынастар саласы-ндағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің аса маңызды факторы болып табылады”, - деп жазды [2;248-250].

Қоғамда жүріп жатқан түбегейлі өзгерістер, күн тәртібінде тұрған саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелер биліктен шұғыл шешімдер қабылдауды талап етті. Ал, жаңа Конституция бойынша жұмыс істей бастаған Жоғарғы Кеңес ондай батыл да қажетті шешімдер қабылдаудың құқықтық негізін қалауға қаблетсіз болып шықты. Осындай Жоғары Кеңеспен қызмет жағдайында күнделікті бетпе-бет кездесіп, бірге жұмыс істегендіктен оның жұмысын жақсы білетін адам ретінде Н. Назарбаев Жоғарғы Кеңестің өте тез қарқанмен дами бастаған өмір талабына сай жұмыс істеуге қаблетсіздігі салдарында елде қалыптасқан жағдай туралы: “1993 жылдың желтоқсанында өте сын жағдайға душар болдық. Жаңа теңгемізге көшуді ойдағыдай жүзеге асырғанымызбен, жағдай жаңа әрі батыл шешімдерді талап етті. Экономика-лық сферадағы кезекті заңдық құжатты қабылдауды бір күнге кешеуілдету кейін бір жыл бойына орнына қайтып келмейтін өрескелдікке ұрындыру мүмкін еді. Алайда үкімет асыққанмен, парламент асықпады. Экономиканың берекесіздену қаупі күшейді. Жоғары Кеңестің қысыр таласы таусылмады. Атқарушы өкімет реформа жүргізе алмады... Мұндай уақытта статус-квоны сақтап тұрудың мүмкіндігі азайды. Президент пен үкіметке реформа жүргізуге кедергі келтіріп отырған Кеңестердің шешуші билігі жайлы мәселені түбегейлі шешпей болмайтын болды”. [4;177-178]. “Парасат жеңіске жетті. Жоғарғы Кеңес өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға қатардағы депутаттар бастамшы болды. 360 депутаттың 200-і өз өкілеттігінен бас тартатындықтары жайында арыз берді. Кеңестік жүйенің күйреуі Жоғарғы Кеңесті өзін-өзі таратуға мәжбүр етті”, - деп жазды Н.Ә. Назарбаев [4;179]

Н.Ә.Назарбаев тарих сахнасынан осылай кеткен Жоғарғы Кеңес жұмысы туралы 1993 жылы 13- желтоқсанда өткен соңғы сессиясының отырысында: “Сіздер еліміздің мемлекеттік мүддесінен шыға отырып, біздің мемлекеті-міздің саяси жүйесін реформалау пайдасына

жауапты шешім қабылдады-ңыздар”-деп ризашылығын білдірсе [5;181], кейін “Ғасырлар тоғысында” кітабында: “Парламенттің ол құрамы жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, тәуелсіз Қазақстан тарихында үлкен қызмет атқарды. Ең бастысы – егемен мемлекеттің ең бірінші Конституциясы қабылданды. Ол тәуелсіздігіміздің бастапқы кезеңіндегі, сөзсіз, саяси-құқықтық жетістігіміз еді”-деп, оның қызметін әділ бағалаған [4;178], Қоғамымызды саяси дағдарысқа алып келген, ең жаңа тарихымыздың ең күрделі мәселелерінің бірінің қалай шешілгендігі және оның нәтижесі туралы: “Таңдау қарапайым еді: күшті президенттік билік немесе биліксіз берекесіздік, реформалар немесе тұралау” [5;182], Президенттік басқару жүйесінің қалыптасуы Қазақстан тарихында болмаған жаңа құбылыс - парламент пен президенттік билік арасындағы күрес жағдайында жүрді. Еліміз-де президенттік биліктің толық қалыптасуының заңды негізі- 1995 жылдың 30-тамызында өткен бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Респуб-ликасының жаңа Конституциясында қаланды.

XX ғасырдың соңына қарай әлем картасынан өз орнын алған дербес мемлекет Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің ішкі және сыртқы атрибуттары ішінде, өзіне ғана тән басты атрибуттары - мемлекеттік рәміздер, ұлттық валюта-“теңге” мен Ел Ордасы-Астана қаласының пайда болуы, ұлттың қауіпсіздігі мен мемлекеттілігін сақтауда орасан зор жұмыстар атқарып, ел іргесінің беріктігін, ұлттың тынышлығын қамтамасыз ету мақсатында әлем алпұыттарынан кепілдік ала білген ЕлПрезиденті Н.Ә.Назарбаевтың және ол басқарған мемлекетіміздің тарихтағы өзіндік орны да, тарихи маңыздылығы да ерекше екендігі талассыз. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сонымен тығыз байланыста қалыптасқан мемлекеттік тәуелсіздігіміздің сыртқы атрибут-тары- ұлтымызға төнген ең басты қауіп – қазақ жерінде ядролық қаруды сынауды тоқтату, Семей палигонын жабу және жалпы ядролық қарудан бас тарту сияқты аса үлкен қатерден құтылу болған-ды. 1995 жылы 26-мамырда Қазақстан өз жерін атом қаруынан толық тазарту мәселесі тиянақты шешімін түгел тапты. Қазақстан мемлекеттігінің қалыптасуы өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтар мен ортақ қағидалары бар күрделі қоғамдық құбылыс екендігі де рас. Бұрынғы Кеңестер Одағы кезеңіндегі партиялық идеология мен саяси қағидалары қыспағынан құтылған елде тәуелсіз еркін ой-сана қоғамдық-рухани өмірімізде жаңа да түбірлі үдерістердің кең өріс алуына жол салды. Олай болса, Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ қазақ үшін: “Бүгінгі таңда, ұлттық тұтасты-ғымызға тұғыр болатын азат мемлекеттігіміздің құрлысын беріктей түсуден мәнді мақсат та, міндет те жоқ” [5;56].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхамедов М., Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін.- Астана: "Сарыарқа" БҰ. - 2009. - 536 б. /47-б.
2. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. Алматы, 1992
3. Қазақстан жолы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 15 желтоқсан.
4. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.- 272 б.
5. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: - Атамұра, -1999.-296 б.

ӘОЖ 94 (570) «1920-1930»

Қайырханова Ф.К.¹, Молдаханова А.А.²
т.ғ.к. доцент¹, магистрант²,

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті Қазақстан, Семей қ.

ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМ АЛҒАН ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Ұлттық тарих, мәдениетіміздегі мәңгілік ұлттық мүдделер әрқашан да мемлекеттің мықтылығына қызмет етеді. Бүгінгі қоғамдық өмірде жастарға білім мен тәрбие беретін, кәсіби мамандануына жағдай жасайтын жоғары оқу орындарының мемлекетіміздің

қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ықпалының өсуі, білім мен ғылымның зор болашағы бізді үдемелі даму жолына алып шығады.

XX ғасыр басындағы жадидтік-ағартушылық қозғалыс өкілдерінің және "Мұсылмен секциясының" жергілікті ұлт өкілдерін оқуға тартудағы қызметі нәтижесінде Түркістан халық университеті құрылып, Түркістан халқының мәдениеті мен білімін көтеруде ерекше орын алған болатын. Алаш қайраткерлері, әсіресе Ташкенттегі қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі Орта Азия мемлекеттік университетінде айқын байқалды. Көптеген себептерге байланысты 1920-шы жылдарға дейін Қазақстанда жеке дербес жоғары оқу орнын ашуға мүмкіндік болмады. Сол себептен де Қазақстандағы жоғары оқу орындарының құрылуы мен дамуы Ташкентте 1920-жылы ашылған Орта Азия мемлекеттік университетінің базасына тікелей байланысты болды. Ол кезде Ташкент қаласы Түркістан Автономиялық Республикасының орталығы бола-тын. Оның жоғарғы басшылық орындарында халқымыздан шыққан белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төреқұлов, С.Асфендияровтармен қатар, 1920-шы жылдары ТАКСР-да бұрынғы алашорда-шылар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, Қ.Кемеңгеров, Х.Досмұха-медұлы, Д.Әділов және тағы басқа зиялылар әртүрлі деңгейде түрлі салада қызметтер атқарды.

Орта Азия мемлекеттік университеті (САГУ-ОАМУ) Орта Азия мен Қазақстанның бірден бір ғылыми орталығы ретінде халық шаруашылығы мен мәдени өмірін дамытуға көп көмегін тигізіп, сан мыңдаған қазақ мұғалімдері мен түрлі мамандар дайындауға өз үлесін қосты. Бұл университет Түркістан өлкесінде мекен ететін бүкіл халықтарға ортақ болды және Шығыстық Кеңес республика-сының ең беделді жоғары оқу орындарының біріне айналды.

Кеңес өкіметі қазақ өлкесінің сауаттылық деңгейінің төмендігі және оны көтеретін мамандардың аздығынан большевиктік саяси басшы органдарға партияда жоқ ұлттық қазақ зиялыларын оқу-ағарту жұмыстарына тартуды тапсырды. 1921-жылы мамыр-маусым айларында болған І-ші жалпықазақ партия конференциясында Қазақ АКСР облыстық партия комитеті басшыла-рының бірі Авдеев алаш қозғалысына ат салысқан қазақ зиялыларын қызметке тартуға қарсы болғандарға былай деп жауап береді: "Қазақ интеллигенция-сының сегізінің жетеуі- алашордалықтар. Қазақстанда сауатсыздық 97 пайыз, ал егер алашордалықтарды есептен шығарсақ, онда сауаттылардың үлесі 1/2 пайызға кеми түседі. Қажеттілікке байланысты бұрынғы партиялығы мен бел-сенділігін есепке ала отырып, көптеген оқығандарды жұмысқа тартуға тура келеді". [1;24] Жалпы, бұл тарихи кезеңде алаш қозғалысына қатынасқан зиялы қауымның қоғамдық-саяси ролін тура түсінген партия мүшелері аз болған жоқ. Сол жылдарда білімді азаматтардың аздығына байланысты бірнеше қызметті қатар атқару, мемлекет және шаруашылық мекемелерінің жұмысына жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын тәжірибелі, сенімді студенттерді тарту мамандардың жетіспеушілігінен туған бір үрдіс еді.

Қазақ халқының оқу-ағарту саласын көтеруде А.Байтұрсыновпен қатар, кеңестік түрлі мекемелерде қызмет етіп, өкіметтің ықпалында жүрген зиялы-лар Орта Азия мемлекеттік университетінің қалыптасып, өркендеуіне көп еңбек сіңірді. Олар республиканың ауыр халде екеніне қарамастан, Түркістан өлкесіндегі бірден-бір жоғарғы оқу орнына жеткілікті түрде қаржы бөліп қана қоймай, оған жан-жақтан білікті оқытушыларды шақырды, кітапханаларын керекті оқу әдебиет-терімен және зерттеу лабораториялары мен кабинеттерін керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ынталы студент-терге жоғары стипендиялар тағайындап, Ресейдің Москва, Ленинград және басқа да ірі қалалардағы оқу орындарына білім алуын жалғастыруға жіберген. Оқу іздеген түркістандық жастарды шетелге, соның ішінде Германияға аттандырып, оларға қаржылай көмек көрсетіп отырған. [2;375-п.]

Орта Азия мемлекеттік университетінде өз ізін қалдырған қазақ зиялы-ларының бірі - Иса Тоқтыбаев болды. Қоқан автономиясын құруға қатысқан ол, университеттің алғаш құрылған күнінен бастап-ақ университет басшыларының біріне айналды. 1918-жылы мамыр айында Түркістан Халық Университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалған ол жергілікті ұлт өкілдерін барынша оқуға тарту мақсатында Санжар Асфендияров екеуі "Мұсылмандар

секциясын" құрады. "Бірлік туы" газетінің редакциясында мүше және "Ақ жол" газетінің редакторы болып қызмет атқарады, қазақтың тұңғыш Ағарту институтын ашуда белсенділік көрсетеді [3;18]. 1923-жылы Ташкентте Түркістан зиялыла-рының ұйымдастырумен "Талап" қоғамы құрылды. Оның бағдарламасы "Сана" журналының 1-ші санында жарияланды. Қоғамның басты мақсаттары- қазақ халқының әдеби тілін зерттеу, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыру, ұлттық өнерді, халықтың салт-дәстүр-лерін зерттеу және насихаттау, мектеп жұмыстарына көмектесу болды. Кейін осы қоғамға Университет оқытушылары: профессор А.Шмидт, этнограф Ә.Диваев, К.Жаленұлы, Н.Архангельский және И.Тоқтыбаев қабылданды.[4;23] "Талап" қоғамының мүшелері көпшілік алдын-да дәріс оқып, баяндама жасап, түрлі көрмелер ұйымдастырып, өнердің неше түрлі үлгілерін, кітаптар мен қолжазбалар шығарып, кітапхана және оқу залын ашады, ұлт мәдениетін өркендетуге қомақты үлесін қосып үлгерді.

Орта Азия мемлекеттік университетінің құрылуына алғашқылардың бірі болып ат салысқан С.Асфендияров университеттің Орталық комиссиясының төрағасы ретінде ғылыми және оқытушылық қызмет атқара жүріп, Түркістан АКСР-інде басшы партия-кеңес органдарында қызмет істеді, Түркістан Респуб-ликасының Жер шаруашылығы, Денсаулық сақтау халық комиссариатын басқарады. 1919-1922 жылдары Ташкент қаласындағы қызметі көп әсер етіп, ол Орта Азия мемлекеттік университетінде басшылық қызмет атқарғанда, факультеттер мен кафедраларды басқару ісіне еуропалықтарды жергілікті ұлт өкіл-дерімен алмастыру жолында белсенділік танытады.[5;243-244пп.] Қазақстан тарихының көне дәуірінен 1917-жылғы Қазан революциясына дейінгі тарихын қамтыған тұңғыш монографиясы және онға тарта оқулықтары мен жүзге жуық мақалалары оның ғылым саласында жоғары белестерге көтерілгенін көрсетеді.

Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі болған Халел Досмұхамедұлы да 20-жылдардан бастап елдің мәдени өмірінің әр саласында белсене өнімді жұмыс жасады. Х.Досмұхамедұлы Орта Азия мемлекеттік университетінде "Педагогика" курсы бойынша доцент болып бекітіліп, оқытушылықпен қатар, дәрігерлік, шығармашылық қызмет атқарып, ТАКСР Денсаулық Сақтау комиссариатындағы және Қазақ-қырғыз Ғылым комиссиясындағы сан қырлы қызметтерге араласады. Ол Орта Азия мемлекеттік университеті жанынан ашылған Полтарацкий атындағы ауруханада қосымша ординатор болып қызмет атқарады, осы ауруханада көптеген сырқат студенттер емделеді.

1920-жылы 21-тамызда ТАКСР Халық Ағарту Комиссариаты алқасының кеңейтілген мәжілісінде Орта Азия мемлекеттік университетінің жанынан өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен ғылым комиссиясын құрады. 1921-жылы қыркүйекте Қазақ ғылым комиссиясының төрағасы болып Х.Дос-мұхамедов, комиссия мүшелігіне Ә.Диваев, У.Танашев және Омаров тағайын-далады. Ғылым комиссиясы мектеп оқулықтарын даярлауға назар аударады, сонымен қатар мәдени-рухани өмірдегі жаңалықтарды насихаттауға, қазақ әндерін нотаға түсіруге, қазақ мектептерінде және жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің бағдарламаларын, оқулықтар мен кітаптар, ғылыми терминологияны қалыптастыру, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен бастыру сияқты жұмыстарды белсенді жүргізе отырып, қазақ тіліндегі тұңғыш географиялық карталарды, қазақша-орысша сөздіктер жасауға, әртүрлі ғылыми конференциялар ұйымдастыруға бастамашы болды. 1923-жылы 15-қыркүйекте ол Орта Азия мемлекеттік университеті баспасының Алқа мүшесі болып бекітіледі. [6;90-98пп.] Ғылым комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедов бастаған зиялылар университеттің баспасына бірнеше оқулықтар мен зерттеу еңбектер тапсырады. Солардың ішінде Х.Досмұхамедұлының "Табиғаттану", "Жануарлар", "Адамның тән тіршілігі", "Адам анатомиясы және физиология-сы", "Кенесары-Наурызбай" және т.б. еңбектері болды.[7;89-91п.] 1923-жылы 3-желтоқсанда Х.Досмұхамедұлы Университеттегі Түркістандық ғалымдардың тұрмысын жақсарту комиссиясының мүшесі болып тағайындалады.[8;15-п.]

Сонымен қатар, Х.Досмұхамедұлы Ташкентте Тұрар Рысқұловтың шақы-руымен Қырғыз (Қазақ) педагогикалық училищесінде дәрігер болып істейді. Қазақ педагогикалық

училищесінің негізі 1917-жылы қаланып, 1920-жылы ол Қазақ Халық Ағарту институты болып қайта құрылды. Х.Досмұхамедұлы да Қазақ Халық Ағарту институтына "Табиғаттану" пәнінің оқытушысы және дәрігер болып орналасады. 1925-жылы 8-қазанда ТАКСР Халық Ағарту комиссариатының қаулысымен Қазақ Халық Ағарту институты негізінде Қазақ педагогикалық институты құрылады. [8;17-18п.] 1926-жылы осы институттың проректоры болып Халел Досмұхамедұлы тағайындалады.

Орта Азия мемлекеттік университетінде дәріс беріп, белсенділік танытқан қазақ зиялыларының қатарында Көшке (Көшмұхамед) Кемеңгерұлының алар орны зор. Жастайынан білімге ұмтылған Көшке Кемеңгерұлы 1915-жылдан 1930-жылға дейін үзіліссіз қазақ әдебиеті мен драматургиясына, журна-листикасына және ғылымына қомақты үлес қосты. 1918-1919 жылдары алашшыл газет "Жас азаматтың" редакторы болады. Ташкентке келген Көшке мұнда 1921-1922 жылдары орныға бастаған Алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл кезе Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов Орынборда, ал Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі "Күншығыс" баспасының қазақ секциясында қызметте еді. Ташкентте Көшке Халел Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Даниял Ысқақұлы, Абдолла Байтас-ұлы сынды арыстармен араласып тұрды. Ташкентте Көшке "Ақ жол" газетінде жұмыс жасап, әлеуметтік, шаруашылық, ғылым мен білімге байла-нысты көптеген мақалалар жазады. Әдебиет жөніндегі айтыстарда сындарлы пікірлер білдіреді. 1924-1930 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетін-де қызмет жасап, ғылыммен шұғылданады. Көшке Кемеңгерұлы тек қаламгер ғана емес, ағартушы-педагог ретінде тарихта есімі қалды.

Ол 1926-жылдан Орта Азия мемлекеттік университетінде және Түркістан әскери училищесінде дәріс берген. Көшке Орта Азия мемлекеттік университеті-нің жұмысшылар факультетінде, даярлық бөлімінде, шығыстану және педагогика факультеттерінде қазақ тілінде дәріс оқыған. Университетте 2 жыл қызмет жасағаннан кейін Көшке Кемеңгерұлы біржола ғылымға ден қойып, түркітану жолын таңдайды, 1928-жылы Көшке Шығыстану факультетінің түркітану кафедрасына аспирант болып қабылданады. Бұл кафедрада А.Э.Шмидт, М.Ф. Гаврилов, А.Б.Дубсон тәрізді мықты ориенталистер тәлімгерлік жасайтын. Ғылым жолына түскен К.Кемеңгерұлы батыл түрде белгілі ғалымдармен ашық, жүйелі пікірталасқа түсе білген. Мәселен, 1929-жылы мамыр айында өткен орфографияға арналған конференцияда жаңа орфография мен термин жасау принциптері жөнінде К.Кемеңгеров Елдос Омаров және Құдайберген Жұбановтармен бірге орнықты пікір білдіріп, Юдахин, Поливанов және Шмидт тәрізді тәлімгерлермен қатар, қазақ тілінің күрделі мәселелерін бұратартқан еуропалық ғалымдармен пікір айтысқан.[8;16-26 пп.] Көшке осы Орта Азия мемлекеттік университетінде жүріп, қазақтілі ғылымының мәселелері туралы бірқатар зерттеу еңбектер жазады. Соның бірі, 1927 жылы Г.В.Архангельскийдің құрас-тыруымен, орыс тілінде жарық көрген "Қазақ тілінің грамматикасы" еді. Сондай-ақ оның "Қазақ тарихынан", "Бұрынғы езілген ұлттар", "Егін салу турасында" деген зерттеулері қазақ ғылымында өзіне лайықты орнын алды.

XX ғасырдың 20-30-жылдарында Орта Азия мемлекеттік университеті-мен қазақ жоғары оқу орындары тарихында Темірбек Қараұлы Жүргеновтың орны айрықша. Ол 1923-жылы Орынбордағы жұмысшы факультетін аяқтаған соң, Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет екі мыңнан астам студент және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды. Екінші семестрден бастап Темірбек Жүргенов те университеттегі оқуынан қол үзбей жауапты қызметке тартылды. 3-4 жыл қатарынан Қазақ АКСР-нің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі міндетін, соңғы курста Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін қоса атқарады.

Қазақстан мен Түркістан Атқару Комитеттеріне мүшесі ретінде Көшке Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласып, Қазақстанның іргесін кеңейтуге және ұлттық жағынан тұтас-тануына студент кезінде-ақ зор үлес қосады. Оқуды мемлекеттік және қоғам-дық үлкен қызметпен қоса-қабат жүргізуі, болашақ заң

қызметкерінің білімін тәжірибе арқылы одан әрі толықтырып, құқық пен саяси экономика, тарих ғылымдарына шындап ден қойып, статистикалық және әлеуметтік-демографиялық зерттеулермен айналысуына көмектеседі. 1924-жылы Т.Жүргенов өзінің Орта Азиядағы қазақтардың тұрмыс күйі мен мәдениетіне қатысты мәселелерді анықтауға арналаған "Орта Азия республикаларында тұратын қазақтардың хал-жағдайы" атты тарихи-демографиялық очерктер жинағын жариялайды. Бұл еңбегінде ол, сондай-ақ қазақтардың қарақалпақ, қырғыз, өзбек және Орта Азияның басқа да халықтарымен этникалық және мәдени байланыстарын аша-ды. Соның ішінде автор бұл халықтардың құрамында ортақ рулар, ру бөліктері бар екендігін атап көрсетеді. [9;226]

1927-жылы ол Орта Азия мемлекеттік университетін үздік бітіріп, оның Қазақстан жерін әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандастыруға қатысты дипломдық жұмысы аса жоғары бағаланып, профессор Н.Н.Филатовтың алғы сөзімен жеке кітап болып басылып шығады. Сондай-ақ, өзі де мемлекеттік құқық пәні бойынша университетке ұстаздық қызметке қалдырылады. Университетте оқып жүріп-ақ Т.Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Оның еңбектерінде Қазан төңкерісі қарсаңындағы Орта Азия мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайы, 1916-жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алғышарттары мен қозғаушы күштері, социалистік мәдениеттің дамуы туралы пікірлері қарастырылған. Сонымен қатар, Т.Жүргенов университетте жүріп өзінің аудармалары, мақалалары және кітапшалары арқылы қазақтың әдеби тілін дамытуға, ғылыми терминология жасауға көп үлес қосып, аударма ісінің теориясы мен практикасын дамыта түсуге септігін тигізді. [9;267] 1928-жылы ол Қазақстанның алғашқы жоғары оқу орындары студенттеріне арнап Михайловскийдің "Саяси экономия" деп аталатын оқулығын қазақшаға аударды. Аударманың сәтті шыққандығы соншалықты, бұл оқулықты қазақ студенттерінің кең аудиториясы, ғылыми және творчестволық интеллигенция өкілдері ондаған жылдар бойы пайдаланады.

Орта Азия мемлекеттік университетімен байланысты тұлғалардың бірі - белгілі қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов болды. Ол 1919-20 жылдардан бастап Қазақстандағы саяси-қоғамдық және ағартушылық қозғалыстарға белсене араласа бастады. 1923-жылы Ташкент қаласында Түркістан Республикасының бастамасы бойынша белгілі археолог, этнограф және фольклортанушы А.А.Диваевтың ғылыми-практикалық қызметінің 40 жылдығы аталып өтілді. Ғылыми Кеңеске қатысушылар жас ғалым М.Әуезовтің қазақ эпосы жайлы баяндамасын тыңдайды. [10;157] Кезінде А.Диваев, Т.Рысқұлов, С.Қожанов және тағы басқа көрнекті қайраткерлердің ақыл-кеңесі және қолдауы нәтижесінде М.Әуезов Ленинград университетінің лингвистика-әдеби бөліміне оқуға түсіп, оны 1928-жылы бітірісімен Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыс факультеті жанындағы аспирантурасына қабылданады. Бұл оқу орнында ол әдеби шығармашылығын ғылыми және педагогикалық жұмыстармен ұштастыра отырып, көп еңбек жасайды. Мұхтар Әуезов 1930-жылы 1-қазанда Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасын аяқтауға жақын қалғанда, қазақтың басқа да зиялы қауым өкілдерімен бірге тұтқындалады. Тұтқындалғандардың тізімі бастапқы кезде 20, кейін 1931-жылдың шілдесіне дейін 32 адамға жетіп, бәрі де "ұлтшыл" деген жаламен абақтыға қамалады. Олардың қатарында Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Иса Қашқынбаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедов, Көшке Кемеңгеров, Жұмахан Күдерин, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков және тағы басқалары. Бұлардың көпшілігі Орта Азия мемлекеттік университеті мен Шығыс факультетінің оқытушылары мен студенттері еді. [11;6-7]

Алаш зиялысы, ғалым этнограф, географ, биолог жерлесіміз Жұмахан Маусымбайұлы Күдерин 1924-1930 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінде ауылшаруашылығы факультетінде оқыды. Студент бола жүріп, сонымен қатар курстарда, сауат ашу мектептерінде дәріс оқыды, қазақ-қырғыз жетім балалар мектебінің мұғалімі, 1925-жылы ашылған Қазақ педагогикалық инсти-тутында математика пәнінің оқытушы, 1925-1927 жылдары Қазақ ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Рабфактың түрлі ағарту курстарының дәріскері, 1929-жылдан Қапланбек ауыл шаруашылығы техникумының

оқытушысы болып қызмет атқарады. Жұмахан Күдерин Түркістанның табиғи ресурстарын, осы өңірді аудандарға бөлуді зерттеумен айналысқан экспедиция жұмысына қатысты, топырақ зерттеу экспедицияларында тікелей ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысып, бірқатар ғылыми еңбектер жазады. Жұмахан Күдерин әсіресе биология, ботаника, мал шаруашылығы саласы бойынша көп (50-ден аса) ғылыми еңбектер жазып жариялады, жаратылыстану саласындағы алғашқы оқу құралдары мен жаңа терминдер сөздігінің авторы, көрнекті зерттеуші-ғалым. Ж.М.Күдерин 1930-жылы "Ғалым-агроном" мамандығы дипломын алады, сосын Ташкенттегі Орта Азиялық мақта ғылыми зерттеу станциясында ассистент, 1935-36 жылдары Қазақ КСР- Жер халкомының мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, 1937-жылы "Каучуко-нос" трестінде нұсқаушы-агроном қызметтерін абыроймен атқарады. Басқа да алаштық ұлт зиялылары сияқты 1938-жылы ату жазасына кесіліп, жазған оқулықтары мен кітаптары тәуелсіздік жылдары қайта басылып шығуда.

Қорыта келгенде, автономиялық дәрежедегі болса да, Түркістанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани өмірінде Орта Азия мемлекеттік университет маңызды орын алды. Әсіресе университет халық шаруашылығын қалпына келтіруде және оған қажетті мамандар дайындауда атқарған қызметі орасан зор еді. Орта Азия мемлекеттік университетінің негізін қалауда және оны өркендетуде қазақ зиялылары да өз үлестерін қосып, көптеген ғылыми жаңалықтар ашылып өлкедегі білім мен ғылымды дамытуда маңызды рөл атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Еңсепов Б.Б. Қазақстанның қоғамдық мәдени өміріндегі Орта Азия мемлекеттік университетінің ролі (1918-1930 жж.) Тарих ғылым. канд....диссертация. авторефераты. Семей, 2010. 28 б. 14-18 бб.
2. Еңсепов Б.Б. Орта Азия мемлекеттік университетіндегі қазақ зиялыларының орны мен қызметі // Отан тарихы, 2008. - №4. - 49-64-бб.
3. Ұлт зиялы туралы деректер... // Қазақстан : Ұлттық энциклопедия. - Алматы, Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. 2003 - 2005. 3-т. 107-б., 344-б.
4. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері – Алматы: «Өнер», 2003. 552 б. 125-136 бб.

ӘОЖ 94 (570) «ҮІІІ-ХІХ»

Қайырханова Ф.К.¹, Сексенбаева А.М.²

т.ғ.к., доцент¹, магистрант², Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті Семей қ.

ҚАЗАҚСТАН КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ИСЛАМ

Ұлт өзінің дүниетанымын- тілі, діні, ділін, фольклор арқылы білдіріп отырады. Демек, ұлттық мүддені зерттеу үшін негізгі сүйетіміз-халықтың мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, діни наным, күнделікті тұрмыс-та қолданылатын әдет-ғұрыпы, салт-санасы, халықтық деңгейде қалыптасқан образдары, дүние туралы ұлттық бейнесі және тағы басқалары жатады.

Халқымыздың ежелден бері қалыптасып, ғасырлар бойы сақталудағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырап, ерекшелік-терге ие болғанымен, желісін үзбей жалғасын тауып келеді. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары, тұрмыс салт-дәстүрлері, ырым- нанымдары қоғам сатылары-нан өткен көне дәуірлердің куәсі ретінде адам санасында ежелден қалыптасып, халық санасында тұрақтанған. Кеңес дәуірі билік құрған ондаған жылдар ішінде орын алған әлеуметтік-экономикалық дамудағы түбегейлі өзгерістер ғылыми-атеистік көзқарастарды қалыптастырғанымен, діни сенімдер, ырымдар мен әдет-ғұрыптар халық арасында қолданылып келеді.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына қайта оралудың рөлі туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев еңбегінде былай деп жазған: «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге - дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи – мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине оң процесс». [1;10] Ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани дүниетанымдық жаппай қалпына келтіру қазіргі заманға сай озық батыстық өркениеттік құндылықтар мен жанашылдықтарды жаппай жөн жосықсыз қабылдау үрдісімен қатар жүреді.

«Қай халық болса да өз тарихын, төл дәстүр-салтын, ауыз әдебиетін, тілін қастерлейтіндігі» туралы академик М.Қозыбаевта жазып кеткен. [2;8] Олай болса, қай халық болсын өзінің рухани-мәдени құндылықтарын көздің қарашы-ғындай сақтай алмаса, сыртқы күштердің рухани-мәдени жаулаушылығына қарсы тұра алмасы анық. Ондай халық өз мемлекеттілігін де сақтай алмайды. Бүгінгі күні жас Қазақ мемлекетінің қайта ту көтеріп, Тәуелсіз ел болуы – қазақ халқы мен мәдениетінің әлі де болса құрып кетпегендігінің айғағы. Оны баянды ету- бүгінгі және болашақ ұрпақтың қасиетті борышы. «Мәдени мұра» бағдарламасы да осы үшін қажет болды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын- да негізгі міндеттердің бірі «мәдени мұраны, оның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерттеудің тұтастай жүйе-сін құру» делінген. [3;35]

Қазақ халқында тым ертеден келе жатқан көптеген әдет-ғұрыптар бар. Бұл әдет-ғұрыптар қазақ өмірінде жазбаға түспеген заң сияқты терең тамыр тапқан. Мұнда бәріміздің бас иер киелеріміз, халықтың тілі, ділі, діні жатқанын көреміз. Бұларсыз баянды болашақтың көк байрағы көтеріле алмайды, танымы мен зердесіне сеніп, болашағына батыл бет бұрған рухани түлеуге де қолы жетпей-ді. Ұлттық дәстүрді сақтай білу – ұрпақтардың өз тағдырына аялай қарауы, қадірлеп қастерлеуі, иманды тірлігінің ұятына сенуі. Өмірге келгеннен бастап, яғни пәниден бақиға кеткенше орындалуға тиісті салт-дәстүрлер мен жол-жоралғылардың түрлері жетіп артылады. Сөз жоқ, халық дәстүрінің жоғалуы тілдің жоғалуының алғышарты болып саналады. Ал тілдің жоғалуы халықтың тіршілік аренасынан мүлде кетуі, мәңгілік құрдымға батуы.

Халқымыздың ұлы рухани мұрасының бірі – жыраулар туындылары, батырлық жырлар, лиро-эпостық жырлар табиғатын қарастырғанда, біз бұл дәстүрдің жаңа заманда жаңа арнамен жалғасқаның және жыраулық дәстүрдің XXғасыр мәдениетінде де алатын орны бар екенің байқаймыз. Себебі, қазақ мәдениеті дәстүрлігімен, дәстүр жалғастығымен күшті. Рухани мәдениет салалары мен жырлары осындай консервативті құбылысымен көз тартады. Өзге көптеген халықтардың жаңа және қазіргі замандағы рухани мәдениеті орта ғасырлар дәстүрімен аз байланыста болса, қазақта бұл байланыс мығым. Және солай бола беретің сияқты. Бұл феномен халықтық рухтағы дәстүрлі мәдениеттің ертеде қалыптасуымен, оның тұрақты тілдік ырғақтық және саздық белгілерінің жаса-луымен және дүниетанымдық өміршендігімен түсіндіріледі. Халық поэзиясы мен музыкасында мәңгілік құндылық-қажеттіліктер айтылып, кестелене кескінделген. Сол тұрғыдан оған алып қосар жана мазмұн мен түр аздау. XX ғасыр тудырған сан алуан мәдениет үлгілері тұрғанда, халықтың байырғы рухани үлгілерді ұната беруінде белгілі бір себеп бар. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті көпшілікке ұғынықты қасиетімен, қолданбалылығымен, өмірді ақыл-оймен терең түсінген, адамның жас-кәрісіне бірдей бағытталған толғанысымен құнды.

Поэзиялық шағармашылық саз өнерімен біте қайнасып дамыды. Ел түсінігінде, тіпті, «ән» мен «өлең» сөздері бір мағынада қолданыла берді. Жыр, толғау, өлең терме, дастан, қисса – бұлардың бәрі саз өнерінен өздері-не қажет түр-тұлға тапты. Өз кезегінде сөз, поэзия әнге қызмет жасады, сол себепті небір байырғы әндердің бертін замандарда жасалған сөздерін жасауға болады. Ал, күй деген ғажап өнер. Ол әннің де сөздің де, көз көрер қимыл қозғалыстың да ырғағы мен сазын өз бойына дарытып, музыканың дара бір түрін әйгіледі. Сезімді жырлап жеткізуде, оның тұңғыық-тереңін сездіруде күйге теңесе алатын халық өнері жоқ. XVIII ғасыр күйлерінің және күйші-лерінің қазақ тарихында алатын орны ерекше, Өйткені өз тұсында отарлық езгідегі халқына рухани күш беріп, заман тауқыметін халқымен

бірге аркалап ғұмыр кешкен күрескер Абылай мен Сырым күйшілердің өршіл рухы заманалық құбылыстарымен үндес, ол күй арқылы азаттық пен еркіндікті толғайды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің көші біржола тоқталған 1928 жылдан елуінші жылдардың басына дейінгі аралықта «тарих көшінің күл-қоқсығы» деп таңбаланған далалық әдет-ғұрыптарға, діни наным-сенімдерге қауым үрке қарауға мәжбүр болды. Оларды зерттеу тұрмақ, көркем сөзбен суреттеу-дің өзі жалаңаяқ шоқ басқандай көзсіздік болып көрінді. [4;17] Басқа басқа талантын әлем жұрты мойындаған заңғар жазушы М.О.Әуезовтің өзі осындай қыспақ шеңгеліне ілінуі сөзімізге дәлел бола алады.

Қазақ елінің рухани мәдениетінің бірі – дін. Қазақ халқы жалпы түркі әлемінің бір бөлігі екені белгілі. Әрине, қазақ халқының сан ғасырлық тари-хын түркілік кезеңнен бөліп қарастыруға болмайды. Сонымен қатар түркілік негізі-міз бір болып келетін көрші жатқан халықтардың ділі мен дінін, дүниетанымы мен әлемді игеру тәжірибесін қазіргі пәрменді дамуымызда, тәуелсіздікті нығайту аясында толығымен ескеруіміз қажет. Түркілік дүниетанымның басқа дүниетанымдардан өзіндік төлтумалығы сонау Тәңірге сенген тарихи кезеңдер-ден басталады. Түркілердің тарихи үдерісте әр түрлі діни дүниетанымның құрылымымен таныстығы да белгілі. Түркілер дәстүрлі дүниетаным негізіндегі көне түркілік діни идеологияның басты элементі - Тәңірі ұғымының бұлыңғыр тарта бастаған тұғырына исламның мемлекеттік идеологияға көтерілуімен қайта назар аударды. Орталық Азия аймағында исламның таралуы VII ғасырдың екінші жартысында басталады, Қазақстан аумағында ислам дінінің орнығуы ұзақ және қиын болды да, бірнеше ғасырларға созылды.

Ғалымдар (тарихшылар, дінтанушылар) Қазақстандағы исламның тара-луын бірнеше сатыға бөледі. Алғашқы сатысы - VIII-IX ғасырларда Еура-зия даласына исламның енуі. VIII ғасырдың соңында Орта Азия территориясында орныққан ислам осы жерден және Поволжьядан сауда керуендерімен бірге келген миссионерлер арқылы Қазақстанға тарай бастады. X- XVII ғасырларда орта-ғасырлық мемлекеттерде ислам діні басым болды. Осылайша ислам X ғасырда Жетісудағы Қараханидтер мемлекетінде мұсылманшылықтың мемлекеттік дәрежеге жетуінің арқасында қалалық мәдениет гүлденіп, сәулет өнерінің Айша Бибі, Алаша Хан Күмбезі, Әулие Ата Мазары, моншалар және су құбырлары (кәріз) сықылды бұл күнімізге жеткен үздік мұралары жасалды. Жетісудағы Баласағұнның сонау 940 жылы мұсылман қаласы, ең маңызды Ислам орталығының бірі болғаны деректен белгілі. Кейінірек Алтын Ордада, қазақ хандықтарында кеңінен таралып, орнықты.

Ортағасырлық түркі қоғамында саяси идеологиялық үстемдікке ие болған ислам діні өзінің шынайылығымен дәл осы кезеңде саяси-экономикалық, рухани-мәдени дағдарысқа тап келген түркі қоғамын қайта түлетуге лайықты ілім болды. Ислам көптеген түркі тайпалары үшін ортақ ішкі және сыртқы бағдарды белгілеп берген көзқарастар мен идеялардың ортақ кешенін қалыптастырды. Мемлекеттің идеологтары - халық даналары өз шығарма-ларында түркілерді жоғалтқан Тәңірімен қайта табысып, табынуға, оның құдіретіне бағынуға шақырды. Ортақ мәдени типтердің қалыптасуы өз кезегін-де білім мен ағартудың біртұтас кешенін қалыптастырды. Бұл халықтық рухани құндылықтардың жаңа деңгейге көтерілуіне түбегейлі әсер етті.

Түркілер ислам дінін қабылдағанымен, өзінің төлтума мәдениетінің ерекшеліктерін ұмытқан емес, тіптен, оның барлық мән-мазмұнын еркіндікке, даналыққа құмар кейпіне қарай бейімдеді, дамытты. Сондықтан араб-мұсылман мәдениеті де өздерінің діни құрылымдарын таратушы ғана емес, сонымен қатар түркілерден көптеген рухани дүниелерді қабылдады деуге болады. Сөйтіп, мәдениетаралық байланыстар Тұран жерінде екі жақты өзара байланыс сипатында өрбігенін байқаймыз. Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Иүгінеки және т.б. түркі әлеміне ортақ тарихи тұлғалар туысқан халық-тарға ортақ. Бұл ғұламалардың шығармаларын жан-жақты ғылыми-зерттеу арқылы барлығымыздың да рухани дүниеміз байи түсетіні анық. Ал жас ұрпақ шығыстық даналық үлгілерінің қайнар бұлағынан сусындауға мүмкіндік алады.

Сонымен бірге Қазақстандағы исламның екі ерекшелігін атап өту керек. Біріншіден, исламның өздігінен ену сипаты. Екіншіден, ұзаққа созылу үрдісі (VIII- XVI ғасырлар). Бұл өз

кезегінде көшпелі ортадағы діннің синтетикалық сипатына әсер етті. XVI ғасырда исламның тереңдеп енуі хандар билігінің (көшпелі қоғамға ғана тән) орталықтануына ғана емес, соған сәйкес қазақ тайпаларының бір тұтас этникалық қауымдастыққа бірігуіне де ықпалын тигізді. [5,171] XVIII ғасырдың басында исламның орнығуы Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңында да айтылып, онда мұсылман дінін мемлекеттің қолдайтын-дығы туралы жазылған.

XVIII-XIX ғасырдың соңында Қазақстандағы ислам тарихының үшінші сатысы – Ресей империясының құрамына ену, суфизм рөлінің, Ресей отаршыл әкімшілігінің исламға деген екі жақты саясатына қатысты татар молдаларының миссионерлік қызметінің төмендеу кезеңі. Бұл кезеңде қазақ дін басылары Орынбор мүфтиатының қарамағына енген болатын. Қазақстанға исламның таралуына бірнеше факторлар ықпал етті: Алдымен бұл Орта Азия мен Поволжья елдерімен дәстүрлі экономикалық және мәдени байланыстардың болуы, олармен географиялық жақындық, Бұқара, Самарқанд, Ташкент, Хиуа, Қазан, Уфа және тағы басқа мұсылмандық орталықтардың діни ықпалының күшеюі, т.б. Қазақстанда исламдану үдерісі оның Ресейдің құрамына отарлауынан кейін күштірек жүрді. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Қырғыз-қазақтар орыс бодандығына дейін мұсылман деген аты болмаса шын берілген діндар (фанатик) емес еді және мұсылман әлемінде ерекше суниттік бөлікті құрады. Мұсылман заңдары ешқашан қазақтарда қабылданған жоқ және ол заңдар далаға үкімет бастамасымен сыртқы приказдардың бюрократтық «тамашаларымен» бірге енгізілді» [4,171]

Патша өкіметінің қазақтар арасында христиандықты тарату әрекетінен түк шықпағаннан кейін, өзінің отарлау саясатын жүргізуге сенімді одақтас ретінде исламды ашық қолдай бастады. (Большевиктік-коммунистік партияның саяси идеологияны еркін ойды, ұлттарды қысымда ұстауда қолданғаны сияқты) Мешіттер салу, оларды молдалармен қамтамасыз ету туралы арнайы нұсқау-ереже шығады, өлкеде муфтият құрылады. Шығыстық баспахананы Петербурдан Қазанға ауыстыруға байланысты ол исламды таратушы басты орталыққа айналды. Діни мазмұндағы кітаптар Қазақстанда да көптеп тарады. Исламның күшеюіне этномиграция факторлары да әсер етті. XIX ғасырдың 70-80-ші жылдары екі ірі мұсылман қауымы ұйғырлар мен дүнгендер Қытайдың Іле өңірінен Жетісу аумағында қоныстанды. Бұл Қазақстанның оңтүстігінде исламның бағытын күшейтті. Қазақстандағы көші-қон процестері, ендігі жерде жекелеген мұсылман институттарының этникалық сипат алуына да ықпалын тигізді. Бұл исламға тән емес көрініс екенін атап өткен жөн. Осылайша XX ғасырдың басындағы орыс әкімшілігінің арнайы құжаттарында Верный қаласындағы (қазіргі Алматы) сегіз мешіттің болғандығы, олардың арасында татар, дүнген, ұйғыр, өзбек мешіттері тіркелген. Мешіттердің этникалық таңбалану дәстүрі кейін де және қазіргі күнде де кездеседі, бұл Қазақстандағы этникалық тұрақтылықтың нығаюына кедергі болады.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басын қамтиды. XIX ғасырдың соңынан бастап Қазақстан аумағында ислам бағытының нығаюы Ресей үкіметінің, отаршыл әкімшіліктің талаптарына сай келмеді. Белгілі бір дәрежеде бұл сыртқы факторлармен – орыс-түрік қатынастарының шиеленісуі, «мұсылмандық сепаратизмнен» сақта-ну сылтауы, жергілікті мұсылмандардың Осман Түркиясымен байланысының өсуімен байланысты болды. Нәтижесінде әртүрлі діни ағымдардың пайда болуы «панисламизмді» наихаттау деп көрсетілді. Кеңес дәуірінде исламға деген саясат жалпы дінге қатысты саясат аясында жүргізілді. Қазақ діни басқармасы 1923 жылдан кейін орталығы Уфа қаласы болып саналатын ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының орталық діни басқармасының қарамағына енді. 1920-жылдардың екінші жартысынан бастап тоталитарлық жүйенің діндерге, оның ішінде исламға қарсы қуғындау саясаты анық байқалды. Арнайы құжаттарда исламның «антикеңестік сипаты» 1920-жылдардың соңы -нда «исламмен күрес», «еңбекшілердің тап жауымен» күрес ретінде кең етек алды. Осылайша дінді, оның ішінде исламды бұрмалау бағыты күшей-тілді. Егер 1920-шы жылдары исламға қарсы күрестің негізгі формасы насихат жұмысы болса, 1930-шы жылдары бұл күрестің негізгі формасы әкімшілік тыйым салу болды. 1930-шы жылдары Кеңес өкіметімен ислам діні арасындағы мемлекеттік-

конфессиялық қатынастарда бірқатар елеулі өзгеріс-тер жүрді. Партиялық және мемлекеттік органдардың дінге қарсы, оның ішінде мұсылман дініне қатысты қызметінің тек формасы ғана емес, сонымен бірге мазмұны да өзгерді, енді насихаттық жұмыс формасын репрессиялық форма ығыстырды. Егер бұрын күрес нақты мұсылман дін басшыларына және дінге қарсы жүргізілсе, енді 1930-шы жылдары жаппай кең ауқымда сипат алды. Ислам дініне қарсы күрес желеуімен қазақ және басқа да мұсылман халық-тарының дәстүрлі мәдениетіне (дәстүрі жазуы, әдебиеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мейрамдары жойылды, сәулет ескерткіштері талқандалды, т.б.) қарсы күрес кең жүре бастады.Әрине, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы мемлекеттік– конфессиялық қарым-қатынастардың қайғылы тәжірибесі болашақта қайталанбауы тиіс. Бұл тәжірибе мемлекеттік дамудың ұлттық концепциясында ескерілуі керек, рухани саладағы мәселелерге салмақты көзқарас, дұрыс назар аудару қажет және де енді басталған ұлттық мәдени жаңғыру-өрлеуде исламды да қайта қалпына келтіру тенденциясы белгіленген.

Бұл мәселе, яғни көшпелілердің дәстүрлі мәдениеті мен оған исламдық ықпал-өзгерістері,қазақ этносының өзіндік ерекшелігі ғылыми зерттеулерде әр уақытта әр түрлі бағаланып, зерделеніп отырған. Мұның басты себебі, қоғамның және адамның адамгершілік сипаты, мүмкіндігінің рухани және мәдени тұрғыдан дәлелденіп отыруы. Қоғамның рухани күйін, ондағы дүние-танымдық принциптер мен құндылықтық бағыт-бағдарлардың өзгеруін терең зерттеу, бұл мәселелерді дамыту қазіргі әлеуметтік- мәдени жағдайда рухани дамудың жаңғыру жолдарын іздеу мүмкіндігін туғызды. Жалпы айтқанда, ислам діні тараған көшпелілердің, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері тарихы және дамуы, әлемдік мәдениет, өркениет тарихында алатын орны туралы жүйелі зерттеуге енді қадам жасалды.

Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиял-шылдық, түптеп келгенде, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды.Әрбір дәуірдің елеулі, кезеңді оқиғаларын заманының белгілі ақын-жазушыла-ры дастан-жырларға, ойшылдары тарихи шежіреге айналдырып, шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған. Тек түркі халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің мәні өте зор. Сондай құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз үшінүлкен мақтаныш.Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігі- олардың мәдениетінің көбінесе біртекті ғана емес, көпқырлы болып келуінде. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар, одан кейін орта ғасырлардағы түркілербүкіл Еуразиялық көне және ортағасырлық өркениеттермен әр түрлі себептер арқылы (миграция, жаулап алу, бейбіт көршілік жағдайы) араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрліхалықтардың жақсы мәдени жетістіктерін қабылдады, өздерінің мәдени үлгілерін басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениет-тердің бір-бірімен араласуына, жақындасуына дәнекер қызметін атқарған.

Соңғы кезде біздің қоғамда қазақ халқының ұлттық мәдениетінің бастауларына, мүмкіндіктеріне деген толыққанды мәліметтерге сұранысы анық байқалады. Халқымыздың ежелден бері қалыптасып, ғасырлар бойы сақталудағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырап, ерекшеліктерге ие болғанымен, желісін үзбей жалғасын тауып келеді.Қазақ халқының діни-нанымдары қоғам сатыларынан өткен көне дәуірдің куәсі ретінде адам санасында ежелден қалыптасып, халық санасында тұрақтанған.Ұлы даланы мекендеген қазақтардың көрші халықтармен тығыз байланыса отырып, өз тарихи, мәдени сана-сезімін қалыптастырғаны заңдылық.

Бүгінгі бүкіл даму – үрдістерінің жалпыға бірдей жаһандануы және модернизациясының заманында кез келген мемлекет, қоғам, халық үшін ұлттық Өрлеудің жандануына бағытталған өзінің шынайы ашық мәдени саясатын тиімді түрде іске асыру әрі құрастыру – бірінші кезекті мәселе. Сонымен қатар ол жаһандану мен модернизацияның ең маңызды (гуманистік) элементтерін өз бойына сіңіре білуі қажет. Өркениеттің гуманитарлық диалогының қарыштап дамып жатқан ғаламдық үрдістерінің арасында Қазақстан өзінің мәдениетін біліп, қадір тұтып қана қоймай, жаһан мәдениетінің негізін біліп, құрмет тұтатын

әрі қатарлас диалог жүргізіп, мәдени мұралармен алмаса білетін тең дәрежелі әріптес ретінде де өз орнын алуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.- 272 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: - Атамұра, -1999.-296 б.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 1992.
4. Сейдимбеков А. Мир казахов А. 2001.
5. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. А, 2002.
6. Наурыз. Жаңарған салт-дәстүрлер. Алматы, 1992.

ӘОЖ 94 (570) «1989-1993»

Қайырханова Ф.К.

т. ғ.к., доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМДАР ТОҒЫСУЫ

Демократиялық жаңару, қайта құру бетбұрысынан бергі еліміз тарихында болған түбірлі өзгерістер, айтулы оқиғалар көп. Соның әрқайсысы қандай жағдайларда туындап, қандай міндеттерді қалай жүзеге асырғанын, "көздеген мақсат-тілегіне жетті ме, кейінгіге үлгі-өнеге боларлық мұра қалдырды ма, жоқ па" деген сұрақтар төңірегінде ой қорытып, олардың әр қайсысы өзіндік құндылығы бар үлкен бір істің маңызды бөлігі болып табылатындығына көз жеткіземіз. Ең алдымен ол, ұлт тағдыры үшін шешуші рөл атқарған аса маңызды тарихи құбылыс ретінде, осы елдің қазіргі және келешекте дүниеге келер жас ұрпағы үшін қымбат. Уақыт озған сайын қайта құрылған мемлекет-тіміздің алғашқы қалыптасу кезеңіне, яғни ірге тасының қайта қалану кезеңіне деген қызығушылықтың арта түсері, ол кезеңнің қарама-қайшылық-тарға толы күрделі де, маңызды кезең ретінде жан-жақты зерттелері, оның тарихына арналған іргелі еңбектердің дүниеге келері анық.

Республика күні мерекесі қарсаңында студенттермен Қазақстанның егеменді ел және тәуелсіз Қазақстан Республи-касы аталуында қандай өзгешелік, ерекшеліктері бар деген сұрақтар төңірегінде пікір алысу өткен еді. Сол пікір алмасуда менің Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіз, дербес мемлекет құру жолындағы табанды күрескер, көреген басшы екендігі туралы өзім қатысқан, көрген оқиғалар мысалымен іште түйген ойларымды дәлелді жеткізуімнен кейін студенттер жаңаша ой қорытындылап, республикадағы қазіргі жағдай туралы өздерінің қарама-қайшы түрлі пікірлерін бір арнаға түсіріп, ортақ пікірге келді. Сондықтан да мұндағы айтарымыз, Президентіміз тұлғасындағы үлгі-өнеге боларлық көптеген қасиеттерден жастар рухани тәлім алып, жеке бас өмірінде және халық игілігі үшін қызмет етуде пайдалануына болатындығы. Оның мемлекет басшысы және жеке тұлға ретінде мол білімі мен біліктілігі, еңбекқорлығы мен шешімтал-дығы, қайсар-лығы мен табандылығы, талапшылдығы мен қарапайымдылығы, өзін-өзі жан-жақты дамытудағы жасампаздығы мен өнерпаздығы сияқты өзіндік қасиет-қырлары жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде өзіндік мектеп. Өйткені жас буынның бүгінгі психологиясы мүлдем бөлек. Олар өзінің ой тәуелсіздігі-не, еркіндігіне сенген, қадамдары да нық, нарық жағдайында да белсене кірісіп, ширатып әкетіп бара жатқан да солар.

Еліміздегі қоғамдық бастамаларға шектеу қойған қатаң саясатқа қарамас-тан, 1980-жылдардың екінші жартысындағы саяси оқиғалардың нәтижесінде, Қазақстанда жаңа саяси атмосфера-ахуал қалыптаса бастады. Көптеген біржақ-ты емес қоғамдық қозғалыстар мен бейресми ұйымдар құрылып, біртіндеп көппартиялық жүйеге көшуге алғышарттар қаланып жатты. Прибалтикалық республикалардағы сияқты, жүйе құрушы рөл атқармаса да, Қазақстанда олар-дың саяси-қоғамдық шараларда, еліміздегі түйткіл мәселелерді талқылауға қатысуы Қазақстанның саяси бет-бедерінде қалыпты жағдайға айналды. 1988-жылы

Қазақстанда 3 мың белсенділерді біріктірген 300-ге жуық бейресми топтар мен бірлестіктер болды.[1;2] Халықтың, яғни төмендегілер бастамасы-мен құрылған бейресми қозғалыстар қайта құрудың адаптациялық-бейімделу кезеңінде психологиялық-әлеуметтік фактор рөлін атқарды. 1990-жылы қазан айында КСРО басшылығы "Қоғамдық бірлестіктер туралы" заң қабылдап, елде көппартиялықтың мүмкіндігі барлығын мойындады.

1990-жылы 24-сәуірде Қазақстанда Президент лауазымындағы қызмет бекітілді. Бұл бағыттағы сапалы жылжу сол жылғы 25-қазанда "Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы" Декларацияның қабылдануы және Қазақ ССР-ның 1978-жылғы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолы-мен президенттік институттың іргетасын қалау болды. Президент лауазымы қызметін уақытылы енгізу республика басшылығының шынайы егемендікті қорғаудағы және мемлекетті саяси және экономикалық-әлеуметтік дағдарыстан шығаруда уақытылы жасаған қадамы болды. Егемендік, тәуелсіздік өзінің құбылыстық мәні жағынан әрбір халықтың өмір сүру тәсіліне, дүниетанымдық жүйесіне алтын өзек болатындығы себепті, тәуелсіз дербестіктің қалыпты саяси-әлеуметтік, толық этностық рухани даму үдерісіне айнала қоюы оңай нәрсе емес еді. Өйткені, бұрынғы қоғамдық меншікке үйренген дәуірде халықтың санасына ондаған жылдар бойы үйреншікті болып кеткен айналадағы дүниені түсіну әдеттері мен әлеуметтік психологиясы қатпарланып жатқаны байқалды. Соған сай бұқара халық мемлекет тарапынан қамқорлыққа үйреніп алғандықтан, мұндай жағдай кейбір әлеуметтік топтар үшін үйреншікті бойкүйездікті, жауапкерсіздікті, тіптен, масылдықты қоғамдық психологияға бойлатып үлгерген болатын.

Жариялылық тоталитарлық қоғамда мұқият жабылған ұлттық және ұлтаралық қатынастар тарихындағы көптеген келеңсіздіктерді "жарқ еткізіп", сондай-ақ социализм дәуірінің "ақтандақтары", "әділет пен теңдік орнаған" қоғамдағы заңсыздықтар мен қайшылықты, жағымсыз құбылыстар туралы көптеген тарихи құжаттар мен зерттеу еңбектер түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең тарап, жарық көріп жатты. Осыған байланысты біріккен одақтас мемлекеттің "цементтеуші бастауы" рөлін атқаратын мемлекеттік құрылымдардың әлсіреген және компартияның беделі түсе бастаған тұста, республикаларда бұрыннан негізі қалыптасқан ұлттық-әлеуметтік қайшылықтар туралы түрлі сепаратистік пиғылдар көрініс бере бастады. Заңсыз саяси қудаланған халықтар өздерінің құқықтарын қалпына келтіру, саяси ақтау туралы талаптар қоя бастағанымен (поволжье немістері, қырым татарлары, түрік-месхетиндер, т.б.), Орталық билік олардың талабын қанағаттандыру орнына, оларды ұлтшылдықтың көрінісі деп бағалап, қатаң жазалап басып тастады. Қазақстанда ұлт саясатындағы бұрмалаушылықтар, қордаланған әлеуметтік мәселелерді көтерген митингілер мен шерулер өтіп, тоталитарлық Орталықтың орыстандыру саясатына қарсы Алматыда 1986-жылы 17-19 желтоқсан күндері болған "Желтоқсан оқиғасынан" кейін, 1987-жылы тамыз айында Прибалтика мен Украинада, 1989-1990 жылдары Кавказ бен Орта Азия республикаларында ұлттық қатынастар мәселесін көтерген митингілер, билік әскерімен қарулы қақтығыстар жалғаса түсті. Әлсірей бастаған одақтық билік ұлтаралық қайшылықтардың тасқын тәріздес өсуіне ештеңе істей алмады. Сепаратизмнің өсуіне барлық республикалардың халық шаруашылығын тұралатып тастаған экономилық дағдарыс және экономикалық байланыс-тардың ыдырауы да ықпал етті. Ұлтшылдық күштер Орталықты аймақтардан "қаржы мен күштерді сорып алуда" деп айыптады, алдымен экономикалық дербестікті-егемендікті беруді, содан кейін мемлекеттік тәуелсіздікті алуға шақырды.[2]

1990-жылы қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар басшылары республиканың өз дамуындағы жауапты кезеңде қоғамдық-саяси өмірінде сенімділік пен келісім ахуалын қалыптастыру үшін Қазақстан астанасында митингілер мен шерулер өткізуді 1991-жылдың 1-қазанына дейін тоқтата тұру туралы моратория жариялады. (Мәтіні 1990-жылы 4-қазанда баспасөз бетінде жарияланды). Республикада азаматтық келісім мен бейбітшілікке қол жеткізуге жасалған бұл салмақты қадам сол жылы 29-қыркүйекте Қазақ КСР-ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алматы қаласындағы 40-тан аса кәсіби емес қоғамдық-саяси ұйымдар мен бейресми қозғалыстар басшыларымен кездесуі-нен кейін болды. Алматы қаласындағы

қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыс-тар басшылары бірлесіп қабылдаған бұл мәлімдемеде "Қазақ КСР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевпен кездесуде біз мынадай басты тоқтамға келдік: еліміз және республика саяси өмір мен экономикада терең өзгерістер табалдырығында тұрған сәтте, бәрінен бұрын қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісім, азаматтық бейбітшілік өте керек болды. Біз көпұлтты Қазақстанның бірлігін жақтаушылармыз.

Бізге республика халықтары арасында ұлттық алауыздық, өзара жау көзқарас тудырушы, оның біртұтас территориясына көзалартушы топтармен жолымыз бір еместігін мәлімдейміз... Қазақстан Президентімен кездесуде біз азаматтық келісім кеңесін құру қажеттігі және республика астанасында 1991- жылдың 1-қазанға дейін көшеде митингілер мен шерулер өткізуге мораторий жариялау туралы қорытындыға келдік. Бұл шара қоғамдағы ширыққан күрделі жағдайды бәсеңдетуге ықпал етеді деп санаймыз...".[3] Әрине, осындай адамдар арасындағы өзара түсіністіктердің тереңдей түсуі әркім үшін қажет құбылыс және оның шынайы мағынада көрініс беруі өте маңызды. Республика азаматтары өздерінің мәдени және ұлттық бірегейлігін тәуелсіз мемлекетіміздің болашағымен байланыстыру арқылы ғана жасампаздық жолына түсе алады. Осындай саяси-әлеуметтік үдеріс қана Қазақстандағы саяси-әлеуметтік орнықтылықтың, этносаралық келісімнің тереңдеуіне себепкер болады.

КСРО- қоғамдастықта, әсіресе одақтас республикаларда, сепаратистік көңіл-күйдің өсуі 1988-1989 жылдары халық майдандары құрылып, олар өз бағдарламаларында республикада толық егемендік орнату үшін күресуді жариялады. Ал 1991-жылғы "тамыз бүлігінің" жеңілісінен кейін КПСС пен КСРО атына сындар күшейе түсіп, қыркүйекте өздерінің егемендігін әлі жария-ламаған көптеген республикалар толық егемендігі мен ұлттық тәуелсіздігін мәлімдей бастады. Республикалық билік органдары 1991-жылдың күзіне дейін-ақ билік өкілеттілігін өз пайдасына түбірімен қайта бөлуге мүдделі еді. Олардың артында қайта құру - бетбұрыс толқынында көтерілген жергілікті жаңа саяси элита мен бұрынғы партиялық-номенклатуралық элита тұрды. Біреулері билік басына келуге тырысса, біреулері оны сақтап қалуға ұмтылды. Олардың ешқайсысында өз республикаларындағы халықтың объективті мүдде-лері қызықтырмады, КСРО-ның ыдырауымен экономикалық байланыстардың шұғыл шиеленісуі қаупі, тұрғындардың өмір сүру жағдайының төмендеуі, ұлт-тық қайшылық-қақтығыстардың шиеленісуі азамат соғысы дейін әкелуі және кезінде жасанды жүргізілген шекараларға байланысты өзара территориялық талас-талаптарға әкелетіні туралы ойлаған да жоқ. Қоғамда КСРО-ны сақтап қалуға қабілетті ықпалды күштер де болмады.

Себебі, өткен ХХ ғасырдың 20-80 жылдары кеңес өкіметі сырт көрінісін-де «социалистік-демократиялық» жүйені қалыптастыруға тырысқандай болып көрінгенімен, шын мәнінде тоталитарлық қоғам құруға негізделгендігін анықтауға болады. Негізінде, жалпы ұлттық келісім саясатын бүгінгі күннің ағымы контекстінде ғана емес, сонымен қатар тоталитарлық жаппай қуғын-сүргін саясаты позициясымен салыстыра отырып бағалау орынды. Енді жаңа тарихи жағдайда дамыған өркениетті елдердегі сияқты әрбір азаматтың жеке белсенділігі мен жауапкершілігіне негізделген кәсіби біліктілігін өрбіту қажеттіліктері туындай бастады. Бұл тәуелсіздіктің іргетасын бекіте түсетін, әрбір азаматтың жеке бостандығын қорғай алатын жаңа заманның әлеуметтік болмысына сәйкес келетін тұжырымдаманың қалыптасуына итермелейді. Міне, сөйтіп, жалпы халқымыз бен тұтас мемлекетіміз шын мәнінде тәуелсіз болуы үшін алдымен әрбір азаматтың құқығы мен оның жеке даралылығын қорғай алатын қоғамды қалыптастыру қажеттілігі өзектене түседі.

Сондықтан да Демократиялық жаңару күні қарсаңында, 1986-жылы Алматыдағы оқиғалар барысына берілген баға, 16-17 желтоқсан күндерін аза тұтып, жалпықазақтық еске алу күні ретінде атап өту мүмкіндігіне Президенті-міз қосқан үлесі зор деп ойлаймын. Мұндай ой-пікір түйіндеуге 1989-90 жылғы алғашқы кездесуде Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев туралы туған ой-пікірдің күнделікті өмір шындығымен растала түсуі себепші болып отыр. Республика Президенті 1989-90жылы 10-желтоқсанда Алматыдағы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайында өткен зиялы қауым өкілдері және жастармен болған кездесуінде КСРО құрамындағы республиканың төл экономикасын дамыту

жолдары, әлеуметтік жағдайды көтеру, полигондар, әскери қызмет, ұлттық тіл мен мәдениет, сыртқы-экономикалық байланыстар, түрлі ведомство-лық кәсіпорындар, завод-фабрикаларды жергілікті әкімшілікке бағындыру туралы айтып берді. Кездесу барысында демократиялық қайта құрулар негізінде еркіндік- теңдікті енді ұғына бастаған жастар халық ортасына өзі келіп, пікір алысуға шақырған Қазақ ССР-ы Президентіне әрі сенімсіздеу, әрі өзіміне қарап, кейбірі салқынқандылықпен, біреулері қызбалықпен өтініш-тіліктерін ашық айтып жатты. Кездесуде Желтоқсан толқуына қатысушылар жиналған-дарға өз бастарынан кешкен ауыр азаптары мен қиындықтарын, барлық әділетсіздікті, яғни жер аударылып барған алыс Сібір жақтағы климаттың қолайсыздығы, жазаны өтеуге барған жақтағы адам төзбес жағдайлар мен адамға дұрыс қарамаушылық салдарынан түрлі аурудан, түрмедегі орынсыз ұрып-соғу қорлығынан қаншама жастардың қайтыс болуы туралы нақты мысалдармен айтып берді. Сотталған сол жақтағы әсіресе қыз-келіншектердің жағдайы тым қиын екендігін, егер тез арада оларға жеңілдік беріп, не ақтап алып, елге қайтармаса, олардың ұзақ шыдай алмайтындығын баса айтты. Сотталу мерзімі біткен немесе өз бетімен қашып кеткен жас жігіттер елге жеткенде билік басындағы немесе әдебиет-мәдениет саласында істейтін кейбір азаматтарға арқа тұтып барғанда олардың қорқа, сенімсіздікпен қашқақтай қабылдағанын, ақтап алсақ-ау деген ишарат та танытпағанын тілге тиек етіп, мұның себебі неде деген сұрақтарын тікелей Президентке қойды. Адамдар теңдігі орнаған социалистік қоғамда осынша көп жастардың заңсыздықпен, әкімшілік бюрократтық солақайлықпен әділетсіз қуғын-сүргінге ұшырауы қатты толқыныспен, дәлелді айтылды.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев жастардың түрлі сұрақтары мен талап-өтініштеріне талдау жасай отырып, қазір алдымен демократиялық жолмен экономикалық бостандыққа қол жеткізу керектігін, сосын біртіндеп экономика-лық жағдайды нығайту барысында саяси, ұлттық тәуелсіздік алу туралы бағдарламалық саясатын қарапайым мысалдармен дәлелдеп бергенде, жиналған көпшілік Н.Назарбаевтың ұшқыр ойы мен білікті саясаткерлігіне, салмақты мінезіне тамсана қол соққан еді. Осы кездесуде Қазақстан компартиясының І-ші хатшысы, Қазақ ССР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сахна төрінде жастармен, халық өкілдерімен бетпе-бет жолығуы Ел Президентінің батыл-дығын, ел жұртына сенген қажыр-қайратын, сөзі мен ісінің бір бағыттағы табандылығын жастар алдында бірден жарық еткізгендей болды. Қазақ КСР-ның Президентінің еліміздің болашақ дамуы туралы өз бағдарламасын жүзеге асыруда халық қамын шын ойлайтын нағыз ұлт зиялыларынан, білімді де қабілетті жастардан қолдау күтетіні, түбірлі де күрделі мәселелерді бірлесе шешуге шақыруы арқылы ел басқаруда жастарға, еліміздің интеллектуалды күштеріне сенетіндігін және арқа сүйейтіндігін байқаған жиналған қауым 1986-жылғы Желтоқсан оқиғаларына байланысты қазақ халқына тағылған "ұлтшылдық" деген айыптың қателігі туралы Қазақстан КП Орталық Комитеті-не осы мәселе жөнінде арнайы комиссия құру туралы өтініш айтты, заңсыздық пен зорлық-зомбылықтың негізгі айыпкерлерін ашық айтып, жаза қолдануды талап етті.

1990-жылы 10-сәуірде КПСС Орталық Комитеті саяси бюросының Қаулысы осының нәтижесі. Арнайы бөлімдердің дайындаған материалдары бойынша КПСС ОК "Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілеріне интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы" қаулыны бақылаудан алу және Алматыдағы 1986-жылдың желтоқсанында жаппай қоғамдық тәртіптің бұзылуын қазақ ұлтшылдығы көрінісі деп бағалау қате деп табылсын" деген қаулы қабылдады. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы ұйымдастырған комиссия "1986-жылы 17-18 желтоқсанда Алматыда болған оқиғаларға байланысты жағдайға түпкілікті баға беру туралы тұжырым" қабылдайды. Онда бірқатар облыстарда және Алматыда 1986-жылы желтоқсан-да болған қазақ жастарының толқуы ұлтшылдық емес еді, бұл Конституцияда кепілдік берілген және қайта құрумен заңдастырылған әрбір адамның азамат-тық және саяси позициясын еркін білдіру көрінісі еді деп көрсетеді. Осындай адам бойындағы даралықты, шығармашылыққа деген еркіндікті мойындаған демократиялық елде ғана тәуелсіздікке ауадай қажетті бірлік те, ынтымақтас-тық та нығая түседі. Адамдар қоғамдағы қарапайым тобыр мүшесіне, бұқара-лық мәдениет

өкіліне айналмайды, олар бұл тіршілікте өзіндік лайықты өмір жолы бар, еркін азаматтар қауымдастығына айналады.

Егемендік алған Республикамызда дағдарысты экономика мәселелері дұрыс шешілмеген, ұлттық қатынастар, ұлттық кадр дайындау, білім беру, жастар тәрбиесі ісі туралы көптеген мәселелер әлі өз шешуін таппай,, баспасөз бетінде түрлі пікір-таластар туған еді. 1991 жылы көктемде Мәскеуден саяси-идеология қызметкерімен бірге болашақ саясаткерлер мен заңгерлер, тарихшы-лар мен журналистер, экономистер дайындалатын білім ордасы - ҚазМУ-ге, қазіргі Қазақ ұлттық университетіне келіп, ашық пікіралысуға шақыруы Н.Ә.Назарбаевтың белшешкен істен тайынбас қайсарлығын, көрегенділігін тағы бір дәлелдеп өтті. 1989-90 жылғы кездесуден кейін ақылды, іскер, талапты да талантты жастарды Республиканың күш-қуатын нығайтуға, шетелдерде жан-жақты терең білім алуға шықырған өзінің ұсынысын орындауға үлкен мән бергені және оны бұлжытпай іске асыруы туралы айтпасақ та белгілі. Үкімет пен мемлекеттік басқару аппараттың қанша жастар жұмыс істеуде, қаншама жастар шетелдерде өз мамандықтары мен білімдерін жетілдіруде. Тіпті мен өзім оқыған ҚазМУ-де 1980-ші жылдары студент болған көптеген таныстардың радиотеледидар, баспасөз, ғылым саласы мен жоғары білім беру ісінде, мемлекеттік және Президенттік басқару аппаратында істеп жүргенін көріп қуанамын. Қазақстан Президентімен бірге, жалпы халық та Республикамыздың болашағынан зор үміт күтудеміз.

Өтпелі тарихи кезеңдердегі қоғам өміріндегі өзгерістер билік басындағы жеке тұлғалардың қызметімен тығыз байланыста қаралатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Н.Ә.Назарбаев ұлт тарихының аса жауапты да шешуші кезеңінде саяси билікпен бірге саяси жауапкершілікті де өз мойнына алып, асқан жауапкершілікпен қолындағы саяси билікті негізгі мақсатқа, яғни мемлекет құру ісіне жұмсай білді. Саяси лидер ретінде оның қызметіне баға берілгенде, осы негізгі өлшем есепке алынатын болады. «Тарихты оқыған жақсы, алайда оны жасаған қызықтырақ та көңілдірек» демекші, туасы ақыл мен өмірлік тәжірибе, терең білімнен туған өзіндік ойлау жүйесі мен еңбекқорлық, батылдық пен табандылық қасиеттері Президентіміз Н.Ә.Назарбаевқа мемлекет билігін берік ұстауына мүмкіндік берген болса, тәуелсіздік берген еркіндігіне сенген жас буынның нарық жағдайында да ел ісіне белсене араласуы "Қазақстан тағдыры - сіз бен біздің тағдырымыз" деген тұжырымға /әкелді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.//Казахстанская правда.1988. 12 декабрь, 2 -с.
2. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы.Алматы, 1992
3. Қазақстан жолы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 15 желтоқсан.
4. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.- 272 б.
5. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: - Атамұра, -1999.-296 б.

ӘОЖ 94 (570) «1985-1995»

Қайырханова Ф.К.¹, Арипова А.М.²

т.ғ.к., доцент¹, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.²

1986 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ЖЕЛТОҚСАН ҚОЗҒАЛЫСЫНА 30 ЖЫЛ

Бүгінгі таңда республикадағы этносаяси жағдай көптеген көрсеткіштер бойынша біршама тұрақты болып саналады. Алайда, этностар арасындағы қарым-қатынастар өзгеріп отырады, этникалық саясатты жүзеге асыру барысында осы жағдайды ескерген жөн. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу процесінде этносаяси жағдайдың өзгеру ерекшелігін, осы қатынастардың эволюциясынан айқын көруге болды. Егер еліміздің егемендікке ие болған алғашқы кезеңінде ұлтаралық қарым-қатынасты шиеленістіруге қайтсе де әсері болатын этникалық сана-сезімнің өсуі байқалса, ұлтшыл және империялық көзқарастар пайда болып, нығая түссе, мемлекетті этнизациялау тенденциясы пайда болса, кейінгі кезеңдерде, мысалы

Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылып, 1995 жылы Мемлекеттің Негізгі Заңы — Конституциясы қабылданғаннан кейін, этностар қарым-қатынастары мәселесінде оң өзгерістер айқындала бастады.

Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздік мәртебесіне қол жеткізген кезеңнен бері әртүрлі ірі кикілжіңдерден, қақтығыстар мен тартыстардан аман. Ондай теріс векторлы үрдістерден қорғап келе жатқан рухани күшіміз халқымыздың бірлікке деген ұмтылысында екенін ұмытпауымыз керек. Бастапқыда халық ішінде елімізде тұрақтылықтың сақталуы көп дәрежеде Н.Ә.Назарбаев билік басында тұрғандықтан, дұрыс саясаты салдарынан деген сөздер болған. Тіпті Н.Ә.Назарбаевтың көптеген белсенді сыншылары оның арқасында Қазақстанның көптеген бұрынғы кеңес республикаларында болған этникааралық ұрыс-таластардың құрбаны болмағанын мойындауға мәжбүр болды.

Қазақстанның отарлық бұғауға түскен кезеңінен, яғни XVIII ғасырдан басталатыны белгілі. Отан тарихындағы ұлт-азаттық қозғалыстың хроноло-гиялық шеңбері осы уақытқа дейін кеңестік ресми тарихтануда белгіленген мерзімнен, яғни 1916жылғы бас көтерумен шектелмейді. Ұлттың азаттығы, ел тәуелсіздігі жолындағы ұлт зиялыларының күресі XX ғасыр соңына дейін жалғасып, 1991жылы Қазақстан тарихында мүлдем жаңа тарихи кезеңнің басталуымен сипатталады. Биылғы жылы Қазақ тарихында ұзақ жылдар мен ғасырларға созылған тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестің соңғы кезеңі, нәтижелері, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығы, 1986 жылғы ұлт-азаттық Желтоқсан қозғалысына 30 жыл толып отыр. Желтоқсан оқиғалары тұсындағы империялық Орталықтың әрекеті 1916 жылғы патшалық биліктің Қазақстандағы көтеріліс ошақтарын басып жаншуға бағытталған әрекеттерін еске салатын еді. Мәселен, біріншіден, Қозғалысты тез басып тастауға басқа қалалардан арнайы дайындықтан өткен әскери күштер Алматыға жіберілді. 1916 жылы қазақ елінің қарсылығын басу үшін таңдаулы әскер қолдары Қазаннан, Пермнен, Орынбордан алдырылған болатын. Екіншіден, 1916 жылғы көтеріліс қарсаңында және көтеріліс тұсында патшалық билік Қазақстанға келіп қоныстанған орыс және басқа европалық шаруаларды саналы түрде қаруландыру шараларын іске асырды. Алматыда да көтеріліс күндері ҚКП ОК-нің, облыстық және қалалық партия комитеттерінің нұсқауымен Алматыда халық жасақтары үшін темір арматураның кесектерінен, резинкадан жасалған кабельдерден, шынжырлардан арнайы қару дайындалды. Басқарушы билік пен Қазақстан жеріне қоныс аударып келген келімсектер екеуінде де өзара бірін-бірі қолдады. Кеңестік биліктің қазақ халқына опат әкелген қателікке толы саясатына қарсы соңғы бас көтеруі 1929-1931 жылдары, яғни қазақ шаруаларының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күрт күйретуге бағытталған большевиктер реформасына қарсылық түрінде көрінген күресінен кейін де жарты ғасырдан артық уақыт өтті. [1] Яғни одан 55 жыл өткенде жаңа буын жас үшінші ұрпақтың тоталитарлық кеңестік билікті ыдыратуға әкелген ұлт-азаттық Желтоқсан қозғалысы 1991 жылы еліміздің егемендік алуына, тәуелсіз мемлекет құруына, ұлттың бірігуіне қол жеткізді.

Енді тарихи кезеңдердегі ұлт зиялыларының ел тәуелсіздігі жолындағы күресінің негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Белгілі дәрежеде 1916 жылғы көтерілістің өзі де жүйелі мақсаттықтан туған емес, төтеннен басталған, осы мезгілдегі ұлт өмірінің көш бастаушысы ұлт зиялыларының еркінен тыс өрбіген тарихи құбылыс болатын. «1916 жылғы патша жарлығына қарсы бүкілхалықтық наразылық, 1917 жылғы төңкерістік сілкіністер кезіндегі барлық әлеуметтік топтар танытқан саяси белсенділік ең алдымен қазақ оқығандарының, ұлттық шығармашылық зиялыларының ағартушылық қызметінің ең ірі нәтижелері болатын». [2] Қазақ жерінде патшалық империяға қарсы күресте мақсаты шын мәнінде ұлттың азаттығы, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы ұлттық күштерді біріктірген саяси қозғалыс 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде басталды. Осы жылдың ортасында Алаш партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясының (Қоқанда), ал оның артын ала Алаш-Орда өкіметінің (Орынборда) құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. Аталған құрылымдар 1918-1919 жылдары империялық күштер тарапынан зорлықпен таратылғанымен, азаттық идеясын ұстанушылар саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Алаш қайраткерлері ұлт мүддесі үшін күресін мүлдем

жаңа саяси жағдайда, яғни өздері тұтқынға алынып, сотталған 1920-30 жылдардың соңына дейінгі кезеңде де жалғастырды.

Ұлттық идеология дүние жүзінің отарлық езгідегі көптеген елдерінде қалыптасты. Басқада елдердегі ұлт зиялылары отарлық мешеуліктен арылмай, өз халықтарының тұрмысын жаңа сапаға көтеру мүмкін еместігін анық сезінді. Осындай әлемдік үрдістер біздің елде, қазақ топырағында да жүрді. Осы негізде концептуалдық тұрғыдан «қазақ ұлтшылдығы» өмірге келді. Қазақ жерінің табиғи байлықтарын емін-еркін иемдену, ал халықтың өзін орыстандыру процесі жүріп жатты. Осының бәрін көріп және түсіне отырып қазақ саяси тобы үнін шығармауға тиіс болды. Олар әбден негізді «қазақ ұлтшылдығы» идеясын қалыптастырды. Халықтың осы кезеңдегі ауыр жағдайы, олардың күйзеліс пен ашаршылыққа ұшырауы республикадағы көптеген ұлт зиялыларының және халық тағдырына жаны ашитын барлық адал адамдардың ашу-ызасы мен қарсылық-наразылығын тудырды. Алайда, қаһарына мініп келе жатқан кеңестік репрессиялық аппарат оларды барынша тұқыртып ұстауға негізделген болатын. Ал егер қарсылық танытса «ұлтшыл», ретроград атанып, репрессияға алынуы қалыпты құбылысқа айналды. Сөйтіп әрбір Азамат отанына, әділдікке араша түсу құқынан айрылды. Қазақстанның саяси тарихы үшін сол кездегі қалыптасқан және алмасып отырған қоғамдық жағдайдағы әрекет еткен саяси күштердің ерекшеліктерін анықтаудың да маңызы зор. Мағжан ақынның «Ұлт үшін жаным садаға» дегеніндей, елім деген азаматтардың өркениетке ұмтылған жұртын, өзгелермен тең ету жолындағы жанкешті қызметке әзірлігін білдіретін ұстаным болатын. Яғни ұлтшылдықтың екінші түрі, аяқ астынан сусып кетіп бара жатқан жерін қорғау, ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру үшін күрес деген мағынаны береді. Егер мемлекеттігің болмаса, сен ештеңеге де ие бола алмайсың. Жерің де, салт-дәстүрің де, жалпы ұлттық құндылықтарың-ның бәрі де адыра қалады. Қысқасы, өзің кіріптар болған мемлекеттің құрамына сіңіп, ұлттық болмыс-сипатыңнан мүлдем айырыларың хақ. Сондықтан «қазақ ұлтшылдығы» бұл – қорғаныстық сипаттағы ұлтшылдық. Әлемдік азаттық қозғалыс арнасында өмірге келген «қазақ ұлтшылдығы» концептуалды деңгей-дегі гуманистік мазмұн- сипатта қалыптасып, ұлт зиялыларының сеніміне ие болып, олардың күрес қаруына айналды.

Әрине, жаңа биліктің ұлт саясатына нұқсан келтіретін мұндай қауіпті көріністерді партия және өкімет басшылығы өз назарынан тыс қалдырды деп айту қиын. Мәселен, партияның X-съезінде (1921-ж.) ұлт саясатына байланысты қабылданған қарарда былай делінген: «бір жағынан шеткері аймақтарда қызмет істейтін, «державалық» ұлт өмір сүріп тұрған жағдайларда өскен және ұлттық езгіні білмеген великорос коммунистері партия және кеңес жұмыстарында ұлт өзгешеліктерінің көбіне кішірейтіңгіреп жіберді немесе олармен мүлде санаспайды, сол халықтың таптық құрылымының, мәдениетінің, тұрмысының тарихта бастан кешкендерінің өзгешеліктерін өз жұмысында есепке алмайды, сөйтіп партияның ұлт мәселесіндегі саясатын тұрпайылап, бұрмалайды. Бұл жағдай коммунизмнен ұлы державалыққа, отаршылыққа, великоростық шови-низмге қарай тартатын уклонға апарып соғады. Екінші жағынан, жергілікті тұрғын халықтан шыққан, ұлттық езгінің ауыр дәуірін басынан кешірген және сол ұлттық езгінің елесінен әлі де толық арылып болмаған коммунистер партия және кеңес жұмысында ұлт өзгешелігінің маңызын көбінесе асыранқырап жібереді, еңбекшілердің таптық мүдделерін көлеңкеде қалдырады...». [3]

Ұлттық саясатта осы екі ағыммен бірдей күрес жүргізу қажеттігін айта келіп, съезд «ұлтшылдықтың және, ең алдымен, отаршылдықтың коммунизм-дегі бұлталақтарын жоюды партияның шеткері аймақтардағы ең маңызды міндеттерінің бірі» екендігін баса көрсеткен болатын. Бірақ, Қазақстан сияқты республикаға орталықтан келген кадрлардың қайсыбірі өз қызметінде съезд ұсынған бұл принципті басшылыққа ала қоймағандығын дәлелдейтін мысалдар аз емес. Ұлттың бас көтерер жетекші саяси топтарына қарсы ауық-ауық репрессиялық науқандарды жүргізіп отыру патшалық және кеңестік жүйелердің қалыптасып қалған үйреншікті шараларының бірі болатын. Тек XX ғасырдың өзінде ғана биліктің репрессиялық актілері 1907-1911, 1916-1922, 1925-1926, 1927-1932, 1933, 1937-1938, 1951-1954 жылдары

іске асырылды. Яғни репрессия перманентті түрде, бірде жабық-жасырын, бірде ашық, бірақ үзіліссіз жүргізіліп отырды. Тарихи фактілер соған мензейді.

Ал Академик К.Н.Нұрпейіс Қазақстандағы саяси репрессияны жан-жақты кең көлемді түрде алты кезеңге бөліп қарастырып, әр кезеңге анықтама төмендегідей береді: [4] - *бірінші кезең* - 1917-1920 жж. Бұл кезеңде кеңес өкіметі орнағаннан кейін азамат соғысы басталып, қоғамның «ақтар» мен «қызылдарға» бөлініп, бірін-бірі қудалағанын; - *екінші кезең*- 1920-шы жылдардың екінші жартысы. Бұл кезең жаппай моралдық репрессиямен ерекшеленіп, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қалыптасып, Кеңес өкіметі жағына өтіп, 1919 жылы Алашорда қозғалысына қатысып амнистияланған, қазақ демократиялық интеллигенция өкілдеріне қарсы бағытталды. Осы кезеңде Қазақстанға Сталиннің төңірегіндегі және оның көңіліне жақпаған жекелеген мемлекет қайраткерлері мен ғалымдар жер аударылды. Осы кезеңде Қазақстанға Троцкий, ғалым-аграрниктер Чаянов, Кондратьев, т.б. жер аударылды;

- *үшінші кезең* -1920 жылдардың соңы 1930-шы жылдардың басын қамтиды. Бұл кезеңде алаш қозғалысына қатысқандарды жаппай тұтқындау, 1931 жылы ауылшаруашылық өнімдерін күштеу жолымен жаппай даярлап тартып алу, дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуды тежеп, ұжымдастыру барысында заңсыздық белең алып, ол күштеумен ұласып, апатқа әкелді;

- *төртінші* – 1937 жылмен басталып, Кеңестер Одағының ұлы Отан соғысының аяқталуымен сәйкес келеді. Репрессияның бұл жылдары социалистік құрылыстың халық жауларымен және сатқындарымен арадағы күреспен ерекшеленді; Қазақстан лагерлер аймағына айналды. Соғыс қарсаңында және соғыс жылдары республикаға тұтастай халықтар депортацияланды;

- *бесінші* 1940-шы жылдардың ортасынан 1950-ші жылдардың басы. Соғыс жылдары фашистік концлагерлердің тұтқындарына айналған кеңес солдаттары, жау оккупациясында болған кеңес қалалары мен селоларының халқы да қуғындала бастады. Ғылым, өнер, әдебиет, медицинадағы «буржуазиялық ұлтшылдар» мен «тексіз космополиттерді» жаппай қудалау жүргізілді; 1951 жылдың күзінде Қазақстан КП(б) ОК-нің VIII пленумында Қ.И.Сәтбаев «буржуазиялық ұлтшылдардың қамқоршысы», «большевиктік сынды бүркемелеуші» деп айыпталды.

- *алтыншы* – 1960-80-шы жылдар. Бұл кезең тоталитарлық жүйенің диссе-денттікпен және хрущевтік жылымықпен байланысты «қазақ ұлтшылдығымен» күресі кезеңі, ол Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларымен жалғасты.

Таза тоталитарлы мемлекетте қоғамның саяси жүйелерінің бірде-бір саласы еркіндікте болмады, бәрі қатаң бақылауда өмір сүрді. Тоталитарлы тәртіпте жаппай террорлық полицейлік бақылауға жол беріледі. Бұл тәртіпте полицейлік бақылау, күш қолдану қысым жасау басты әдіс болып табылады. Жалған интернационалистік қағидалармен қаруланған әміршіл жүйе өз саясатын жүргізуге лайықты, оны қолдап-қолпаштайтын жасанды идеология-ның қызметіне сүйенді. Билік басындағыларға халық мұңын жеткізу мүмкін болмады. Ақиқат бұрмаланды. Тарихтағы сол бұрмалаушылықтың зардабы күні – бүгінге дейін осы халықтың қоғамдық даму жолына зиянын тигізіп келеді.

Қазіргі таңда бұрын зерттеуге тыйым салынған ұлттық тарихтың құндылықтары терең талдау арқылы ой елегінен өткізіліп, өзінің лайықты бағасын алуда. Осы шындықты халқымыз тек тәуелсіздігін алған сәттен бастап қана оқып, білуге мүмкіншілік алды. Бүгінде өз тарихымызды жан-жақты білу және зерделеу, тәлімінен үйрену, одан сабақ алудың келешек үшін маңызы зор болып отыр. Осы өткен тарихи оқиғалардың маңыздылығы туралы өзінің "Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын" деген еңбегінде Елбасы Н. Назарбаев: "Яғни өткенімізді тұтас күйінде, ешқандай боямасыз, қоспасыз, қаз-қалпында қабылдағанымыз لازым. Ал өткен жылдар шежіресін үнемі әрі бұрмалаусыз зерделеп отырудың жөні бөлек. Мұның өзі өткендегі тәжірибенің жақсысынан үйрену үшін, ескі қателіктерді қаулата бермес үшін, жаманнан жирену үшін қажет," - деп баға берген болатын [1]. Тәуелсіздік алған соң, ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев 1991 ж.12 желтоқсанда «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін

жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» жарлығында «... Имандылық, объективтілік және әділеттік принциптерін басшылыққа алып, қаулы етемін:

1. 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар ақталған деп саналсын.

2. Қасақана кісі өлтіріп, қылмыс істегендер азаматтар үшін бұл жарлық қолданылмайды.

3. Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарды жазалап, соған байланысты наградталған әскери қызметкерлер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік наградтау туралы жарлықтарын жою туралы ұсыныс енгізілсін.

4. 17 желтоқсан – демократиялық жаңару күні деп жариялансын. Бұл жарлық қол қойылған соң күшіне енеді,» - деп тарихи шешім қабылдаған болатын. [5] Осындай әділетті шешімдерден кейін қазақ халқының тарихында жақсы жаққа түрлі өзгерістер белең алды. Осыған байланысты Қайрат Рысқұлбековтың отбасысы есімі ел есінде мәңгі қалған, әлі он екіде бір гүлі ашылмай қыршын кеткен боздақтың қабірінің басына ескерткіш құлыптас орнатып, Қайраттың рухын қастерлеп, алқалы жиын өткізіп, үлкен ас беріп, аруақты сыйлап, ардақ тұтқаны үшін Қазақстан халқына ыстық жүректен шыққан ыстық алғысын «Семей таңы» газетінде хабарлаған. Шымкент облысындағы Жетісай қаласындағы орталық саябаққа Қайраттың есімі берілгенін айта өтіп, Семей қаласынан бір көше атын беруін сұраған болатын. [6]

Біз тоталитаризмнен демократияға өткен мемлекетте өмір сүре отырып, шын мәнінде өткен жүйенің қаншалықты қасірет әкелгенін түсінеміз. Қоғам өміріне еніп жатқан жаңа ойлар мен идеялар жылдар бойы кеңестік насихаттаулар арқылы қалыптасқан сананы бір мезетте өзгертпейді. Ұрпақтар алмасуы, тәуелсіз еліміздің жастары ғана бүкіл адамзаттық құндылықтарды қабылдап, жаңа жүйеге өтуге мүмкіндік алу арқасында бұл міндет үдесінен шығуға болады. Кеңестік тоталитаризмнің жүргізген ең ауыр шарасы - саяси репрессиялар. Біздің ойымызша, саяси қудалау тоталитарлық жүйенің ұлттық сана - сезімді күйретуге арнаған бағыты еді.

Міне, сондай көкейкесті шытырман оқиғаларға, саяси науқандарға толы тарихи кезең - ол ХХ ғасыр, оның ішіндегі Кеңестер Одағының социализм құруды іс жүзіне асыруды қолға алған жылдар. Тоталитарлық мемлекет тарихы мен оның жұмыс істеу тетіктерінің мәселелерінің зерттелуі тақырыптың ерекше маңыздылығынан туындаған, өйткені тоталитаризмнің жойылуы болашақта халықтың демократиялық қағидалар негізінде өмір сүруіне мүмкіндік ашады. Демократиялық қоғамның дамып өркендеуі үшін тоталитаризм мәселесін зерттеудің саяси-құқықтық тұрғыдан алғанда маңызы зор. Жалпы ұлттық келісім саясаты тоталитарлық жаппай қуғын-сүргін саясатына түбірінен қарама-қайшылықта. Мұның екіншісі қоғам өмірінде жоғарыдағылардың көзқарасын жалпы халыққа барлық тәсілдермен күштеп таңып, оларды жеке көзқарастарынан айнуына мәжбүр етеді, сонымен қатар басқа идеялық тұғырдағы өкілдердің көзін жою әрекеттеріне дейін барады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынын-да» кітабында: «Ұлттық сипаттың барлық көріністері үшін тоталитаризм әсіресе апатты болды. Жүздеген және мыңдаған жылдар бойындағы ұлттық тарих оның небір нәзік, небір айшықтарымен қоса соншалықты өрескел озбыр-лыққа душар болды. Небір кеменгер билікшілері мен небір ғажайып өнерпаздары бар қазақ даласының нақты тарихы бүкіл дүниені түп-түгел қайта құрудың жаңа доктринасы шеңберінде түк құны жоқ қайдағы бір «жабайы тағылық» ретінде қайта жазылды. Ұлттық сананы қорлап, жер қылған осы содырлы нұсқадан біз әлі арыла алмай келеміз», - деп тарихты танып-білуге таптық әдістің тигізген зардабы турасында жазған еді [3].

1991 жылы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде толық құқылы субъектілігін рәсімдеген тарихи оқиғадан кейін Қазақстан Республикасындағы қоғамның саяси жүйесін реформалау бағыты тұтастай алғанда әлеуметтік-саяси үрдістердің демократиялық құрылымға көшуіне жағдай жасады. Бұл үдерісті демократиялық транзит ретінде анықтай отырып, сонымен қатар осыған дейінгі қоғамның даму кезеңдерін зерттеудің өзектілігін

ұмытпағанымыз абзал. Себебі, ХХ ғасырдың 20-30 жылдары кеңес өкіметі сырт көрінісінде «социалистік-демократиялық» жүйені қалыптастыруға тырысқандай болып көрінгенімен, шын мәнінде тоталитарлық қоғам құруға негізделгендігін анықтауға болады. Негізінде, қазіргі жалпы ұлттық келісім саясатын бүгінгі күннің ағымы контекстінде ғана емес, сонымен қатар тоталитарлық жаппай қуғын-сүргін саясаты позициясымен салыстыра отырып бағалау орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. - Алматы: "Атамұра". - 2007. - 570 б. 7-б.
2. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. Алматы, 1992.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: - Атамұра, -1999.-296 б.
4. Нұрпейсов К.Н. Алаш һәм Алаш Орда. Алматы, 1993
5. // Семей таңы. 1991. 14- желтоқсан, №236 (16636). 1-б
6. // Семей таңы. 1991. 1- қазан, №184(16534). 1-бет

ӘОЖ 94 (570) «ХҮ-ХҮІ ғғ.»

Қайырханова Ф.К.¹, Оразбекова М.Д.²

т.ғ.к., доцент¹, магистрант², Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты Отандық тарих ғылымы да идеологиялық шырмаудан құтылып, үстем идеологияға емес сол тарихқа жасаған халықтың өзіне қызмет етуге бет бұрады. Тәуелсіздік алған жылдары тарих ғылымы барлық салалар бойынша даму жолына түседі. Сондай саланың бірі- деректану ғылымы. 20-ғасырдың 90- жылдары мен 21-ғасырдың алғашқы жылдары ортағасырлық Қазақстан тарихының мәселе-лерін жан-жақты көрсететін көптеген деректер қазақ тіліне аударылды және араб, парсы тілдерінен орыс тіліне аударылды. Олардың қатарына ХҮІ-ХҮІІ ғасырда түрік тілінде жазылған төл деректердің бірі Әбілғазының "Түрік шежіресі", Бабырдың "Бабырнамасы", Қ.Жалайырдың "Жылнамалар жинағы", Өтеміс қажының "Шыңғыснамасы", М.Х. Дулатидің "Тарих и Рашидин" жатқызамыз. Және де Қазақ хандығы туралы ұйғыр, араб жазулы ескерткіш-терінде де сақталып, ұлағатай тілінде де жазылғаны белгілі. Әсіресе М.Х.Дулатидің "Тарих и Рашиди" еңбегі орыс тілінде екі рет жаңа түпнұсқадан қазақ тіліне алғаш аударып жарыққа шығуы деректану ғылымының жетістігін көрсетті. Осын-дай деректердің негізінде Қазақ хандығының құрылуының кейбір мәселелері алғаш рет тарихшылардың назарына іліне бастайды. Ал кейбір мәселелер туралы нақты ой пікірлер айтылады. Бұнда ескерте кетсек, біз қазақ хандығының құрылуының деректері мен тарихнамасының мәселелерін бұл жерде қарас-тырмаймыз. Бұл мәселелер өте ауқымды болғандықтан ол арнайы түрде жесе қарасты-руды талап етеді. Біздің қарастыратынымыз тарихи процестердің өз мәселелері ғана.

Тарихта «Қазақ хандығы», «Қазақ ұлысы» деген сөз бар. Жалпы, осы хандық деген сөз біздің бүгінгі мемлекет деген ұғымымызды бере ала ма? «Қазақ хандығы» деген сөз бұл тәуелсіздікпен ұғымдас, мағыналас сөз болып есептелінеді. Алғаш бұл сөз «ел» деген мағынада қолданылды. Мысалы Үйсін елі, Қаңлы елі дегендей. Кейіннен «ел» деген ұғымды «қағандық», «қағанат» деген атаулар алмастырды. Ал, Шыңғысхан жорығынан кейін бұл аймақ «ұлыс», «орда» деген атаулармен белгілі бола бастады. Осылайша эволюция-лық сатыдан өткен ұғым. Сондықтан хандық сөзі қазақ мемлекеті деген ұғымды білдіреді деп есептейміз. Біздің осы қазақ мемлекеттігінің құрылуына байланысты бірден бір дерек жазба Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-рашиди» еңбегінде сақталған. Онан кейін осы тақырыпты Махмут Ибн Уәли деген тарихшы қозғайды.

XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуы - Қазақстан аумағында ежелден бері жалғасып келе жатқан этникалық процестің мәдени, рухани дамулардың мемлекеттіліктің дамуының және 14-15 ғасырлардағы саяси просестердің заңды қорытындысы болып табылады. Сондай-ақ қазақ халқының құрылуының Евразия тарихында алатын тарихи маңызы ерекше. Күн сайын еліміздің мемлекеттілік тұғырының нығаюы бүкіл әлем алдында саяси және экономикалық беделінің өсуі Республикамыздың халықаралық аренадағы ролін айқындап отыр. Бүкіл дүниежүзі алдында қазақ мемлекеті өзінің дербестігімен және әртүрлі халықаралық саясаттағы ролімен көзге түсуде. Міне сол себепті де қазіргі мемлекетіміздің 15 ғасырдағы бір көрінісі, бір белесі болып табылатын қазақ хандығының тарихы, оның ішінде оның құрылуы кімді болса да қызықтырады анық.

Өкінішке қарай, біздің кейбір тарихшылар Жәнібек пен Керейдің Ақорда аймағынан – Көшпелі Өзбек ұлысынан бөлініп шыққан себебін сан саққа жүгіртеді. Бірі: «Әбілхайырдың Сығанақ түбіндегі қалмақтардан жеңілуімен байланысты» десе, енді бірі «Қара қыпшақ Қобыландының арғын биі Дайыр Қожаны (Ақжол би) өлтіруіне байланысты елдің екіге жарылуы», – дейді. Ал, бұл мәселе Шайбан әулеті мен Жошы әулетінің таққа таласуынан келіп шыққан. Керей мен Жәнібек – Жошы хан ұрпақтары. Керей – Тоқтамыс және Темірмен теке-тірескен Орыс ханның немересі. Жәнібек – Алтын Орданың соңғы ханы (1428-жылы қайтыс болған) Барақтың тұқымы. Ал, Әбілхайыр болса кіші бұтақтан тарайтын ұрпақ болғандықтан хандық таққа Жошы ұрпақтары отыруы керек еді. Шайбан сонау Бату хан тұсынан кіші ұлысты басқарған адам. Мұнда Орда Еженнің жолы үлкен. Сондықтан Шыңғысханнан бері келе жатқан дәстүрмен қарағанда Керей мен Жәнібектің жолы үлкен еді.

Енді осы Керей мен Жәнібекке ілесіп келген кімдер еді, қандай ру-тайпалар дегенге келейік. Қадырғали Жалайри 1602 жылы жазған «Жамиға-ат тауарих» еңбегінде «Алаш үш сан еді, үлкені Жалайыр» деп жазады. М.Х. Дулатидің «Тарих – и Рашиди» мен «Раузат ас – сафаның» дерегіне қарағанда, ХІҮ – ХҮ ғасырларда Іленің сол жағасында және Янги (Тараз) ауданында керейттер, Шу өзенінің оң жағасында арғындар мекендеген. Жалайырлар Қаратау баурайын, орта Сырдария өңірі мен Жетісуді қоныстанған. Сонымен қатар М.Х.Дулати-дың, «Шайбанинама» және тағы басқа деректемелердегі мәліметтерге қарағанда, қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығы-на Қасым хан тұсында біріктірілген. Ал, кейін Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығының нығаюы алты сан алаштың арқасы. Алаш қауымдастығы қазақ қауымдастығынан бұрын құрылған. Солар екі сұлтанды қолдағаннан кейін ғана хандық құрылды. Кез келген мемлекетті халық құрады. Міне, осы айтылғандар-ды қорыта отырып, қазақ хандығының құрылған уақытын 1465-1466 жылы деп есептеуіміз керек.

Қазақ хандығының құрылуы ұзаққа созылған этно-мәдени, рухани және саяси дамулардың нәтижесінде жүзеге асқандығы белгілі. Қазақ хандығы-ның құрылуы белгілі бір дәрежеде тарихи процестердің заңды қорытындысы болғандықтан оның тарихи алғы шарттары болады. Енді қысқаша түрде осы факторларға назар аударсақ, алдымен қазақ хандығы құрылуының этникалық алғышарттары туралы. Кез-келген мемлекет белгілі бір этностың әлеуметтік территориялық ұйымы және қоғамның ішкі және сыртқы қатынастарын реттейтін басқару жүйесі болғандықтан этнос-мемлекет бір-біріне етене тығыз ұғым болып саналады. Қарапайым тілмен айтсақ мемлекетті этностар туғызады. Ал мемлекеттер этностың дамуына өркендеуіне жағдайлар жасайды. Осы қағиданы қазақ халқы мен қазақ хандығына қолданып көрсек, онда қазақ хандығын дүниеге әкелген қазақ этносы болып шығады. Ал тарихи деректерде қазақ этносы қазақ хандығы құрылғаннан кейін жүзеге асқан деп баяндалады. Әрине деректің авторлары орта ғасырдың адамдары болғандықтан олар тарихи процестің алғышарттарына терең бойламай, тек тарихи болмысты немесе объектіні баяндайды. Этнос-мемлекет принципіне сүйеніп біз қазақ хандығын дүниеге келтірген этникалық процестің дамуы деп түсіндіреміз. Яғни бұл жерде Дешті Қыпшақтағы тайпалар өз дамуының белгілі бір сатысында жаңа мемлекеттік жүйені қажет еткен. Ол қазақ хандығы болған. Қазақ хандығы құрылуының этникалық алғышарты деп аталатын бұл мәселе терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақ хандығы құрылуының келесі бір алғышартына діни-рухани фактор-лар жатады. Кез-келген этнос немесе этносты құраған ру-тайпалар жиынтығы өздерін нақты бір этностың мүшесіміз деп санайды және басқа этностардан ерекшелендіріп көрсететін нәрсеге олардың ру-тайпалық санадан жоғары тұрған халықтың санасы жатады. Ал халықтық сананың пайда болуына діни фактор мен рухани факторлар жетекші роль атқарады. XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында болған діни-рухани дамуларда ислам дінінің Алтын Орда мен Ақ Орда мемлекетінде ресми дінге айналуы шешуші роль атқарды. Бүкіл Дешті Қыпшақтағы тайпалардың толығымен және түпкілікті түрде мұсылманданып, ортақ бір дінге сенуі Аллахты ортақ құдай деп тануы, Мұхаммедті ортақ Пайғамбар деуі, құранды исламның ортақ қасиетті кітабы деп білуі, сондай-ақ шарифат жолының бүкіл тайпаға бірдей болуы ру-тайпаларды ортақ діни кеңестікпен қатар, ортақ рухани кеңестіке енгізеді. Осылардың нәтежесінде ру-тайпаларда ру-тайпалық санадан жоғары тұрған жаңа сана қалыптасады. Міне, осы сала этникалық процесті жаңа деңгейге көтеріп, соған сай мем-лекетті қалыптастырады. Яғни, бұл мәселеде қазақ хандығының құрылуының алғы шартын болашақта терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақ хандығының құрылуындағы келесі алғышарттарға монғолдық фактор немесе моғолдар енгізген мемлекеттік жүйенің тікелей әсері жатады. XIII ғасырдың басында монғол жаулаушылығы нәтижесінде Дешті Қыпшақ-та саяси және әкімшілік жағдайлармен қатар мемлекеттік жүйесі де өзгереді. Бұрынғы монғолдарға дейінгі Дешті Қыпшақтағы қыпшақ мемлекеттігі ерте ортағасырлық феодалдық қатынастарға негізделмегендік-тен, ондағы билік түрлері, олардың бір-біріне қарым-қатынасы бір-біріне тәуелді болды. Ал Шыңғыс хан енгізген мемлекеттік жүйеде бұл жағдайлар басқаша көрініс тапты. Мұндағы билік түрлері ішінде хандық биліктің басқа түрлерінен жоғары тұрды. Биліктің басқа түрлерін өзіне тәуелді етті немесе атқарушы билік биліктің басқа түрлерін функционаларын өз қолына алды. Сөйтіп нәтижесінде 13-15 ғасырларда мемлекеттіліктің нығайтылған түрі өмір сүрді. Мұндай мемлекеттік жүйе халықтық санаға жете бастаған ру-тайпаларды басқаруда тиімділік көрсетті. Яғни халықтық деңгейге көтеріле бастаған этникалық процеске сай болуы үшін осындай нығайтылған мемлекеттік жүйе қажет болатын. Мұндай жүйенің қалыптасуын монғолдық мемлекеттік жүйе қамтамасыз етті. Сондықтан мұндай жүйені монғолдық фактордың тікелей әсері деп есептейміз. Бұл мәселені де ғылыми тұрғыдан терең зерттеу қазақ хандығы құрылуының алғышарттарын толық білуге мүмкіндіктер береді.

Қазақ хандығы құрылуындағы келесі бір маңызды мәселелердің қатарына хандықтың құрылуына қатысты, құрылу процесіне байланысты оқиғалар барысы жатады. Керей мен Жәнібектің көшуі, олардың Моғолстанда орнала-суы, сондай-ақ хандықтың құрылуының қай жылы құрылғандығы жөнінде біршама айтылады. Бұл проблемаларды тереңірек қарастыра келе біз мынадай тұжырымдар жасаймыз: Қазақ хандығының құрылуы бір саяси оқиғамен жүзеге асқан процесс емес, Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдан бөлініп Моғолстанға көшуі тарихи процестегі маңызды оқиғаның бірі және маңыздысы. Қазақ хандығының құрылуы осы тарихи оқидан бастау алатындықтан кейбір зерттеушілер хандықтың құрылу процесіндегі басқа оқиғаларды аңғармайды. Хандықтың құрылуында осы оқиға, яғни Керей мен Жәнібектің көшуі басты рөл атқарса, одан кейінгі ірілі-ұсақты тарихи оқиғалар, сондай-ақ Әбілхайыр хандығы күйрегеннен кейін Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде қазақ хандығы билігі-нің үстемдікке жетуі осы тарихи процесті аяқтаған оқиға деп есептейміз. Бұл хандықтың құрылу барысы шамамен 13-14 жылға созылған тарихи процес-терден тұрады.

Қадырғали Жалаиырдың айтуынша «Ұрысхан ұлы Құйыршықтан соң оның ұлы Барак хан болды. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды. Ақыр аяғында Еділ төңірегіндегі, Жайық бойында, Сарайшық қаласын жақын жердегі Қас наурыз өңірінде апат болды. Оның ұлы кіші Жәнібек хан деп атанған осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі» деп жазды. Сондай – ақ Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде Қасым ханның билікке келуі туралы: «...Оның қуатының өскендігі соншалық Бұрындық ханды қуып жіберді. Бұрындық хан Самарқанға кетіп, Солжақта қайтыс болды» – деп баяндалады. Тарихшы Розбехан Исфхани былай дейді: «Түр-кістанның халқы қазақ саудагерлерімен ешқандай

сауда келісімін жасама-сын олармен осы жердің тұрғындары арасында ешқандай қарым – қатынас және саудагерлердің араласуы болмасын деп ұлы мәртебелі хан (Мұхаммед Шайбани) жарлық шығарды. Ал тағы бір кезде Түркістанның кейбір аудандары мен Хорезм қалаларындағы қазақ саудагерлерін тонау жөнінде болған еді бұйрық та болған еді». Шайбани ханның жорықтары туралы баяндайтын Фазлаллах ибн Рузбехан Исфханидың «Михман наме – и – Бұхара» еңбегінде Бұрындық хан есімі сол тұстағы қазақ ханы ретінде аталады да, Шайбани хан әскерінің шабуылына қарсы тек қана Жәнібек хан ұлдарының есімдері жай айтылады. Шайбани ханның төртінші жорығы Абдаллах Балхидың «Зүбдат ал-асар» еңбегінде баяндалады. Мәуреннахыр әскерлері бұл жорыққа маскара болып жеңіліп, Самарқанға дейін қашып келеді. Шайбани ханның бұл жеңілісіне Абдаллах Балхи мынандай баға береді: «...Шахбахт ханның үлесіне ірі жеңіліс дейді, ең шарықтауға жеткен оның билігі енді құлдырауға түсе бастады».

Қазақстанның ортағасырлар тарихында XV ғасырдың орны ерекше. Біріншіден, көп ғасырлық этникалық үдерістер нәтижесінде қазақ халқы жеке хандық құрды. Екіншіден, құрылған хандықтың алғашқы кезеңінде ауыр жағдайларға қарсы тұра, халық өсімінің негіздері қаланды, тұрғылықты аумақты кеңейте, шаруашылық-мәдени өмірді нығайта алды.

Қазақ хандығының құрылу тарихы XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов зерттеулерінде былайша беріледі: «..ауызша аңыз әңгіме бойынша қырғыздар (қазақтар) Барактың ұлы Жәнібекті өздерінің ханы санайды. Қалай болғанда да, аңыз бойынша Жәнібек Жошы ұрпағынан шыққан қазақтардың бірінші ханы болған... орданың екі жақыны, ноғайлар мен қазақтардың тұрмыстары бірге болған. Жәнібектің билік құрған кезеңі қырғыздың (қазақтың) поэмасында «Алтын ғасыр» ретінде жырланады». Бұл жерде Ш. Уәлихановтың кейінгі тарихи кезеңдегі бір-бірінен ажыраған туыс халықтар, қазақ және ноғайды бірге айтуы да бекер емес-ті.

Хандықтың атауының өзі, тарихи аренаға шыққан ұлттық және бұрын-соңды белгісіздеу жаңа мемлекеттің пайда болуы туралы айғақтады. XV ғасырдың ортасында Орталық Азияның кең даласында өздерін « Қазақ» деп атаған қауымдастық тарихи аренада пайда болып, Қазақ хандығы құрылуымен Қазақстанның (түрік те және Алтын орда дәуірі де емес) жеке тарихы басталады. Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орда, Ақ Орда және Моғолстан сияқты мемлекеттердің даму тарихы мен өмір сүруінің жалғасы болды. Бірақ Орталық Азияның саяси картасында мықты Қазақ хандығының пайда болуының өзі Шыңғыс ұрпағы – Әбілқайыр хан және оның жақын туысқандары Жәнібек (басқа нұсқа бойынша – Абулсағит) пен Керей сұлтандардың есімдерімен тікелей байланысты болды.

XVIII және XIX ғасырларда тілінде, дінінде және антропологиялық типі бойынша да ортақ белгілерін жоғалтқан қазақтар мен казактар арасында бір-бірімен шиеленісті қақтығыстар болды. Олардың арасындағы болған бұрынғы байланыс бірнеше ғасыр бұрын үзілген еді: олар бір-біріне жат және тіпті де танымады. «Қазақ» этнонимін алып жүргендер XIX ғасырда мүлде басқа халықтар болып кеткен-ді. Сонымен қатар, олар бір-біріне қарама-қарсы екі жақта тұрды: біреуі Ресейге қатысы бойынша жері мен мемлекеті тәуелді (қазақтар), кейін отар-лы елге айналғандар, ал келесілері (казактар) – метрополия мүддесіне сай, олардың тілегін орындаушы топ болатын.

Ал Жәнібек пен Керей бастаған қауым әлемге «Қазақ хандығы, қазақ мемлекеті» келгенін көрсетті. Сол заманнан бері Қазақ есімі тарихи санаға, басқа елдерге танымал болды. Қазақ хандығының құрылуы, қазіргі Қазақстан аумағы мен оған шекаралас XIV–XV ғасырлардағы аймақтардағы күрделі этносаяси, әлеуметтік-экономикалық және этномәдени процестердің нәтижесі болып табылады. Бұл процестердің басты нәтижесі, моңғолдық кезеңнен кейінгі мемлекеттер аясында (Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы), біртұтас саяси бірлестік жолында бірігуге қажеттілікке мұқтаж, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына әкелген. XV ғасырдың 60-шы жылдары сұлтандар билігі өздері құрған әлеуметтік құрылымда нығая түсті. Өздерінің көшпелі бірлестіктерге тән белгілері қалыптасты: билер соты, салық жүйесі, аумақтық шекаралары, т.б. Сығанақ қаласы билеушілер ордасы, хандықтың астанасына айналды.

Жұртшылыққа белгілі қазақтардың Алаш деген де атауы бар. Дұрысы «Алаш баласы» ұғымы болуы тиіс. Аңыз-әңгімелер бойынша қазақтың барлық тайпалары мифологиялық Алаш тұқымынан тарайды. Ал шынында осы мезгілге дейін Алаш этнонимінің пайда болуы әлі де жұмбақ. Қазақтың өздерінен басқа құрамына ноғайлар, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақтар, тіпті қалмақтар (ойраттар) кіретін «Алаштың алты баласы» ұғымының қалыптасуы ежелден бастау алған және оның тамыры ежелгі түріктерге немесе Алтын Орда кезеңіне жайылады. Қазір Кавказ ноғайлары бізді «Алаш» деп атайды.

Жас Қазақ хандығы өмір сүруге қабілетті болып шықты. Әбілқайыр өлімінен кейін оның ұлысы ыдырай бастайды, көптеген тайпалар Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткендей, қазақ сұлтандары Керей және Жәнібекке жаппай кете бастайды. Ал 1465-1466 жылдары қазақ хандарының билігі түпкілікті бекиді, Әбілқайыр хандығы аумағының үлкен бөлігі қазақтар жағына өтеді. Мұндай жағдайдың кереметтігі сол, хандық басында бір-бірімен туысқан екі адамның тұруы. Бірақ тарихшылар (М.Әбусейітова, Б.Карибай) тұжырымдағандай, алғашқы хан Керей болған-ды. Жас жағынан да үлкен болған еді, Керейдің өлімінен кейін 1470 жылы билік Жәнібекке өтеді. Жәнібек қайтыс болғанда, хандық билікке Бұрындық келеді. Ескеретін жайт, Қазақ хандығы құрамының түпкі негізі, қазіргі тілмен айтқанда, көпұлтты интернационалды болды. Қазақтардың өздерінен басқа қалыптасушы халықтың құрамына өзбектер, ноғайлар, қырғыздар, қарақалпақтар, қалмақтар, солтүстік кавказ халықтарының өкілдері және араб қожаларының ұрпақтары кірді. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» еңбегінде «Қазақ хандығы» Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығын атап өткен болатын. Және бұл мемлекет бір орталыққа бағынған саяси құрылым болды. Қазақ елінде ешқашан руаралық не аймақтық соғыс болмаған. 2010 жылы Қазақстанның жаңа астанасы – Астанада Жәнібек пен Керей хандарға ескерткіш орнатылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қинаятұлы З. Көшпенділер мемлекетінің пайда болу ерекшеліктері мен типі: қазақ мемлекетінің кезеңге бәлу мәселелері // Қазақ тарихы. – 2006. –№2. – 21-25 бб.
2. Жұматаев Р.С. Көшпенділердің мемлекеттілігіне байланысты қалыптасқан пікірлерге шолу. // Вестник Казахского государственного женского педагогического университета. №2(7), 2012. С. 145-149-156.
3. Меңілбаев Ғ.А., Ермбетова Қ.М. Ежелгі Ордалармен Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығы. // Отан тарихы. 2015. №2. 43-45 бб.
4. Кәрібаев Б. ХҮ ғасырдың ортасындағы саяси жағдай және Қазақ хандығының құрылуы // "Қазақ хандығының Еуразия кеңістігіне саяси және мәдени ықпалы" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 16-қазан, 2015 ж. - Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2015. - 213 б. 153-157 бб.

ӘӨЖ: 94 (574)

Алғалиева Г.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

АЙҚЫН МАҚСАТ, АНЫҚ ЖОЛ

Қазақстан мемлекеттігін нығайтып, өз саясатын тәуелсіз етіп, мызғымас шекарасын белгілеп, территориялық тұтастығын қамтамасыз етіп алды. Дербес ел болу дегеніміздің өзі кез - келген этностың егеменді ел құру арманынан, мұрат биігінен туындайтын көзқарас. Тәуелсіздікке қол жеткізген әр халық өз мемлекетінің іргетасын қалаудан - оны әр кезеңде жаңа сапаға көтеріп отыруға ұмтылуы өмірлік аксиома екені ешбір дау тудырмақ емес.

Ұшқан құстың қанаты талатын қиырсыз кең даланың сайын сағалап, тауын жағалап, тарыдай шашылып жатқан көшпелі халқын көрнекті ел етемін-деп жан алыса, жан берісе жұлқысқан Абылайдан кейін халқымыздың тағдырына зор тауқымет түскен бірнеше ғасырлық бодандық дәуірі келді. Бірақ қаһарман қазақ халқы тәуелсіздік үшін күресін бір сәтте тоқтатқан жоқ. «Қасиетті қазақ жері ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер», - деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тебірене айтуы тегін емес.

Қазақтың арғы-бергі тарихын қарап отырсақ, ел бастаған ханы мен қостаған бұқарасының сан тарау өмір жолдарынан өткендігі жөнінде мол мағлұмат ала аламыз. Дегенмен, сол сан тарау жолда ұлттық қасиетімізді ұлықтап, жеке шаңырақ көтеріп, қазақ деген халықты сақтап қалу тек дана басшылардың ғана қолынан келгені сөзсіз. Ел бастаған хандар мен билердің алып жүрген жүгін артық-кемсіз арқалау бүгінгі күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың иығына түсіп отыр. Абыроймен атқарылып келе жатқан бұл қызметте бүгінгі күні басқа ешкімді елестету мүмкін емес.

Нұрсұлтан Әбішұлының “Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық” деуінде негіз бар. Өйткені, татулық пен бірлікті насихаттап қана қоймай, соның үлгісі болып келе жатқан Қазақстан – әлем тыныштығының тілекшісі. Тәуелсіз еліміздің өркениетті даму жолындағы ұлан-ғайыр ізденістері мен ұлы істері іргемізді бекіте түсуде.

Осының арқасында әр күнімізді бағалайтын салауатты өмірге жеттік. Қалың елі барын базарлап, бағы мен бақытын бөлісіп жататын Қазақстанның тіккен байрағы мен көтерген шаңырағы әлем елдері арасында аяндап келе жатқаны белгілі. Неге десеніз, қазақтың бағына туған Елбасымыздай нар тұлға өмірдің небір жауапты белестерінен елімізді биік дәрежеде алып өтіп келеді. Жоғары тапқырлықпен, жүз ойланып, мың толғанып ақыл-ойын салмақтап, парасат сүзгісінен өткізе отырып қабылданған, Елбасы қол қойған әрбір құжат – Қазақстан болашағына сәтті жасалған қадам. Сол қаламның ұшында тұрған ел тағдырына қаншалықты жауапты екенін барлығымыз да сезінеміз. Нәтижесін де көзбен көріп отырмыз.

Еліміздің еңсесі көтеріліп, белі бекіп, бұғанасы қатқан өсу жылдары да оңайлыққа түскен жоқ.

Қазақстан басшылығы мемлекеттік құрылыс және жаңғырту реформаларын іске асыруда демократияландыру және салауатты экономикалық бәсекелестікті қалыптастыру арқылы халқымыздың әл ауқаты бірнеше есе арттыруға қол жеткізуде.

Қазақстанда нәсіліне және діни көзқарастарға қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының тең болуына заңдық база жасалынды, әртүрлі мәдениеттер арасында іс жүзінде өзара қарым-қатынас орнап, теңгерімді тіл саясатын жүргізу арқылы елімізде ортақ құндылықтары мен мақсаттары бар көп мәдениетті қоғам қалыптасып отыр.

Елбасымыз 1980 жылдардан бастап-ақ, елдің жағдайы, саяси ахуалы, жастардың болашағы толғандырар еді. Бұған, білікті қазақстандық мамандар дайындау жолындағы “Болашақ” бағдарламасынан бастап жыл сайын көтеріліп жатқан интеллектуалды мектептер орталығы мен заманға сай университеттердің жұмыс жасауы, осының дәлелі.

Сол жылдары Нұрсұлтан Әбішұлы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайына, баса назар аударып, қатты көңіл бөлді.

80-ші жылдардың аяғына қарай КСРО халықтарының съездері болғандығы белгілі. Бұл маңызды жиындар Н.Ә. Назарбаевтың алмас қылыштай жарқылдап, көзге түскен сәттерінің бірі еді. Сол жылдары Елбасымыздың елдегі мемлекеттік саясат туралы АҚШ Президенті Джордж Буш өзінің досы Н.Ә. Назарбаев туралы жылы лебіздерін айтып, оған қоса үлкен ілтипат білдіруі бізге мақтаныш. Алып держава саналатын АҚШ елінің беделді басшысы Қазақстан турасында жағымды ой білдіріп, құрметтеуі Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық дәрежедегі беделі өте жоғары екендігінің, олармен достық қарым-қатынаста болғандығының бірден бір дәлелі.

Қазіргі таңда еліміз үлкен жетістіктерге жетіп, әлемге танылуда. Яғни, әлемдік өркениет көшінде өзіндік бет-бейнесі: мәдениеті, лайықты салт-дәстүрлері бар, бастан

кешкен қасырет қатпары да қалың халқымыздың өміріндегі аса маңызды, ал біткен істермен бағамдар болсақ Қазақстанның дамуы қарқынды жылжуда.

Қазақ халқы ұлт болып ұйығалы бері тап бүгінгідей біртұтас, қуатты мемлекет құрып, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндігі болғанмағаны белгілі. Қазір ол Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің ортасынан лайықты орнын иеленіп, өзгелермен заман талабына сай, өркениетті қарам-қатынаста екеніне куәміз.

Әйтсе де, бүгінгі күнге дейін біздің еліміз үшін оңай болмағаны анық. Мемлекетіміздің келешек тағдыры қыл үстінде тұрған кездер аз болмаған.

Бірақ соның бәріне қарамастан, қиыншылықтарымыз әлі де бола тұрса да, халқымыз осы күнге дейін талай қауіп-қатерлерден аман өтіп еңсесін тіктей ұстап келеді. Оның үстіне халқымыздың бағына орай, осындай қиын кезеңде ел басқару тізгіні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сынды өз жұртының арман-мұңын сезіне білетін тәжрибиелі саясаткер, биік парасат иесінің қолында болуы, бүгінгі биігімізге жетуімізде еліміз үшін аз рөл болған жоқ.

Ел басқару ешқашан да оңай емес. Ал тәуелсіздікке қолы жаңа іліккен елді қиын кезеңде басқарудың ауыр жүгін тек ердің ері ғана көтере алатыны белгілі. Елбасымыздың осындай тұлға екеніне бүгінде тек өз халқымыз ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу әлем жұртшылығы хабардар.

Сонымен, біз бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Шын мәнінде Нұрсұлтан Әбішұлының еліміздің тарихынан ерекше орны алады. Қалың жұртшылықпен бірге әсіресе жастар жағының біліп, сезініп өсуі ерекше.

Қазіргі жастар қауымы Елбасымызды негізінен жігерлі, өткір, білімді басшы ретінде таниды. Әлем берекесі ең алдымен қауіпсіздікте, тыныштықта екені айтпаса да түсінікті. Дегенмен, осы байлықты адамзат баласы жеткілікті түрде бағалай бермейтіні мәлім. Өйткені, дүниені жаулаған өзімшілдік пен эгоизм бұдан басым түсіп жатады. Көршілерімен сыйыспай, бір-бірінің мазасын алып, оның соңы үлкен дау-дамайға соғып жүрген жағдайлар да орын алуда. Екі ортада қарапайым халық жапа шегетінін көріп келеміз. Осы орайда ежелгі көршілеріміз, Шығысымыз бен Солтүстігімізді барынша қауіпсіздендіру мақсатында шекарамызды айқындап алуымыздың өзі қаншалықты?! Аюдай айбатты Ресеймен және аждаһадай айбарлы Қытаймен тең дәрежеде мемлекетаралық қарым-қатынас орнатып, қазақтың көк байрағын бүкіл дүниеге мойындату ата-бабаларымыздан армандап келе жатқан ұлы мұратымыз екендігін ешкім де жоққа шығара қоймасы айқын.

Ел жүгін бір өзі арқалап, жаңа креативті ойларымен көптеген саясаткерлерді жолда қалдыратын Елбасымызға қызыға да, қызғана да қарайтындар біршама.

Әрине, Біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа сіңірген еңбегі орасан. Оның басшылығының арқасында халқымыз азаттық алып, Қазақстан егемендікке, тәуелсіздікке қол жеткізді.

Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылғы 16 мамырда республикалық баспасөзде жарық көрген «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» атты еңбегінде қоғамды реформалау, нарықтық экономиканы дамыту, демократияны, құқықтық мемлекетті орнықтыру мәселелері қозғалды:

1) Ішкі және сыртқы саясат саласында: жас егеменді мемлекетті күшті президенттік республика құру бағытында дамыту, көппартиялық жүйе құру, басты саяси сақсат ретін де тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформаны сәтті жүзеге асыру үшін жағдай жасау, республиканың егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзін-өзі басқарудың геосаяси тәртібін ақтай отырып, көпқырлы және әр түрлі әскери саяси және экономикалық тепе-теңдікті сақтау еліміздің дүниежүзілік қаымдатығы саяси салмағын көтеру, демократиялық бостандық пен адам құқығын қорғау негізінде әлемдік экономикадан өз орнын табу, әлем шарушылық байланыстарына кіру технологиясында Қазақстанның тиімді геосаяси жағдайын пайдалану;

2) Экономика саласында: меншіктің негізгі түрлері жеке және мемлекеттік меншікті өзара үйлестіре отырып бәсекеге негізделген әлеуметтік нарықтық экономиканы

қалыптастыру, адамның экономикалық өзін-өзі анықтау қағидасын жүзеге асыру үшін құқықтық және өзге де жағдай жасау, әлемдік тауар нарығында өзіндік нақтылы ұстанымды қалыптастыру, қазіргі шетелдік техника мен технологияны енгізу арқылы өңдеуші салалар мен өндірісті дамыту, Қазақстанның дамуына шетелдік инвестицияны тарту;

3) әлуметтік даму саласында: халықтың әл-ауқатын жақсарту, яғни ұмтылған әрбір адамды кәсіпкерлік бостандықпен және де өзге де қызмет саласында өз мүмкіншілігін жүзеге асыруын қамтамасыз ету этникалық өзіндік болмысты дамыту мен Қазақстанның ұлттық-мәдени көпқырлылығын сақтау, экономиканың тұрақтануы мен өсіі бойынша зейнетақы мен жәрдемауларды, еңбек кірістерін, оның әлемдік шаруашылық байланыстарымен ыпалдасуын арттыру.

Республикадағы экономикалық дағдарыс жағдайында экономикалық қайта құруларды жүзеге асыру мен нарыққа өту курсы қолға алынды.

Сонымен бірге ғылыми-техникалық және өндірістік қуатты тиімді пайдалану, өңірлер мен шаруашылық қызметінің субъектілерінің балама меншік формаларын қалыптастыру қажеттілігі де назарда болды.

Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің көптеген елдеріндегі экономикалық тұрақтылықты шайқалтып кеткен жылдары еліміз көп нәрседе ұтты, оған қоса сындарлы кезеңде ЕҚЫҰ-ға мүше 56 мемлекет арасынан белсене шығып, беделді ұйымға төрағалық етуінің өзі үлкен жетістікті білдіреді. Осындай абыройға жеткен де бар, жетпеген де бар. Әлемнің дамыған елдерінің қатарына жетуі үшін елімізде индустриялық-инновациялық даму жолында бірнеше ірі жобалар жүзеге асырылды. Азық-түлік өнімдерінің басым көпшілігі сырттан келетінін ескерсек, әлсіз тұсымызды нығайтуға көңіл бөлініп отырғандығы қуанта түседі.

Кешегі еркін көсілген атамекен Еуразияның дәл кіндігінен, Сарыарқаның төсінде жақсылықтың бәрін бойына жиған әсем де көркем қала Астанамыз көз алдымызда өсіп келеді. Кешегі елеусіз провинциалдық қаланың азғантай уақыт ішінде әлемнің әсем шаһарларының қатарынан орын алуы таң қалмайтын жағдай.

Өйткені, Астана жобасы – бүгінде іске асқан Елбасының ұлы жобалары ішіндегі сүбелісі екені белгілі. Қазір Астана тек астаналықтардың емес, кең байтақ қазақ даласын мекендеген барша қазақстандықтардың мақтанышы.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы айтқанда нарықтық экономикасы мен бейбітшілікке негізделген сыртқы саясаты бар зайырлы, демократиялық ынтымақ бірлігі жарасқан еліміз, есімізге түсетіні белгілі.

«Елбасы әділ, парасатты, ой-танымы кемел, өнер-білімге жетік, сөзі майда, мінезі жұмсақ, сабырлы, жаудан қайтпайтын қайсар, қолы ашық жомарт, кек сақтамайтын кешірімшіл, дархан мінезді болып, халыққа құт - бақыт, дәулет әкелу, әділ заң орнату, кедей халықты бай етуі қажет» - деп өсиет қалдырған Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұн бабамыз осы суреттемені Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа арнап айтқандай сезінесің. Біздің бұл тұжырымымыздың дұрыстығын - елбасымыз Н. Назарбаевтың бүгінгі таңдағы әлемдік қауымдастықты шарпып отырған қаржы дағдарысының салдарын қайткен күнде де Қазақстанға аз тигізу үшін атқарылатын шараларға ерекше көңіл бөліп, еліміздің қаржы - экономикалық әлеуетін төмендетпеу үшін барынша кең ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруды ұйымдастырып, жетекшілік жасап отырғанын және Үкіметтің, Ұлттық банктің өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіріп, саяси - экономикалық процесстердің ағымын жіті бақылап отырғандығын АЙҚЫН МАҚСАТ, АНЫҚ ЖОЛ деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. «Түркі өркениеті: дәуірлер жалғастығы» атты халықаралық еуразиялық конгресте сөйлеген сөзінен. Астана, 25.05.2010 ж.
2. Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу тарихы Алматы, 2008
3. «Егменді Қазақстан». 2007, 1 наурыз
4. Елін сүйген, Елі сүйген Елбасы Астана, 2005

Құрмашева Г.Н.

Қызылорда облысы, Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебі

ТУҒАН ТІЛІМ - ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Тәуелсіз Қазақ елінің төрткүл дүниеге өзін танытып, өзі басқаны таныған өрісті кезеңінде елдің ертеңі жастарды мемлекеттік тілдің рухында тәрбиелеп, сондай-ақ оны ардақтап, мерейін арттыруға өз үлестерін қосуға баулу бүгінде республикамызда жүргізіліп отырған тілдер саясатының стратегиялық нысандарының бірі болып табылады. Еліміздегі мемлекеттік тілдің бүгінгі мен ертеңі, оны оқытудың, меңгерудің тиімді жолдары бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы белгілі.

Олай болса, осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде? Жас ұрпақ туған тілдің туын биікке көтеріп, орыс, ағылшын тілдері арқылы жаханның игіліктеріне ие бола ала ма деген сұрақтар қашанда көкейде тұратыны белгілі. Талай саяси жағдайдың құрбанына айналып, өз елінен кетуге мәжбүр болған көптеген ұлт пен ұлысқа пана болып, өзегінен теппеген дана халқымыздың парасатты ұрпағы бүгінде өзге ұлт өкілдеріне тілін, мәдениетін жаңғыртуына мүмкіндік беріп, олардың жергілікті халықпен тең құқылы өмір сүруіне жағдай жасауда. Осылай бірлігі жарасып, әлемді дербес мемлекет ретінде мойындатып отырған елімізде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызы күннен күнге арта түсуде. Тіл мәселесі – еліміздегі ең көп талқыға түсетін өзекті мәселе. Ұлтымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы, ешуақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деген болатын. Ендеше өз ұлтының тағдырына бей-жай қарамайтын кез келген адам мемлекеттік тілдің жағдайына үнемі алаңдайтыны белгілі.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Тілден артық қазына жоқ, Тілден артық қасиет жоқ» деген тағылымды ойы бүгінгі жастардың көкірегінен орын алып, игіліктің дәнін сепсе екен деген арайлы үміт бар аға ұрпақтың арманы екені белгілі. Осыған орай білім беру саласында болып жатқан өзгерістер оқытуды, соның ішінде мемлекеттік тілді оқытуды жаңа сатыға көтеруді қажет етеді.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орнының алдына бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Мемлекеттік тілді білу, оны өз қызмет әрекетіне қарай қолдана білу құзыреті болашақ маманға қойылатын негізгі талаптың бірі болып табылады. Осыған орай білім беру саласында болып жатқан өзгерістер оқытуды, соның ішінде қазақ тілін оқытуды жаңа сатыға көтеруді талап етеді. Жас қазақстандықтарды үш тілді, тіпті одан да көп тілді меңгерген, сол арқылы халықтың мәдениетін бойына жинақтаған көптілді тұлға ретінде тәрбиелеу ісінің маңыздылығы мен жауапкершілігі орасан зор екендігі даусыз.

Тілдерді дамытуда атқаратын жұмыстар ұлт болашағының кепілі ретіндегі маңызды іс – қазіргі заман талабына сай тілдің үштұғырлылық жобасымен тікелей байланыста ашылады. Елбасымыз «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деп аталған Жолдауында бірлікте, ынтымақта жұмыс істеуге бағыттай отыра, тәуелсіздігіміздің маңызды бір белгісі мемлекеттік тілге ерекше ықыласы мен қамқорлығын танытты. Жастар уақыттың қайда бастап бара жатқанын, өмірде тілдің қаншалықты маңызды орын алатынын да түсінеді. Араларында екі-үш, тіпті төрт-бес тілді қатар, еркін меңгергендері де бар. Алыс-жақын шетелдермен саяси-экономикалық, мәдени-рухани байланыстарда мұндай мамандарға қашанда сұраныс жоғары. Тіл білудің түрлі сипаттағы байланыстармен қатар, тарихымызды түгендеуде де берері көп. Университеттік білім жүйесінің аясында шешімін табуға тиіс бұл мәселелер тиімді әдістемені талап етеді. Осыған байланысты, шетелмен қатынас орнатудағы аталған екі түрлі бағыт тілді меңгерудің екі түрлі тиімді жолын көрсетіп отыр.

Тіл – халық мәдениетінің көрінісі. Халықтың жан-дүниесінің, қуатының көрінісі. Оның өміршеңдігінің өлшеуіші. Ағылшын тілі – бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен журналистиканың барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан тілдердің қатарында. Шетел тілін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану студенттердің басқа тілде қарым – қатынас жасаудың, қырларын жан-жақты қалыптастырудың бірегей мүмкіндігі. Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген құрмет тілден бастау алатыны белгілі. Өз сөзінде: «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты» - деген ризалығын жасырмады.

«Тілге құрмет - елге құрмет» демекші, олардың негізінде мемлекеттік тілмен қоса, өзге тілдерге деген ықылас пен қамқорлықты көреміз, әркімнің өмірде табысты болуының кілті ретіндегі көзқарасты танимыз. Сол себепті де 2020 жылда ағылшын тілін білетін тұрғындар саны 20 пайызды құрауы тиіс екендігін Елбасымыз атап көрсетті. Алдағы уақытта 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді дамыту мен қолданудың жаңа бағдарламасын жүзеге асыру міндеті тұр.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасы ғана емес, бәсекеге қабілетті азаматтары да болуы қажет. Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы экономикалық даму деңгейі, басқа елдермен халықаралық байланысының нығаюы, біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, өз елінің тарихи құндылықтары тілі мен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, мемлекетіміздің жедел дамуына үлес қосатын мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отырғаны белгілі. Ақпараттық байланыстың өрісі кеңейген сайын бірнеше тіл білудің қажеттілігі де күшеюде. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқуы тиіс», - деген еді. Олай болса қазақ тілінде жетік сөйлеу әрбір адамның мақтанышына айналып, өмірлік заңдылыққа өткен жағдайда ғана көптілділіктің пайдасын көретініміз анық.

Бұл сабақтастық әлеуметтік саладағы арнайы іс-шаралардың үздіксіз жалғасуы мен өзара жүйелі байланысын қамтамасыз етіп, мемлекеттік бағдарламалардың нақты іске асуын қадағалауға жағдай жасайды. Сөйтіп мемлекеттік тұрғыдан дайындалаған әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда әлеуметтік басымдықтарды анықтауға негіз болады. Осындай басымдықтар қатарында қазақстандықтарға өмірдің алғашқы күндерінен бастап өмір бойы қалыпты тұрмыс жағдайын жасау, тұрмыстық жағдайын жақсартуда тұрғын-үй мәселесін шешу, сапалы білім, сапалы денсаулық сақтау ісі сияқты салалар бар. Сонымен қатар әлеуметтік саясат белгілі бір принциптердің қатаң сақталуын талап етеді. Бұл жерде әлеуметтік әділдік пен жауапкершілік, әлеуметтік кепілдіктер басты рөл атқарады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру барысында тұрғындар арасында масылдық көзқарасты болдырмауға басты назар аудару қажет. Өйткені кеңес билігі дәуіріндегі әлеуметтік теңдіктің шектен тыс шаралары кейбір топтар арасындағы еңбек етуге құлықсыздық пен масылдықтың туындауына әкеліп, жеке азаматтардың өз проблемаларын мемлекетке, яғни үкімет тарапынан болатын түрлі жеңілдіктер арқылы шешуге бейімдеп жіберді.

Сондықтан да мемлекет басшысы өзінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты 2011 жылғы ел халқына жолдауында «әлеуметтік жаңғырту – жаңа әлеуметтік саясат. Біздің бағдарламаларымыздың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын нығайту» деп атап өтті.

Осы жолдау барысында білім беру, денсаулық сақтау, тілдерді дамыту саласындағы әлеуметтік маңызды бағдарламаларға жұмыспен қамту, тұрғын үй шаруашылығын жаңғырту, сапалы ауыз сумен қамту салалары қосылды. Егерде осы салаларды қамту мақсатында жасалған бағдарламаларды алып қарасақ, олардың бәрінің де әлеуметтік бағыттылығын көруге болады. Шындығына келгенде, осы арқылы мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығы дамудың негізгі құралы екені сөзсіз.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың өз шеңберінде атқаратын арнайы қызметтері, яғни айтқанда, міндеті бар. Олардың ішінде ең бастысы қоғамдағы тұрақтылықты сақтап, қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Патриотизм немесе отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мәселесі бәрімізге таныс, күнделікті жұмысымыздағы басты қағидаттың бірі болғанымен, шын мәнінде ол үшін нақты қандай шаралар жасалып жатыр, патриоттық тәрбие жұмысының әдістемесі қалай деген сауалдар туындайтыны сөзсіз. Өзінің халқының, өзінің тұрғындарының патриотизміне сүйенбейтін, оны қажет етпейтін бірде бір ел, мемлекет болмайды. Мемлекет саясаты мен идеологиясы патриотизмді қалыптастыруға, патриотты тәрбиелеуге мән беруге міндетті. Патриотизм азаматтардың саяси мәдениетінен көрініс тауып, мемлекеттік тұтастықтың, халықтық бірліктің негізін құрайды. Шынайы патриотизм әрқашан әділеттілік, гуманизм, демократияға негізделеді. Патриотизм мен мораль нормалары, толеранттық пен ұлтаралық келісім құндылықтары меншіктің қандай түріндегі болсын оқу орындарында тәрбие негізіне алынады. Қазақстандық патриотизм, алдымен елге деген құрмет, оның көпұлтты халқына, қол жеткен табыстарына, мемлекеттің саяси институттары мен символдарына деген құрмет. Қазақстандық патриотизм көпұлтты Қазақстан халқына құрметпен қатар қазақ халқының және өзге де халықтардың мәдениеті мен дәстүріне, рухани құндылықтарына деген құрметті білдіруі тиіс. Ол зайырлы қоғамның негіздеріне сүйене отырып, барлық халықтардың тіліне, діни сенімдеріне, әдет-ғұрпына толеранттықты талап етеді. Олай болса, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың тәрбие институты мен құралы шығады.

Әлеуметтік саясаттың тағы бір функциясы сол мемлекеттегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Әлеуметтік әділдік пен жауапкершілік өзара қатар жүріп, оның принциптері сақталған кезде саяси биліктегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Өмірдің жаңа сапасына қол жеткізіп, атқарылатын игі істерді игеруде сүйенетін тірегіміз – кемел біліміміз бен берекелі бірлігіміз екені түсінікті.

Елбасының мемлекетіміздің гүлденуі үшін халқына қалтқысыз қызмет етудегі адал еңбегі баршамызға үлгі болып, жүзеге асатын міндеттер жалпыхалықтық іске айналатынына сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тарих толқынында. Н. Назарбаев. - А., 1997.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі
3. Ғасырлар тоғысында. Н. Назарбаев. - А., 1996.
4. Тіл тағылымы. А. Байтұрсынұлы.- Алматы: 1992.

УДК: 351.35.07

Кузьмина Л.В., Нуркасымова М.А.

Государственный университет имени Шакарима города Семей

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Институт государственной службы в Казахстане получил свое законодательное оформление сравнительно недавно. Точкой отсчета становления государственной службы в Республике Казахстан можно считать Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу Закона «О государственной службе» от 26 декабря 1995 года [1]. Данным нормативным правовым актом впервые была институционализована система государственной службы, определены основные принципы ее организации. В дальнейшем государственная служба претерпела множество изменений, реформ, и, на сегодняшний день, мы можем сказать, что сформировалась казахстанская система государственной службы, безусловно, по своему

уникальная, имеющая свои особенности присущие только нашему государству. Казахская модель государственной службы сочетает в себе и передовой опыт зарубежных государств, и национальные традиции культуры управления.

Сегодня уже никто не сомневается в необходимости изучения зарубежного опыта. Но не существует «идеального» рецепта того, как за короткий промежуток времени и с минимальными издержками обеспечить решение проблем, стоящих перед государством. Несмотря на общие черты, обусловленные культурной и политической близостью, следует учесть, что каждое общество вырабатывает собственное понимание функций государства в зависимости от социальных характеристик, национальной философии, менталитета и идеологии, верований и традиций. В связи с этим, казахская система не может в чистом виде воспринять западную или азиатскую культуру управления, и при внедрении зарубежных моделей государственной службы идет процесс адаптации к казахским условиям.

На выбор модели государственной службы в конкретной стране влияет ряд факторов, среди которых следует выделить такие, как:

1) Специфика исторического развития этих стран (появление и нормативно-правовое регулирование института профессиональной государственной службы). Раньше всего институт профессионального чиновничества появился во Франции. В Великобритании и США законы, акты государственной службе и статусе государственных служащих появились только в конце XIX века.

2) Специфика правовой системы (позиционная модель/англосаксонская или карьерная/романо-германская правовые системы). Для стран англосаксонской правовой системы (Великобритания, Канада, Австралия, Новая Зеландия) характерно отсутствие унифицированной системы законодательства по вопросам государственной службы и наличие большого количества разрозненных нормативных правовых актов. В странах романо-германской правовой системы (Франция, Германия, Италия) основными регуляторами государственной службы являются Конституция и комплексные законы.

3) Специфика государственного устройства (государство федеративное или унитарное, тоталитарного или демократического типа). В странах с федеративным устройством (США, Канада) существует два уровня законодательства о государственной службе - федеральный и субъектов федерации. В странах с унитарным устройством, где сильны тенденции «регионализации» на общегосударственном уровне устанавливаются только общие вопросы государственной службы [2].

На сегодняшний день в Казахстане уже сформирована достаточно эффективная модель государственной службы с учетом международного опыта в данной сфере. Систему казахской государственной службы можно охарактеризовать как конкурсно-карьерную модель [3]. К характерным чертам казахской системы государственной службы можно отнести:

- разделение государственной службы в Казахстане на административную и политическую;
- отбор и продвижение государственных служащих, основанных на принципе меритократии;
- внедрение конкурсно - карьерной модели в систему государственной службы;
- применение новых технологий в управлении и мониторинге кадровых служб;
- стимулирование постоянного обучения государственных служащих;
- разработку и успешное внедрение информационной системы «электронное Правительство»[4].

Данная модель совмещает положительные черты конкурсной и карьерной моделей государственной службы, то есть граждане поступив на государственную службу на основе открытого конкурса, могут продвигаться внутри системы как по горизонтали, так и по вертикали без проведения конкурса, в порядке перевода.

С 1 января 2016 года в связи с введением в действие нового Закона «О государственной службе Республики Казахстан», модель государственной службы претерпевает некоторые изменения. Законом определена правовая основа для перехода к карьерной модели государственной службы в Казахстане. Внедрение такой модели будет обеспечено за счет следующих механизмов:

1) Продвижение государственных служащих будет осуществляться при наличии стажа работы на нижестоящих должностях и путем проведения внутренних конкурсов.

2) Низовые должности в госорганах, т.е. по сути на входе в госслужбу, будут замещаться только посредством проведения общего конкурса на основе трехэтапного отбора:

- на первом этапе кандидаты пройдут тестирование на знание законодательства;
- на втором будут оцениваться их личные качества и наличие базовых компетенций;
- на третьем – конкурсное собеседование в государственном органе по профильным знаниям.

3) Для впервые поступающих на государственную службу лиц устанавливается испытательный срок от 3-х до 6-ти месяцев с закреплением наставников.

4) Упраздняется институт кадрового резерва корпуса «Б».

5) Ограничивается институт переводов. Переводы сохраняются только для:

- должностей помощников, советников, пресс-секретарей;
- госорганов, отнесенных к группам категорий «А» (*Администрация Президента*) и «В» (*Канцелярия Премьер-Министра, аппараты палат Парламента, Центризбиркома, Верховного суда, Конституционного Совета, Счетный комитет, Управделами Президента*).

6) Вводится институт ротации руководящего состава корпуса «Б».

7) Введение ограничения для приема и ужесточение основания для прекращения политической службы лицами, достигшими пенсионного возраста [5].

Тем не менее, система государственной службы еще не полностью соответствует мировым стандартам. Следует отметить, что функционирование института государственной службы характеризуется не только положительной динамикой, но и имеет ряд проблемных аспектов развития. К ним можно отнести:

- проблему демократизации института государственной службы и его взаимодействия с институтами гражданского общества;
- проблему ответственности госслужащих и борьбы с коррупцией в органах государственной власти;
- вопросы стабилизации госаппарата [6].

Перед отечественным институтом государственной службы нерешенной остается задача усиления гласности в осуществлении основных полномочий государственных служащих, транспарентности деятельности государственных органов, повышения уровня подконтрольности институтам гражданского общества.

Казахстанская система государственной службы обладает значительным потенциалом для качественного развития и дальнейшего совершенствования. Основным направлением развития государственной службы в Республике Казахстан на современном этапе становится кардинальное повышение ее эффективности. Несмотря на существующий ряд проблем, в целом, государственная служба Республики Казахстан имеет положительные тенденции развития. По оценке международных организаций и экспертов, Казахстан добился высоких результатов в сфере совершенствования модели государственной службы, приблизив свои процедуры к международным стандартам.

Формирование современной системы государственной службы, отвечающей всем требованиям нового времени будет зависеть в разной степени от ряда внутренних и внешних факторов. К таковым будут относиться: привлечение гражданского сектора для установления

консолидированного контроля над деятельностью государственных органов и общая демократизация характера функционирования государственной службы, принятие более активных мер по профилактике и пресечению должностных преступлений и повышению нравственности среди чиновников, усиление мобильности и оперативности государственного аппарата и дальнейшая его оптимизация по количеству и составу, уровень технологизации государственных услуг и изживание бюрократических проволочек, продолжения политики плодотворного сотрудничества с зарубежными/международными организациями и освоение передовых управленческих технологий [7].

Таким образом, можно отметить, что Казахстан в процессе реформирования государственной службы воспринял наиболее сильные стороны и достоинства как карьерной, так и позиционной систем государственной службы, существующих в современном мире и наличие таких позитивных моментов в развитии системы государственной службы как внедрение передового опыта зарубежных стран, использование информационных технологий в сфере оказания услуг государственными органами населению и акцентирование внимания на непрерывном обучении государственных служащих, что, безусловно, повысило эффективность государственной службы.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу закона, от 26 декабря 1995 года № 2730 «О государственной службе» [Электронный ресурс]. Параграф. Информационные системы. Режим доступа: http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1004067 (дата обращения: 23.11.2016)
2. Модели организации государственной службы [Электронный ресурс]. Экономико-правовая библиотека. Режим доступа: <http://www.vuzlib.ru/> (дата обращения : 24.11.2016)
3. Орсариев А. (2011). Мировые модели государственной службы и опыт Казахстана [Электронный ресурс]. Информационно-аналитический центр. Режим доступа: <http://ia-centr.ru/expert/10135/> (дата обращения: 24.11.2016)
4. Турисбек А.З. (2012). Государственная служба в Республике Казахстан: проблемы теории и практики [Электронный ресурс]. Федерально-правовой портал «Юридическая Россия». Режим доступа: <http://law.edu.ru/book/book.asp?bookID=1482172> (дата обращения: 20.11.2016)
5. Реализация новой модели государственной службы [Электронный ресурс]. Официальный интернет-ресурс Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции. Режим доступа: <http://kyzmet.gov.kz/ru/pages/realizaciya-novoy-modeli-gosudarstvennoy-sluzhby> (дата обращения : 26.11.2016)
6. Проблемные аспекты развития государственной службы в Республике Казахстан [Электронный ресурс]. Студенческая библиотека онлайн. Режим доступа: http://studbooks.net/935248/pravo/problemnye_aspekty_razvitiya_gosudarstvennoy_sluzhby_respublike_kazahstan (дата обращения : 21.11.2016)
7. Жангазы Р. Состояние и перспективы системы государственной службы Республики Казахстан [Электронный ресурс]. ТОО «Блог-платформа YourVision». Режим доступа: <http://yvision.kz/post/185614> (дата обращения : 27.11.2016)

Оразбаев О.С.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

**МҮЛІКТІК ЕМЕС ӨЗІНДІК ҚҰҚЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІР
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Еліміздің әлемдік қауымдастыққа қарқынды интеграциялануына, қоғамды демократияландыруға бағытталған реформалардың жүйелі жүргізілуіне байланысты адам құқығы, сөз бостандығы сияқты түбегейлі құндылықтармен байланысты диффамация институты да мемлекетіміздің құқыққолдану практикасына белсенді еніп келеді. Соңғы кездері баспасөз беттерінде диффамация мәселелеріне арналған материалдар жиі жарияланып, әр түрлі пікірлер айтылуда. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары ғана емес, сонымен қатар құқыққорғау органдары, соның ішінде сот органдары өкілдері де айтарлықтай белсенділік танытуда. Осыдан біраз уақыт бұрын жалпы «диффамация» терминінің елімізде тіпті ғылыми айналымда болмағанын ескерсек, бұл сөзсіз, позитивтік құбылыс.

Әрине, диффамациямен байланысты құқықбұзушылықтар мәселесінің дискуссиялық болып қала беруіне, аталмыш институттың қазақстандық заңнамада және құқыққолдану практикасында түпкілікті қалыптасуы үшін әлі де біраз уақыт өтуі керек екені даусыз.

Қалай болғанда да демократиялық мемлекеттерде әбден қалыптасқан диффамация институтының еліміз үшін, қазақстандық қоғам үшін маңызы зор.

Диффамациямен байланысты проблемалардың транұлттық сипатын ескере отырып, шетелдік тәжірибені, соның ішінде диффамациямен байланысты істерді қараудағы Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың құқықтық позициясын терең зерделеп, зерттеудің маңызы зор.

Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін үлкен тарихи маңызы бар оқиға болып табылатын-Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі және «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы қазақстандық құқықтық институттарды қалыптасқан әлемдік және еуропалық стандарттарға сәйкестендіру ісіндегі республикамыздың стратегиялық бағыт-бағдары дұрыс екендігінің айғағы.

Жоғарыда атап өткен «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі – сот жүйесі қызметін одан әрі жетілдіру болса, екінші бір маңызды бағыт – еуропалық позитивті тәжірибені ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарын қызметін реттейтін заңнаманы, соның ішінде диффамациямен байланысты мәселелерді қамти отырып жетілдіру мәселесі [1].

Диффамациямен байланысты істердің қоғамдық маңыздылығы мен өзектілігі олардың конституциялық құқықтар және бостандықтармен тығыз байланыстылығында. Үстіміздегі жылы 21 жылдығын атап өткен Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында декларацияланған құқықтық, демократиялық мемлекет құру жағдайында тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты, соның ішінде сот арқылы қорғау конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Конституцияның 18-бабының нормалары әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқығын бекітеді [2].

Таразының бір басында Конституциямен бекітілген басты құндылықтар ретінде адамның өмірі, ар-намысы, қадір-қасиеті және іскерлік беделі тұрса, екінші басында демократиялық дамудың басты критерийлерінің бірі ретінде – сөз және ақпарат бостандығы тұрады. Диффамациямен байланысты даулар кезінде осы категориялардың ара салмағын

сақтау, балансын қамтамасыз ету, және тек құқық талаптарын басшылыққа ала отырып шешім қабылдауды қамтамасыз етудің маңызы зор.

Диффамацияның антиконституциялық мәнін, демократия үшін қауіптілік дәрежесін терең түсіне білген жағдайда ғана, оған конституциялық-құқықтық талдау жасай білген жағдайда ғана онымен тиімді күресуге болады және диффамациялық істерге байланысты соттардың әділ де, объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізуге болады.

Диффамациямен байланысты істер практика жүзінде негізінен азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық аспектілерде қарастырылуда. Яғни құқықбұзушылық ретінде диффамация азаматтық немесе қылмыстық заңнама нормаларымен ғана реттелуі тиіс деген белгілі бір дәрежеде стереотиптік көзқарас қалыптасқан деуге болады. Диффамация мәселелерін зерттеумен айналысып жүрген бірқатар авторлардың пікірінше (біздің ойымызша мұндай көзқарастар негізсіз емес) диффамацияны құқықбұзушылық ретінде сипаттауда жоғарыда аталған екі құқық саласының ғана контекстінде қарастыру мүлдем жеткіліксіз.

Ал теориялық тұрғыдан келгенде диффамация институтын конституциялық құқық ғылымы тұрғысынан зерттеудің концептуалдық маңызы бар. Бірінші кезекте, мұндай зерттеулер диффамацияның құқықтық базасын дұрыс қалыптастыру үшін қажет.

Диффамациялық құқықбұзушылықтар мәселесін конституциялық-құқықтық аспектіде қарастыру ең алдымен аталмыш құқықбұзушылық субъектілерін және объектілерін айқындап алумен және белгілі бір диффамациялық құқықбұзушылық үшін заңдық жауапкершілікке тарту кезінде конституциялық-құқықтық принциптердің сақталуы қай деңгейде екенін айқындап алумен байланысты. Конституциялық-құқықтық қатынастардың субъектілік құрамының басқа да құқықтық қатынастардың (азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық, т.б.) субъектілік құрамынан айтарлықтай ерекшеленетінін ескере отырып, конституциялық-құқықтық мәртебелеріне сай диффамация субъектілеріне қатысты *«барлығы заң және сот алдында тең құқықты»* деген принцип қаншалықты сақталуда деген сұраққа жауап берілуі керек. Диффамация үшін заңдық жауапкершілікке тарту перспективасы туындаған жағдайда диффамациялық құқықбұзушылықтың кімге бағытталғанына, – мемлекеттік басқару өкілеттігі жүктелген лауазым иесі немесе қарапайым азамат, – қарай санкцияның ауырлық дәрежесі қандай болмақ? Бұл ретте көршілес Ресей Федерациясы ғалымдарының осы тақырыпқа қатысты зерттеулері көрсетіп отырғандай, қазіргі таңда диффамациялық құқықбұзушылықтар үшін заңдық жауапқа тарту практикасында елеулі дисбаланс орын алып отыр. Мысалы, қатардағы азаматтарға қатысты диффамация үшін жазаға қарағанда, мемлекеттік билік өкілдеріне қатысты диффамация үшін жаза әлдеқайда қатал екендігін сот органдарының практикасы көрсетіп отыр [3].

Өкінішке орай, Қазақстанда жағдай мүлдем басқаша деуге әлі ертерек сияқты. Еліміздегі жекелеген соттардың диффамациялық сипаттағы құқықбұзушылықтарға қатысты істерді қарау практикасы көрсетіп отырғандай бұл мәселеге қатысты сот шешімдеріндегі төленуге жататын моральдық өтемақының мөлшері кей жағдайларда түсінбеушіліктер тудырып жатады. Мысалы, үлкен лауазым иесіне қарсы жасалған диффамациялық құқықбұзушылық үшін тағайындалатын моральдық өтемақының мөлшері миллиондаған теңгені құрауы мүмкін, ал диффамациялық құқықбұзушылық қатардағы азаматтарға қарсы жасалған жағдайда тағайындалатын моральдық өтемақының мөлшері әдетте 30-50 мың теңге көлемінен аспайды. Болашақта диффамацияға қатысты тиісті заң қабылданған жағдайда практикадағы мұндай дисбаланстарға жол бермеу жағын құқықтық реттеу қажет.

Бұл ретте диффамациямен байланысты заңнамасы қалыптасқан, аталған құқықбұзушылықпен байланысты құқыққолдану тәжірибесі бай демократиялық мемлекеттердің практикасымен таныс болған да дұрыс.

Бұл ретте бірқатар шетелдік мемлекеттердің диффамациялық құқығындағы привилегия (артықшылық) институты біршама қызығушылық тудырады сөзсіз.

Мысалы, АҚШ-тың құқыққолдану практикасында XX ғасырдың 60-жылдарында қалыптасқан «конституциялық привилегия» принципіне сәйкес диффамация бойынша сотқа

жүгінуші талапкер жауапкердің диффамациялық құқықбұзушылық әрекеттерінде «кінәнің тиісті дәрежесі» бар екендігін дәлелдеуге міндетті. Ал дәлелденуге жататын «кінәнің дәрежесі» талапкердің қоғамдық, әлеуметтік, саяси статусына байланысты өзгеріп отырады [4].

Мысалы өзіне қарсы «масқаралаушы материал» жарияланып, өзін жәбірленушімін деп есептейтін талапкер мемлекеттік лауазым иесі немесе ірі қоғам қайраткері болған жағдайда ол, сот процесі барысында талапкердің аталған «масқаралаушы материалды» қаскүнемдік ниетпен, қасақана жариялағанын дәлелдеуі тиіс. Яғни жауапкердің диффамациялық материалдағы деректердің жалған екендігін алдын ала біле тұрып жариялағаны дәлелденуі қажет.

Ал егер талапкер мемлекеттік лауазым иесі немесе басқа да «көпшілікке танымал» тұлға емес, «қатардағы азамат» болған жағдайда ол жауапкердің диффамациялық құқықбұзушылық әрекеттерінде «салақтық» немесе «абайсыздық» белгілері бар екенін дәлелдеуі тиіс. Яғни жауапкердің «масқаралаушы материалды» жариялаудан бұрын ондағы деректердің шындық немесе жалған екендігін анықтауға бағытталған шаралар қолданбағаны дәлелденуі қажет.

Осы аталған «қаскүнемдік» немесе «салақтық» немесе «абайсыздық» фактілері дәлелденген жағдайда талапкер өзіне келтірілген зиянды жауапкерден толық көлемде өндіріп алуға құқықты. Жекелеген жағдайларда сот талапкердің пайдасына жауапкерден негізгі зиянға қосымша «айыппұлдық зиян» деп аталатын өтемақы өндіріп алу жөнінде шешім қабылдауы мүмкін. Мұндай шешімдер негізінен кінәсі дәлелденген тарапты материалдық жазалау, сөйтіп болашақта осы тәріздес құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жасалады.

Әрине, әңгіме шетелдік тәжірибені көзді жұмып, көшіріп алу туралы болмаса да, мәселенің жекелеген аспектілері көңіл аударуға тұрарлық екені сөзсіз.

Қазіргі кезде бірқатар ТМД мемлекеттерінде диффамация туралы заңдар қабылданса, бірқатар мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстан Республикасында, аталмыш заңды қабылдау қажеттілігі белсенді талқылануда. Бұл ретте аталмыш контексте негізінен алғанда диффамациямен байланысты құқықбұзушылықтарды декриминализациялау, яғни қылмыстық заңмен қудаланатын құқықбұзушылықтар қатарынан алып тастау мәселесі жиі көтерілуде.

Біздің ойымызша, диффамациямен байланысты құқықбұзушылықтарды толықтай тек азаматтық деликтілер қатарына жатқызу мәселесі әлі де болса талқылауды қажет етеді. Бұған байланысты аргументтерді де көптеп келтіруге болады. Мысалы диффамациядан қорғауға жататын объектілердің тарихи, саяси, т.б. факторлардың әсерінен ұлттық заңнамаларда әр түрлі классификациялануы. Мысалы еуропа мемлекеттерінің басым көпшілігінде диффамациямен байланысты заңнамалық нормалар ұзақ жылдарғы құқыққолдану тәжірибесі негізінде әбден қалыптасты, жүйеленді және белгілі бір құқықбұзушылықтың диффамацияға жататын, жатпайтынын анықтау айтарлықтай қиындық тудырмайды. Ал демократиялық институттары енді дамып келе жатқан мемлекеттерде құқықбұзушылықтың диффамацияға жататын жатпайтынын анықтау механизмдері әлі де болса толық жетілмеген. Диффамациялық құқықбұзушылықтардың негізінен сөзбен байланысты болатынын ескерсек, бұл өз кезегінде мәтіндерге арнайы сараптамалар жасай алатын мамандарды қажет етеді, және мұндай сараптамалық қызмет үшін бір саланың ғана маманы болу жеткіліксіз болуы мүмкін.

Қазақстанда әзірше, өкінішке орай диффамация институты кеңінен танымал деуге болмайды. Ал еліміздегі құқықтық реформалардың даму, әлемдік озық тәжірибелерге ынтымақтасу динамикасы жаңа құқықтық категориялар мен институттарды жеделдете игеруді талап етеді. Бұған қоса жыл өткен сайын халықтың құқықтық сауаттылық деңгейінің артып келе жатқанын ескерсек, соттарда қаралатын диффамациялық істердің де санының арта берері сөзсіз.

Диффамациядан сот арқылы қорғау барысында туындайтын проблемалардың құқықтық, процестік, т.б. аспектілерін отандық юриспруденцияда зерттеу мәселесі алдағы уақытта да жаңаша қарқынмен жүзеге асырылатынына сенім мол.

Жалпы конституциялық құқықтар мен бостандықтар туралы сөз еткенде, жоғарыда атап өткеніміздей, диффамацияның антиконституциялық мәнін терең түсіне білгенде ғана, түрлі құқықтық бұрмалаушылықтарға жол бермеуге, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның басты атрибуттары – адам мен азаматтың шынайы құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің, сөз бостандығының қамтамасыз етілуіне қол жеткізуге болатындығын естен шығармауымыз қажет. Әрине бұл қысқа мерзімде жүзеге аса қоятын шара емес. Тиісінше жоспарлы да табанды жүзеге асырылатын, стратегиялық және тактикалық тұрғыдан дұрыс жолға қойылған саяси және құқықтық реформалар ғана оң нәтиже беретінін естен шығармауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2009-2011 жылдарға арналған “Еуропаға жол” Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. “Қазақстан”, 2000.
3. Смирнов А. Некоторые проблемы защиты конституционных прав, свобод и законных интересов человека от диффамации // Вестник Тверского государственного университета. Серия «Право». 2008. №5. - С. 40-45.
4. Гражданский процесс зарубежных стран. Под редакцией доктора юридических наук А.Давтян. М., 2008. – С. 125–132.

УДК 346.22 (574)

Рахимова А.М.¹, Рахимов А.М.²

к.полит.н., и.о. ассоциированный профессор,

Государственный университет имени Шакарима города Семей¹

прокурор отдела по надзору за занятостью досудебного производства и оперативно-розыскной деятельностью, г. Семей²

ОБЪЕКТИВНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ СТАНОВЛЕНИЯ СИСТЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА

Как известно, в любом цивилизованном обществе существуют два совершенно противоположных начала жизни: интегративное и дифференцирующее. В их столкновении и взаимодействии определяется уровень обеспечения свободы и прав личности, формируется и развивается культура компромисса и консенсуса. Это качество общественно-политической жизни отмечал французский ученый Морис Дюверже: «Политическая теория колеблется между двумя драматически противостоящими интерпретациями политики. В соответствии с одной точки зрения – политика является конфликтом, борьбой, в которой те, кто обладают властью, обеспечивают себе контроль над обществом и получении благ. В соответствии с другой – политика представляет собой попытку осуществить правление порядка и справедливости. Первое понимание служит сохранению привилегий меньшинства за счет большинства. Вторая означает обеспечение интеграции всех граждан в сообщество» [1, С. 186].

Поиск согласия реализации взаимных интересов начался с возникновения социальных конфликтов. Вместе с тем, в общественных отношениях, наряду с тенденцией классового противоборства и противостояния, проявляется ее диаметрально противоположная тенденция – тенденция поиска согласия и компромисса. В определенные отрезки истории, в определенных условиях преобладает то тенденция конфликта, то тенденция сотрудничества и согласия.

Как известно, в основе отношений субъектов гражданского общества, лежат отношения сотрудничества, при котором они рассматривают друг друга как равноправных партнеров, умеющих на основе демократических технологий и консенсуса, совместно разрешать возникшие конфликтные ситуации практически во всех сферах жизни. В различных странах, в том числе и в Казахстане, это находит свое воплощение в становлении института социального партнерства.

Представляет интерес выяснение факторов, способствовавших усилению тенденции диалога и сотрудничества, согласия между основными социальными группами, а также предпосылок становления системы социального партнерства.

Научно-техническая революция радикально перестроила систему отношений собственности. Эволюция отношений собственности происходила по нескольким направлениям.

Первое направление эволюции собственности – сосредоточенность в руках отдельных людей и групп людей огромных средств, как в виде производства, так и в виде денег, привела к тому, что собственник, вследствие гигантского обобществления средств производства и производственного процесса, стал не властен в полной мере над своей же собственностью. Его власть ограничена: он лично может выйти из дела, но он не может по собственному произволу прикрыть предприятие. Усложнение содержания производственного процесса, возрастание интеллектуализации труда, укрупнение предприятий привело к возникновению слоя управляющих и дифференциации функций предпринимателей на функцию собственников и функцию управляющих делом. В результате так называемой деперсонификации капитала собственник разделил часть своей власти над делом с не собственником. И в принципе дело может развиваться и функционировать без собственника.

Второе направление эволюции феномена собственности – это как бы растворение его в массе населения. Слой собственников разросся почти до всего взрослого населения страны. По утверждению Дж. Ла Паломбара в 1987 году лишь один из четырех итальянцев не имел собственности [2, с. 89-90].

В результате у большей части трудящихся по найму преодолевается психология отчуждения от собственности на капитал. И хотя масштабы накопления у разных людей варьируются и часто зависят от личных устремлений, а контроль над основной массой средств производства и материального богатства остается в руках нескольких процентов населения, - это уже не воспринимается работающими по найму как результат эксплуатации.

Третье направление эволюции собственности состоит в том, что значительная часть предприятий стала государственной собственностью, и это существенным образом ограничивает сферу частной собственности. Политика приватизации, проводимая в различные периоды и особенно в 80-е и 90-е годы на Западе, мало что изменила в этом отношении. На базе государственной собственности происходило формирование государственных социальных фондов для решения экономических, социальных проблем. Этатизация различных сфер общественной жизни способствовала также и образованию значительного слоя государственных служащих, охватывающего иногда более 15% работающего населения страны.

Таким образом, функционирование и развитие экономически развитых стран Запада осуществлялось в распространении различных видов акционерной (ассоциированной) формы собственности и частичного огосударствления экономики. Однако, при всем значении названных факторов, способствовавших становлению механизмов саморазвития демократических стран с рыночной экономикой, переход от преобладания в прошлом стихийного типа развития к преобладанию регулируемого типа развития был бы невозможен, если бы отсутствовали необходимые *социально-политические, правовые и духовные предпосылки*, к которым следует отнести следующие:

1. Одной из таких предпосылок и слагаемых социального партнерства выступает признание того, что труд и капитал являются взаимно дополняющими элементами, без

которых невозможно нормальное развитие общества. Иными словами, социальное партнерство есть процесс взаимодействия социальных общностей, чьи коренные социально-экономические интересы принципиально различны, а иногда и противоположны, однако достижение этих интересов невозможно без определенного согласования позиций сторон. Стало общепризнанным право людей на объединение в профессиональные и другие общественные организации и ассоциации, которые в структуре социальных отношений, в самой системе социального партнерства выступают равноправными партнерами.

2. Важнейшим условием и одним из фундаментальных принципов социального партнерства является поддержание и укрепление рыночной конкуренции, отказ от монополизма и попыток решать социальные проблемы путем установления прямого государственного, либо частного контроля над рынком труда.

3. Другой предпосылкой социального партнерства выступает изменившийся баланс сил в соотношении, в борьбе между трудом и капиталом. Становление массового профсоюзного движения привело к возникновению новых форм защиты интересов людей наемного труда и, в определенной мере, способствовало достижению определенного баланса в реализации интересов работодателей и трудящихся, между трудом и капиталом. В результате многолетней борьбы наемных рабочих с предпринимателями на Западе сформировался новый образ жизни, с гораздо более высокими и разнообразными стандартами, который стал нормой для большинства населения.

Отношения между капиталистом (работодателем) и наемным рабочим в эпоху капиталистического способа производства определялись противоположностью их классовых интересов в условиях и оплате труда, уровне жизни в целом. При этом борьба между этими группами общества являлась объективным способом разрешения возникающих противоречий и конфликтов.

Немалую роль в утверждении коллективно-договорной формы регулирования социально-трудовых отношений сыграли конкретно-исторические условия, сложившиеся в промышленно развитых странах в послевоенный период и значительно ускорившие процесс формирования социального партнерства. Это экономические последствия Первой и Второй мировых войн, мировой экономической кризис 1929-1933 гг., «холодная война» и усиление социально-политического антагонизма классов и социальных групп после Второй мировой войны на фоне успехов советской системы в области решения социальных проблем. Все эти факторы в совокупности и составили основу, фундамент возникновения новой формы регулирования социально-трудовых отношений каким является социальное партнерство.

Как известно, еще в 60-70-х годах прошлого столетия западные страны потрясли крупные забастовки и митинги, когда трудящиеся требовали радикальных социально-экономических преобразований. Возникновение в промышленно развитых странах в этот период договорной формы регулирования социально-трудовых отношений результат длительного правового, экономического и социально-политического развития; оно стало возможным благодаря целому ряду *объективных и субъективных условий*. Среди них:

- усиление концентрации и централизации капитала и как следствие изменение форм организации труда и характера взаимоотношений наемных работников и работодателей в процессе производства;
- рост сплоченности рабочего и профсоюзного движения; активная социально – правовая политика государства;
- развитие демократических процедур управления обществом.

В современный период в западных государствах классовая борьба не является эффективным средством разрешения возникающих в обществе конфликтных ситуаций между субъектами социального партнерства, что привело к снижению забастовочного движения.

Таким образом, социальное партнерство реально проявилось в формировании таких условий, которые позволяют наемным работникам и членам их семей иметь необходимый для поддержания здоровья, благосостояния и достоинства человека жизненный уровень.

Получилась как бы замкнутая спираль причинно-следственной зависимости, когда благодаря усилиям наемных работников и их объединений в отстаивании своих прав сложились новые параметры качества жизни трудящихся, которые, в свою очередь, создают возможности и реальные условия для становления и развития атмосферы согласия и сотрудничества между субъектами социального партнерства.

ЛИТЕРАТУРА

1. Duverger M. The Idea of Politics. – Indianapolis, 1966. – P.186.
2. Зиновьев А.А. Запад. Феномен западнизма. - М., 1995

ӘӨЖ 908-05 (574.41)«19»

Мухамеджанова Р.Ж.¹, Бальшинов А.У.²

т.ғ.к., профессор м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті¹, тарих пәнінің мұғалімі, Семей қаласының №10 мектебі²

ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА

XX ғасырдың бас кезеңіндегі саяси ахуал жаңа саяси-қоғамдық сипатқа ие болса да, ұлт зиялыларының қай кезеңде болмасын ең басты арман-тілегі қайтсем ұлтымды білім нәрімен сусындатам, қалай ғылым мен мәдениет жолына түсірем деген арналарға тоғысып жатқан. Сол тарихи кезеңде мәдени-ағарту саласында ұлт зиялылары оқу – білімнің пайдалылығын насихаттап қана қоймай, нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Қоғамның рухани негізі ретінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда зиялы қауым ұйымдастырушылық, педагогикалық-шығармашылық қызметтерімен де белсенділік танытты. Қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеті халықтың сауатын ашу, халықты ілім-білім, мәдениет жолына түсіру болса, екінші бір маңызды міндеті – ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ұлттық намыстың дәнін себу болды. Бұл туралы «Сарыарқа» газеті Алаш қаласында мұғалімдік курстың ашылуына орай: «...сәті болып, қазақтың қазақтығын – жұрттығын сақтайтын іс басталды» деп жазса, оны ашудағы мақсат «... қазақ оқытушыларын шығарып, елге таратып, ұлттық, жұрттық намыстырының тұқымын жас қазақ балаларының жүрегіне егу» болғандығын атап көрсетеді [1; 84]. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жұмыстары зиялылардың тарапынан стихиялы түрде жүргізілген жоқ еді. Себебі, бұрын қажылар, молдалар, ауқатты адамдар мектеп ашып, бала оқытқанда өз беттерінше оқу үрдісін жүргізген болатын. Әрине, бұл жағдай орталық жүйенің қысымымен түсіндірілді. Ал, Ақпан революциясынан соң білім берудің бағыты мен міндеттері қазақ съездерінде халықтың талқысына ұсынылып, кеңесіп, ақылдасқан соң ғана негізделген болатын. Жалпы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде, сондай-ақ кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Семейде ұлттық білім беру жүйесінің негізі оңайлықпен қаналып, құрыла қалмағанын айқын аңғарамыз. Мәселен, 1917 ж. 27 сәуірден 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінде білім берудің жұрт үшін маңыздылығын атап көрсете отырып, төмендегідей мазмұнда қаулылар қабылдыңған:

1. Жалпыға бірдей міндетті тегін оқу.
2. Қоғамдық мектептердің бәрінде оқу тек ана тілінде жүруі тиіс.
3. Мектептерді халыққа жақындастыру шараларын жүргізу.
4. Мектептер Земство және мемлекеттік қаржыға ұсталуы тиіс және жергілікті басқару органдарының қарамағында болады.
5. 1917-1918 ж. оқу жылының алдында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлау үшін педагогикалық курстар ашу қажет [2; 83].

Сонымен бірге, қазақ зиялыларын топтастырған «Алаш» партиясының қоғам мен мемлекеттің барлық саласына байланысты нақты айқындамасы мен бағдарламасы болғаны белгілі. Соның ішінде, тікелей білім беру саласы бойынша, 1917 жылы шілдедегі І жалпықазақ съезінде тұсауы кесілген «Алаш» партиясының бағдарлама жобасындағы ІХ бапта мына жолды ұсынған: «Ғылым мен білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болу; Жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде оқуды ана тілде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп; университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішіне кітапханалар ашылуы» [3;14]. Алашшыл зиялылардың оқу ісіне байланысты айқындалған бағдарламасының мәніне зер салсақ, ұлтық-рухани құндылық пен демократиялық принципке негізделген әлемдік өркениет жолын таңдағанын білдіреді. Ал, ІІ жалпықазақ съезінде (1917-ж. желтоқсан) мектеп комитетіне А. Байтұрсынов (төраға), Телжан Шонанов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биамет Сәрсенев сынды ұлт зиялылары қалыптастырудың негізгі міндеттері мен идеологиялық бағыты белгіленген соң әр аймақта нақты іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Сол сынатпай толқыған заманда, яғни, үкімет билігінің алма-кезек ауысып, саясат райының жиі өзгеруіне қарамастан ұлт зиялылары жоғарыда анықталған принциптік бағытын өзгерткен жоқ. Қай кезеңде болмасын білім беру жүйесінің ұлттық сипатын дінгек етіп ұстанады. Алайда, қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыруда зиялылар көптеген кедергілер мен қиындықтарға тап болды. Сол тарихи кезеңде оқу ісін дамыту мәселесімен көп айналысқан семинарист Мұхтар Әуезов білім беру ісін ілгерілетуге қолбайлау болып отырған негізгі кедергілерді былайша айқындап берген: «... ұлт мектебін ашу қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» [4;83] – деп жазды. Зиялы қауым алдымен Семейде оқытушылар ұйымын құра отырып, (1917 ж. жазда) бастауыш мектептер жүйесін қалыптастыру үшін мұғалім кадрларын даярлау ісін қолға алды. Оқытушылар ұйымының төрағасы – Манан Тұрғанбаев, хатшысы – Мұхтар Әуезов болған. Бұл ұйым өз кезегінде ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу бағдарламасын» әзірлеп, таратады. Жалпы оқытушылар ұйымы ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау, қазақ мектептерін ашу, олардың жұмыстарына басшылық жасау, тағы сол сияқты маңызды мәселелерді көтеріп, үнемі қозғау салып отырды. Сол мақсатқа орай әрбір облыстармен уездерде 2 айлық жедел және 2 жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар ашылды. Ең алғаш педагогикалық курс облыстық съезд қаулыларына сәйкес Алаш қаласында 1917 жылы күзде ашылған.

Қазақ ауылдарындағы бастауыш мектеп мұғалімдеріне деген мұқтаждықты ұлт зиялылары осындай тәртіппен шешуге тырысқандығын көреміз. Зайсан уезінің қазақтарының 7-11 қыркүйектегі (1917) болып өткен съезінде «10 болыс зайсан қазағы халықты ағартып, ілгері бастыру жолында мақсаты бар Зайсандағы «Қазақ жәрдемі» қауымына қосылсын. Бастауыш мектепте бала оқытатын жаңа жолмен таныс мұғалімдер жоқтықтан Семейде ашылатын мұғалімдік курсына әр волостан екі кісі жіберілсін. Мұғалімдер оқу бітірген соң жібереген елінде екі жылдан қызмет қылуға міндетті болсын» деп қаулылар қабылдаған. Бұдан оқу ісін ілгерілету мақсатында жергілікті жерлерде әр бір уезд ішкі мүмкіндіктеріне орай, әрі жүйелі түрде өздері әр-түрлі жолдармен шешіп отырғанын байқаймыз.

Қазақ қоғамында сол кезеңге тән ерекше құбылыс – білім беру мәселесінде қаражатқа мұқтаж шәкірттерге жәрдем беру ісі мен кедей балаларын ақысыз оқытуға көп мүмкіндіктер жасаған. Аягөз қаласына барған бір сапарында Көлбай Төгісов осы мәселе бойынша қазақ байларының расында жиналыс өткізіп, мұқтаж студенттер мен шәкірттерге жәрдем беру қажеттігін түсіндірді. Қаланың Р.Сасықбаев бастаған ардақты адамдары сөзін құп көріп, Томск университетінің студенті Асылбек Сейітовке, Қазаннан Құлжан Шантиевке, Варшавада малдәрігерлекті оқып жатқан Жәнек Сұлтанайұлына ақша жинап берді. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы № 116 санында Берікбол Малдыбаевтың өзіне арнап жазған

мақаласына жауап ретінде Көлбай Төгісов осы жиналған ақшаларды кімдерге жібергендігін «Уақыт», «Тәржіман», «Юлдуз» газеттері мен «Айқап» журналына жариялау арқылы халық алдында есеп берген. Көлбай Төгісов «Айқап» журналы арқылы: «Біздің қолымызда тағы да азырақ ақша бар, ақшаға мұқтаж қандай студенттер барлығын біз білмейміз. Сол үшін пақыр қазақ студенттерінен өтінеміз: хат арқылы шаһар Қапалда маған немесе Мұсағалиевке білдірсеңіздер екен», - деп мұқтаж қазақ студенттерінің хабарласуын өтінді [2; 84].

Жер жерлерде осындай ұлт мектептері ашылып, жас ұрпаққа білім беру, ұлттық тәрбие беру жұмыстары жүргізіле бастаған соң, оқу жүйесін ретке келтіру мақсатында Семейдегі оқытушылар ұйымы ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу программасын» жасап, оны қолдану үшін газет бетінде жариялап таратады. Бес жылдық бастауыш мектеп бағдарламасының негізгі мәні мына мазмұнға сайып келеді: 1. Бастауыш мектепте сабақ атаулы қазақ тілінде оқылады. 2. Орыс тілі төртінші бөлімнен басталып, кірме тіл есебінде оқытылады. 3. Бес жылдың әр жылында иман, ғибадат, дін сабақтары, Құран – ал – Кәрім, Ислам тарихы бойынша сабақ жүргізу міндетті болған.

Бастауыш мектеп үшін жасалған бағдарламаның мазмұнынан-ақ, оның шын мәнінде ұлт мектебіне сәйкестендіріп, жасалуы, ұлт зиялыларының жас ұрпақты тәрбиелеудің мәйегі ретінде иман, ғибадат, ислам дінін алуы және ұлттың рухани құндылықтарын негізге ала отырып, осы бағыт бойынша жүргізуі бүгінгі таңдағы қазақ мектептері үшін де өте құнды үлгі болып табылады. Бұл турада М.Жұмабаев сол тарихи кезеңде қазақ ұлтының болашағының іргетасы ұлт мектебі арқылы қаланатынын былайша негіздейді: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмсақ, келешегіміз күңгірт» [5; 318]. Жұмабаевтың бұл ойының негізсіз болмағандығын бүгінгі тарих тәжірибесі көрсетіп отыр.

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастру бағытында ұлт зиялылары сауатсыздыққа қарсы күресті ұйымдастыра отырып, жасы ұлғайғандар мен қыз балалардың да оқып білім алуын назардан тыс қалдырмаған. Алайда, қыз балаларды оқыту мәселесін жолға қоюда қазақ қоғамындағы патриархалдық психология есебінен әр түрлі кедергілерге тап болып отырған. Бұл туралы М.Тұрғанбаев «Әйелдеріміздің надандығына кінә қоймай, әйелдің қамын жеп, көзін ашқалы Алаш қаласындағы қазақ оқытушыларының ұйымы әйелдерге арнап курс ашты. Ай жарым бұрын газет жүзінде жария қылды. Курсқа келуші болмаған соң дайындалған курс ашылмай қалды» деп, оның себебін былайша түсіндірді: «оқығысы келетін әйел балалар бар, оқытпай қисық оймен қыңыр айтып отырған әке – шешелері, баласына жан ашыған мейірімді ата-аналар әйел балаларын оқыту керек». Сондай-ақ, М.Әуезов даярланып отырған мұғалімдерінің білім сапасының жоғары болу қажеттілігін талап ете отырып, курс бітірушілер жайынан былай деп жазды: «Осы шығарып отырған мұғалімдеріміз қандай? Бұлардың жартысы 2-3 айлық курс, жартысы 1-2 жылдық курстарды бітіріп мұғалім болады... барлық керекті пәндерден өзі біреуді оқытатындай білім алуға бола ма? Бұл мұғалімнің алдынан шыққан шәкірт ұлт мектебінен шыққан, ұлт мақсатымен өскен, жақсы тәрбие алған бала болып табыла ма?» - деп, білім сапасын жетіліру оқу ісін ілгерілетудің мына жолын ұсынады: «Оқу ісіне менің ұсынатын жобам: бірінші, жалпы қазақ – қырғыз съезі сайлап шығарған Алаш орданың бөліміндегі бес кісілік оқу комиссиясы тез уақытта іске кірісіп, барлық бастауыш мектептерге һәм курстарға белгілі бір-ақ түрлі программа жасап, оқу құралдарын толықтыру керек. Оқу құралдарын толықтыру үшін арнаулы бір комиссия жасап, кітапты перевод қылуға отырғызу керек. Бұдан соң саясат ісінде жүрген Семинария бітірген учительдердің бәрін жиып, өзінің түбегейлі пайдалы жұмысын оқытушылыққа белгілеуі керек. Учительский институттарға шәкірттер жіберу керек. Екінші, жаздыгүні сабақтан босаған уақытта барлық қазақ ішіндегі мұсылманша оқыған мұғалімдерге жоғарғы курс ашу керек. Бұл курстағы сабақ лекционный жоғары дәрежелі мектептер сабағынша болу керек. Курста оқытылатын сабақ тәрбие ғылымдары, земство кооператив һәм басқа халыққа пайдалы шаруа ұйымдарын жүргізу ... ». Сондай-ақ,

Семей облыстық Земство жиылысының 1918 жылы 17 қазандағы II кезектен тыс отырысында Имам Әлімбеков оқу орндарына стипендия тағайындаған уақытта сапалы білім бере ала ма, жоқ па, осы мәселені біліп барып қана тағайындау қажеттілігін ескертеді [6; 69]. Қазақ зиялылары тарапынан айтылған сындар атқарылған істерді жоққа шығарғандық деп емес, керісінше олардың жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне, яғни, ұлттың, мемлекеттің болашағы – жас жеткіншектердің қамы үшін айтылған жанайқайы деп түсінген жөн. Сонымен бірге, қоғамдық сынның өсу білім беру ісінің ілгерлеп дамуына шешуші ықпал еткен фактор болғанын естен шығармауымыз керек.

1919 жылы желтоқсан айында Семейде кеңес үкіметі орнап, Семей губерниялық революциялық комитеті құрылғанда Мұхтар Әуезов осы комитеттің қазақ бөліміне басшылық жасады. Сол уақыттан бастап Мұхтар Әуезовтың басшылығымен Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Ыдырыс Мұстанбаев және тағы басқа қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалауға кірісті. М.Әуезовтен кейін 1921 жылы Семей губерниялық атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің бастығы Жүсіпбек Аймауытов, ал оның орынбасары болып Қаныш Сәтбаев жұмыс атқарды. Мұхтар Әуезов айтқандай, ұлттық педагог кадрлардың жетіспеушілігіне бастауыш қазақ мектептері мен оқу құралдарының жоқтығына қарамастан бұл күрделі мәселелерді асқан қажырлықпен шеше білді. 1920 жылдың 1 қазанында Семейде тұңғыш педагогикалық жоғары оқу орны – Семей қалалық білім беру институты ашылып, жұмыс істей бастады. 1921 жылы онда 19 қызметкер, 129 тыңдаушы болды. Аталған оқу жылында Семей уезінде, соның ішінде Семей қаласында қазақ мектептерінің саны айтарлықтай өсті. Мысалы, Семей және Алаш қалаларындағы № 8 қазақ мектебінде Нұрахман Тұрғанбаев меңгеруші болып істесе, Өзбекхан Оразханов, Сүлеймен Құжабаев, Елена Бродская сабақ берді. Сол сияқты № 10 қазақ мектебінің меңгерушісі Айтмұхамед Мусин, мұғалімдері Абзал және Тайба Жиенғалиевтер, № 11 қазақ мектебінің меңгерушісі Кәбір Махмұдов, мұғалімдері Ибрагим Сақатаев, Ғани Бұхараев, №12 қазақ мектебінің меңгерушісі Хайролла Ибрагимов, мұғалімдері Оразбибі Мамұдова, Ғалиакбар Төребаев, Ғали Бұхараев, №13 қазақ мектебінің меңгерішісі Дүйсенбі Иманқұлов болды. Осындағы № 11 және 12, 13-ші бастауыш қазақ мектептері Семейдің Алаш қаласы бөлігінде жұмыс істеді. Ал Семей уезі бойынша негізінен қазақтар басым тұратын 16 болыс елдің 29 бастауыш қазақ мектебінде, орыстардың үлес салмағы көбірек болып келген 22 болыс елдің 58 бастауыш орыс мектебінде бала оқытылды [7; 121].

Қоғамның рухани негізі – ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру мақсатында Алаш туы мен Алаш Орда үкіметінің құзырына бірге отырып жүргізген қажырлы еңбектердің нәтижесінде ұлт мектебін дамытудың іргетасы қаланды. Алайда, іргетасы қаланған білім беру жүйесінің тамырына сол кезеңдегі саяси оқиғалар балта шапты. Осылайша, қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырғанымен оны өз дәрежесінде өрбітіп өркендеуіне кедергілер көп болды. Қазақ халқына білім берудің кеңестік үлгісі танылды. Бірақ та, ұлт мектебін дамыту, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру жолындағы күрес мұнымен тоқтап қалған жоқ еді. Бұл мақсаттағы күрес жүргізудің аясы тарылғанымен, большевиктік жүйеге бейімделе отырып, мәдени-ағарту, педагогикалық-шығармашылық жұмыстарын ұлт-азаттық күрестің жаңа кезеңінде, Кеңестік билік кезеңінде де өз жалғасын тапты. Бұл күрес – Алаш қозғалысының заңды сабақтастығы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдықов Е.Б. Алаш қаласының тарихы. Семей, 2010 – 84 б.
2. Мұратбек Кенемолдин. Алаш мектептері // Абай. – №4. – 83 бет. ХХІ ғасырдағы Алаштың ақ жолы Астана, 2015 ж. – 268 б.
3. Нүрпейісов. К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. 265 б.
4. Қойгелдиев. М. Алаш қозалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
5. Жұмабаев. М., Шығармалары. – Т-III. – Алматы: «Білім», 1992. – 318 б.
6. Бекмаханов. Н.Е. Ұлттық буржуазияның қалыптасуы // Қаз ҰУ Хабаршысы. Тар. сер. 2002. – №1. – 29 б.

7. Шаяхметов. Н.У. Қазақстанның – шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жолдарындағы қоғамдық -саяси қызметі. (Ақмола мен Семей облысының материалдары бойынша 1917-1920 ж.) – Алматы. 2000. – 121 б.

УДК 34.342

Сарбасова А.К., Ерімбет С.Т.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫ БИІК МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ІРГЕТАСЫ

1991 жыл — еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да қасқағым сәтте өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие мемлекеттің бірі. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізе білген, өзін әлемдік дәрежеде көрсете білген мемлекет. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Біз үшін тәуелсіздік - ғасырлар күресінің жемісі. Еліміз зарығып жеткен тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жадымызда жаңғырып тұрған кешегі желтоқсан оқиғасының да ықпалы аз болған жоқ. Жүрегі тәуелсіздік, елім, жерім деп соғатын патриот жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша қазақстандықтардың көкірегіне сенім мен жігер ұялата білді.

1991 жылы 1 желтоқсанда Республикасының Жоғарғы Кеңес сессиясымен Қазақ Кеңес Социалистік Республикасын Қазақстан Республикасы атауына ауыстыру туралы бірегей шешім қабылданды. Міне, сол сәттен бастап Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы өз тарихын аяқтап, оның аумағында Қазақстан Республикасы деген жаңа, жас мемлекет пайда болды. Байтақ жеріміздің, егемен еліміздің тәуелсіз ретінде жариялануын әлемнің 120-дан астам мемлекеті ресми мойындады. Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы белсенді мүшесі, сондай-ақ ол ынтымақтастығын Еуроодақ, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Халықаралық валюта қоры, МАГАТЭ, Қызыл жарты ай, ЮНИСЕФ пен ЮНЕСКО сынды белді ұйымдармен нығайтуда. Қазақстан 400-ден астам көпжақты және 700 екіжақты келісімге қол қойды. Мұның өзі біз Қазақстандықтар үшін бірталай жетістік [1].

Тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы жылдарда қабылданған заңдар елімізге елеулі ықпал ете отырып, елдігімізді қалыптастыруда негізгі бастама болып табылды. Қазақстанның конституциялық дамуының өзіндік тарихы бар және мемлекеттік құрылыстың тарихи міндеттерін шешуде орасан зор ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері екі конституция қабылданды. Алғашқы Конституция 1993 жылы 28 қаңтарда Республиканың Жоғарғы Кеңесі арқылы қабылдаған болса, қазіргі Қазақстан үшін маңызы зор Ата заңымыз 1995 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдум нәтижесінде қабылданды. Оның құрылымы кіріспеден, 9 бөлімнен, 98 баптан, көптеген тармақтар мен тармақшалардан тұрады. Жаңа Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және ол ҚР-ның бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында болатын. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Сонымен бірге мемлекеттілік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтыра отырып, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Сонымен қатар жаңа Конституцияда Парламент туралы бөлімі де өзгеріске ұшыратылды.

Конституцияның қабылдануы мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық өмірдің барлық жақтарын қамти отырып, көп мақсатты және кешенді сипатқа ие болатын конституциялық үдерістердің маңызды кезеңі болып табылды.

Ата заңымызда негізінен саяси бостандықтарға кең кепілдік берілген. Саяси қозғалыстар Конституция шеңберінде емін-еркін өмір сүріп, қызмет ете алады және ған ешқандай қысым, шектеуліктер қойылмайды.

Жаңа Конституцияның тағы бір ең басты артықшылығы – меншіктердің әралуандығын мойындап, оның мемлекет тарапынан қорғалатын мүдделерін бекітті. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік те өз күшіне еніп, оған қолсұғылмаушылық заңмен қорғалады [2].

Қабылданған Конституция Қазақстан Республикасы атты тәуелсіз мемлекеттің құрылуының дәлелі іспеттес бола отырып, оны басқарудың, құрылымының түрлерін, әлеуметтік-экономикалық құрылыстың негіздерін, адам мен азамат мәртебесін белгіледі. Ол мемлекеттік биліктің ұйымдастыруымен, жүзеге асыруымен, тұлғаның құқықтық мәртебесімен байланысты қоғамдық қатынастардың басты, негізгі топтарын бекітеді, және еліміздегі барлық құқықтық - нормативтік актілердің, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын барлық заңдардың қайнар көзі, бастауы болып табылады.

Мемлекетіміздің құқықтық құрылысының дамуындағы жаңа кезең 2007 жылы 21 мамырда «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдаумен белгіленді. Онда Негізгі Заңдағы ел үшін маңызды жаңалықтар жарияланды. Бұнымен қоса, уақыттың сынынан өткен мемлекеттік құрылыстың қазақстандық үлгісінің өлшемдері сақталды. Азаматтық институттың жан-жақты дамуына, мемлекет пен қоғамның қарым-қатынастарын үйлестіретін бағыттың арқасында осы Заң мемлекет пен тұлғаның белсенді өзара әрекет етуіне қойылған конституциялық тыйымдар мен шектеулерді алып тастады, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаңартты. Ол қазіргі уақытта еліміздің ішкі жағдайы мен оның мұқтаждықтарына толық жауап береді. Айта кететін бір жайт, Қазақстан Республикасының Конституциясына соңғы өзгертулер 2011 жылы екінші ақпан күні енгізілді.

Елбасы егемендіктің алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгілеп, осыған қатысты шаралардың жедел жүзеге асырылуын талап етті.

Сондықтан мемлекеттік биліктің бір тармағы – сот жүйесінде болған тың өзгерістерге Президенттің қамқорлығы мен көреген саясаты серпіліс бергені сөзсіз [3].

2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің өте маңызды тұғыры болды. Атап айтқанда, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленді, соттар бір жүйеге біріктіріліп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің оңтайлы және тиімді негізі қаланды, Жоғарғы Сот бірыңғай сот жүйесіндегі жоғары сот сатысы деп танылды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы қажетті деңгейде қамсыздандырылды, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, Конституциялық заң сот құзыретінің шегін кеңейте түсті, судьялар сот төрелігін жүзеге асырған кезде тек заңға ғана емес, әділеттілік атты аса маңызды моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенуге мүмкіндік алды. Судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктері айқындалып, оның биік әлеуметтік мәртебесі бекітілді.

Сот жүйесіндегі әлеуметтік, ұйымдық, құрылымдық өзгерістермен бірге сот ісін жүргізудің заңнамалық қоры да молыға түсті. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қылмыстық іс жүргізу кодексі (қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі деп аталады), Қылмыстық атқару кодексі, Азаматтық кодекс (жалпы және ерекше бөлім), «Атқару өндірісі және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заң қабылданып, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасын еліміздегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларға, елдің конституциялық құрылысына сәйкестендіру, азаматтардың құқықтарын, меншік түрлерінің барлық нысандарын халықаралық

құқықтың жалпыға танымал принциптері мен нормаларына сәйкес сот арқылы қорғау нық қалыптасты.

Қорыта келгенде, 25 жыл ішінде жеткен жетістіктердің маңыздылығын бағалай отырып, біз болашаққа сеніммен қарай аламыз. Елбасымыздың 90-шы жылдарда анықтаған стратегиясының арқасында біздің еліміз осындай аз уақыт ішінде құрметке ие, жетістіктерін танытын, сөзіне құлақ салатын мемлекетке айналып отыр. Елбасымыздың осы қиын жолда сіңірген еңбегі зор, баға жетпес.

Меніңше, екі алып мемлекеттің арасында осындай халге жетуіміз Құдайдың бізге берген сыйы, мейірімі, аманаты деп есептеймін. Біз өз ұлтымыздың, мемлекетіміздің тарихын ерекше қадірлеп, сақтауымыз керек. Келешек ұрпаққа да ақылын айтып, жеткізсек, біз де алып, мықты мемлекет бола аламыз.

Дүние керемет өзгеру жолында, бірақ біз ұлттық идеяны сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз керек. Әрине, ең бастысы, жеріміздегі ұлтаралық келісім, саяси тұрақтылық, ыңтымақтастықты сақтай отырып, көптеген нәтижеге жете аламыз.

25 жыл аралығында елімізде орын алған жетістіктер өте көп. Біздің ел тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі екенін жан-жақты дәлелдеді. Абайдың 150 жылдығын “ЮНЕСКО” шеңберінде тойлады. “Біріккен Ұлттар Ұйымы” шеңберінде 2002 жылы Алматыда, яғни тұңғыш рет Азия құрлығында 24 мемлекет басшысын біріктіріп, кеңес өткізді. “Шанхай ыңтымақтастық ұйымын” құрудың негізгі ұйытқысы, алғашқы ұсыныс жасаумен танылды. Одан әрі, 2003 жылы Астанада тұңғыш рет әлемдік діндер жетекшілерінің съезін өткізумен тарихта аты жазылды. Алдымызда, 100-ге жуық елдің басын қосатын халықаралық көрме “ЭКСПО-2017”. Осының бәрін бағалауымыз керек.

Қазір біз өркендеудің жаңа жолына, әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне бет алдық. Елбасы бекіткен жаңа экономикалық бағамда жаңа бағдарламалар, оның бағыттары және нәтижеге жету жолдары көрсетілген. Сол бағытты ұстанып, болашаққа сеніммен қарайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Алматы 1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңы 2000 жылғы 25 желтоқсан
3. Нысанбаев Ә. «Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму». Егеменді Қазақстан газеті. 2007 жыл. 25-26 наурыз

УДК 01-27

Кенжебулатова А.М.
ГУ им Шакарима г.Семей

ТОЛЕРАНТНОСТЬ И МЕЖЭТНИЧЕСКОЕ СОГЛАСИЕ В КАЗАХСТАНЕ

Толерантность — ключевая проблема для всего мира, существенная составляющая свободного общества и стабильного государственного устройства. Благодаря усилиям ЮНЕСКО в последние десятилетия понятие «толерантность» стало международным термином, важнейшим ключевым словом в проблематике мира. Оно наполнено особым смыслом, основанным на общей изначальной сути данного понятия в любом языке Земли. Эта суть отражает интуитивное восприятие единства человечества, взаимозависимости всех от каждого и каждого от всех и состоит в уважении прав другого (в том числе права быть иным), а также воздержании от причинения вреда, так как вред, причиняемый другому, означает вред для всех и для самого себя. В современном обществе

толерантность должна стать сознательно формируемой моделью взаимоотношений людей, народов и стран. В научной литературе толерантность рассматривается, прежде всего, как уважение и признание равенства, отказ от доминирования и насилия, признание многомерности и многообразия человеческой культуры, норм, верований и отказ от сведения этого многообразия к единообразию или к преобладанию какой-то одной точки зрения. Глобализация — одно из определяющих понятий наступившего XXI в. Это неотвратимый и не зависящий от нашей воли и желания процесс развития человечества, который имеет как положительные, так и отрицательные стороны. Процессы глобализации в современном мире привели к вовлечению в межкультурную коммуникацию огромных масс людей, принадлежащих к различным географическим и культурным ареалам, социальным и профессиональным кругам. Различия норм и стереотипов поведения становятся почвой для непонимания и конфликтов, в основе которых лежит отсутствие толерантности в обществе. Лишь при соблюдении принципов толерантности не будет наблюдаться конфликтов и противоречий на религиозной, расовой, национальной основе. Толерантность предполагает готовность принять других такими, какие они есть, и взаимодействовать с ними на основе согласия. Толерантность не должна сводиться к индифферентности, конформизму, ущемлению собственных интересов. В первую очередь она предполагает взаимность и активную позицию всех заинтересованных сторон. Толерантность является важным компонентом жизненной позиции зрелой личности, имеющей свои ценности и интересы и готовой, если потребуется, их защищать, но одновременно с уважением относящейся к позициям и ценностям других людей. Наиболее точное определение понятия «толерантность» дано в «Декларации принципов толерантности», согласно которой толерантность означает «уважение, принятие и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявлений человеческой индивидуальности» [1]. Этническая толерантность понимается современными учеными не просто как отсутствие негативного, а скорее как наличие позитивного или нейтрального отношения к иной этнической группе, т.е. как готовность контактировать с представителями этой группы такими, какие они есть, при сохранении, однако, позитивного отношения к своей группе.

Республика Казахстан является многонациональным государством, где проживают представители более 130 национальностей. Вопрос о межэтническом согласии и мире в республике имеет исключительное значение. В Послании «Нұрлы Жол - путь в будущее» от 11 ноября 2014 года Президент РК Назарбаев Н.А. отметил: «Впереди - большая и ответственная работа. Чтобы пройти глобальный экзамен на зрелость, мы должны быть сплоченными. Мы должны крепить доверие между всеми казахстанцами! Быть толерантными друг к другу! Это ключи к будущему Казахстана. Межэтническое согласие - это живительный кислород. Мы не замечаем его, когда дышим, делаем это автоматически - мы просто живём. Мы должны сами беречь наше единство и межэтническое согласие. Извне, никто и никогда не придет делать это за нас. Наша молодежь растёт в новой, независимой стране. Нынешнее поколение не видело межэтнических войн и конфликтов, разрухи 90-х годов. И многие воспринимают стабильность и комфортную жизнь в Казахстане как нечто должное.

Ведь что такое стабильность и согласие? Это семейное благополучие, безопасность, крыша над головой. Мир - это радость отцовства и материнства, здоровье родителей и счастье наших детей. Мир - это стабильная работа, зарплата и уверенность в завтрашнем дне. Мир и стабильность - это общенародное достояние, которое нужно каждодневным трудом защищать и укреплять».

Сегодня Республика Казахстан — один из успешных образцов применения принципа толерантности в социокультурном измерении, где мирно и стабильно проживают представители 140 этносов, принадлежащих 17 религиозным конфессиям. Таким образом, теоретико-правовыми основами модели межэтнической толерантности в современном казахстанском обществе являются Конституция Республики Казахстан, Закон «Об Ассамблее

народа Казахстана» и другие нормативные правовые акты Республики Казахстан. Казахстан, втянутый в глобальную орбиту поиска универсальной модели многонационального и многоконфессионального взаимодействия, стал автором своей собственной, ставшей узнаваемой в мировом сообществе модели толерантного и гармоничного общества и заложил основу дальнейшего совершенствования общественных отношений на базе гражданского мира и согласия. Путь, пройденный Казахстаном за годы своей независимости, представляет собой уникальное явление и систему взаимодействия населяющих его народов. Казахстан стал особенной страной, включающей все мультикультурное многообразие с единым цивилизационным устремлением жить в мире и согласии, развиваться, быть защищенным от социальных бед, строить счастливое будущее для своих потомков. При этом одним из главных факторов, повлиявших на эффективность модели согласия, стал казахстанский менталитет, который характеризуется неприятием обособленности и националистических крайностей. Длительный опыт культурных контактов представителей разных этносов помог выработать сходные культурные ориентации у большинства населения страны и создать атмосферу межэтнической толерантности и взаимоуважения. Необходимо принимать во внимание, что сложившийся менталитет сбережен и развит благодаря действию в стране взвешенной этнонациональной политики. Она выстроена на стремлении к межэтническому взаимодействию, общественной стабильности, защите прав и свобод человека, верховенству закона. В этих рамках обеспечена безопасность существования всех этносов, созданы и условия для развития религиозных течений, а также необходимые правовые основы, препятствующие распространению нетерпимости и экстремизма.

Казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия реализуется на следующих уровнях обеспечения межэтнического согласия:

- конституционный и политико-правовой уровень (в Конституции заложено обеспечение общественного согласия, политической стабильности и казахстанского патриотизма);
- доктринальный уровень (в соответствии с Доктриной национального единства Казахстана укрепление независимости достижимо путем сохранения национального единства, общественного согласия и формирования культуры межэтнической толерантности);
- институциональный уровень (на уровне институтов гражданского общества при ведущей роли Ассамблеи народа Казахстана)

В Послании народу Казахстана Глава государства Н.А. Назарбаев подчеркнул, что «нас много, и мы все — одна Страна, один Народ. Мы сделали ценности единства и согласия фундаментом общества, основой нашей особой казахстанской толерантности. Мы должны бережно передавать эти ценности каждому будущему поколению казахстанцев».

ЛИТЕРАТУРА

1. Государственная этнополитика Казахстана: новые тренды: Метод. пособие / Под общ. ред. Е.Л.Тугжанова. — Астана: Академия гос. управления при Президенте РК, 2011. — 204 с.
2. Доктрина национального единства Казахстана // assembly.kz
3. Послание Президента Республики Казахстан — Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства», Астана, 14 декабря 2012 г.
4. Послание Президента Республики Казахстан — Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Нурлы жол - путь в будущее», Астана, 11 ноября 2015г.

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІС

XIX ғасырдың 20-30-шы жылдарында отарлау жүйесінің дәстүрлі қазақ қоғамының барлық өрісінде кең етек алуына себепші болды. Қазақ қоғамын көтеріліске бастау, халықтың күш-жігерін Ресей үстемділігіне қарсы бағыттау үшін оның арасынан көсем болуға лайық тұлға шығуы қажет еді. Дәстүрлі қазақ қоғамында мұндай тұлға ақсүйек төрелердің ішінен шығуы – заңды құбылыс. Атадан балаға мирас болған билікке мүдделі ақсүйектер ішінен тарих осы рөлге Қасым сұлтанның отбасын, соның ішінде Кенесары Қасымовты бейімдеді. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін патшалық Ресейдің әскери-отарлау басқыншылық саясатына қарсы қазақтардың 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушы, көрнекті қолбасшы Кенесары Қасымұлы болатын. Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билікті жоюы, шекаралық аймақтарда жаңа бекіністерді салып, қазақ жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы, қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуына себеп болды. Қазақтардың ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда болған басқа барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгелге дерлік қатысты. Бұл күрестің кең қанат жайып, бүкілхалықтық сипат алуы, Кенесары күресінің өзіне тән саяси ерекшелігі деу керек. Азаттық күреске қатысушы рулардың саны күрестің алғашқы жылдарына қарағанда 1843-1845 жылдары көбейе түскені байқалады. Кенесарыны анағұрлым белсенді қолдаған рулар: Қыпшақ, Төртқара, Жағалбайлы, Табын, Тама, Бағаналы, Шекті, Алшын, Керей, Жаппас, Арғын, Үйсін, Дулат т.б. Кенесары жетекшілік жасаған азаттық күресіне ру басылары мен билер және басқа да аумақты топ өкілдері қатысты. Олар, мысалы, Ш. Едігенов, Шорман Күшіков, Мұса Шорманов және т.б. болатын.

1838 жылы Кенесары әскері Ақтау мен Ақмола арасындағы шептерге шабуыл жасап, онда орналасқан Симоновтың отрядын талқандап, 10 пистолет, 9 мылтық, 13 қылыш, 7 найза, 495 мың оқ, т.б., қару-жарақ, оқ-дәріні қолға түсірді. 1838 жылдың күзінде Кенесары сарбаздары патша үкіметінің жазалаушы әскерлерімен бірнеше дүркін қарулы қақтығысқа түсті. 1838 жылдың аяғына қарай Кенесары Орынбор әскери губернаторлығына қарасты Ырғыз бен Торғай жаққа көшеді. Ол кездегі Орынбордың генерал-губернаторы граф В.А.Перовский алғашқы кезеңде көтерілісшілермен арақатынасты бейбіт жолмен шешуге тырысқан еді. Арадағы келіссөздер барысында В.А.Перовский Кенесарыға көмектесетін болады. Жылдың аяғында Кенесары мен В.А.Перовский арасында уақытша бітім жасауға қол жетеді. Ол бітім бойынша Кенесары бастаған көтерілісшілер шекара шебіне шабуыл жасамауға уәде береді. Бұл тыныштық 1842 жылға дейін созылды. Бірақ, уақытша тыныштық орнаған тұста Батыс Сібір генерал-губернаторлығының әскери отрядтарымен қарулы қақтығыстар тоқталған жоқ болатын. 1841 жылдың қыркүйек айында қазақтың үш жүзінің атынан жиналған ықпалды билер мен сұлтандар Кенесары Қасымұлын ата салт бойынша ақ киізге салып көтеріп, бүкілқазақ халқына билігі жүретін хан етіп сайлады. Осылайша, Қазақ хандығы қайта құрылып, қазақ мемлекеттілігі қайтадан қалпына келтірілді. Ресей империясының билігі орныққан Ертіс, Есіл, Орал шептерінің бойындағы аудандардан басқа Қазақстанның барлық жерлеріне Кенесары ханның билігі жүрді. Кенесары Қасымұлы бастаған жасақтардың саны жүздеп саналды. Саяси ұстанымы – патша әкімшілігі билігінің орнаған, рубасылары отаршыл саясатқа бейімделген бекіністерді шабуылдау болды. Кенесары қойған басты талап – бекіністерді жою және ішкі пункттерге шегіну болды. Өзінің талаптарын орындату үшін Кенесары қуатты бекіністерді, соның ішінде Ақмоланы басып алуға тырысты, 1838 жылдың тамызында Ақмола алынып, өрт құшты, Кенесарының қолына

әскери тұтқындар түсті. Кенесары Абылайдың мұрагері ретінде Орта жүздің ханы болып мойындалғанмен, сонымен қатар Кіші жүздің рулары өзін хан ретінде мойындауын өте маңызды деп есептеді. Жалпы, қазақ ханы Абылайдың мұрагері ретінде ол өз билігінің заңдылығын нығайтуды және оны Торғай мен Ырғыз даласында бекітуді мақсат тұтты [1].

Кенесары қазақ жерлерінің тартып алынуына күйініп қана қойған жоқ, атамекенді кері қайтару үшін де халықты батыл күреске шақырды. «Ата-бабамызға тиесілі жерге салынған бекіністерді талқандап, өртеп жіберемін» деп өкіметке сес көрсетті. Қоқан ханымен тынымсыз күрес жүргізе отырып, Кенесары олардың шеңгеліндегі Ұлы жүздің жерлерін қазақтарға қайтаруды мақсат етті. Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы осыған байланысты Азиялық Департаментке былай деп жазды: «Өзінің Қоқан жерлерін басып алуға тырысуының түпкі мақсаты-сол жерді кейін қазақтарға бөліп беру». Кенесары «қазақтардың ежелгі тәуелсіздігін қалпына келтіреміз», яғни тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрамыз деген ұранмен күрес жүргізді. Халық бұқарасының жанына жақын талаптар қазақ кедейлерінің де, сонымен қатар байғұстардың да, жатақтар мен егіншілердің де мүддесін қозғағандықтан олардың күреске белсене қатысуы табиғи еді. Көтеріліске Торғай және Ырғыз өзендерінің аңғарын мекендеген егінші қазақтар да қатысқан. Ал Торғай мен Ырғыз өлкесі көтерілісшілер қозғалысының орталығы болғаны белгілі [2].

Кенесары ханның соңғы шайқасы қырғыздардың Кекілік-Сенгір деген жерінде болады. Қырғыз манаптары мен Вишневскийдің отряды және Қоқан хандығының әскерлері "Алмалы сай" шатқалында Кенесарының сарбаздарын үш жақтан қоршауға алады. Таулы аймақ хан Кененің сарбаздарына басымдық көрсетуге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, Рүстем сұлтан мен Сыпатай батыр бастаған жасақтардың ұрыс алаңынан кенеттен шегініп, кетіп қалуы да жағдайды қиындатқан болатын. Өздерінен бірнеше есе күші көп жаумен болған қаһармандық шайқаста Кенесары хан 32 қазақ сұлтанымен бірге тұтқынға түседі. Наурызбай батыр қаза табады. Қырғыздардың қолына тұтқынға түсіп қалған Кенесары хан патша чиновниктерінің алдауына түсіп, сыйлықтар алған қырғыз манаптарының тарапынан өлтірілді. Кенесары ханның қасіретті өлімінен кейін оның жетекшілігімен болған қасиетті азаттық күресі де жеңіліске ұшырады. Кене ханның отаршылдыққа қарсы күресінде Ағыбай, Ақғаш, Басығара, Жанайдар, Жәуке, Иман, Байсейіт, Сұраншы, Жоламан және т.б. батырлар қолдау көрсетіп, аянбай шайқас жүргізді [3].

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық соғыстың жеңілуінің негізгі себептері мыналар: қазақ халқының бір тудың астына біріге алмауы, кейбір ру басыларының өз бетінше билік жүргізуге ұмтылуы және де кейбір қазақ билеуші топ өкілдерінің патшалық Ресейді жақтауы, Кенесарының Ресей, Қоқан, Бұхар хандықтарымен күресте күштің тең болмауы. Сонымен қатар, ол өзін жақтамаған кейбір қазақ және қырғыз ауылдарын шабуы кері әсерін тигізді, өйткені ол халықтың наразылығын тудырып, көтерілісті әлсірете түсті. Дегенмен де, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес жеңіліс тапқанымен, ол қазақ халқының тарихында мәңгілік өшпес із қалдырған, Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртуға тырысқан, тарихи маңызы зор күрес болды [4].

Халықтың қолдауының нәтижесінде ғана көтеріліс он жыл бойына созыла алды. Екінші бір даусыз нарсе, ол көтерілістегі басшылық рөл халық бұқарасында емес, Қазақстандағы бұрынғы патриархалдық рулық бытыраңқылықты жоюға тырысқан орта феодалдық топтардың қолында болғаны. Көтерілістің барысымен және Кенесарының саяси шараларымен танысқанымызда біздің оған көзіміз жетеді. Көтерілісте қоғамдық күштердің бұлайша орналасуы заңдылық екенін атап өтуге болады, себебі Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысы феодализм жағдайында патриархалды-рулық тұрмыс сарқыншақтары күшейіп алған шақта дамыған еді. Қазақстанда патриархалдық-феодалдық қоғамдық қатынастар мен рулық тұрмыс үстемдік етіп тұрған кезде халық бұқарасы өзінің феодал басшы тобының билігінен және ықпалынан шыға алмаған болатын [5].

Қорыта келгенде Кенесары ханның қайшылығы мол күрделі тарихи тұлғасы толық зерттеліп болды деген пікір түюге әлі де ертерек деп ойлайм. Тіпті көтерілістің әскери жағынан ұйымдастыру мәселелері, Орта Азиядағы хандық билік иелерімен саяси қарым-

қатынастарының алмағайып өзгеріп отыруы, көтеріліске би-болыстардың қатысуы, сарбаздарды қару-жарақпен қамтамасыз ету және тағы басқа да мәселелер байыпты да терең зерттеуді қажет етеді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында.-Алматы, «Санат», 1994.-416 бет.
2. Ермұхан Бекмаханов. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.-200 бет.
3. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.
4. Махат Данагүл. Тіл мен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат.-Астана: «Ана тілі-Ата тарихы» баспа-зерттеу орталығы ЖШС.,2007.-192 бет.
5. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: Көп томдық. Т.18. Ермұхан Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында.- Астана: Астана полиграфия, 2010.- 491 б.- (Мәдениетмұра). - (Қазақұлт-азаттыққозғалысы).

ЖОЖ 94(56)(574)

Мұқатаева А.А., Қауанова Ш.Ә.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДОСТАСТЫҒЫНА - 25 ЖЫЛ

XX ғасырдың 90–шы жылдарының басы адамзаттың даму тарихында үлкен бір өзгеріспен басталды. Бүкіл Еуразия материгіндегі ең қуатты деген, саяси аренада социализм мен коммунизм идеясын басшылыққа алған біртұтас республикалар жүйесі ыдырап, халықаралық аренада жас тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуының өзі халықаралық қатынастардың даму тарихында жаңа бір кезең туғанын көрсетті.

Бүкіл экономикасы, саяси және әлеуметтік дамуы бір орталыққа бағындырылған бұрынғы Кеңестер Одағы мемлекеттерінің ендігі жерде нақты даму бағытын белгілеп, қалыптасқан жаңа жүйеде өзіндік орнын табуы негізгі өзекті мәселеге айналды. Осы ретте тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасының алдында өзінің бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сыртқы саясатта дұрыс бағыт белгілеп, бүкіл әлемдік даму үрдісіне тез арада қосылу міндеті тұрды. Ал бұл мәселе шетел мемлекеттерінің қолдаусыз, халықаралық ұйымдардың көмегінсіз жүзеге асуы мүмкін емес жағдай еді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан бергі әлемдік қауымдастыққа енуі іс жүзінде аяқталып, халықаралық геосаяси қатынастардағы орны мен рөлі айқындалды. Бүгінде Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі өзінің тарихи дәнекерлік қызметін қайта жалғастырып, халықаралық аренада беделді де дәйекті бейбітшілік саясатын жүргізуде. Оған Қазақстанның халықаралық қауымдастық шеңберінде тең құқықты қарым-қатынастар орнатуымен бірге, баянды бейбітшілік саясатын қалыптастыру, мемлекетаралық шиеленістерді бәсеңдету, қазіргі Орталық Азия елдері арасындағы мәселелеріне байланысты қалыптасқан жағдаятты оңдастыру, шетелдермен экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейту жөніндегі ұсыныстары мен нақты қадамдары айқын дәлел. Сонымен қатар отарлық және кеңестік кезеңдерде бұрмалауға ұшыраған халықтың тарихи санасын қалпына келтіру, өз мемлекеттігін сәйкестендіру аясында өтіп жатқан рухани және мәдени әрлеу барысында Қазақстан Республикасы көршілес елдермен, тарихи тамыры бір туысқан халықтармен ежелгі қарым-қатынастары мен байланыстарын жаңғыртуға да ерекше назар аударып келеді. алыс және жақын көрші мемлекеттермен жасалатын ресми халықаралық қарым-қатынастармен қатар елдерді жақындастыратын мәдени байланыстардың да маңызы зор. Қазіргі орталық-азиялық аймақ экономикалық деңгейі әрқилы, азаматтық-қоғамдық даму деңгейі де біргелкі емес бірнеше мемлекеттердің орналасқан өңірі. Осы аймақтың құрамдас

бір бөлігі болып табылатын Қазақ елінің бірегейлігі оның еуроазиялық геосаяси кеңістікте орналасқандығы, славяндық Солтүстік пен түріктік Оңтүстік, христиандық Солтүстік-Батыс пен конфуциандық-буддистік Оңтүстік-Шығыс, мұсылмандық Оңтүстік-Батыс арасындағы жанама үзбесі іспеттес. Осындай геосаяси тұрғыда ұтымды аймақта орналасқан және кен байлығы жағынан да кенде емес Қазақстанмен өзара ынтымақтастығын жандандыруды мақсат тұтқан елдер қатарындағы Түркия Республикасы Қазақ елінің алғашқы тәуелсіздік сәтінен бастап өзара байланыстың қалыптасуы мен дамуына өте ынталы екендігін білдірген мемлекеттердің бірі.

Түркия - түркі тілдес халықтар арасында оқ бойы озық тұрған ел. Түркия – саяхат саласын дамыта алған, мәдениеті жағынан да бірқатар елдерге өнеге бола алатын мемлекет. Түркияның Қазақ елімен жақындығы оның тілі мен діні, мәдениеті мен этникалық түп тамырларының біртектілігінде. Сонымен бірге кезінде Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрі болған Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше Қазақстанға Түркиямен жақын қарым-қатынаста болу өте маңызды мәнге ие. Оның пайымдауынша тәуелсіздіктің алғашқы күндері-ақ қазақстандық дипломатия алдына Түрік Республикасымен саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың едәуір әлеуетін екіжақты тұрғыдан да, ЕҚЫҰ, ЭЫҰ шеңберінде де іске қосу міндеттері қойылған. «Түркияның мұнайды өз аумағы арқылы тасымалдау жобаларына қызығушылығы Қазақстанды транспорттық коммуникациялардың және әлемдік нарыққа шығудың балама арналарымен қамтамасыз ете алады.

Солтүстік-атлантикалық одақты қамтитын бірқатар маңызды халықаралық ұйымдардың мүшесі болып келетін Түркиямен тығыз қарым-қатынастар Қазақстанға еуропалық құрылымдарға интеграция тұрғысынан маңызды», - деп көрсетеді [1].

Сол ретте түріктер де бәсекелестіктен гөрі ынтымақтастық тұжырымдамасын берік ұстап Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты аймақтық ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста болуға ұмтылғаны айқын. Орталық Азия елдерімен, сол құрамдағы Қазақстан Республикасымен жандандыратын ынтымақтастық аясының басым бағыт-бағдарын айқындайтын болсақ, бұл біріншіден адам құқы, заңның үстемдігі мен демократияландыру саласы, екіншіден жастар мен білім беру мәселесі болса, үшінші сала экономикалық даму, сауда және қаржы салымы. Сондай-ақ Қазақстан өңірі ауылшаруашылық өнімдерімен де ерекшеленеді. Энергетикалық бағыт шеңберінде мүдделі елдер Каспий аумағынан энергोकөзін тасымалдау арқылы өз қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие бола алады. Келесі бағыт лаңкестік пен экстремизмге, есірткі тасымалдауға қарсы бірлесе күресу және жалпы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі орталық-азиялық елдердің экономикалық өркендеуі үшін ауадай қажет. Қазақстандағы, жалпы Орталық Азиядағы тұрақтылық осы аймаққа мүдделі барлық елдер үшін тиімді болары сөзсіз. Бүгінгі күні Қазақстан мен Түркияның халықаралық және аймақтық ұйымдардағы үйлестірілген ұстанымдары Ауғанстан, Ирак және т.б. өзекті мәселелерде бір арнадан шығуда [2].

Соған орай Түркия Республикасы Қазақстанмен ынтымақтастықты тереңдете түсу мақсатында мәдени салада, ғылым мен техникада, түркі халықтарының алмасуын кеңейте түсу бағытында, ізгілікті саладағы байланысты дамыту үшін жағдай жасау қажеттігін қарастыруға назар аударады. Тіпті сонау 1992 жылы экономикалық, мәдени және техникалық ұйым – Түріктік халықаралық кооперация агенттігі құрылған еді. Агенттіктің негізгі мақсаты аймақтағы елдерге әр түрлі саладағы жобалар мен бағдарламаларға оның ішінде ауыл шаруашылығы, білім беру, кіші және орта кәсіпкерлік, энергетика, саяхат және тағы басқада түріктік көмекті тиімді үйлестіру болатын.

Екі елдің әртүрлі саладағы ынтымақтастығы қазіргі кезеңде өзінің тұрақтылығы мен екі ел басшыларының дәстүрлі түрде саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлы байланыстарды нығайтуымен ерекшеленеді. Аталған үрдістерге екі ел халықтарының бір-бірімен тарихи, мәдени және этно-діни жақындықтары да өзіндік жағымды әсерін тигізуде.

Қазақстан мен Түркияның стратегиялық серіктестер екендігі 2003 жылы мамыр айында Қазақстан басшылығының Түркияға жасаған ресми сапары барысында мәлімделінген

болатын. 2004 жылғы маусымдағы Ыстамбұл қаласында өткен НАТО саммиті барысында, сондай-ақ 2005 жылғы 25 мамырда «Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбырының әзірбайжандық бөлігінің іске қосылу салтанаты кезіндегі екіжақты кездесулер барысында серіктестік жаңа серпінге ие болды. Түркияның саяси жетекшілері де Қазақстанды Орталық Азиядағы саяси және сауда-экономикалық саладағы сенімді әріптесі деп санайтындықтарын мәлімдеген болатын.

Қазақстан Республикасының Парламентінің депутаттары алдында Түркия Республикасының экс президенті Абдулла Гүл жаңа Жібек жолын жаңғыртудың тарихи рөліне екі елдің ие болғандығын жария еткен болатын. Ол өз сөзінде: «Түркия мен Қазақстанға жаңа көліктік, байланыс және энергетикалық дәліздерін дамыту ісінде маңызды рөл мен тарихи жауаптылық жүктелуде. Яғни, жаңа Жібек жолын жаңғырту, Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты өзара жақындатады, аймақ елдерінің экономикасының, олардың әл-ауқатының дамуына үлесін қосады», деген [3]. Оның пікірі бойынша Қытай мен Қиыр Шығысты Еуропа нарығымен байланыстыратын Баку – Тбилиси – Карс темір жолының жобасын Қазақстанның көмегімен жүзеге асырғаннан соң тарихи Жібек жолын жаңғыртуда маңызды қадам жасалынады.

Екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастар да жедел қарқынмен даму үстінде. Түркия Республикасы Үкіметі жанындағы Сыртқы сауда жөніндегі агенттік мамандарының сараптамасына жүгінетін болсақ Қазақстан экономикасының даму қарқыны түркиялық іскер ортаның біздің елге деген қызығушылығын арттыра түсуде. Түріктік өндірушілердің экспорттық тауарлар атауларының ұлғаюы елге қажетті шикізат көздерін шет елдерден әкелуге мәжбүрлеуде. Бұл Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналым көлемінің қатынастарының өзгеруіне ықпал етуде. Егер 2001 жылы Түркияның Қазақстанға деген экспорты бізден Түркияға кететін тауарларымыздан басым болса, енді 2002 жылдан бастап бұл қатынас біздің пайдамызға қарай ауыса бастады. Әрине экспорт-импорттық іс-әрекеттер қазақстандық тарап пайдасына жағымды болғанымен, біздің Түркияға жіберілетін экспорттың басым бөлігі шикізаттық сипатта (астық, мұнай, газ, көмір, металл және т.б.). Ал Қазақстанға жіберілетін түріктік экспорт өнеркәсіптік тауарлардан тұрады (металл және пластик өнімдері, жиһаз, тоқыма, тұрмыстық химия және т.б.). Дегенмен, ҚР статистика жөніндегі агенттігінің мәліметі бойынша 2006 жылдың қаңтар-тамыз айларындағы екі ел арасындағы сауда айналым 478,8 млн долл. құраса (экспорт – 136,6 млн, импорт – 342,2 млн), ал 2005 жылы – 556,9 млн долл. (экспорт -157 млн, импорт – 399,9 млн), 2004 жылы – 489,5 млн долл, (экспорт – 147,1 млн, импорт – 342,4 млн) [3]. Елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуына қазақстандық-түріктік Үкіметаралық экономикалық комиссияның қызметі де өзіндік үлесін қосып келеді.

Сонымен бірге, Түркия мұнай өндіру, қуат көздерін, мұнай, газ және т.б. тасымалдау саласындағы жобаларға ерекше көңіл бөлуде. Сол бағыттағы Баку-Тбилиси-Джейхан құбыры жобасының белсенді қатысушысы болып табылады. Бұл жобаға 2006 жылдың мамырында Қазақстан жағы да қосылған болатын. Қазақстан мен Түркия Қара теңіз жағалауында мұнай өңдеу зауыттары құрылысы жөнінде келісім шартқа отырды. Яғни, осы мұнай өңдеу зауыттары қазақстандық мұнаймен қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл, шикі мұнайды Новороссийскіден Түркияға тасымалдап сол жерде өңделген өнімді сатуға мүмкіндік береді. Қазақстандықтардың пікірі бойынша мұнайды өңдеу зауыттарының құрылысы Босфор бұғазының өткізу қабілеттілігінің жеткіліксіздігіне байланысты мәселені шешуге мүмкіндік туғызады. 2009 жылғы 29 қаңтарда Бүкіләлемдік экономикалық форум аясында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Сондай кездесулер кезінде сол кездегі мемлекет басшысы болған Түркия Премьер-министр Реджеп Тайип Эрдоғанмен бейресми кездесу өткізген болатын. Екіжақты сұхбат барысында екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастарды дамыту мәселесіне айрықша мән берілді. Екіжақты қатынастардың тығыз дамуына 2009 жылғы 3 қазан күні Нахчыван қаласында (Әзірбайжан Республикасы) өткен түркі тілдес мемлекеттер басшыларының ІХ саммиті де өзіндік үлес қосты. Сонымен қатар, екі ел Үкіметтері арасындағы ғылым мен техника, туризм, қоршаған

ортаны қорғау салаларындағы Ынтымақтастық туралы Келісімдерге қол қойған болатын. 23 қазанда Қазақстанның Елбасы Анкара қаласында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының штаб-пәтерінде болып, ұйым жұмысымен танысқан еді. Ресми сапар барысында Қазақстан басшысы №1 Анкаралық индустриалды аймағындағы нысандармен, «Арчелик-Бико» электро-техникалық зауыттың өнімдерімен танысуы екіжақты қатынастарға өзіндік зор үлес қосары хақ[4].

Н.Назарбаев өз сөзінде атап өткендей, Түркі академиясын құру уақыт талабынан туындап отыр. Жаңа бірегей ғылыми-зерттеу орталығы соңғы бес жүз жылда жоғалған түркі әлемінің бірлігін қалпына келтіруде үлкен рөл ойнауы тиіс. Мемлекет басшысы бұдан былай археология, этнология, түркітану және әдебиет саласында зерттеулермен айланысып жүрген ғалымдар бір шаңырақ астында жұмылып жұмыс істейтініне сенім білдірді.

Түркия мемлекетімен мемлекетаралық кең көлемді қатынас орнату — Қазақстанның халықаралық қатынастар саласындағы басты міндеттерінің бірегейі. Бұл екі мемлекетті жақындастыратын басты фактор — екі халықтың түбі бір туыстығы, өткен тарихының ортақтығы, этнолингвистикалық жақындығы, геосаяси және экономикалық алғышарттарының бірлікті бастаулары барлығы. Айталық аз уақыттың ішінде-ақ екі ел арасында қызу қарым-қатынас жанданып жүре берді, заңды база қалыптасты. Оның мысалы екі ел мемлекеттері бірінші басшыларының үкіметтері мен министрліктерінің ведомстволар мен кәсіпорын басшыларының жоғары деңгейде қол қойған шарттары, декларациялар, келісімдер және алынған міндеттемелер. Екі ел парламенттері арасында да қызу достық, ынтымақтастық әрі өзара түсініскен мықты байланыс бар. Ал, мәдениет өнер және білім беру салаларындағы байланыстар екі халықтың бір-біріне жақындасуына, қарым-қатынастардың татулықпен негізделуіне ықпал етті[5]. Өйткені, екі елдің тарихында, тіл және мәдениетінде ортақ ұқсастықтар көп-ақ. Жоғарыда біз екшелеген жағдайларға, сондай-ақ екі ел арасында орныққан ортақ рухани, саяси және экономикалық мүдделердің ауқымды орын алып отырғандығына орай олардың арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастары әлі де өте қарқынды дамып келеді.

Тақырыптың өзектілігі. Энергетикалық сектор ұлттық шаруашылықтың барлық салаларының қызметін қамтамасыз етеді, елдің негізгі қаржы экономикалық көрсеткіштерін анықтайды. Табиғи жанармай энергетикалық ресурстар, экономиканың энергетикалық секторының өндірістік, ғылыми техникалық және мамандар әлеуеті Қазақстанның және Ресейдің ұлттық мақтаньштары болып табылады. Оны тиімді пайдалану халықтың өмір деңгейін, әлеуметтік жағдайын көтеруді қамтамасыз ететін елдің экономикасын тұрақты даму жолына қоюда қажетті алғышарттар жасауда.

Энергетикалық қауіпсіздік Қазақстан мен Ресейдің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды бөлігі екені анық. Сондықтан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету энергетикалық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі.

Энергетикалық қауіпсіздік елдің, оның азаматтарының, қоғамның, мемлекеттің, экономиканың сенімді жанармай және энергиямен қамтамасыз етілуде қауіптерден қорғалуы болып табылады. Бұл қауіптер тек сыртқы факторлармен ғана емес, елдің энергетикалық секторының жағдайы мен қызметімен де анықталады.

Жанармай энергетикалық кешеннің дамуын тежейтін аталған факторлар Ресейдің энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін негізгі көз болып табылады.

Энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін, алдымен екі маңызды мәселені шешу керек.

Біріншіден, әбден ескірген Отын Энергетикалық Комплекстің (ОЭК) технологиялық базасының модернизациясын жүзеге асыру және оның шығаратын ресурстық базасын өндіріспен қамтамасыз ету (көбінесе жаңа аймақтарда және нашар табиғи - геологиялық жағдайларда).

Болашақ онжылдықта инвестициялардың (мұнай саласынан басқа) шектеулі болғандығынан, бірінші бар өндіріс қуаттылығының технологиялық модернизациясы жүзеге асады (олардың қызметін жалғастыру мақсатымен), ал кейіннен тамырлық қайта қалпына келтіру мен ең жақсы отандық және шет елдік технологиялардың қолданылуымен жаңа өндіріс қуатының пайда болуын жүзеге асыру.

Екіншіден, қолдану құрылымын өзгерту мен отын - энергетикалық ресурстарының өндірісін орналастыру. Атомдық және гидро энергияны қолдануды, көмірлік өндіріс пен жаңартылған көздерін қолдануды көбейту, сонымен қатар Батыс Сібірден басқа аймақтарға (Шығыс Сібір, Еуропалық солтүстік және Каспийлік аймақ) көмірсутек табуды бытыратып орналастыру.

Қазіргі замандық жаһанданулық жағдайда кеңістік пен уақыттың жаңа өлшемдерін игеру қажеттілігінің пайда болуы анық. Жаңа ақпараттық технологиялардың, олардың жаңа өрістер мен әлемдік аймақтарды қамтуының маңызы өсе түсуі әлемнің «тұтас жазық» түсуінің үрдісі.

Қазіргі таңда қауіпсіздіктің қауіп - қатерлері көбейгені айқын. Бір жағынан қарағанда әлемдік қауымдастық үшін тікелей қауіп жоқ, дегенімен, әлемнің саяси сахнасындағы ойыншылардың күштер балансы өзгеріске ұшырағаны Ресей Федерациясы сияқты мемлекеттің энергетикалық саясаты әлемдік энергетикалық саясатқа әсерін тигізбей қоймайды.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды қағидалары:

- энергетикалық стратегиясына халқы мен экономикаларын қауіп-қатердің астында немесе әртүрлі төтенше жағдай пайда болған кезде толық мөлшерде қалыпты шарттарда және ең аз қажетті мөлшерлі энергиямен қамтамасыз етуіне кепілдік және сенімділік;

- таусылатын ресурстардың толықтырылуы (отынның таусылатын ресурстарының қолданылу екіні олардың орнын толтыратын энергия көз-қайнарларын игеру екінімен келісілуге тиісті);

- қолданылатын отын мен энергия түрлерінің әртараптандырылуы ;

- экологиялық қауіпсіздігінің талаптарының есебі ;

- энергиялық ысырақорлықты болдырмау (энергетикалық тиімділігінің саясатпен өзара байланысы, РФ энергетикалық стратегиясының іске асырылуына саяси (геосаяси) факторлардың әсер етуіне жол бермеу;

- ішкі және сыртқы нарықтарға энергиялық ресурстарды жеткізудің, өзара тиімділікті және экспорт құрылымының рационалдандырылуын қамтамасыз ететін экономикалық шарттары мен жағдайларды жасау (ең алдымен салық және кеден шараларының арқасында);

- барлық технологиялық процесстер мен жобаларында бәсекеге қабілетті жабдықтауды барынша қолдану.

Ресей сарапшыларының пікірінше Энергетикалық қауіпсіздігінің қағидаларын ескеріп, мынаны орындау керек:

- жаңартылған энергия көздерін барынша қолдану (мысалы, гидроэнергиялық ресурстарын) және электр беру тұрақты желісін қамтамасыз ету;

- тарифтік саясатты үндестіру үшін шарттарды жасау және болашақта – электроэнергияны тасымалдауына біртұтас тарифтік ұтысты қабылдау;

- мемлекеттердің энергетикалық теңдестігінде мұнайлы және газ көз-қайнарларының үлесін азайту арқылы, энергияның басқа көз-қайнарларының үлесін көбейту мақсатымен көрсеткіштерді бекіту.

Жаһанданудың өскелең жағдайында білім мен денсаулық сақтау мәселелері тұрлаулы прогрестің кепіліне және ажырағысыз құрамдасына айналуға, жаһандық экономикалық қауіпсіздік пен ұлттардың өркендеуі соларға байланысты болады.

Осы мәселелерге жеткілікті назар аудармаушылық экономикалық даму жолында елеулі тосқауылдар туындата алады, бұл өздеріне байланысты «қалыптаспаған мемлекеттер» термині қолданылатын үшінші дүниенің бірқатар мемлекеттерінің мысалынан айқын көрінді және жаһандық сипаттағы бүлдірушілік салдары болмақ. Бұл сондай-ақ тұтас ұрпақтарды жақсы болашаққа деген үмітінен айыруы мүмкін [1].

Бүгінгі таңда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі әлем елдерінің барлығы үшін ең маңызды мәселе болып отыр. Энергия қуатынсыз өндіріс те, ауылшарушылығы да, ғылым мен техника да, өркениетте дамымайтындығы сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күннің өзекті мәселесі сол энергия қуатын беретін табиғи ресурстарды үнемдеп, тиімді пайдаланып, энергия көздерінің жаңа балама жолдарын іздестіру арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып отыр.

Қазақстан табиғи ресурстардың, әсіресе энергетика ресурстарының орасан зор қорына ие. Біздің еліміздің аумағында, бағам бойынша мұнайлы алғашқы он елдің қатарына қосарлық мұнай мен газ кен орындары бар. Сонымен қатар Қазақстанда көмірдің, уранның, алтынның және басқа да бағалы минералдардың мол қоры бар.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев Ресейдің Сыртқы істер министрлігі Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының оқытушы - профессорлар құрамымен кездесуде сөйлеген сөзінде:

«Кейінгі кездері энергетикалық қауіпсіздік деген ұғымды түсіну аясы өзгеру ағымы байқалуда. Ал бұрын оны тұтынушыларды энергетикалық ресурстармен тұрақты қамтамасыз ету ғана деген пайым болды. Қазір оған қуат көздерін халықаралық нарықта өндіру, тасымалдау мен сату қамтылады. Сатушы елдер мен транзитті елдер, тұтынушылар мен трансұлттық энергетикалық корпорацияларға дейінгі энергетикалық тізбектің барлық бұтақтары энергетикалық қауіпсіздік үшін бірдей жауапты болуға тиіс», - деп мәлімдеді Қазақстан президенті [2].

Н. Назарбаевтың пайымдауынша, «әлемдік саясаттағы энергетикалық фактордың түсінігі аясын әдістемелік тұрғыда біршама кеңейте түсуді ұсыну арқылы әжептәуір қызықты тұжырымдарға келуге болады, ал олар қазіргі замандағы кейбір іргелі процестердің мән - маңызы мен түп - тамырын айқын әрі ашық түсінуге мүмкіндік береді» [2].

«Жаңа ғасырдың бірінші онжылдығында әлем мұнай өндірудің шыңырау шегіне жетті деп саналады. Мұнай беретін негізгі көздер қуатының ең жоғарғы шегінде пайдаланылуда, сонымен бірге, энергетикалық ресурстардың аумақтық тұрғыда төтенше біркелкі таралмағандығын және біркелкі шоғырланбағандығын атап өту керек. Ғаламның экономиканың басты ресурсы ретінде мұнай біздің өркениетіміздің энергетикалық негізіне айналды. Жер бетінде мұнай қорының ала - құла таралуы қазіргі заманғы экономиканың тепе-теңсіздік сипатының негізі ретінде қабылданатын болды», - деді Қазақстан президенті.

«Қазіргі әлем ашықтық идеалы мен әлемнің жекелеген өңірлерін жабық әрі жанға жайлы бекіністерге айналдыру қиялының арасында, әртүрлілік пен бірізділікке талпыныс арасында, декларациялық ұрандар мен кәтігез қазіргі ахуал арасында аласұруда. Жалпы адазат өміріндегі ілгерілеушілік жолындағы әрбір қадамның төтенше құндылығына біз жаңа түскендейміз», - деді Н. Назарбаев [2].

Жаңа ғасырда жаһандық экономиканың күрт өсуіне орай олардың энергетикалық қуаттарды тұтыну деңгейінің қалыпты деңгейден артып кетуі, сондай-ақ әлемдегі мұнай және мұнай өнімдері рыноктарындағы бағаның тұрлаусыздығы салдарынан энергияны тұтынушы өңірлердің қуат көздерін таратушы мемлекеттерге деген тәуелділігін үдете түсті. Осы орайда Қазақстанның жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әлемдік қоғамдастықта сенімді, тұрақты әрі келешегі зор мемлекет ретінде қарастырылуын Қазақстанның осы бағытта жүргізіп отырған саясатының нәтижесі, Елбасының қажырлы еңбегінің өтеуі деп түсінген жөн.

Таяу болашақта әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру жөнінде алдына өршіл міндет қойған Қазақстан әлемдегі мұнай және газ экспорттаушылардың алғашқы

жетілігіне кіруді жоспарлап отыр. Егер еліміздің әлемдік мұнай сұранысы үрдісіне шұғыл икемделе бастауын ескеретін болсақ, мұны нақты мақсат деп бағалаған жөн.

Сондай - ақ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қуат көздеріне деген жаһандық сұраныстың келешекте өсе түсетінін ескеретін болсақ, Қазақстанның бұл бағыттағы рөлі жыл өткен сайын арта түспек [3].

Тағы бір мәселе. Энергетикалық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің келесісі жер жүзіндегі көптеген өндірісі өркендеген елдер мен ірі өңірлердің жеке энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етілмеуі салдарынан олардың қуат көздеріне деген мұқтажының орын алуы болмақ. Егер де 1990 жылы мұндай елдер әлемдік ДЖӨ-нің 87 пайызын өндіріп келсе, осы ғасырдың басында олар өндіретін әлемдік ДЖӨ көлемі 90 пайызға жетті. Мұның өзі қойнауы қазынаға толы Қазақстанды жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жетекші рөлге шығаратынын айқындап бермек.

Әлемдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шын мәнінде жыл өткен сайын маңыздылана және өткірлене түсуде. Қазіргі таңда энергетикалық саладағы мүдделер қақтығысы соғыс әрекеттеріне ұласып жатқаны да жасырын емес. Ал әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын Еуразия кеңістігінде мұндайға жол беруге әсте болмайды.

Энергетикалық сектор Қазақстан мен Ресей қарым - қатынасындағы ең маңызды әрі перспективалы саланың бірі. Бұл ынтымақтастық мұнай мен газды өндіру және өңдеу; оларды тасымалдау; электроэнергетика; атом энергетикасы салаларында жақсы дамып келеді. Осылардың ішінде, әрине, мұнай - газ саласының орны бөлек.

Себебі, екі ел де оларға өте бай мемлекеттер. Соның арқасында қазір Еуразия кеңістігінің ғана емес, Еуропа құрлығының да энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды ойыншыларға айналды. Тараптар осы рөлін одан әрі нығайту үшін ресейлік магистральді құбыр желілерін пайдалану арқылы қазақстандық көмірсутекті шикізатты тасымалдауда өзара ықпалдасуын жалғастыруда. Сонымен қатар мұнай мен газ өндіретін өндірісті бірлесіп жаңарту бағытындағы жобаларды бірлесіп жүзеге асыруда.

Міне, қарап отырсақ Қазақстан мен Ресейдің энергетикалық сектордағы ынтымақтастығы жыл сайын нығайып келеді. Бұл өз кезегінде экономикаларымыздың ықпалдаса қарқынды дамуына септігін тигізуде. Мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан расталған мұнай қоры жөнінен әлемде 9-шы орында тұр. Болашақта көмірсутек өндірісінің көлемі елеулі өседі деп күтілуде. Қазақстан өндірістің шырқау шегіне әлі жетпеген әлемдегі аз ғана елдің бірі. Еліміздің мұндай әлеуетін жақсы білетін Ресей бізбен энергетикалық сектордағы ынтымағын одан әрі өрістетуге мүдделі. Біз де бұл ынтымақтастықты қалаймыз. Ал жалпы сайып келгенде Қазақстан мен Ресей энергоресурстарының ортақ нарығын қалыптастыру экономикалық жағынан да, саяси қырынан да, екі елге пайдалы болмақ.

Қорыта келгенде, Қазақстанның энергетикалық ресурстары халықты толық қамтамасыз етуге жететіндей мөлшерде екендігі айқын болып отыр. Алайда сол энергетикалық ресурстарды тиімді пайдаланғанда ғана болашақ ұрпақтарды да қамтамасыз ететіндей жағдай туады. Сондықтан қазірден бастап Қазақстан территориясындағы көмір, мұнай, газ, уран кендерін үнемдеп өндіріп, тиімді пайдаланып халық шаруашылығын электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз етудің барлық жағдайын жасауымыз қажет. Осы ретте елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық жағдайын жасау ішкі және сыртқы саясатымыздың басты мәселесі екендігін алға қойуымыз қажет.

Қазіргі әлемде энергия көзіне деген сұраныс артып келеді. Бұл ретте энергия шикізатына бай елдердің үлес салмағы артатыны сөзсіз. Сонымен бірге энергия көдерін игерумен қатар, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және соған байланысты экологиялық қауіпсіздікті де сақтау мәселесі өзекті екені анық. Осы ретте Қазақстан да, Ресей де шикізаттың осы бір түріне бай болғандықтан, ендігі жерде екі мемлекеттің арасындағы экономикалық қатынастардың негізі – энергия көздерін тиімді пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ынтымақтасуға бағыттылатыны сөзсіз.

Біріншіден, жаһанды энергетикалық қауіпсіздік көптеген факторлармен анықталады, соның ішінде демографиялық, әскери-саяси, макро экономикалық, экологиялық, ғылыми - технологиялық және ресурсты -шикізатты. Демографиялық фактор негізінде жердегі адамзат өсуімен анықталады, бұл дамушы елдердегі энергиямен қамтамасыз етудегі қиыншылықтарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Энергоресурстарды қолдануда экономикалық даму шешуші фактор болып табылады, себебі ең көп энергоресурстарды қолдану индустриалды дамыған елдерде кездеседі екен. Экологиялық фактор да маңызды болып келеді. Себебі энергетика қоршаған ортаны ластауда бірінші орынды алады және жаһанды экологиялық мәселелерге әкеліп соқтырады.

Екіншіден, әлемдік энергетиканы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету халықаралық, мемлекетішілік те, соның ішінде компаниялардың үкіметтің, оның ішінде энергетикалық, экономикалық, әскери, құқыққорғаушы облыстарда бірлесіп жұмыс атқару керек. Бірақ, әлемдік қауымдастықтың жаһанды энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуде қатысушылардың санының көбеюі тепе-теңдікті бұзуы мүмкін. Бұл қатысушы мемлекеттердің геосаяси және басқа қызығушылықтарына қауіп төндіруі мүмкін.

Халықаралық қатынастар көрсеткеніндей энергетика халықаралық қатынастарда конструктивті және деструктивті функцияларды атқарады. Ол әлемдік қауымдастыққа көптеген халықаралық ұйымдарға энергетикалық мәселелерді шешу үшін, бірігуге, сонымен қатар мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың шиелінісуіне де алып келуі мүмкін. Кеңес Одағы ыдырағаннан Еуразияда кейін энергетика айналасында мықты тұрақсыздық пайда болды.

Үшіншіден, Еуразиялық энергетикалық кеңістіктегі бақылау үшін энерготұтынушы және энергоөндіруші мемлекеттер арасында күрес жүрде. ЕО, Ресей, посткеңістіктік мемлекеттер және АҚШ ең басты ойыншылар болып табылады. Энергетикалық бәсекелестікті аймақтағы мемлекеттер өздерінің геосаяси статусын көтеру үшін және максималды экономикалық пайда көру үшін пайдаланады. Аймақтағы энергетикалық серіктестік белсенді жүргенімен, мемлекеттердің стратегиялық қызығушылықтары өте әр түрлі.

Төртінші, әлемнің «Энергетикалық картасының өзгеруі» жаңа «геосаяси жүйелердің» және жаңа стратегиялық альянстардың қалыптасуы алып келеді. АҚШ-тың энергетика саласындағы планетаның барлық континенттерінде антиамериканизмді тудырды. Ресей, Иран, Венесуэла және Қытай секілді энергоресурстарды экспорттаушы елдер әр түрлі бағыттарда стратегиялық серіктестікке түсіп, АҚШтың Латын Америкасында, Орталық Азияда және Таяу Шығыстағы әсерін кішірейткісі келеді. Бұның барлығы көпполярлы әлемдік жүйені тудыруы мүмкін.

Бесіншіден, Қазақстан және Ресей қазіргі таңда өзінің халықаралық саясатын энергетиканы сыртқы саясатындағы орталықтандырылған фактор ретінде қолданады. Бұл жұмысындағы оның маңызды бағыты оның шығысқа деген көзқарасы болып келеді.

Ең басты міндеттер болып бұл жерде мемлекеттер мен аймақтардың энергетикалық қауіпсіздігі, энергетиканың экологиялық қауіпсіздігі, жанармай-энергетикалық комплекстің территориялды-энергетикалық құрылымының жақсаруы, елдің шығысындағы транспортты - энергетикалық инфрақұрылымның қалыптасуы, демек мұнай жүйесінде – газ құбырларында, Ресейде бірдей транспорттық - экономикалық кеңістіктің құрылуы болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жағыпарұлы Ж. Жахандық энергетикалық қауіп: аңыз бен ақиқат//Егемен Қазақстан. – 2011. – 12- қазан.
2. Казахстан Сегодня//kaz.gazeta.kz/
3. Бораш Қ. Жахандық энергетикалық қауіпсіздік// www. egemen. kz/

УДК:33.336

Калияуов Ж.Т., Кусаинова А.Б.

НОВОЕ ВИДЕНИЕ КОЛЛЕКТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА РЫНКЕ КРЕДИТОВАНИЯ

Во всех развитых странах коллекторские организации уже давно стали неотъемлемой частью делового сообщества, их услугами пользуются многие организации, в том числе банки, страховые, телекоммуникационные и другие организации, в процессе деятельности которых возникает просроченная задолженность за услуги или товары.

Коллекторской деятельностью в Казахстане стали заниматься относительно недавно: профессиональный характер она приобрела с развитием рынка кредитования. Что же представляет собой коллекторская деятельность в настоящее время? Коллекторская деятельность – это осуществляемая от своего имени или от имени кредитора систематическая деятельность, направленная на добровольное погашение должником его задолженности перед кредитором или на принудительное взыскание задолженности должника, а также деятельность по приобретению денежных требований к должникам коллекторским агентством с целью их самостоятельного предъявления. [1, 54]

В настоящее время отсутствуют нормативные правовые акты, регулирующие правоотношения в области коллекторской деятельности. Соответственно, коллекторскими агентствами не предоставляется отчетность в Национальный банк Республики Казахстан. Отдельные сферы деятельности коллекторских компаний регулируются некоторыми положениями Гражданского кодекса, Предпринимательским кодексом, а также Законом Республики Казахстан от 31 августа 1995 года «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 28 декабря 2004 года «О третейских судах» и Законом Республики Казахстан от 28 января 2011 года «О медиации.

Однако эти законодательные акты не регулируют должным образом коллекторский рынок, этот факт и стал определяющей причиной разработки законопроекта.

Национальный банк активно ведет работу над законопроектами «О коллекторской деятельности» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам коллекторской деятельности».

Создание такого законодательного акта призвано решить задачи по усилению прав должников и механизмов их защиты, устранению практики недобросовестного взыскания долгов со стороны коллекторских агентств, неправомерные действия которых повышают нестабильность в личной жизни должников, приводят к потере работы и нарушению нравственных устоев в государстве.

Анализ информации, публикуемой в СМИ, а также запросов заемщиков (должников), поступающих в адрес Национального банка, позволяет говорить о непрозрачности функционирования коллекторских агентств.

Законопроекты предусматривают введение механизма учетной регистрации коллекторских агентств. Согласно разрабатываемым документам контроль будет осуществляться путем предоставления отчетности Национальному банку коллекторскими агентствами, а также проведения проверок деятельности коллекторов со стороны Национального банка.

Нормы законопроекта можно оценить, как в большей степени защищающие права заемщиков. Коллекторские организации будут работать цивилизованно, и получают право на работу только после учетной регистрации в реестре Национального банка РК. Информация о реестре будет доступна на сайте Национального банка. Соответственно, банки смогут взаимодействовать только с коллекторами, которые вошли в реестр.

Другая новация: коллекторов обяжут не разглашать информацию о заемщике. Коллекторы не будут иметь права передавать информацию о заемщике и сумме его займа родственникам, соседям, работодателям или каким-либо третьим лицам, данные о местонахождении заемщика, сведения о его работе, доходах. Также коллекторским

агентствам запрещено размещать информацию о заемщике публично. Более того, коллекторы не имеют права угрожать заемщику.

Один из самых важных моментов, которые оговариваются в законопроекте: время, когда коллектор может обратиться к заемщику. Коллектор сможет позвонить должнику по кредиту в рабочие дни только с 8:00 до 21:00, в выходные и праздничные дни - с 10:00 до 17:00. При этом коллектор имеет право провести личную встречу с заемщиком только один раз в день, а позвонить, написать sms – не чаще трех раз в день. На наш взгляд, предлагаемый график «общения» – тоже уж очень насыщенный, и можно было бы рассмотреть возможность более редкого взаимодействия «вышибал» с должниками.

Также коллекторов обяжут фиксировать на аудио и видео разговор с заемщиком. Запись они должны будут сохранять до того момента, пока заемщик не погасит свой кредит. В Национальном банке считают, что аудио и видео записи, в первую очередь, защитят интересы заемщиков. При возникновении каких-то неправомерных действий со стороны коллекторов заемщик может обратиться в Национальный банк, и эти записи могут пригодиться. Например, если со стороны коллекторов последовали угрозы в адрес заемщика. Регулятор при наличии такого заявления от заемщика проведет расследование и примет решение. В случаях, если коллекторы будут систематически нарушать Закон «О коллекторской деятельности» (например, звонить после 21.00, раскрывать третьим лицам конфиденциальную информацию о заемщике и прочее), то Национальный банк сначала сделает предписание коллектору.

Затем может последовать и уголовная ответственность. Одна из норм законопроекта прописывает: за нарушение Закона «О коллекторской деятельности» руководители и учредители коллекторских агентств могут понести уголовную ответственность вплоть до лишения свободы сроком до трех лет. Наряду с этим, коллекторов могут обязать выплатить штраф, доходящий до 5 тыс. МРП – это 10 млн 605 тыс. тенге.

Вполне естественно, что значимость коллекторской деятельности и ее масштабы приводят к регуляции, и это всегда эффективно для рынка и всех его участников.

Закон о коллекторской деятельности должен решить две проблемы: четко определить порядок деятельности коллекторов, их права и возможности, а также защитить заемщиков от недобросовестных действий коллекторов.

В настоящее время, в Республике Казахстан, по данным из открытых источников, свою деятельность осуществляют более 50 организаций (точной статистики и учета таких организаций не ведется), которые именуют себя бюро по взысканию задолженностей или коллекторскими агентствами. За последнее десятилетие Главой государства, Правительством РК, а также Национальным Банком РК неоднократно предпринимались попытки регламентировать деятельность, права, обязанности и ответственность коллекторских агентств, которые по поручению и от имени кредитора за определенное вознаграждение осуществляют воздействие на заемщика, с целью побудить его погасить задолженность по договору банковского займа или договору о предоставлении микрокредита.

Несмотря на большое количество противников осуществления коллекторской деятельности в стране, считаем что коллекторские организации необходимы, самое главное учесть следующие моменты:

1. Предусмотренный законопроектом статус и функции коллекторских агентств должны регулироваться общим законодательством «О хозяйственных товариществах» и «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью». Вместе с тем, ответственность и подотчетность коллекторских агентств только лишь рекомендованная («должны руководствоваться») и должна обеспечиваться законодательством о финансовых организациях (законами Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» и «О микрофинансовых организациях»), которыми они не являются, а соответственно вопрос о применении к ним норм этого законодательства может быть оспорен.

2. Законопроект предлагает рассматривать коллекторские агентства как инфраструктуру финансового рынка с правом получать персональные данные заемщиков и распоряжаться ими без письменного уведомления и согласия самого заемщика на взаимодействие с конкретным коллекторским агентством (при получении займа заемщик лишь соглашается на возможную передачу его персональных данных третьим лицам, однако не соглашается на работу с конкретным коллекторским агентством). Фактически, данный законопроект предлагает придать функции и особый статус финансовых организаций отдельным юридическим лицам, которые таковыми не являются и не имеют соответствующих лицензий. Это, в свою очередь, ограничивает возможности уполномоченного органа в осуществлении контроля за их деятельностью.

3. Статья 4 «Основания осуществления коллекторской деятельности» предусматривает в п.5, что «Правила осуществления коллекторской деятельности и взаимодействия с должником утверждаются высшим органом коллекторского агентства». Предоставляя полномочия коллекторским агентствам по досудебному взысканию задолженностей в общем, функции и ответственность по их работе оговаривается лишь в части взаимодействия с финансовыми учреждениями. Однако, принимая во внимание практику работы коллекторских агентств, которая насчитывает уже более 10 лет, а именно тот факт, что они предлагают своим клиентам взыскание задолженностей любых видов, в том числе и не связанных с деятельностью финансовых организаций, законопроект обходит своим вниманием эту разновидность услуг. Методы работы и условия обладания персональными данными заемщика в таких случаях, в том числе и режим их использования работниками коллекторского агентства, остаются на рассмотрение самих коллекторских агентств. Считаем, что Правила осуществления коллекторской деятельности и взаимодействия с должником должны быть предметом разработки и контроля уполномоченного органа, в том числе и потому, что законопроектом предусмотрена ответственность за нарушение этих правил. А так как правила являются предметом разработки коллекторского агентства, нарушения будет сложно выявить, поскольку они могут быть изменены в любой момент и неограниченное количество раз высшим органом агентства, с целью избежать ответственности.

4. Правила также должны учитывать четкий, без отсылочных положений, правовой режим хранения, использования и распространения персональных данных, поступивших в распоряжение коллекторских агентств, вопросы защиты частной жизни и репутации, которые могут быть затронуты в процессе взимания задолженности. Также возникает вопрос каким образом будет обеспечено исполнение нормы, предусмотренной законодательством о финансовых организациях, о письменном уведомлении заемщика по работе с конкретным коллекторским агентством и др. Какие имеются гарантии, что переуступка права взимания задолженности не может быть передана неограниченному количеству физических и юридических лиц после начала деятельности по конкретному заемщику.

5. Законопроект предусматривает, что учетную регистрацию и ведение реестра коллекторских организаций ведет уполномоченный орган. Постановка в реестр производится на основании заявления коллекторского агентства. Реестр, согласно законопроекту, по факту, является лишь таблицей со списком организаций, размещенной на веб-ресурсе уполномоченного органа. Вместе с тем, ст.5 законопроекта не предусматривает сроков, в течение которых коллекторское агентство должно подать документы на учетную регистрацию со дня его государственной регистрации (перерегистрации) в органах юстиции. П.3 ст.6 предусматривает, что основанием для отказа в учетной регистрации является, в том числе, следующее условие «если коллекторское агентство в течение года со дня его государственной регистрации (перерегистрации) в органах юстиции не обратилось в уполномоченный орган с заявлением о прохождении учетной регистрации». Получается, что до постановления на учетную регистрацию, коллекторское агентство может спокойно работать один год, не являясь подконтрольным уполномоченному органу, при этом обладая всеми

правами и функционалом коллекторской организации, предусмотренной настоящим законопроектом?

6. Законопроектом четко не оговаривается, является ли тайна коллекторской деятельности предметом/частью банковской тайны, а также не прописано, каким образом задолжник может соглашаться или нет в письменной форме на передачу своих данных третьим лицам в отношениях с коллекторским агентством, если в договоре о займе его не уведомляют о том, с каким коллекторским агентством работает банк/микrokредитная организация и, соответственно, получает от заемщика право передавать его данные третьим лицам, в данном случае коллекторскому агентству.

Таким образом, принимая это во внимание, любые взаимоотношения банка и коллекторских агентств должны регулироваться и быть оформлены договором поручения в соответствии с требованиями законодательства. Это обеспечит разумное развитие взаимовыгодного сотрудничества для всех участников на рынке кредитования. Развитие финансово-кредитной системы приводит к росту количества должников.

ЛИТЕРАТУРА

1. Алексеев С.С. Общая теория права: учебное пособие/ Алексеев С.С. - М.: Юрид. лит., 2011.
2. Гафарова Г.Р. Защита прав. / Фаткудинова З.М. - М.: Юстицинформ, - 2010.-с.148
3. Осипов А.В. Институт личного банкротства как антикризисный механизм долговых отношений//Проблемы современной экономики. - 2015.- № 2.- С. 106-109.

ӘӘЖ: 72.025 (595)

Женсхан Д.¹, Дюсенова А.А.²

ә.ғ.к.¹, магистрант², С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АГРОТУРИЗМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасын туристік-рекреациялық потенциалы жоғары елдер қатарына жатқызуға болды. Себебі, Республикамыздың территориясында айрықша табиғи және рекреациондық ресурстардың, тарихи және әлемдік мәдени мұралардың, ұлттық объектілердің болуы елімізде әр-түрлі экономикалық және мәдени, қоғамдық және спорттық шаралардың өтуіне негіз жасап отырады. Қазақстанның көптеген аймақтары отандық және шетелдік туристтердің үлкен сұранысына ие бола отырып, потенциалдық тартымдылығымен, туристік кешендер санының ауқымдылығымен сипатталады.

Еліміздің туристік-рекреациондық ресурстардың алуан түрлілігінің болуы туризмнің барлық түрлерін, соның ішінде рекреациялық, мәдени-танымдық, іскерлік, белсенді, сауықтыру және экологиялық, сонымен қатар, круиздік, ауылдық туризм дамытуға мүмкіндік береді. Демек, Қазақстанда туризмнің көп түрлерін дамытуға үлкен потенциал бар. Дегенмен, аталған туризм түрлерінің ішінде дамуы баяу және бір жүйеге келтірілмеген туризм түрлерінің бар екендігін атап өткен жөн. Олардың бірі – агротуризм.

Туризм индустриясының дамуына және қосымша туристер (соның ішінде шетелдік) тарту үшін ерекше көңіл аударуға тиіс туризмнің басым түрі – ауылдық туризм (агротуризм). Қазақстан үшін бұл бағыт маңызды, себебі ауылдық аумақтарға табыс табу көзі ретінде және көптеген ауылдық кәсіпкерлер үшін нарықта өз орнын табуға үлесін қосады.

Агротуризм – ауыл экономикасының дамуына қосымша табыс көзі мен жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру арқылы үлес қосуға және отбасы табысын ұлғайту нәтижесінде ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуға бағытталған ауылдық жердегі шаруа қожалықтарының баламалы бизнесі.[1] Оны отандық ғалым Курманғалиев С.Г. еңбектерінен көруге болады.

Ауылдық туризм – ауылдық өңірде демалу, қабылдап алушы жақ туристтердің барлық ұйымдастырушылық өмір сүру жағдайын (оның ішінде тамақтандыру, бос уақыт өткізу, қызмет көрсету және т.б.) қамтамасыз етілуін қарастырады. Ауылдық туризм барлық жас категория демалушыларына арналған. Тартымды белгілеріне таза ауа, жылы атмосфера, көркем табиғат, табиғи өнімдер, тыныштық және бірқалыпты тұрмыс. Мамандардың бағалауы бойынша, бұл туризмнің түріне потенциалды әр жылдық сұраныс 600 мың адам құрайды [2]. Демек, ауылдық туризм туризмнің басқа түрлерімен салыстырғанда – Қазақстан үшін жаңа және перспективті бағыт болып табылады. Себебі туризмнің бұл түрі қалалық тұрғындарға ауылдық тұрғындардың дәстүрлі өмір сүру дағдысын үйретуге, ұлттық мәдениетті насихаттауға, ауылдық территорияларда жаңа жұмыс орындарын қалыптастыра отыпы, шағын және орта бизнесті дамытуға т.б. орасан зор мүмкіндік береді.

Дамыған мемлекеттер тәжірибесін ескерсек, бұл мемлекеттерде табыстың көп бөлігі туризм саласынан келіп отыр.




Сурет 1 - Ауылдық туризмнің жалпы көрінісі

Әлемдік тәжірибеде ауылдық өңірлерде қосымша табыс табу көзі ретінде ауылдық туризм қарастырылады. 1972 жылдан бастап, агротуризм экономиканың жеке саласы ретінде дамып келеді. Атап айтсақ, Батыс Еуропа елдерінде, ауылдық туризм 1960-ы жылдардан бастап тұрақты дамуда. Қазіргі кезде бұл жаппай құбылыс, алайда аймақтық жұмыс істеу үлгілері берілген дестинациялар түрі бойынша едәуір ажыратылады. Ол мемлекеттерде қазіргі кезде ауылдық туризм басқа туризм түрлерімен салыстарғанда аса қарқындылықпен дамуымен сипатталады. Кейбір елдерде шетелдік туристтердің көп бөлігі ауылдық туризмді таңдаумен ерекшеленеді. Мысал ретінде Италия, Ирландия, Франция, Швейцария, Скандинав елдерін, Испанияны атауға болады. Бұл елдер ауылдық туризм бойынша көшбасшылар, табыс бойынша жүздеген миллион доллар құрайды [2]. Қалаға ауылдық тұрғындардың екпінді кетуіне реакция ретінде Еуропада тарихи ауылдық туризм интенсивті дамуды 1950 – 1960 жж бастады. Соған байланысты, аграрлы секторда кенет жұмысбастылардың саны төмендеу үрдісі байқалып, нәтижесінде өмір сүру деңгейінің нашарланды. Агротуризм – баламалы еңбек түрі және ауылдық өңірлерде кәсіпкерлікті дамытуға және ауылдық ұйықарушылықтардың табыс көзі болуға арналған. Туризм ұлттық дамыту концепцияларында агротуризм туризмнің жетекші саласы ретінде анықталады. Францияда ауылдық туризм Ұлттық демалыс үйлері мен жасыл туризм (Maison des Gites de France et du Tourisme Vert) ұйымымен көрсетілген. Бұл ұйым сертификатталған сервистің жоғары ұлттық стандарттарға сай демалысты ұйымдастырады. Елді жыл сайын ауылда демалуды қалайтын 7 млн. туристер келеді. Францияда ауылдық өңірлерде балаларға арналған мектеп демалысы кезінде бағдарлама жасалынып, іске асуда. 3-тен 13 жасқа дейінгі балалар отбасыларға тұрақтанып, ауылдық қоныспен (лақтармен, торайлармен,

қояндармен) танысады, табиғатта өздерінің ауылдық құрдастарымен белсенді ойын ойнап, сапарларға шығады. Олар ұлттық биді, көркем өнерді, өңірлік фольклорды, шетелдік тілдерді үйренуге мүмкіндік алады. Демалыстың сапасы — Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру Министрлігімен және жастар және спорт Министрлігімен бақыланып және сертификатталады DDASS.

Батыс Еуропа агротуристік қызмет нарығында Францияға шынайы бәсекелестікті Испания көрсетеді. Испанияда шетелдік туристтер жыл сайын 1,2 млн адамды құрайды, ішкі агротуристік ағымдардан асады. Испанияда ауылдық өңірлерде 5000-нан аса демалу нұсқалары бар. Бір мезгілде елде 27000 агротуристер орналаса алады. Агротуристік секторда адам басына тұрақтану түнеу құны 25 – 120 АҚШ доллар.

Польшада арнайы білім беретін «Жасыл мектептер» атты бағдарлама жұмыс жасайды. Ол бағдарламада қала балаларының ауылда міндетті мамандандырылған агротуристік шаруашылықтарында түрде екі апта болады. Мұндай демалыс балаларға демалуға ғана емес, ауылдық өмір сүру қалпымен танысуға, арнайы оқытуға мүмкіндік алады. Шаруашылықтарда арнайы оқыту курстары өтеді. Солардың бірі - «От зёрнышка до буханки» — нанды өңдеуде балалардың қатысуын болжайды (жел диірменінде ұн тарту, қамыр араластыру және нанды пісіру) [4]. Келтірілген мәліметтер агротуризмнің дамыған мемлекеттер үшін негізгі табыс көзі екендігін көрсетеді және ауыл туризмі сол елдің экономикасының дамуында өзіндік маңызы бар екендігімен ерекшеленеді. Сондықтан Қазақстанның басты саласы болып табылатын ауыл шаруашылығы үшін агротуризмді дамыту маңызды және зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Нақты осы саланың дамуын сандық және сапалық көрсеткіштермен сипаттап көрсетуге болады (2 сурет).



2 Сурет. 2009-2015 жж. Қазақстандағы туристер қозғалысының динамикасы (мың адам)

Берілген мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстандаға келген резидент және резидент емес туристер санының соңғы жылдарда бірқалыпты өсіп отрғандығын көруге болады. Республикамызға келушілер санының (резидент емес) жоғары көрсеткіші 2015 жылға тиісілі. Келуші туристер резидент емес тұлғалар саны 2009 – 2013 жылдар аралығында бірқалыпты, аса өзгеріс байқалмайды, дегенмен 2014-2015 жылдарда өсімді көре аламыз, ал резидент тұлғалардың саны тек динамикалық өсуін көре аламыз. Бұл дегеніміз халықаралық туристік нарықта Қазақстанның тартымдылығының артуын, еліміздің азаматтарының әл-ауқатының жақсарғандығын көрсетеді. Дегенмен, Қазақстанда жоғарыда көрсетіп кеткендей, ауыл шаруашылығы мен туризмнің өте жоғары потенциалының болуына қарамастан, бұл салалардың қазіргі кездегі дамуы бірқатар кемшіліктермен түсіндіріледі.

1. Елеулі мемлекеттік қолдау болмауы;

2. Аграрлық туризм туралы жеткіліксіз білу және ауыл шаруашылық инфрақұрылымына инвестициялардың шағын көлемі;

3. Ауылдық туризм шаруашылықтары мен құрылымдарының мәртебесін заңнамалық айқын болмауы;

4. Туристік қызмет көрсетудің сапасы [3].

Осы мәселелерді шешу үшін негізгі тетіктер ретінде келесідей іс шаралар жүргізу керек деп есептейміз.

1. Ауылдық туризмді мемлекет тарапынан елеулі қолдау, яғни материалдық-техникалық базасын кең ауқымды дамыту. Агротуризмді дамыту бағдарламасында қайта құрылымдау және туристер қабылдау үшін ауылдық аймақтардағы дәстүрлі үйлер мен жабдықтарды қалпына келтіру, халық кәсібiнiң және рекреационды аймағының даму мақсаттарында қаржылық көмек көрсетеді.

2. Ішкі және ауылдық кіру туризм үшін, Қазақстан имиджін қалыптастыру.

3. Аймақтық мақсатты бағдарламалар шеңберінде табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауда қолдау көрсету;

4. Аудандарында туристік инфрақұрылымды дамыту;

5. Ауылдық туризм және онымен байланысты салалар үшін кадрлар даярлау;

6. Ішкі және халықаралық туристік нарықтарда аймақтық ауылдық туристік өнімдерді алға жылжуына қолдау;

7. Агротуризм дамуының ең тиімді тетіктерінің бірі – ауылдық туризм бизнес қауымдастығын құру қажет. Себебі, қауымдастық агротуристік фирмалардың мақсаттары мен мүддерлерін қорғау, агротуристік қызметтің стандарттары мен сертификациялау, туристік қызметтердің сапасын сақтап қалу мәселелерін шешеді. Ол дегеніміз, аймақтағы және жалпы Қазақстан агротуризм секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру деген сөз. Егерде фермерлерді оқыту, шетел тілдері бойынша курстары, тамақ дайындау курстары, интернет технологияларды қолдану курстары, және т.б. пайдаланатын болсақ, онда ауылдық туризмнің ілгері басуына септігін тигізеді. Агротехникалық қызметтерді ғаламтор арқылы көрсету керек, мұнда негізгі АӨК-туристік өнімді электрондық ақпарат нысанға аудару болып табылады. Ғаламторда агротехникалық фермерлік шаруашылықтар туралы интерактивті деректер базасын құру, онлайн каталогтар қалыптастыру, республика бойынша агротуристік фермерлік шаруашылықтарының интерактивті карталарын құру, аймақтық ақпараттық порталдарды құру арқылы ауылдық туризмді дамытуға болады.

Аталған негізгі тетіктерді қолдана отырып, Қазақстан маңызды экономикалық және әлеуметтік дивидендтерге сене алады. Себебі, ауылдық туристік өнімдерді дұрыс және тиімді ұйымдастыру және ілгерілету арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады. Ауылдық туризм негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті, өзін-өзі ұйымдастыру жүйесі бола алады. Ауылдық туризмді дамыта арқылы, біз мынадай нәтижелерге жете аламыз:

- ✓ ауылдық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету (әсіресе, жастар үшін);
- ✓ ауылдық табыс деңгейін арттыру;
- ✓ ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту;
- ✓ ауыл экономиканы әртараптандыру;
- ✓ қазақ ауылын жаңғыртуға жәрдемдесу;
- ✓ Жеке шаруашылықтардың өнім сату;
- ✓ қалада ауыл тұрғындарының көшін тоқтату;
- ✓ қоршаған ортаға антропогендік жүктемені азайту.

Қорыта келгенде, агротуризм бұл өңірдің туристік тиімділігін арттырып қана қоймай, ауылды дамытуға септігін тигізіп, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бірден-бір үлес қосады. Агротуризм аймақтың жағдайын жақсарту, ауыл халқының экономикалық әл-ауқатын көтеру, жергілікті халықты жұмыспен қамту, табиғи, тарихи, мәдени мұра біртұтастығын сақтау, өңірге деген шет елдік әрі отандық туристердің мәдени,

тарихи, экзотикалық қызығушылығын ояту мен арттыру, өңірдің туристік имиджін қалыптастыру сынды бірқатар өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолы да бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Курманғалиев С.Г., Сельский туризм может стать источником стабильного дохода // материалы статьи, 2016
2. Адамеску А.А., Воскресенский В.Ю. Аграрный туризм как инновационный фактор развития агропромышленного комплекса. //Журнал «Региональная экономика: теория и практика». 13(70) - 2008 май.
3. Улаков С.Н., Борбасова З. Н. Социально-экономическая роль и перспективы развития агротуризма в Казахстане. // «Экотуризм в Казахстане» материалы международной конференции. Караганда 2010.
4. Здоров А.Б. Экономические аспекты аграрного туризма // В уч.: Экономика туризма.: М.: Финансы и статистика, 2011

ӘОЖ 330.101

Кубеев Т.Г., Жаксыбаев Қ.Р.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕН – МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ


Тау-кен-металлургия саласы ел экономикасының стратегиялық саласын білдіреді, оның рөлі жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін түпкілікті өнім өндірісін шикізатпен қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінде Қазақстанның тау-кен-металлургия саласы шикізаттың және бастапқы металдар экспортына бағдарланған. Алдағы жылдары саланы дамытудың негізгі міндеті жоғары технологиялық өнім өндірісінің өсімі мен оның сыртқы нарықтарға экспортын ұлғайтуды да, ішкі нарық қажеттілігін қанағаттандыруды да қамтамасыз ететін, қосылған құны жоғары өнімді шығарумен байланысты металлургия өнеркәсібінің жаңа қайта өңдеу өндірістерін кезең-кезеңмен құру болу тиіс.

Елдің тау-кен металлургия саласын дамытудағы мемлекеттік саясат ірі кәсіпорындардың негізгі өндірісін ынталандыру мен шағын және орта бизнес кәсіпорындарының базалық металдар негізінде жоғары қайта бөлудің түпкі өнімін жасауға бағытталатын болады.

Тау-кен-металлургия саласы - еліміздің өнеркәсібінің барынша серпінді дамып келе жатқан секторы, Қазақстанның маңызды құрамдас бөлігі. Ол Қазақстанның барынша бәсекеге қабілетті саласының бірі бола отырып, 2015 жылдың қорытындысы бойынша тау-кен металлургия саласы елдің 16,9 % өнеркәсіп өнімін шығарды, оның экспорттың жалпы көлеміндегі үлесі 19,6 % ды құрайды. Салада шамамен негізгі қызмет персоналы ретінде 164,5 мың адам жұмыс істейді. 2015 жылғы қорытынды бойынша тау-кен металлургия саласы кәсіпорындарының негізгі құралдарының құны 2,2 трлн. астам теңгені немесе елдегі барлық негізгі құралдардың 17 %-ын құраған. Осы кезден бастап металл көздерді өндіру көлемі шамамен 3,5 есеге өскен.

Таяудағы бес жыл ішінде тау-кен металлургия саласы жобаларына салынатын инвестициялар көлемі 2 трлн. теңгені (\$ 13 млрд. астам) құрауы тиіс. Индустрияландыру бағдарламасын іске-асыру шеңберінде бұл салада 16 мың тұрақты жұмыс орнын құру болжанып отыр.

Кейінгі жылдары сапа кәсіпорындарының негізгі капиталына салынған инвестициялар 1,42 трлн. теңгені (1-сурет) құрады, олардың негізгі үлесі түсті металдар өндірісіне (42 %) тиесілі.



1-сурет. Негізгі капиталға салынатын инвестициялар. (млрд.тенге)

Металлургия өнеркәсібінің үлесіне өңдеуші өнеркәсіп көлемінің 35 %-дан астамы тиесілі. Қазақстанда әлемдік хром кені қорының 30 %-ы, марганец кенінің 25 %-ы, темір кенінің 10 %-ы шоғырланған. Мыс, қорғасын және мырыш қоры әлемдік қордың тиісінше 10 және 13 %-ын құрайды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің арасында хромиттер қорының басым салмағы 90 %-ды, вольфрам 60 %-ды, қорғасын мен мыс 50 %-ды, бокситтер 30 %-ды, фосфориттер 25 %-ды, темір кені 15 %-ды құрайды. Қазіргі кезде Қазақстан титан өндірісі бойынша әлемде 3-орынды, мырыш бойынша - 7, қорғасын - 8, темір кені - 13, мыс - 15, болат - 35-орынды иемденеді.

Қара металлургия өнімі өндірісі көлемі (өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп) 2009 жылғы 264,7 млрд. теңгеден 2015 жылғы 579 млрд. теңгеге дейін, ал түсті металлургия (өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп) тиісінше 290,1 млрд. теңгеден 796,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Түсті металлургияда кен өндіру серпіні бір қалыпты емес. Алюминий (2009 жылғы 4,7 млн. тоннадан, 2015 жылғы 5,1 млн. тоннаға дейін) және қорғасын-мырыш (тиісінше 6,4 млн. тоннадан 7,1 млн. тонна дейін) кендерін өндіру ұлғайды. Дегенмен, қаралып отырған кезеңде мыс (2009 жылғы 34,9 млн. тоннадан 2015 жылғы 31,2 млн. тоннаға дейін) және мыс-мырыш кендерін (тиісінше 6,2 млн. тоннадан 5 млн. тоннаға дейін) өндіру төмендеген. Қара металлургия өндірісінің серпіні шойын өндірісі көлемінің 2009-2015 жылдар ішінде 4,1 млн. тоннадан 2,9 млн. тоннаға дейін, шикі болаттың 5,1 млн. тоннадан 4,1 млн. тоннаға дейін және тегіс прокаттың тиісінше 3,8 млн. тоннадан 3 млн. тоннаға дейін төмендегенін көрсетеді. Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде көміртекті электрлік болат өндірісінің көлемі 0,2-ден 0,5 млн. тоннаға дейін, құрылысқа арналған шыбықтар 0-ден 97,2 мың тоннаға дейін және құбыр өнімі тиісінше 65,3 -тен 150,2 мың тоннаға дейін өскені байқалады.

1-кесте. Қара және түсті металлургия өндірісінің динамикасы

Көрсеткіштің атауы	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.
Қара металлургия, млрд. теңге	264,7	365,5	387,4	374,0	558,9	844,2	579,0
Темір кенін өндіру, млрд. теңге	40,7	85,4	111,5	93,4	117,2	179,0	135,4
Қара металлургияда темір кенін өндіру үлесі, %	15,4	23,4	28,8	25,0	21,0	21,2	23,4
Қара металлургия	224,0	280,1	275,9	280,6	441,7	665,2	443,7

өнімдерін-өндіру, млрд. теңге							
Қара металлургиядағы өңдеудің үлесі, %	84,6	76,6	71,2	75,0	79,0	78,8	76,6
Түсті металлургия, млрд. теңге	284,7	377,5	487,3	846,6	904,1	886,2	796,6
Түсті метал кендерін өндіру, млрд. теңге	55,8	70,1	90,4	138,5	187,0	240,5	204,2
Түсті металлургиядағы кен өндірудің үлесі, %	19,2	18,0	18,2	16,1	20,0	25,0	25,6
Түсті металдарды өндіру, млрд. теңге	228,9	307,4	396,9	708,1	717,1	645,7	592,4
Түсті металлургиядағы өңдеудің үлесі, %	80,8	82,0	81,8	83,9	80,0	75,0	78,0

Металлургия саласының негізін кендерді өндіру және оларды одан әрі өңдеу құрайды. 1-кестеде көрсетілгендей негізгі көлем қара және түсті металлургияда металл кендерді өңдеуге келеді. Бұл ретте құндық көрсеткіштерде қара және түсті металдарды өндіру және өңдеудің оң өсу динамикасы байқалады.

Сонымен бірге қара металлургияда өңдеу үлесінің 2009 жылы 34,6 % -дан 2015 жылы 76,6 %-ға дейін біртіндеп төмендегенін, темір кендерін өндіру үлесінің тиісінше 15,4 %-дан 23,4 %-ға дейін өскенін атап өту қажет. Осыған ұқсас жағдай түсті металлургияда да байқалады. Қайта өңдеудің үлесі 2009 жылғы 80,8 %-дан 2015 жылы 78 %-ға дейін төмендеді.

Қазіргі кезде сала өнімінің экспорты шамамен 1 248,4 млрд. теңгені (\$ 8,5 млрд.), импорт шамамен 875,8 млрд. теңгені (\$ 6 млрд.) құрайды, оның \$ 5,3 млрд. сәл астамы жоғары қайта бөлу өнімдерінің үлесіне тиесілі. 2015 жылы сала өнімінің экспорты үлесіне экспорттың жалпы көлемінің 19,6 %-ы, сала өнімі импортының үлесіне 20,9 % тиесілі болды.

Тау-кен металлургия саласын дамытудың мемлекеттік мақсаттарын іске асыру, мемлекеттік активтерді шоғырландыру және тау-кен кеніш, металлургия салаларындағы мемлекеттік меншік құнын өсіру, тау-кен кеніш активтерінің және жеке сектормен әріптестікте қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеуге қатысу арқылы Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласы өнімінің бәсекеге қабілеттігін өсіруге жәрдемдесу үшін «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы акционерлік қоғамымен ұйымдастырылған.

2-кесте. Тау-кен металлургия саласы өндірісінің нақты көлемі индексінің динамикасы

Көрсеткіштің атауы	2009 ж	2010ж	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж	2016 ж
Алдағы жылға қарай өнеркәсіп өнімінің ФКИ, %	109,1	110,4	104,8	107,2	105,0	102,1	101,7
Алдағы жылға қарай отын-энергетикалық пайдалы, қазбаларды өндіруден басқа, кен өндіруші ФКИ, %	108,9	102,5	91,5	111,7	99,6	99,3	99,7

Металлургия өнеркәсібінің ФКИ және дайын металл бұйымдарын өндіру, алдағы жылға қарай, %	101,0	104,6	94,1	106,8	103,8	96,2	94,3
--	-------	-------	------	-------	-------	------	------

Тау-кен-металлургия саласының өнімдерін өндірудің нақты көлемінің индексын талдау тұрақсыз динамиканы көрсетеді (2-кесте). Өндіруші және қайта өңдеуші секторда да 2011, 2013-2015 жылдары саланың өндіру көлемінің табиғи көрсеткіштерінің құлдырауы байқалды.

Тұтастай алғанда металлургия саласы өндірісі көлемінің серпінін талдау кен өндірісінің, концентраттар мен бастапқы металдар өндірісінің елеулі үлесі-кезінде қосылған құны жоғары шығарылатын өнім тізбесінің өте ауқымсыз екенін көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасында тау-кен металлургия саласы негізінен экспортқа бағдарланған, оның өнімінің 20%-нан азы ішкі нарыққа түседі. Өндіріс құрылымында шикізат тауарлары басым, содан соң ғана шетелдерде қайта өңделеді.

Шетелдік талдаушылар Қазақстанның тау-кен металлургия саласының әлеуетін жоғары бағалайды және таяудағы 5 жылға оның серпінді дамуын болжап отыр. Шетелдік инвесторлар республикамен кен өндіру және кейіннен өңдеу саласында ынтымақтасу перспективаларын қарастыруда, түсті металдар өндіру және өңдеу аса қызығушылық тудырып отыр. Business Monitor International жүргізген зерттеулеріне сәйкес «Әлемнің алаңы бойынша 10 ірі елдері ішінде Қазақстан Республикасы серпінді дамып келе жатқан тау-кен өндіру өнеркәсібі көшбасшысы болып табылады». Түсті металдардың 29 түрінің, қара металдардың үш түрінің, қымбат бағалы металдың екі түрінің үлкен қорлары әзірленіп, өндірілу үстінде. Тау-кен өндіру саласы елдің экспорттық пайдасының 30%-ын әкеледі және барлық өнеркәсіп өндірісінің 19 %-ы үшін жауап береді. Қазақстан мысының ағымдағы резервін шетелдік сарапшылар 36 млн. тонна деп бағалап отыр. ВМІ зерттеулерінде марганец кені қоры бойынша Қазақстан әлемде екінші орын алады (600 млн. тонна) деп атап өтіледі. Жаһандық экономикалық дағдарыс әсерінен металл бағасының құлдырауына қарамастан ВМІ талдаушылары Қазақстанның тау-кен өндіру саласында айтарлықтай өсім болатынын болжап отыр. 2017 жылға қарай бұл нарық 2015 жылғы 2 775 млрд. теңге (\$ 18,5 млрд.) салыстырғанда 4 725 млрд. теңге (\$ 31,5 млрд.) сомасына бағаланатын болады. Бұдан өзге CRU Strategies Британ компаниясының бағалауы бойынша бағалардың өзгеру серпіні мынадай түрде болжанып отыр: мыс бағасының өсуі жалғаса береді, ол сым мен кәбілдің тапшылығымен және оған деген сұраныстың өсуімен байланысты болып отыр; - қорғасын бағасы Қытай мен Үндістандағы автомобиль өнеркәсібінің дамуына қарай орынды қарқынмен жоғарылауы тиіс; - алюминий бағасы барынша тұрақты күйінде қалмақ, алюминий саласын талдау Қазақстан энергияға арналған тарифте пайдалы жағдайда тұрғанын көрсетіп отыр; - мырышқа деген сұраныс төмендеу үстінде, бұл металл артығымен болуына байланысты баға өсімі ықтималдығы шектеулі. Сұрыпты прокат нарығын талдау тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері нарықтарының толықтығы кезінде (өндіріс тұтынудан жылына 41,5. млн. тоннаға артық) Таяу Шығыс нарығындағы сұраныстың кемшілігін (жылына 15.4 млн. тонна, сондай-ақ жергілікті өндірушілермен бәсекелестік) айқындады және тек жеткілікті баға басымдығы кезіне ғана бәсекелестік үшін мүмкіндік тұмақ. Марганец кені үшін әлемдік ауқымдағы перспектива қолайлы болып отыр, CRU сарапшылары 2007 жылы болған бағаның күрт көтерілуіне әкелген олардың тапшылығының тағы да қайталануы екіталай деп санайды. Қазақстанның ферроқорытпа өнімін, атап айтқанда феррохромды дамыту бойынша зор әлеуеті бар. Шикізаттың жоғары сапасы мен айрықша төменгі шығынды өндіріс басымдық болып табылады және осыған орай олардың ең аз құны бағалардың құлдырауына әкелмейтін болады.

Қазіргі кезде республикада 20 миллиард. тоннадан астам өнеркәсіптік қалдықтар жиналған, олардың ішінде түсті металлургия кәсіпорындарының техногендік қалдықтары

10,1 миллиард. тоннаны, қара металлургия қалдықтары 8,7. миллиард. тоннаны құрайды. Жыл сайын шамамен 700 миллион тонна өнеркәсіптік қалдықтар құралса, оның шамамен 250 миллион. тоннасы уытты болып саналады. Республикада техногендік қалдықтардың 2 %-нан азы қайта өңделеді және кәдеге жаратылады. Экологиялық, әсіресе өндіру өнеркәсібі, металлургия және химия өндіру кәсіпорындары шоғырланған аудандардағы жағдайды сауықтыру мақсатында қалдықтарды қайталама пайдалану жүйесін дамыту мен түсті, қымбат бағалы және сирек кездесетін металдарды алу бойынша ресурс үнемдейтін және кешенді қайта өңдеу жүйесіне көшудің маңызы зор. Техногендік қалдықтарды толық және тиімді пайдалану қоршаған ортаның жағдайын жақсарту бойынша маңызды бағытқа ие.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каренов Р.С. Формирование рынка минерально-сырьевых ресурсов Казахстана. – Караганда: ИПЦ «Профобразование», 2008. – 276 с.
2. Тонкопий М.С. Экономика природопользования, Алматы, 2000. -290 с.
3. Шимова А.С., Соколовский Н.К. Основы экологии и экономика природопользования, Минск, 2001.-237 с.

ӘОЖ 330.101

Абдумаликова Г.А., Жаксыбаев Қ.Р.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының орта мерзімді перспективаға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаты салаларды, кәсіпорындарды және халықты дағдарыстан кейін қолдауға бағытталған шаралардан, «Қазақстан - 2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Мемлекет басшысының Қазақстанның негізгі мақсаты – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге, қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиісті.

Тұрмыс деңгейі көпжақты санат және сандық бағалауға қолжетімді едәуір кеңестік мінездемеге ие. Тұрмыс деңгейін өлшеу серпінде және әлеуметтік нормативтермен немесе ең аз әлеуметтік стандарттармен салыстырғанда тұрмыс деңгейінің маңызды индикаторларын бақылауды жорамалдайды. Адамдардың әркелкі сапалы қажеттіліктеріне қарамастан тұрмыс деңгейінің жалпыға ортақ бірыңғай агрегатты көрсеткіші жоқ, бірақ оны қалыптастыру мәселесі өзекті болып қалуда. Дегенмен, әр түрлі елдердегі статистикалық көрсеткіштердің тізімі жеке қалыптастырылады, ал Қазақстандағы тұрмыс деңгейі индикаторларын таңдау халықаралық тәжірибені және ТМД-ның Мемлекетаралық Статистикалық Комитетінің ұсыныстарын ескере отырып әзірленеді.

Тұрмыс деңгейі әлеуметтік-экономикалық статистиканың нысаны ретінде адамның тауарлар мен қызметтердегі әр түрлі қажеттіліктеріне қанағаттанудың деңгейін сипаттайды. Экономикалық әдебиеттерде тұрмыс деңгейінің бір мәнді анықтамасы жоқ, алайда тұрмыс деңгейін шынайы қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайлар жиынтығымен халықтың әл-ауқатын, адамның материалдық, мәдени, әлеуметтік игіліктерді және қызметтерді тұтынуды сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық санат ретінде анықтауға болады. Тұрмыс деңгейі ұғымының жүйелік қалыптастырылуының негізі тұтыну саласында пайда болатын және жүзеге асырылатын адамның әр түрлі қажеттіліктері болып табылады.

Қазақстан Республика азаматтарының әрбір топтары мен мемлекеттік дәрежеде қызмет көрсетудің негіздерін дүниежүзілік озат тәжірибие тұрғысындағы саяси-әлеуметтік маңызы бар мәселеге айналады. Сондықтан Республиканың әлеуметтік жүйесін жетілдіру қазіргі көкейкісті, ең басты мемлекеттік маңызы бар міндеттерінің бірі. Әлеуметтік саясат

кешенді шаралар болып табылады, олар мемлекетпен ойластырылып, жүзеге асырылады. Оның ішіне қалың бұқара топтарының әл-ауқаттарын көтеру, әртүрлі топтардың табыстары арасындағы пропорциясыздықты жою, әлеуметтік теңсіздікті азайту мен жеңілдету, кедейлерге және жарлыларға, қариялар мен мүгедектерге қанағат етерлік жағдай жасау мен тағы басқа міндеттерді шешу дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Атап айтқанда, әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқару, қоғамдық өмірді жан-жақты қамтиды. Мемлекет нарықтық қатынастардың әлеуметтік бағыттылықтың кепілі болып табылады және де кәсіпкершіліктің қоғам мүдделеріне бағыттталатынына кепіл береді. Еркін бәсекелестіктің және еркін нарықтың принциптерін нағыз алғанда, оның мағынасы нольдік сомамен ойнағандай болып көрінеді, яғни бір жақтың жеңісі басқа жақтың жеңілісіне айналады және керісінше. Мемлекет тарапынан лайықты түзетулер енгізілмесе, ондай жағдай қоғамдағы әлеуметтік таластың және тұрақсыздықтың факторы болып шығады, әрине бұл жеке кәсіпорындарға, корпорацияларға, фирмаларға, салаларға, сондай-ақ жалпы елдің экономикасына өз әсерін тигізеді. Бұл табиғи нәрсе, өйткені әлеуметтік-нарықтық қатынастарды ұйымдастырудың маңызды принципі – еркін кәсіпкершіліктің принциптерін қоғамның кедей топтарына әлеуметтік жәрдем беру принциптерімен үйлестіру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қызметтің басты бағыты – бұл халықтың жиынтық сұранысының лайықты дәрежеде болуына жәрдемдесетін бағдарламаларын жүзеге асыру, жұмыс бастылықтың жоғары дәрежесін қамтамасыз ету, әлеуметтік саланы қамту, инвесторларға арнайы салық жеңілдіктерін және кепілдікті ұсыну.

Сонымен қатар, мемлекет оларды өндіру жауапкершілігін өзіне алуға міндетті емес. Өйткені, онда ресурстарды бөлу үрдістерін дұрыс бағытқа жіберу мақсатымен мемлекеттік тапсырыстар, салықтар, субсидия мен бағалар механизмдері арқылы кәсіпкершілік саласына тікелей немесе жанаманы ықпал етуге мүмкіндіктері жеткілікті.

Жалпы алғанда, қоғамдық игілік қоғам мен ол үшін жалпыға маңызды параметрлеріне кіретін ішкі және сыртқы қауіпсіздіктің кепілдік дәрежесіне, қоғамдағы жанжал мен мәміленің арақастығына, әлеуметтік инфрақұрылым институттарына жататын білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қатынастар мекемелерінің бар болғаны мен қалыпты жұмыс істеуіне байланысты.

Әлеуметтік саясат кешенді шаралар болып табылады, олар мемлекетпен ойластырылып, жүзеге асырылады. Оның ішіне қалың бұқара топтарының әл-ауқаттарын көтеру, әртүрлі топтардың табыстары арасындағы пропорциясыздықты жою, әлеуметтік теңсіздікті азайту мен жеңілдету, кедейлерге және жарлыларға, қариялар мен мүгедектерге қанағат етерлік жағдай жасау мен тағы басқа міндеттер кіреді.

Алғашқыда, әлеуметтік саясат әлеуметтік теңсіздіктің мәселелерін шешу аясында пайда болған. Бірақ бірте-бірте ол өзіне басқа мәселелерді қосып, әжептәуір өзгеріске ұшыраған, енді бір жақты түсіндірмеден кең ұғымға дейін жетіп, мемлекеттің жиынтық шараларына айналған. Олар әлеуметтік қатынастарына; әртүрлі халық топтарының қайта өндірілу үрдістеріне; барлық топтардың және барша қоғамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуге; минималдық еңбекақы мөлшерін, жұмыссыздық бойынша жәрдем ақы мөлшерін орнатуға; сол біресе, басқа халық топтарының табыстарын көтеру мақсатымен бағаларды белгілеуге; әртүрлі топтардағы халықтың табыстарына дифференциалдық салық ставкаларын белгілеуге және тағы басқа ықпал етеді.

Сонымен, мемлекет нарықтың жұмыс істеуіне тікелей араласып және салықтар мен басқа төлемдер арқылы жанамалы түрде табысты бөлуді реттеудің міндеттерін өзіне алады. Салық салу мен әлеуметтік қамтамасыздандыру бойынша мемлекеттік шығыстардың механизмдері арқылы ұлттық табыстардың едәуір мөлшері байлардан кедейлерге көшеді.[2]

Әлеуметтік сала немесе әлеуметтік инфрақұрылым азаматтық қоғамның барлық аспектілерін, құрамдағы элементтерін, институттарын, қатынастарын қамтиды.

Еліміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі – халықтың әлсіз бөлігін тиімді әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралармен қамту. Өткен онжылдықта әлеуметтік саланың дамуы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жүзеге асырылды. Мемлекеттің

басымдық жүйесінде әлеуметтік байсалды саясат ұдайы жүргізіліп келеді. Сөйтіп, 2002 жылдан бастап республикалық бюджеттің әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз етудің жыл сайынғы шығындары, 2006 жылға жоспарланған шығындарды қоса есептегенде 160 миллиард теңгеден 362 миллиард теңгеге, яғни екі еседен астамға өсті. Мүмкіндіктердің өсу шамасына қарай, мемлекет оларға көрсетілетін жәрдем мөлшерін ұлғайтуды жалғастыра беретін болады.

Мемлекет басшысы біз аға буын өкілдерін, ана мен баланы, жастарды мейірім мен ілтипатқа бөлейтін әлеуметтік бағыттағы қоғамды, ел халқының барша бөліктерінің өмірінде жоғары сапа мен алдыңғы қатардағы әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ететін қоғамды орнатып жатқанымызды атап өтті. Жолдауды жүзеге асыру мақсатында осы жылдың маусым айында “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңы қабылданды. Оның аясында осы жылдың 1 шілдесінен бастап күшті құрылымдар зейнеткерлерінің зейнетақысы бір мезгілдік дифференцияланған түрде өсетін болды.

Қоғам үшін өндіріс, бөлу және айырбас кезеңдерімен қатар экономикалық, әлеуметтік көрсеткіштері бар тұтыну кезеңінің де маңызы зор. Өнімді алу жеткіліксіз, оны тиісті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолдану керек. Өнім кейде сапасыз болуы, істен тез шығуы, үлкен шығындарды қажет етуі мүмкін. Кейде қымбат өнімнің өзі өзіне барабар қажеттілікті қанағаттандыра алмайды. Нәтижелі тұтыну ұғымы өндіріс құралдарын пайдалану деңгейін сипаттайды. Өсім беретін, еңбек өнімділігін арттыратын, ұлттық табысты құрайтын осы нәтижелі тұтыну. Сондықтан тұтыну кезеңінде өнімнің қоғамға, адамдарға қандай пайда әкелетінін білген жөн. Оны біз басқару тиімділігінің үшінші түрі - әлеуметтік тиімділікті қарастыру барысында анықтай аламыз.

Әлеуметтік тиімділік – бұл қоғамның қандай да бір өнімді қолдану немесе нақты жұмыс түрін атқару барысында, сонымен қатар тиісті материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтарды пайдалануда жалпы оң нәтижелерге қол жеткізуі. Егер оны “өндіріс-бөлу-айырбас-тұтыну” жүйесіне қолданатын болсақ, ол тек өндіріс кезеңінде ғана емес, басқа да кезеңдерде орын алып, жүйе үшін ортақ болып, жалпы оның жағдайын сипаттайды.

Әлеуметтік тиімділік кез келген еңбектің маңыздылығын, ұтымдылығын және тиімділігін көрсетеді. Егер өнімге кеткен шикізаттық, энергетикалық және басқа да материалдық шығындарды “шегеріп тастасақ”, онда адамдардың еңбегі және таланты, білімі мен тәжірибесі, біліктілігі мен ар-ұяты толығымен әлеуметтік тиімділікте көрініс табады. Әлеуметтік тиімділіктің көлемі қоғамдық құрылымдар мен реттеуіштердің ұтымдылығын сипаттайды. Егер экономикалық немесе өндірістік тиімділікке табиғатқа және қоғамдық өмірдің басқа жағдайлары мен факторларына (әлеуметтік инфрақұрылымға, адамдардың денсаулығына және т.б.) зиян келтіру есебінен қол жеткізілсе, онда мұндай жағдайларды әлеуметтік тиімділік деп айта алмаймыз. Сонымен қатар тапқан табыстарға сай келмейтін қорларды қолдану арқылы уақытша, қысқамерзімді қол жеткізген жетістіктер әлеуметтік тиімділікті білдірмейді.

Әлеуметтік тиімділік жоғары сапа мен қазіргі заманғы техникo-технологиялық көрсеткіштерге негізделген. Онда ғылыми-техникалық революцияның жетіктіктері толық көрініс табады. Ол тек басқару субъектілерін, ең алдымен мемлекеттік билік пен жергілікті басқару органдарын ұтымды ұйымдастыру, басқарылатын объектілердің оптималды қызмет жасауы, олардың белсенділігінің қоғам заңдылықтарымен және мүдделерімен сәйкес үйлесуінің нәтижесінде пайда болады. Әлеуметтік тиімділіктің мәні оның тұрақты, өндіруші, прогрессивті болуында, жүзеге асқан қызметтің қолданған нәтижесі ғана емес, сонымен қатар болашақта дамудың қайнар көзі мен құралына айналып, қоғамдық өмірдің ұдайы өндірісінде берік және тұрақты буыны ретінде көрініс табуында.

Мемлекеттік басқару жайлы жоғарыда айтылғандар онымен атқарылатын іс-әрекеттің барлығы басқарудың әлеуметтік тиімділігімен өлшеніп, бағалануы керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мемлекетке қоғамның нысаны ретінде барлық қоғам үшін, онда болып жатқан құбылыстар, қарым-қатынастар мен процестер жүйесі үшін жауапкершілік

жүктеледі. Ол адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заң жүзінде анықтап және қорғай отырып, сонымен бірге олардың ұтымдылық пен тиімділік тұрғысынан пайдалануын қадағалайды. Адамдардың тек ұятына, адал ниетіне, адамгершілік қылықтарына ғана сенім білдіру жеткіліксіз. Тек қана заңға, мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының орындалу міндеттілігіне ғана сенім артуға болады. Ал олардың нақты орындалу деңгейі қоғамға, адамдарға белгілі пайда әкелетін, оларды материалдық және рухани аспектіде дамытатын әлеуметтік тиімділікпен анықталуы қажет.

Мемлекеттік басқару қызмет түрі ретінде басқа басқару түрлерінен ең алдымен, мемлекеттік билік және мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылатындығымен, әлеуметтік топтар мен азаматтардың қоғамдық мүддесін білдіретін саяси басшылықтың, саясаттың басым рөлге ие болатындығымен ерекшеленеді. Сондықтан “мемлекеттік басқарудың тиімділігі” түсінігінің және оның өлшемдерінің мазмұнды анықтамасы “шығындар-өнім шығару” моделі бойынша технологиялық операцияларды емес, бірқатар саяси аспектіден тұратын саяси субъектінің басқару қызметінің элементі болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі қабылданған шешімдердің іске асырылуының “шығындар-өнім шығару” немесе “шығындар-нәтиже” іспетті объективті көрсеткіштерімен емес, саяси жүйенің стратегиялық мақсаттарына жету және жалпы мемлекеттік мүдделерді жүзеге асырудың нәтижелері мен қолданылған әртүрлі ресурстардың арақатынасы арқылы анықталады. Шығындар мен нәтижелердің арақатынасының өлшемі жеке, нақты шешімдердің тиімділігінің шартты көрсеткіші ретінде қолданылады, бірақ экономикалық талдауларға қарағанда аталған терминдердің мағынасы кең ауқымда қолданылады. Қызмет (минималды шығындар тұрғысынан алғанда) тиімді-үнемді болуы мүмкін, бірақ алға қойылған әлеуметтік – саяси мақсаттарға жету жағынан тіпті тиімді болмауы мүмкін. Тиімді қызмет әлеуметтік-саяси аспектіде нәтижелі болғанымен де үнемі үнемді, әсіресе ұтымды бола бермейді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, мемлекеттік басқару тиімділігінің түсінігіне оның мақсатты бағытталған және мақсатқа сай қызмет ретінде өзіндік мәні көрініс табатын анықтамасы тән. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі нәтижелер мен қол жеткізген қоғамдық мақсаттардың және пайдаланылған мемлекеттік ресурстардың арақатынасын білідретін ұғым. Тиімді басқару – қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыру барысында оң нәтижелерге қол жеткізетін қызмет түрі. Тиімділік – басқарушы субъектінің және қоғамның алдыға қойылған мәселелерді шешу үшін жұмсаған күш-жігерінің (ресурстар) қаншалықты әлеуметтік маңызы зор нәтижелерде іске асқанын (көрініс тапқанын) білдіретін көрсеткіш.

Сонымен “мемлекеттік басқарудың тиімділігінің” категориясы келесідей түсініктер арқылы анықталады: “қоғамдық мақсаттар”, “нәтижелер”, “қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделер”. Олардың әрқайсысы мемлекеттік басқарудың саяси астарымен бірге өзіндік белгілерін анықтайды. “Қоғамдық мақсаттар” – түптеп келгенде – бұл саяси мәнді мақсаттар; “нәтижелер”- (саясатта көрініс тапқан) қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандырумен байланысты болатын объектілер, қызметтер, үрдістер; “мемлекеттік ресурстар” – қоғамдық мақсаттарға сай болу тұрғысынан да, құқықтық негізделуі жағынан да мемлекетпен белгіленетін экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық, ақпараттық капиталдар.

“Мемлекеттік басқарудың тиімділігінің” түсінігін анықтағаннан кейін тиімділік өлшемдерін қарастырған жөн. Тиімділік өлшемдері басқарудың көрініс табуының белгілерін, қырларын, әртүрлі жақтарын білдіреді. Оларды талдау арқылы басқару деңгейі және сапасы, оның қоғамның қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келуі анықталады.

Жүйенің, яғни мемлекеттік басқарудың субъектілері мен басқарушы объектілерінің жиынтығының, атқарған қызметінің нәтижесін көрсететін мемлекеттік басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігінің өлшемдері (критерилері) құрайды. Мұндай өлшемдер бір жағынан, қоғамдық дамудың (жалпыұлттық, аймақтық) қажеттіліктерімен, мүдделерімен және мақсаттарымен объективті түрде байланысты, ал екінші жағынан, толғағы жеткен

қажеттіліктердің, мүдделер және мақсаттардың мемлекеттік басқару арқылы қанағаттандырылатын шамасын көруге және бағалауға мүмкіндік береді. Осылардың негізінде мемлекеттік басқарудың қоғамның серпінділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етуге қаншылықты дайын екендігін анықтауға болады.

Мемлекеттік басқару қоғамдық, ұжымдық және жеке қажеттіліктердің, мүдделер мен мақсаттардың дамуын үнемі және объективті түрде зерттеуі, бағалауы және талдауы, сонымен бірге оларды жүзеге асырудың ұтымды формаларын, ресурстары мен құралдарын табуы қажет. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ұтымдылығы тұрғысынан алғанда қажеттіліктер мен олардың негізінде туындайтын мәселелердің қоғамдық ресурстарды ұтымды қолдану арқылы, тұрақты да сенімді түрде дер кезінде және толығымен қанағаттандырылуы және шешілуі өте маңызды.

Басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігінің өлшемдеріне (критерилеріне) келесілерді жатқызуға болады:

а) өзінің сәйкес түрлері бойынша әлемдік параметрлермен салыстырылатын еңбек өнімділігінің деңгейі;

ә) БҰҰ-ң әдістемесі бойынша есептелетін ұлттық байлықтың қарқыны мен ауқымы;

б) жан басына шаққандағы және әртүрлі категориялардың табыстарына бөлгендегі, сонымен бірге дамыған елдердің стандарттарымен салыстырғандағы адамдардың өмір сүру деңгейі;

в) қоғамдық қатынастардың тәртіптілігі, қауіпсіздігі және сенімділігі, олардың оң нәтижелерге қол жеткізе отырып одан әрі дамуы.

Аталған мемлекеттік басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігінің өлшемдері қоғамдық өмірдің салалары бойынша бөлінеді. Егер қарқынды дамушы елдердің экономикасындағы процестерге көңіл аударатын болсақ, мұнда ең бастысы – еңбек өнімділігінің өсуіне, шығарылатын өнімнің сапасының, түрлерінің артуына алып келетін жаңа ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген қоғамдық өндірісті ұлғайту екендігін аңғаруға болады. Әлеуметтік салада әр елде әртүрлі болып келетін қоғамдық қатынастардың заңдылықтары мен нысандарын ескере отырып, әлеуметтік әділеттілік қағидасын жүзеге асыруға ұмтылыс жасалуда. Рухани сферада, зиялы қауым арасында әрбір адам адамгершілік деңгейі, ішкі-сыртқы мәдениеті жоғары болып, еркін, демократиялық қоғамның тұлғасы ретінде қалыптасуы керек деген түсінік орын алуда. Мемлекеттік басқару үшін саяси сферадан туындайтын жалпы әлеуметтік тиімділік өлшемдерінің маңызы зор. Ол басқару нәтижелерін талдау үшін қажет өлшемдер емес, керісінше, қоғамның әлеуметтік, рухани, экономикалық сфераларының тиімді даму көрсеткіштеріне басқарудың қандай нысандарын, әдістерін, тәсілдерін қолдану арқылы қол жеткізуге болатынын көрсететін өлшем-құралдары. Себебі саяси құралдар да басқарудың нәтижелері үшін аса маңызды. Саясат саясат үшін емес, қоғам үшін қажет.

ӘДЕБИЕТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауы //Егемен Қазақстан, Астана 12 желтоқсан 2012 ж.
2. Мамыров Н.Қ. Халықаралық экономикалық қатынастар.Оқу құралы. Алматы: Экономика 2011. 350 б.
3. Одинцова Г.С., Ковалев Р.И., Мельтихова Н.Н. Организационное проектирование и планирование развития систем управления. – Киев: Наукова думка, 2012. С.365
4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің сайты //www.stat.gov.kz

ӘӨЖ: 332.336

Наримбетова А.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын, азаматтардың әлеуметтік жағдайын көтеру, олардың өмір сүру сапасы мен өмір сүру деңгейі көрсеткіштерін көтеру, тұрғындардың жұмысбастылығын арттыра отырып, кедейшілік мәселесін шешу және ұлттық қауіпсіздік тұрғысында әлеуметтік тұрақтылықты қамту сияқты өзекті әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелерді жүйелі түрде қарастыру, оларды шешімін табу қазіргі жаһандану жағдайында ғаламдық сипаттағы мәселелер болып отыр. Өркениетті дамыған елдерге қарағанда Қазақстанның әлеуметтік саласы әлі де болса жаңа, тың жобаларды іске асыруды талап етеді. Халықтың аз қамтылған бөлігін қамтамасыз етуден бөлек, еңбекке жарамды халыққа жұмыс тауып беру маңызды. Егер елде жұмыссыздықтың деңгейі көбейіп кететін болса, онда оның мынадай кері жақтары байқалады:

- Егер адам жұмыссыз болып қалса, ол қалай да табыс табуды қарастырады. Бұл кезде үкімет жұмыссыздарға қолдау көрсетуді міндет етеді. Бірақ жұмыссыздығына берілген төлемақы өнім өндіргені үшін айырбас болмайды, өйткені жұмыссыз адамдар ештеңе өндірмейді, сондықтан да мемлекеттің жағдайы жақсармайды.

- Жұмыссыздардың артуы қызмет және өнімге сұранысты кемітеді. Халық табысының кемуі сұранысты азайтады. Тауарға сұраныстың кемуі өнім көлемінің, сондай-ақ жұмыссыздықтың ары қарай көбеюіне жағдай жасайды, өйткені өнім көлемінің азаюы өндірістің кеміп, еңбекақының азаюына алып келеді. Сосын үкімет өзінің жасаған қақпанына өзі түседі.

- Қоғамда жұмыссыздық саяси жағдайды күшейтіп жіберуі мүмкін, өйткені қатты ашынған халық кәсіптің, табыстың жоқтығынан шаршаған халық билік ауысса тұрмысыз дұрысталар деп қандай да бір, митинг, ереуіл, төңкеріс жасауға дайын болады.

- Жұмыссыз қалу қылмыстың туындауына себеп, өйткені адам өмір сүру үшін, көп жағдайда қылмыс арқылы күнкөріс көзін іздейді.

Соңғы кездерде еуроодақ елдерінде күрделі мәселелердің бірі жұмыссыздық болып табылады. Ол елдерде жұмыссыздыққа қарсы іс-шаралар жасалғанымен, оң нәтижелер санаулы ғана. Себебі, 2014 жылы бүкіл елде басталған дағдарыс әсері біраз елге кесірін тигізді. Дамуға қадам басқан Еуроодақты да мазалап жатқан жұмыссыздық ғаламдық мәселеге айналып жатыр. Бүгінгі Еуроодақ мемлекеттерінде жұмыссыздық деңгейі 14 пайызға жуықтаса, 30 жасқа дейінгі жастарда жұмыссыздық 23 пайыздан көбірек. «Жұмыссыздық деңгейінің артуы күрделенген мәселені ары қарай қиындататын бүкіләлемдік сипатқа ие болуы мүмкін[1]. Әйтсе де біздің ел бұл салада сәтті реформалармен қаруланды десек артық айтқандық болмайды. Біздің мемлекетте жұмыссыздықтың орташа шамасы 5-6 %- ға тең. Оның себебі, елдегі индустрияландырудың шынымен де сәтті әрі пайдалы болуымен тікелей байланысты. Индустрияландырудың бірінші жылдары жақсы көрсеткіштер көрсетті. Міне сол себепті біздің ел үшін әлеуметтік сала мен экономиканы байланыстыра дамыту, кіші және орта бизнес, кәсіпкерлікпен айналысу негізінде экономиканы әртараптандыру мен адамдардың жұмысбастылығын көтеру маңызын ешқашан жоғалтпаған. 2050 жыл нысанасына ұмтыла отырып, еліміз халықтың экономикалық белсенділігі мен жұмыспен қамту деңгейін әрдайым арттырып келеді.

Халықты әлеуметтік қолдаудағы еліміздегі ең негізгі бағдарламалардың бірі - Жұмыспен қамту 2020-жол картасы мемлекеттік бағдарламасы еңбек нарығының алға жылжуына өз септігін тигізуде. Бұл бағдарлама 2010 жылдардағы жол картасымен Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын жүзеге асырудың алдағы кезге жалғасы болып отыр. Бағдарламада негізінен дағдарысқа төтеп беру, еңбек нарығының тиімділігін арттыру, өзара еңбек нарығының алдағы уақыттардағы жай күйін анықтау және мониторингілеу, жұмыссыз мен өзін-өзі кәсіппен қамтыған азаматтарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларын қамтиды. Бағдарламаға қатысушылар ішіндегі ерекше артықшылықтарға ие болатындар:

- 29 жасқа дейінгі жастар;

- балалар үйлерінің тәрбиленушілері, жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған он сегізден 29 жасқа дейінгі балалар;
- ауылдық жерде тұратын әйелдер;
- 50 жастан асқан зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі азаматтар;
- ауыр жұмыстарға, зиянды және қауіпті еңбек шарттарындағы қызметтерге қамтылған және мемлекеттік төлемақы алатын азаматтар;
- Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарынан шыққан азаматтар;
- бас бостандығынан айырылу немесе мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылып шыққан азаматтар;
- жұмыс беруші заңды тұлғаның таратылуы себепті немесе жұмысшылар саны мен штаты қысқаруына байланысты жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметінің тоқтауына сәйкес босатылған азаматтар.

Бағдарлама екі кезеңде жүзеге асады: бірінші кезең 2013–2015 жыл аралығы, екінші бөлігі 2016–2020 жылдар аралығы. Алғашқы кезеңде пилоттық режимде үшінші тармақта (экономикалық өсу орталықтарына және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге көшу) қызметтік баспананы иелену, салу және қоныстану жұмыс берушінің қатысуымен іске асырылатын болады. Екінші кезеңде: 2016 – 2020 жылдары – Бағдарламаның өңірлік бөліктері әзірленіп, келісіледі және орындауға қабылданады, еңбек нарығында пайда болатын қауіптерді басқару және жұмыспен тиімді қамтуға көмектесу бағдарламада көрсетілген механизмдер мен құралдар бойынша атқарылатын болады. Бағдарлама негізінен 3 бағытта жұмыс жүргізеді.

Бірінші бағыт: өз еркімен жұмыспен жасайтын, жұмыссыз және аз қамтылған азаматтарды оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу – тұрақты жері бойынша жұмысқа орналасуға жәрдемдесудің еңбек әлеуетін дамыту арқылы халықтың тұрақты және нәтижелі жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ол бағыттағы қатысушылар негізінен өз бетімен айналысатын кәсіпкерлер, жұмыссыз және әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар, отандастар және кейбірікәсіппен қамтамасыз етілген жалдамалы жұмысшылар болып табылады. Ауылдағы жастар мен әйелдер бағдарламаға сай басты қатысушылар болып табылады.

Екінші бағыт: кәсіпкерліктің ауылдық жерлерде дамуына көмектесу.

Азаматтардың жеке кәсіпкерлігін ашуы мен көлемін ұлғайту үшін кәсіпкерлік қызметті ынталандыру керек, сол арқылы экономикалық белсендік артады.

Елімізде екінші бағыт бойынша мынадай адамдар тобы қатысады:

- 1) әкімшілік бөлінуіне қарамай, ауылдық елді мекендер тұрғындары;
- 2) аудандық маңызы бар аймақтардағы және заңнамаға сай қала аумағына кіретін кент тұрғындары;
- 3) әкімшілік бөлінуіне қарамастан, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік қызметін іске асырған кезде облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда, жеке ісін ұйымдастыруды немесе ұлғайтуды көздейтін және оған мүмкіндігі жоғары, өз күшімен жұмыс жасайтын, жұмыссыз және аз қамтылған, жұмыссыз адамдар мен оралмандар. Мұнда да негізгі басымдық ауыл тұрғындарына беріледі..

Үшінші бағыт: еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.

Үшінші бағыттың негізгі мәні экономикалық әлеуеті төмен аймақтардан дамушы және экономикалық өсу орталықтарына өз еркімен көшуіне көмектесу арқылы еңбек ресурстарының ұтқырлығын көбейту қызметін көздейді. Негізгі қатысушылары азаматтығын алған этникалық қазақтар болып табылатын жаңадан қоныс аударып келушілер. Бағдарламаға қатысушылардың ішіне 137305 адам кіргізіліп, 136 007 адам әлеуметтік келісімшартқа қол қойды. Қол қоюшылардың ішінде 72 651 адам (53,3%) жұмыссыз, 63205 адам (46,4 %) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, 157 адам (0,1 %) ішінара жалдамалы жұмысшылар.

Кесте 1 2020 жылға дейін 5 % жұмыссыздық деңгейін қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жоспары

Өңірлер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Ақмола облысы	4171	2613	2560	2569	2695	3046	3523	3861
Ақтөбе облысы	4104	2571	2519	2527	2652	2997	3466	3798
Алматы облысы	9702	6077	5954	5973	6267	7083	8191	8976
Атырау облысы	2767	1733	1698	1704	1788	2020	2337	2560
Батыс Қазақстан облысы	3147	1972	1932	1938	2034	2299	2658	2913
Жамбыл облысы	5557	3481	3410	3422	3590	4057	4692	5141
Қарағанды облысы	7012	4393	4304	4318	4530	5120	5921	6488
Қостанай облысы	5075	3178	3115	3125	3278	3705	4285	4695
Қызылорда облысы	3278	2053	2012	2018	2118	2393	2768	3033
Маңғыстау облысы	2550	1597	1565	1570	1647	1861	2153	2359
Оңтүстік Қазақстан облысы	11709	7335	7187	7210	7565	8550	9888	10834
Павлодар облысы	4136	2591	2539	2547	2672	3020	3493	3827
Солтүстік Қазақстан облысы	3268	2048	2006	2012	2111	2386	2759	3024
Шығыс Қазақстан облысы	7102	4450	4359	4373	4589	5186	5997	6571
Алматы қ.	3942	2470	2420	2427	2547	2878	3329	3648
Астана қ.	7304	4576	4483	4498	4719	5333	6168	6758
Қазақстан Республикасы	84826	53138	52063	52231	54802	61934	71628	78485
Ескерту: [2] ақпарат көзінен алынды								

1-кестеде бағдарлама жоспарына сәйкес 5 % жұмыссыздық деңгейін қамтамасыз ете отырып жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің әр өңірлер бойынша саны көрсетілген. Бағдарламаның алғашқы кезеңінде 2013-2015 жылдар аралығында барлық өңірлер бойынша жұмыспен қамту көлемі кемиді. Ал екінші кезеңнен бастап, яғни 2016 жылдан 2020-ға дейін жұмыспен қамтамасыз етілетін адамдар саны артады. Кестеде ең көп жұмыспен қамтылатын өңір Оңтүстік Қазақстан облысы болады, бұл ең алдымен халық санының көптігімен байланысты болса, ең аз жұмыспен Маңғыстау облысының азаматтары қамтылады. Жалпы елімізде 2016 жылдан бастап 52231 адамнан 2020 жылға қарай 78485 адам жұмыспен қамтылатын болады. Бағдарламаны іске асыру тиімділігін артыру және еңбек нарығын болжау үшін өңірлердің жұмыспен қамту картасы арқылы мониторинг жүргізу тетіктері енгізілуде. Нәтижесінде еңбек ресурстарына қосымша қажеттілікке, еңбек ресурстарының көздері мен қозғалысына, еңбек ресурстарының теңгеріміне (сұраныс пен ұсыныс) мониторинг қамтамасыз етілетін болады.

Қазіргі кезде елімізде әлеуметтік көмек жүйесін жаңарту бойынша пилоттық жобаны іске асыру жүруде. Халықты әлеуметтік қорғау заңнамасына сәйкес азаматтарға тұрғын үй көмегі, атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Бұл көмектерді алу үшін отбасы үкіметке табыстары мен шығындары жайлы толық ақпарат беруі қажет. Бірақ та көмекті шартсыз ұсыну қағидасы адамдардың жұмысқа ынталарын төмендетіп, осылай оңай жолмен ақша табуға әкеледі. Ал бұл өз кезегінде еңбек ресурстарын толық пайдаланбауға әкеледі. Сондықтан 2015 жылы шартты ақшалай көмек көрсету (ШАК) принципіне Өрлеу пилоттық жобасы арқылы келесідей өзгерістер енгізілді:

1. Шартты ақшалай көмекті алушыларды ұлғайту үшін:

Егер де керекті медициналық ұйымнан тиісті құжаттарды ұсынған кезде стационарлық ем алатын адамдарды, оқушы, студент, мүгедектерді, курсанттарды қосу

2. Кірісі төмен жанұяларға көмектесу үшін:

Жеке шаруашылықты дамытуға, жеке ісін ұйымдастыруға қажетті 3 айлық шартты ақшалай көмекті көмекті біржолға төлеу мүмкіндігі;

әлеуметтік келісімшартқа сай жанұяларға берілетін көмектің жеке жоспарын жасау;

Өрлеу пилоттық жобасы Ақмола, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында 2015 жылдан бастап жүзеге асырылып, табысы төмен адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуде. Бұл жобаның миссиясы табыстарды қайта бөлу мен белсенді әлеуметтік саясатқа көшу және өркениетті елдердің тәжірибесін қолдану болып табылады. Аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіруде бүгінгі күндері осы жүйені Еуроодақ және Жапония пайдаланбақ. Ал өзіміздің көрші елдерден Ресейде ғана атаулы әлеуметтік көмек көрсету қызметінде белсенді іс-шаралар жүргізілуде. Өрлеу пилоттық жобасының 2015 жылғы қорытындысы бойынша халықты әлеуметтік қорғаудың жергілікті мекемелері 3966 жанұямен отбасыны белсендіру келісімшарты жасалып, 20,4 мың азаматқа 398,7 млн. теңге шартты ақшалай көмек берілді. Жан басына шаққандағы шартты ақшалай көмектің көлемі 4420 теңге болды. Ақшалай көмекті ең көп алушылар балалар (60,5 %), ал қалған бөлігіндегілерге нәресте күтімдегілер (8,1 %), жалдамалы жұмысшылар (3,1%), студенттер (2%), мүгедектер (0,7 %), зейнеткерлер (0,2%) кіреді. Өрлеу жобасына қатысушылардың 26 %-ы жұмысқа орналасуға көмектесу бойынша еңбекке тартылды. Жобаға өтініш бергендердің 88 %-ы еңбекке қабілетті адамдар, сондықтан да олардың 12 %-ы қайта даярлаудан өтіп, қоғамдық жұмысқа 25 %-ы жіберілді.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік дамытудың жоспарына сай 2030 жылға қарай ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандартқа мұқтаж жандардың барлығының қолы жетуі керек. Сонымен қатар жалпы халықтың үлесінен табысы ең төменгі кедейшілік деңгейінен төмен адамдардың үлесі 5 %-дан аспауы керек. Еліміздің экономикалық әлеуетін ескере отырып, 2018 жылға таман ең төменгі күнкөріс деңгейі артуы керек. Қазіргі кезде елімізде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы жан басынан шаққандағы кіріс көзі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 %-нан аспайтын отбасыларға беріледі. Алдағы уақыттарда кедейшілікті анықтаудың жаңа тәсілдерін қамти отырып, табыс төмен отбасыларға, егер де олар жұмыспен қамту шараларына белсене қатысқан жағдайда оларға берілетін жәрдемақы көлемі артатын болады[3].

Болашақта мүгедектіктің дәрежесіне қарамай мүгедектер, қарт адамдар, жүкті әйелдер мен балаларға арналып қоғамдық инфрақұрылымды жетілдіру нәтижесінде барлық қызметтерді кедергісіз қолдануға жағдай жасалынуы қажет. Мемлекет мүмкінділігі шектеулі жандарды егер де олардың ішінде еңбекке қабілеттілері болса оларды жұмысқа орналастыруға көмектесуі қажет. Ол үшін мүгедектерге арналып жұмыс орындары ашылуы керек және ол жұмыс берушілерді мемлекет субсидиялауы қажет, тиісінше субсидияға ие болу үшін жұмыс беруші мүгедекті кемінде 1 жыл еңбекпен қамтуы шарт. Қазіргі кезде Сонымен, еліміздегі әлеуметтік саланың негізгі мәселелері жұмыссыздық, бай және кедей азаматтардың табысының арасындағы өте үлкен айырмашылық, мүгедектер мен еңбекке қабілетсіз адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жетілдіру болып табылады. Халыққа қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру мен осал топтарға көмектесу маңызды. Еліміздің жер көлемінің үлкендігі аймақтар арасында айырмашылыққа себеп болып отыр, кейбір аймақтардың экономикалық, экологиялық жағдайы өзгеше. Сондықтан сол аймақтарда тұратын халықтардың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс деңгейі, тіршілік көздері әртүрлі. Еліміздің бүкіл ел бойынша қабылдаған заңы, мемлекеттік бағдарлама, реформалары мен жоспарларымен қатар әр облыстың жергілікті атқарушы органдарының әлеуметтік салада жүргізіп жатқан белгілі бір жобалары мен бағдарламалары бар. Біздің елдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жыл сайын ең үздік әлеуметтік жобалар көрмесін өткізіп тұрады.

Әлеуметтік төмен халық санатына жататын азаматтардың әлеуметтену механизмін дамыту үшін «Әлеуметтік жұмыс орындары туралы» арнайы заңды жасау туралы мәселе қарастырылатын болады.

Аталғандарды заңдық регламенттеу туралы мәселелер пысықталатын болады:

- отбасындағы санына байланысты балалардың балабақшаға бару төлемінің шығысы бөлігінде ата-аналарға өтемақы;

- бала күтіміне сай демалысынан кейін жұмысын қайта бастайтын әйелдерге біліктілігін арттыруға және мемлекет есебінен талап етілетін жаңа мамандықты алуға мүмкіндік ұсыну;

- ҚР Салық кодексіне көп балалы жанұяларға және өзгелері үшін кіріс салығы бойынша жеңілдіктер туралы ережені енгізу және т.б.

Еліміздегі әлеуметтік саланың негізгі мәселелері болып жұмыссыздық және олармен күресу жолдары, әлеуметтік көмекті жаңарту мәселелері, мүгедектердің құқықтары бойынша олқылықтар және қазіргі нарық жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін білікті кадрлардың жетіспеуі, білім беруді жетілдіру мәселелері тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймағамбетов С. Современная социально-культурная политика.- Астана: Елорда, 2001.- 304 с
2. stat.gov.kz- ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті
3. Габдуалиева Р.С., Муханова Р.Г., Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары // Ғылым және білім. -2009. - № 2. - С. 95-98

УДК: 343.3

Каспаева Р.С.

Костанайский социально-технический университет
имени академика З. Алдамжар

ЭТАПЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И ИХ НАПРАВЛЕНИЯ

В целях реализации Стратегии вхождения Казахстана в число 50 конкурентоспособных стран мира возрастает значимость реформирования государственного управления. Она важна потому, что устойчивость и эффективность государственного управления является основанием и условием, при котором могут успешно проводиться все другие экономические и социальные реформы. В Казахстане на сегодняшний день в стране осуществляется более 16 общенациональных реформ [1].

Темп и ход реформ по каждому направлению различен. Ключевым же направлением, на основе которого осуществляются все остальные реформы, является реформа государственного управления.

Сегодня можно утверждать, что новая модель государственного управления в ее политико-административной и организационно-правовой форме в республике Казахстана состоялась. Государство, являясь особой организацией публичной политической власти, имеет свои задачи и функции. Эти задачи и функции практически реализуются посредством конкретных действий личного состава, находящегося на службе у государства - государственных служащих.

От государственных служащих зависит работа государства. Поэтому одним из важных направлений реформы государственного управления стала реформа государственной службы Республики Казахстан. Государство приобретает реальность и силу именно в кадрах и в контингенте его служащих. Государственная служба продолжает и завершает организацию механизма государства, практически реализует задачи и функции государства.

В каждое звено государственного механизма служба вносит комплекс мер, средств, форм и методов для реальной, практической деятельности. В становлении государственности любого вида, государственная служба выступает в качестве первого организационного средства выполнения государством своих целей [1]. В структуре государственной службы различаются чётко две стороны, две группы отношений: организация государственной службы её подготовка и служебная деятельность, осуществление каждым служащим и всеми ими вместе своих служебных практических полномочий. Организация государственной службы означает её формирование для деятельности и включает большой круг вопросов как установление должностных наименований и определение полномочий по каждой должности. Выработка правил поступления на государственную службу. Подготовка кадров и повышение их квалификации, правила продвижения по службе, применения мер поощрения и мер дисциплинарной и иной ответственности, правил прохождения службы и прекращения служебных отношений и некоторые другие правила. Это большая область отношений связанная с кадрами и имеющая подготовительные цели для практической деятельности.

Другая сторона государственной службы - это практическая деятельность государственных служащих по реализации порученных им полномочий. Каждый служащий занимает должность, определяющую объём его полномочий, которые и подлежат реализации. Со стороны материального содержания эти полномочия весьма разнообразны в сфере властной деятельности, исполнительной, в правосудии и т.д., разнообразны они и по правовым формам своей реализации как например, составление документов, работа с ними, приём лиц, рассмотрение жалоб и т.д.

Следующим этапом реформирования государственной службы, думается является создание системы управления кадрами в сфере государственной службы в Республике Казахстан, что предусмотрено Стратегией «Казахстан-2030», где говорится, что «необходимо создать общегосударственную систему управления кадрами с единой информационной системной социальной защиты, с бережным отношением к основополагающему ресурсу управления-человеческую капиталу» [2]. А если взять все виды реформ и проанализировать их ход, то, вне всякого сомнения, мы увидим, множество подходов, мнений, суждений о происходящих реформах, заявленных Президентом Республики Казахстан. Поэтому устранение противоречивости и неопределённости является основной задачей сегодняшнего дня. Одним из приоритетных направлений государственно-административной реформы, наряду с реформированием государственной службы является децентрализация власти в Республике Казахстан.

Разграничение полномочий между органами государственного управления, введение системы местного самоуправления направлены на реализацию главного принципа демократии - вовлечение в управление страной всех граждан республики. Для разработки этих вопросов в октябре 2001 года была создана Государственная Комиссия по децентрализации и совершенствованию межбюджетных отношений. Постановлением Правительства № 147 от 10 февраля 2003 года была утверждена «Концепция разграничения полномочий между уровнями государственного управления и совершенствования межбюджетных отношений» [3]. На основании анализа исполнения Концепции можно отметить, что Законом Республики Казахстан «Об объемах официальных трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами города республиканского значения, столицы на 2005-2007 годы», заложены основы формирования новой модели межбюджетных отношений. В Бюджетном Кодексе четко распределены расходные полномочия уровней бюджетов. Важными мероприятиями по реализации задачи децентрализации являются принятие законов, направленных на четкое разграничение функций, полномочий и ответственности между разными уровнями государственного управления. Внесены изменения и дополнения в 3 Конституционных закона и в 122 законодательных акта [3]. Функции государственных органов разделены на стратегические (министерства), реализационные и контрольные (комитеты при министерствах). Утверждены типовая структура и лимиты численности по местным исполнительным органам.

Но еще нерешенной остается задача институционального и функционального укрепления сельского, поселкового, городского (районного значения) уровней государственного управления, которые отражены в проекте Государственной программы по разграничению полномочий между уровнями государственного управления и развитию системы местного самоуправления на 2005-2010 годы [4]. Отправной точкой при разработке документа служит принцип укрепления унитарного Казахстана, его центральной власти и в то же время - расширение самостоятельности и ответственности местных органов власти, усиление общественного контроля над их деятельностью через Парламент, маслихаты, СМИ, общественные организации. Эти меры призваны рассредоточить центр тяжести проведения реформ с центральных органов управления на областной и районный уровни, передаче ответственности в решении большинства вопросов территориального развития местному уровню государственного управления[5]. Вместе с тем до сих пор остаются не разработанными механизмы реализации нормативных документов на практике.

Так, остаются 6 невыполненных проблем разделения коммунальной собственности, формирования аппаратов акимов сел, поселков, городов районного значения. Не решена задача расширения самостоятельности акимов в планировании и исполнении своих расходов, обеспечения их деятельности реальными бюджетами. Не выполнены положения Концепции о выработке единых государственных стандартов социальных услуг населению. С вступлением в силу законов о разграничении полномочий между уровнями государственного управления, Постановления Правительства РК «О типовой структуре местных органов управления» на местах наблюдается неподготовленность к проведению реформ [3]. Поэтому слабым звеном административной реформы являются сельский и районный уровни государственного управления. Объясняется это, прежде всего, отсутствием однозначных подходов к организационной форме и уровню государственного управления, на котором должно осуществляться местное самоуправление. Распределение функций между областным, районным (городским) и сельским уровнями власти на сегодняшний день предоставлено областному уровню и зачастую принимает жестко централизованную схему управления, что не соответствует идеологии проводимых реформ. Наличие этих недостатков является фактором, сдерживающим создание институтов местного самоуправления.

В целом, можно выделить ряд основных направлений работы Правительства Республики Казахстан для решения проблем и противоречий, характерных для современного этапа политико-административного реформирования Республики Казахстан:

- первое, разработка государственного реестра функций государственных органов и органов местного самоуправления;
- второе, реализация задачи разграничения полномочий между уровнями государственного управления и сокращения надзорно-контрольных функций государственных органов;
- третье, определение политико-правовой основы и законодательной базы функционирования и разделения коммунальной собственности по уровням местного государственного управления, что предполагает предварительную работу по оценке активов, устранению беспорядков в сфере определения формы собственности коммунальных предприятий;
- четвертое, создание единой системы стандартов государственных услуг и качества жизни;
- пятое, приняты меры по усилению органов представительной власти на местах - маслихатов районов и городов, а также введены сельские маслихаты. В этих целях местные представительные органы должны быть обеспечены необходимой материально-технической базой, большими контрольными функциями, особенно за исполнением местного бюджета и программ развития регионов. При этом рассматривается возможность введения должности освобожденного председателя маслихата и председателей постоянных комиссий, членов ревизионных комиссий;

- шестое, рассматриваются вопросы формирования республиканского бюджета снизу, т.е. с уровня сельского и районного бюджетов, что позволит более четко планировать государственный бюджет, исполнять государственные программы развития.

Определив расходную часть бюджетов низового уровня, и только после этого приступать к разработке республиканского бюджета. Для введения этого принципа необходимо разработать систему нормативов по оказанию государственных услуг.

В настоящее время в Казахстане можно отметить, что прорабатываются вопросы финансовых и бюджетных отношений, и проводится анализ принципов формирования республиканского и местных бюджетов, с учетом вопросов реального обеспечения минимальных потребностей населения госуслугами. Основная задача заключается в необходимости определения подходов и путей решения формирования бюджетов «снизу» - с уровня аульных (сельских) округов, районов, городов районного и областного значения, что предполагает анализ структуры налоговых доходов и расходов местных бюджетов. Сложным и неразрешенным остается вопрос разграничения коммунальной собственности.

Также не существует единого утвержденного реестра госсобственности с четким разграничением коммунальной собственности между уровнями местного государственного управления. Также требуется информация об объектах коммунальной собственности на местных уровнях область, район, сельские территории, и о состоянии коммунальной собственности как объекты здравоохранения, образования, социальной инфраструктуры - дороги, обеспечение водой, теплом и т.д., необходима разработка законопроекта «О коммунальной собственности», одним из принципов которого должно быть разграничение государственной коммунальной собственности, находящейся под управлением местных органов государственного управления и коммунальной собственности, которая может находиться под управлением органов местного самоуправления [3].

Политико-административная реформа в республике Казахстан, несмотря на успехи и обозримые результаты находится еще на начальном этапе своего развития, так как нерешенных задач и нереализованных мероприятий гораздо больше. Нынешний этап реформирования характеризуется процессом институционализации политико-правовой и законодательной базы всех уровней государственной власти, где оформляется собственная национальная модель системы государственного управления Республики Казахстан.

ЛИТЕРАТУРА

1. Турисбеков З. Казахстанская модель реформирования государственной службы // Государственная служба - 2002. - Март-апрель. С.11-16
2. Назарбаев Н.А. Казахстан 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. - Алматы: Білім. 1977. - С.33.
3. Децентрализация - одно из приоритетных направлений демократических преобразований. //Материалы 3-го заседания Национальной комиссии по вопросам демократии и гражданского общества. - 29 марта 2005 г.
4. Капаров С.Г. История административной реформы Казахстана. //Деловой мир. - 2006. - октябрь.
5. Кадыржанов Р.К. от старой номенклатуры к новой элите //Байтерек. - 2006. - №4. - С. 11-15

ӘӘЖ 338.1

Четвертая проблема - вопрос компетенции. Чем друг от друга отличаются малый, средний и крупный бизнес? В крупном бизнесе есть три основных участника – управленец, учредитель, работник. Это – три разных человека. В среднем бизнесе в большинстве случаев то же самое (но не всегда), а вот в малом происходит слияние трех этих позиций: управленец, учредитель и работник – один человек, а один человек физически не может все знать и успевать. Стартап никак не обойдется без определенного опыта руководителя, и руководитель должен постоянно самосовершенствоваться.

Пятая проблема - отсутствие наглядных примеров успешного бизнеса.

В некоторых странах существуют школы развития предпринимательства, так называемые бизнес-инкубаторы, где разного рода эксперты (экономисты, юристы, психологи) консультируют, обучают предпринимательству, учат разрабатывать бизнес-планы, налаживать контакты с партнерами и т.д. [3]

Основными проблемами предпринимательства являются преобладание сырьевого экспорта, низкая доля МСП в ВВП Казахстана, сравнительно неразвитый пласт предприятий, выпускающих продукцию с добавленной стоимостью. Доля продукции, выпускаемой субъектами малого и среднего бизнеса в ВВП сохранилась на среднем уровне 15-16%. Также

экспертами отмечаются ряд факторов, тормозящих развитие предпринимательства в Казахстане: слабая информированность населения, высокие кредитные ставки для предпринимательства, административные барьеры и т.д.

Улучшение экономической ситуации в стране во многом зависит от решения проблем, препятствующих развитию предпринимательства. На сегодняшний день рейтинг проблем выглядит следующим образом (рис.1):




Рис.1 Данные Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

Согласно данным Агентства РК по статистике, количество активных субъектов малого и среднего предпринимательства на 1 января 2015 года в целом по республике составило 675 937 единиц: в том числе индивидуальных предпринимателей – 430614 (63,7%), крестьянских/фермерских хозяйств – 170119 (25,2%), юридических лиц, являющихся субъектами малого предпринимательства, – 66492 (9,8%), юридических лиц, являющихся субъектами среднего предпринимательства, – 8712 (1,3%) (рис.2). [4]




Рис.2 Количество активных субъектов малого и среднего предпринимательства по данным Агентства Республики Казахстан по статистике.

Если на продукты и услуги, которые способны производить предприятия малого и среднего бизнеса, не будет проявлен платежеспособный спрос со стороны населения, то данная область не сможет активно развиваться. Тем же, кто сейчас решился реализовать свой потенциал именно в данной области, необходимо четко понимать, какие услуги будут наиболее востребованы на рынке в ближайшее время. Кроме того, малый бизнес для того, чтобы выжить, должен быть максимально мобильным. Следовательно, если спрос на товары или услуги в одной области начинает снижаться, а в перспективе данная тенденция будет только усиливаться, то представителю малого бизнеса следует быстро переориентироваться и выходить на потенциально растущие рынки, без сожаления оставив в прошлом прежнее направление.

На наш взгляд, основные направления преодоления проблем малого бизнеса в РК следующие:

- создание правовых и организационных условий для роста деловой активности малых предприятий;
- реализацию экономической политики, включая научно-техническую, инновационную, инвестиционную, ценовую;
- реализацию налоговой и кредитно-финансовой политики для обеспечения эффективного развития малого бизнеса;
- оказание малым предприятиям содействия в осуществлении внешнеэкономической деятельности;
- применение по отношению к малым предприятиям специальных мер поддержки с учетом особенностей каждой отрасли и региона, отдельных групп предпринимателей и видов деятельности: поощрение ремесел, сезонных работ, артельных и семейных форм организации деятельности;
- упрощение порядка регистрации и форм отчетности, сокращение перечня лицензируемых видов деятельности.
- снижение расходов по социальному страхованию. Содействие развитию малого предпринимательства призвано обеспечить реализацию целей государственной политики регулирования, а именно:
 - поддержание занятости, социально-экономической стабильности, роста общего благосостояния населения;
 - интенсификацию инвестиционных процессов;
 - стимулирование инноваций путем финансирования разработок новой продукции

[1]

В рамках развития казахстанского предпринимательства был создан специальный государственный фонд «Даму» в 1997 году, целью которого является оказание финансовой и консультативной помощи предпринимательству. Также, предпринимательству оказываются услуги на региональном уровне областными департаментами предпринимательства. В 2011 году создана специальная программа «Дорожная карта бизнеса-2020», согласно которой осуществляется сервисная поддержка субъектам малого предпринимательства. Основным оператором данной программы является государственный фонд «Даму». В Казахстане действует ряд профильных ассоциаций, оказывающих поддержку предпринимательству. В частности, можно отметить национальную палату «Атамекен», объединяющую в своих рядах предпринимательские союзы Казахстана. Одним из старейших неправительственных институтов поддержки предпринимательства в Казахстане является «Форум предпринимателей Казахстана», созданный в 1992 году.

Дальнейшее развитие бизнеса, использование инновационного потенциала, его стимулирование, развитие таких форм взаимодействия, как подрядное кооперирование, совместное производство, выполнение госзаказов, лизинг, франчайзинг и венчурное финансирование, должны обеспечить устойчивое функционирование либеральной экономической системы Республики Казахстан, главной опорой которой будет выступать сильный предпринимательский класс.

ЛИТЕРАТУРА

1. Закон РК № 131-1 от 06.1997 г. «О государственной поддержке малого предпринимательства»
2. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (общая часть) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.11.2012 г.).
3. Грядов С.И., Подгорбунских П.Е. Организация предпринимательской деятельности. - М: Колос, – 416 с.
4. Данные Агентства Республики Казахстан по статистике. // [Электронный ресурс] <http://www.stat.kz>.
5. Сахнова Н.Г., Мамыров Н.К. Государство и бизнес: государство, предпринимательство и общество. – Алматы.: Атамур, 2002. – 452 с.

6. Зейнельгабдин А. Б. Проблемы управления финансовыми ресурсами в республике. Финансовый менеджмент. - 2008. - № 7. - Ст. 13. - С. 66-72
7. Лапуста М.Г. Предпринимательство: Учебник. - М: Инфра, 2009. – 608 с.

ӘӨЖ: 316.334.2

Габдуалиева Р.С.¹, Ханатов Т.С.²

э.ғ.д., профессор¹, , 2 курс магистранты², Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Кез келген қоғам, мемлекет өзінің болашақтағы даму перспективасын жетілдіріп, әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартып, алға қарай қадам басып даму үшін мемлекеттің даму мақсаттары мен жолдарын анықтайды. Мемлекеттік биліктің ең маңызды функцияларының бірі осы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық стратегиялық мақсаттарын құрастыруы болып табылады. Бұл мақсаттар барлық аймақтың кәсіпкерлік деңгейін және оның тұрғындарының тұрмыс-тіршілік сапасының жоғарылатуына бағытталуы тиіс. Сондықтан елдің әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын және оған жету жолдарын дұрыс таңдау – мемлекеттің келешегіне үлкен әсер ететін маңызды үдеріс.

Осы мемлекеттің даму мақсатын, осы мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін – ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспардың тиімді варианттарын, үкіметтің экономикалық, техникалық саясаттарының негізгі бағыттарын анықтау үшін, халықтың осы таңдағы әл-ауқатын анықтауға бағытталған шаралар, экономикалық болжамдар, жоспарлаулар жасалынады. Әлеуметтік-экономикалық дамыту стратегияның сапасы болжаудың алдыңғы қатарлы технологиялары, ішкі және сыртқы ортаның талдауы, дамудың тиімді әдістерін қалыптастыру, мемлекеттің тиімді басқару құралдарын қолдану және мониторинг пен жоспарларды жүзеге асыру негізіне байланысты.[1]

Тәуелсіздікті алып, өз алдына дербес мемлекет болып қалыптасқан отанымыз, Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мен жолдарын дұрыс негіздеу маңызды болып табылады. Елбасымыздың қабылдаған даму стратегияларында еліміздің келешекке қойған алып мақсаттары анық көрсетілген және де осы мақсаттарға жету үшін қолдан келер әрекеттер жасалынуда.

Басқарушылық мақсаттары – бұл қоғамдық қажеттікті және басқарма мүдделерін нақты қанағаттандыру бойынша басқарушылық шешімдер және әрекеттерді қалыптастырумен және жүзеге асырумен байланысты мақсаттар. Кез келген мемлекетті басқару ісінде мақсаттарды қою ерекше рөл атқарады. Экономикалық саясат дегеніміздің өзі белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру процесі болып табылады. Өмірдің өзі қоғамды дамыту барысында бір уақытта бірнеше мақсаттардың жиынын шешу керектігін көрсетеді. Олардың толық түсінілуі, белгіленуі және дұрыс орындалуы үшін қоғамның барлық мәселелерінің құрылымын айқын түрде ұсыну керек.

Қазақстан Республикасы – нарықтық экономикасына жаңадан қадам басушы жас мемлекет. Сондықтан да мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мен жолдары негіздеуі ел үшін өте маңызды іс болып табылады. Осы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын басшылық әрдайым халыққа жария етіп, және жаңа мақсаттар мен қол жеткізген нәтижелерді Жолдаулар, Дамудың стратегиялық бағдарламалары, халықаралық ұйымдардың қолдауымен жасалынған декларациялар және тағы да басқа жолдармен бекітіліп отырады. [1]

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары айқын көрсетілген тағы бір құжатта елбасымыз қабылдаған Қазақстан-2020 стратегиялық даму бағдарламасында – бекітілген мақсаттарға және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі

дамуының түйінді бағыттарына тоқталайық. Қазақстан 2020 жылы әлемдік дағдарыстан біршама қуатты және бәсекеге қабілетті, экономикасы әртараптандырылған және халқы белсенді түрде жаңа экономикаға тартыла отырып шыныққан елге айналады.

2020 жылға қарай Қазақстан ел экономикасының шикізат емес секторына елеулі шетелдік инвестиция тартуға мүмкіндік беретін қолайлы іскерлік ахуал қалыптасқан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарында болады. Экономика келесі экономикалық дағдарыстарға жақсырақ дайын болады. Қазақстан шектес елдермен және басқа да мемлекеттермен өзінің саяси және экономикалық байланыстарын нығайтпақ. [2]

2020 жылға қарай ел әртараптандырылған экономиканы дамыту үшін қажетті адами ресурстарға, сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен экспорттаушыларға қызмет көрсету үшін қажетті инфрақұрылымға ие болады. Көлік инфрақұрылымы мен телекоммуникацияны қарқынды дамыту арқылы өзге әлеммен үзіліссіз байланыс қамтамасыз етіледі. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету саласы тау-кен өнеркәсібімен қатар лайықты орын алады. Әлеуметтік салада және қоршаған ортаны қорғау саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіледі.

2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы нақты мәнде алғанда 2009 жылғы деңгейінің үштен бірінен жоғары өседі. Экономиканы әртараптандыру жоспарларын табысты іске асыру есебінен экономиканың қайта өңдеу салаларының өсу көрсеткіштері 2020 жылға қарай өндіруші салалардың өсу көрсеткіштерінен жоғары немесе оларға тең болады.

2020 жылға қарай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8%-ға төмендейді. Халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері, мүмкіндігі шектеулі адамдар, әйелдер, балалар мен жастар өздерінің барынша қорғалғанын сезінеді және өздерінің қоғамдағы мүмкіндіктерін кеңейтетін болады. Бала-бақшадан университетке дейін сапалы білім беру бүкіл ел бойынша қолжетімді болады, халық денсаулығының жағдайы айтарлықтай жақсарады. Денсаулық сақтау қызметтері әлемнің үздік стандарттарына сай болады. Қазақстандықтар барынша салауатты өмір салтын ұстанып, темекі шегетіндер мен алкогольді асыра пайдаланатындар саны азаяды. Қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларында мемлекеттік тілді қолдану дәйекті және кезең-кезеңімен кеңейеді. Әртүрлі этностық топтар мен діни конфессия өкілдері ішкі тұрақтылық, қауіпсіздік, бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүруін жалғастыратын болады.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» - Елбасының Қазақстан халқына Жолдауыда да осы әлеуметтік экономикалық даму мақсаттары мен оған жету бағыттарының маңыздылығы мен өзектілігі туралы айтылып өтілген.

Ел экономикасының қарышты қадамдары қандай болмасын саяси-экономикалық шешімдердің түпкі мақсатына сәйкес халықтың әл-ауқатын арттыру үшін зор міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді. Сондықтан Президенттік жолдаудың алғашқы бабында тұрғындарды жұмыспен қамтудың тиімді жүйесін жасау арқылы әрбір жұмыс жасындағы адамға жұмыс орнын ашып беруге ұмтылыстың әлеуметтік маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Мұның өзі мемлекет пен халық мүдделерінің бір бағытта тоғысуының жарқын белгісі. Қазіргі дамыған мемлекеттердің ешқайсысы да халықтың өмір сүру жағдайы, жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік сақтандырылуы туралы толық жауапкершілікті өз мойнына алмайды. Елдегі әлеуметтік болмыс сипаты, әлеуметтік игіліктер және тауарлар мен қызметтер үшін толық жауапкершілікті болатын материалистік концепцияның негізі жоқ және ешқандай экономикада жүзеге аса қоймайды. Ал Қазақстан Президентінің жолдауындағы жұмыспен мейлінше қамту, халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыздандыру міндеттері мемлекеттік әлеуметтік саясаттың жемісті болуының кепілі болып отыр.

Әл-ауқаттылықты арттыру бойынша әлеуметтік саясаттың көздеген мақсаттарға жетуі үшін экономикалық база экономикалық негіз қажет. Бұл үшін Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында қазақстандық аймақтардың өсу нүктелерін анықтау, қажеттілігін атап

көрсеткен. Экономикалық өсудің өзін жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс саясаты макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі динамикасы анықтайтын ұлттық шаруашылықтың даму үстіндегі қозғалысы деп білсек, онда біздің ел үшін өндіргіш күштерді аумақтық оңтайлы орналастыруды жалғастыру күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі болып табылады. Президенттің жолдауында мұндай өсу нүктелеріне Алматы, Шымкент, Павлодар және т.б. қалалар жатқызылып отыр. Қазақстан өңірлерінде жаңа кәсіпорындар құрылысын жандандыру, олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті инфрақұрылымдар жүйесін дамыта түсу керек.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында көрсетілген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына тоқталып өтейік. Экономиканы қалпына келтіруге дайындық үдерісінде Қазақстан оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін реформаларды жеделдетіп іске асыруы керек. Бірінші түйінді бағыт — дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық — бірінші онжылдық кезеңінде нәтижесі көрінетін шараларды қамтиды. Бұл біршама қолайлы бизнес орта құру, қаржы секторын нығайту және құқықтық жүйені жетілдіру.

Екінші түйінді бағыт шеңберіндегі іс-қимылдар елді үдемелі индустрияландыру бағдарламасын іске асыру және инфрақұрылымды дамыту нәтижесінде Қазақстан экономикасын әртараптандыруды жеделдетуге ықпал ететін болады. Бұл экономикалық үлгіні өзгертуге және экстенсивті, шикізаттық даму жолынан индустриялық-инновациялық дамуға көшуге мүмкіндік береді. Елді инфрақұрылымдық дамыту жоспарлары экономиканы үдемелі әртараптандыруға және елге шетел инвестицияларын тартуға ықпал ететін энергетика, көлік және телекоммуникация салаларын жаңғыртуға шоғырланады.

Адами ресурстардың саны мен сапасы кез келген елдің болашағын айқындайтын негізгі құрушы факторлар болып табылады. Адами капитал — бұл инновациялардың және экономиканың тиімділігін арттырудың негізгі қозғаушы күші. Үшінші бағыт — болашаққа салынған инвестициялар — Қазақстанның адами ресурстарының сапасын ұзақ мерзімді кезеңде арттыру үшін қажетті шараларды қамтитын болады.

Төртінші түйінді бағыт — азаматтар үшін қызмет көрсету шеңберінде — халықты әлеуметтік қорғау және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін тиімді көрсету жөніндегі шаралар күшейтілетін болады.

Бесінші түйінді бағыт — ұлтаралық келісім, қауіпсіздік, халықаралық қатынастардың тұрақтылығы шеңберінде — ішкі тұрақтылықты, қауіпсіздікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту, бейбіт, сүйгіш сыртқы саясатты дамыту жөніндегі шаралар көзделетін болады.

Стратегиялық жоспар – 2020-ны іске асырудың алғашқы жылдары мемлекет отандық кәсіпкерлер үшін де және халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізудің құнын азайтуға бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды. Әкімшілік рәсімдердің шеңберін белгілей және оларды жүзеге асырудың ашықтығын арттыра отырып, мемлекет төрешілдік пен сыбайлас жемқорлықтың Қазақстандағы іскерлік ахуалдың маңызды аспектілеріне ықпал етуін төмендетуге ұмтылатын болады.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын негіздеу кез келген мемлекет үшін орасан зор маңызы бар екендігіне көз жеткіздік. Мемлекетке қоғамның нысаны ретінде барлық қоғам үшін, онда болып жатқан құбылыстар, қарым-қатынастар мен процестер жүйесі үшін жауапкершілік жүктеледі. Ол адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заң жүзінде анықтап және қорғай отырып, сонымен бірге олардың ұтымдылық пен тиімділік тұрғысынан пайдалануын қадағалайды. Ал даму мақсаттарын бекіту мемлекеттің осы жауапкершілікті орындауды жүзеге асыруға қажет бірден-бір функциясы болып табылады. Және де осы мақсаттар мемлекеттердің миллиондаған адамдарының өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған болып келеді.

Даму мақсаттарын негіздеудің негізгі құралдары алуан түрлі болуы мүмкін. Алайда олардың барлығы халықтың әл-ауқатын, қажеттіліктері мен мүдделерін ескере келе, мемлекеттің саяси және экономикалық жағдайларын зерттей отырып негізделеді. Өйткені кез келген мақсат ел үшін тиімді және ұтымды, әрі қолжетімді болуы тиіс. Мемлекеттің

әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары жалпы экономикалық саясаттың мақсаты секілді бірінші кезекте халықтың әл-ауқаттылығын, тұрмыс-жағдайын жақсартуға, экономикалық тұрақтылық орнатуға, сонымен қатар қоғамның еркін дамуына жол ашуға және ішкі мен сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталады.

Келешекке қандай даму мақсаттарының негізделуі мемлекеттің сол таңдағы жағдайы мен мүмкіншіліктеріне байланысты. Мысалы, экономикалық дағдарыс орын алған жағдайда, мемлекеттің даму мақсаттары сол дағдарыстан қысқа мерзімде аз шығынмен шығуға ниеттеледі. Мақсаттарды бекітпес бұрын басқарма органдары мемлекеттегі басты экономикалық және әлеуметтік ахуалдар мен мәселелерді толыққанды, әрі жан-жақты анықтап, зерттеуге тырысады. Және де соған сай мақсаттарға қол жеткізулері үшін нақтылы және өлшемді көрсеткіштер белгілейді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына келетін болсақ, елбасымыздың жүргізіп отырған ұтымды саясаттарының арқасында дұрыс және айқын түрде белгіленген. Мемлекетіміздің ұзақ және қысқа мерзімді даму мақсаттарын стратегиялық даму бағдарламалары, жылда жарияланатын халық жолдауларынан білуге болады. Қазіргі таңда мемлекетіміз бәсекеге қабілетті тұрақты экономикалық орта қалыптастыру, әлемнің экономикасы дамыған отыз елдің қатарына ену, кедейлік пен аштықты жою, жалпыға бірдей орта білімді қамтамасыз ету, балалар өлімін азайту, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және тағы да басқа осы сияқты әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын алға қойған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы - 2012, желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012, қаңтар

УДК: 354.757

Алибаева А.К., Кульова С.К., Отешова А.К.

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ – КҮЙІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің отырысында халыққа жолдауын жария етіп, жолдау аясында Елбасы «Нұрлы жол» – болашаққа бастар жол атты жаңа экономикалық саясаттың жүргізілетінін мәлімдеді. Мемлекет басшысы осы жолдауында да «Туризм үшін инфрақұрылым – жеке бағыт. Оның басты басымдағы жұмыс орындары санын көптеп құру мүмкіндігі болып табылады. Мұнда бір жұмыс орнын құру өнеркәсіпке қарағанда 10 есе арзанға түседі» - деп, тағы да еліміздегі туризм саласын дамытудың қажеттілігін атап көрсетті [1].

Туризм саласы экономиканың 32 саласымен тікелей байланысады, елімізге келуші туристер, сонымен қатар, өз азаматтарымыз өз елімізде саяхат жасап, қаржысын еліміздің экономикасына дамуына жұмсады десек, осы бағытта зор жұмыстарды атқаруымыз қажет.

Қазіргі кезде мейрамхана бизнесін дамытудың маңызы жоғары. Себебі, ол ең біріншіден, адамның тамақтануға қажеттілігін қанағаттандырып жалпы қоғамға, адамзатқа үлкен пайда келтіреді;

екіншіден, жүздеген мың адамды жұмыспен қамтамасыз ете отырып, халықтың әл – ауқатын көтереді; үшіншіден, өзі тікелей байланысқан ауылшаруашылық, шикізат өндіру, тамақ өнеркәсіп және т.б салаларды дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мейрамханалық бизнестің сапасы мен бағасын сәйкестендіре отырып дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі Қазақстанға келуші туристер үшін де, өз еліміздің азаматтары үшін де тәтті тағам мен жағымды көңіл күй сыйлау арқылы қыдырып келген туристердің қажеттілігін қанағаттандыру өте маңызды. Соңғы жылдары көптеген тамақтандыру қызметтерін сан түрлі мейрамханалар мен дәмханалар ашылып, сәтті жұмыс істеуі – бизнес түріне сұраныстың жоғары екендігінің бір дәлелі. Сұранысқа әсер етуші факторлар – халықтың тұрмыс деңгейінің табысының жоғарылауы, халықаралық интеграцияның дамуына байланысты елімізге шетел азаматтарының сапар шегіп келуі және де жұмыс жасайтын азаматтардың үй атмосферасынан тыс жерде тамақтанып, бос уақытын мәдени дем алуға деген қажеттілігінен туындайды.

Бұл жұмысты алып отқан мақсатым – Қазақстандағы мейрамхана бизнесінің дамуын зерттеу;

- Мейрамхана қызметінің қалыптасу және даму тарихын қарастыру;
- Мейрамхананың түрлерге жіктелуі мен оған қойылатын халықаралық стандарттарды анықтау ;
- Мейрамханан бизнесінде қызмет көрсету технологиясының ерешіліктеріне сипаттама жасау ;
- Қазақстандағы мейрамхана бизнесінің қазіргі даму қарқыны мен жағдайын талдау және басты мәселелерді анықтау болды

Келуші туристердің саяхаты көңілдеріне толықтай шығуы, тек әсем жерлерді көру, тарихи орындармен танысумен ғана шектелмейді, сондай – ақ орналастыру орындарының жайлылығымен қоғамдық тамақтану орындарының жоғары деңгейде қызмет көрсетуі де маңызды. Әрбір келуші турист өз қаржысының шамамен 20-25% - ын тамақтануға деген қажеттілігін қанағаттандыруға жұмсайды екен. Мейрамхана бизнесі тек туристерге ғана емес жергілікті халықтың бос уақытын көңілді өткізу, бір – бірімен кездесетін өмірінің маңызды күндерінің өткізетін орындарының бірі болып табылады. Мейрамханалардың басым бөлігі Алматы және Астана қалаларында орналасқан. Қазіргі уақытта Астана қаласының тез қарқынмен өсуімен байланысты, мейрамхан сандары да өсіп келеді. Сәйкесінше тұтынушылар саны да артады [3]. Мейрамханалық қызметтен ең көп табысты Алматы (46%) және Астана (14%) қаласы алды. Ең аз үлесі Ақмола, Жамбыл, Қызылдорда облыстары алды. Мейрамханалық қызметте олардың алатын үлес салмағы 1% - дан аспайды. Елімізде мейрамхана бизнесінде сапасы мен саны жөнінен көшбасшы сөзсіз, Алматы мен Астана қалалары.

Қазақстандағы тұрғындарының табысының деңгейі ең жоғары аймақтардың бірі – Маңғыстау және Атырау облыстары. Мұнай өндірісі саласының дамуы осы қалалардың территориясында ауқатты адамдардың аудиториясының және тұтынушыларының орта классын қалыптасуына әсер етеді. Атырау нарығы алматылықтан 6-7, астаналық нарықтан 4-5 жылға артта қалып келеді. Оның дамуына қаланың тұрғындарының саны мен орта тап санының аздығынан тежеп тұр. Бұл факторлар облстардағы инвестициялық тартымдылығын төмендетеді [2].

Елімізде мейрамхана бизнесі біршама реттеледі, ел азаматтары одан түсетін пайда көлемін ажырата алады, шағын бизнес ретінде даму жолына түскен мейрамхана орындары адам санының сйымдылығына қарай жіктеліп, өзінің тұрақты клиенттерін жинауда, ол әсіресе, Астана, Алматы қалалары мен ірі Қарағанда, Шымкент, Атырау сияқты қалаларда белең алуда. Қазіргі таңда еліміздің экономикасының қозғаушы қызмет көрсету сферасының үлес салмағы басым шағын кәсіпорындар болып табылады.

Қоғамдық тамақтандыру қызметінде, қымбат мейрамханаларға қарағанда дәмхана, асханан, кафе сынды шағын кәсіпорындардың саны жылдам артып келе жатқандағы байқалады. Бұл саланың жыл сайын мұндай жылдамдықпен өсуінің бірден – бір себебі франчайзингтің жақсы дамығандығы [3].

Ас мәзіріне келер болсақ, мамандар тағамдар үшін отандық тауарлар сатылып алынып жатыр, алайда тауар жеткізушілер бағаны жоғарылатып отыр. Қазіргі девальвация

жағдайында мейрамханалар ондай сұранысты орындай алмайды. Қазақстандық мейрамханалар нарығында ішкі және сыртқы дизайнер көбінесе шығыс үлгісіне ұқсатып жасалады. Еуропалық тағамдар сәнге айналғанымен көпшілігі шығыс тағамдарын ұнатады. Онымен қоса мейрамхана ғимаратын доллармен жалға алған кәсіпкерлер төлемді жаңа бағаммен беруге мәжбүр екен. Елордада элиталы, көздің жауын алатын мейрамханалар жетерлік, тек, қазір олардың көпшілігі қанырап тұр. Девальвация нәтижесінде адамдар ақшасын үнемдеуге көшті.

Мейрамханалардың орта 30 пайызға дейін қысқарды. 2015 жылы клиенттер сәл азайса, 2016 жылдан бастап тіпті күніне бірен саран адам келеді. Бірақ келушілер үнемшілдігінен емес мейрамханаларда тамақ бағасының өте жоғары болып кеткендігі тұтынушылар санын азайтып отыр. Ал кәсіпкерлер өз кезегінде бағаны өсірмесе шығында алтынын алға тартады.

Қазіргі таңда адамдар мейрамханаларда тапсырыс жасағанда, көбінесе жақсы қызмет көрсетуді қалайды. Күнделікті дамып келе жатқан бәсекеге байланысты нашар қызмет көрсету өткен шақта қалуда. Мейрамханалар сервиске көп көңіл аудартатыны жаңа қызметкерлердің мейрамханалық этикет негіздерін үйретуге бөлінетін уақытты көбейткенімен айқындалады. Мысалы (Сан-Франциско) мейрамханасында бұл уақыт 40 сағаттан 100 ағатқа дейін көбейген. Мейрамханалық бизнес өз қызметінде толығымен клиенттің сенімі мен жылы қатынасын жаулап алуға бағытталған.

Тұтынушылардың талғамы үнемі өзгеріп, жоғарылап отырады. Сервис сапасын жетілдіру саясатының келесі қадамы - қызмет көрсетуге жаңашылдық енгізе отырып жетілдіру. Заманның өзгеруіне, технологияның дамуына, тұтынушы талабына қарай, кез - келген салаға өзгерістер мен жаңашылдық енгізу қажеттілігі туындайды. Мейрамханалық салада да дәл солай.

Тұтынушы талабының артуы мейрамханалық бизнестің дамуына алғышарт болады. Жаға тағамдар әзірлеу, қызмет көрсету технологиясының жаңа стилін қалыптастыру сапаны жетілдіруге негіз болып отырады. Мейрамхана сәттілігі үшін кадрларды дұрыс іріктеу маңызды рөл атқарады. Менеджердің қаншалықты кадрларды дұрыс іріктеуіне байланысты кәсіпорынның ары қарайғы жұмысы айқындалады. Менеджер жоғарғы нәтижелерге жету үшін берік еңбек ұжымына үміткерлердің қандай түрі қажет екенінін өте жақсы білуі керек. Кейінгі уақытта тұтынушылар талабының өсуіне қарай мейрамханалар тағам мен қызмет көрсету сапасын жоғарылтауға тырысып жүр. Сәйкесінше жоғары білікті кадрларға деген қажеттілік те жоғарылауда [4].

Мейрамхана бизнесінде қызмет көрсетудің стандарттары барлығына ортақ болғанымен әр елдің экономикалық – әлеуметтік жағдайына байланысты дамып отыр. Әсіресе жылдар бойы қалыптасқан Еуропа мемлекеттеріндегі мейрамхана бизнесінің мәдениеті туристер үшін қызықты. Біздің елімізде туризм индустриясын дамыту бағытында, оның ішінде тамақтандыру саласы үшін көптеген жұмыстарды атқару керек. Салт дәстүріміздің ерекшеліктерін айқындайтын бағыттағы мейрамханалардың саны мен сапасын арттыру еліміздің болашағы үшін маңызды. Туристерге сапалы қызмет көрсету үшін мейрамхана бизнесінің қызмет сапасын жетілдіру қажет. Астана қаласында ұлттық асханасы бар мейрамханалар болғанымен, ұлттық деңгейге сай келетін мейрамханалар тапшы. Әрине елімізде туризм индустриясы енді ғана қолға алынып жатқандықтан, ұлттық мейрамханаларды жетілдірудің мемлекеттік стандарттары әлі қарастырылмаған.

Қорытындылай келгенде мейрамхана – дайындалу күрделі тағамдар ассортименті және келушілерге қызметтің жоғары деңгейімен (интерьер сервис жасау, этикет және т.б) ерекшеленетін қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны болып табылады. Ол сонау антика дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін дамып, тұтынушылардың талғамына сәйкес өзгеріп, жылдан – жылға өркендеп жаңа заман талаптарына сәйкес жетіліп жатыр. Бүгінгі күнде мейрамхана бизнесі ең біріншіден, адамның тамқтануға қажеттілігін қанағаттандырып қоғамға үлкен пайда келтіреді; екіншіден жүздеген мың адамды жұмыспен қамтамсыз ете отырып, халықтың әл-ауқатын көтереді; үшіншіден, өзі тікелей байланысқан

ауылшаруашылық, шикізат өндіру, тамақ өнеркәсіп және т.б салаларды дамытуға мүмкіндік береді.

Еліміздегі мейрамхана бизнесі кәсіпорындардың дамуы келесідей факторларға тәуелді:

- мемлекет экономикасының даму деңгейіне ;
- тұрғындардың материалдық игіліктер мен қызметтерді пайдалану мен тұтыну көрсеткіштеріне;
- тұрғындардың табысының дифференциациясының, кедейлік шекарасы мен деңгейінің көрсеткіштеріне
- тұрғындардың жинақталған мүлікпен қамтылу деңгейі мен оның ең қажетті әлеуметтік – экономикалық мәселелерді шеше алу қабілеті;
- тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасының жалпылама көрсеткіштеріне;
- мемлекет тұрғындарының әлеуметтік демографиялық сипаттамаларына.

Қазақстандағы туристік кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік аспектісін дамыту тек халықтың барлығына туризмнің қолжетімділігін қалыптастыруға жағымды әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге туристік қызметтердің ішкі және сыртқы нарықтарында ұлттық туристік өнімнің бәсекеге қабілеттілігін құруға және кіру туризмнің тұрақты түрде көлемінің өсуіне халықтың әлеуметтік – экономикалық мүдделерін ескеретін рекреациялық аумақтар мен туристік орталықтардың кешкенді дамуын қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде , бір болашақ жолдауы// Егемен Қазақстан
2. Қазақстан Республикасындағы туристік қызметі нормативтік құқықтық актілер жинағы
3. Қазақстан Республикасында мейрамхана қызметіне қажетті ресурстар [Электрондық ресурс]
4. Қазақстан республикасының статистика агентінің ресми сайты. Электрондық ресурс; Кіру тәртібі // stat.gov.rz

ӘОЖ: 316.334.2

Габдуалиева Р.С.¹, Туманова А.М.²

э.ғ.д., профессор¹, , магистрант², Батыс-Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің айырмашылығы шынайы болып табылады, ол әлемнің кез келген еліне тән. Республикамызда соңғы жылдары аймақтың экономикалық өсуіне, әлеуметтік жағдайына, қаржы жағдайын тұрақтандыруға, халықтың әл – ауқатын көтеруге, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту және оны тиімді пайдалануға, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту сияқты мәселелерді шешуге айтарлықтай көңіл бөлініп, нақты іс- шаралар кешені жүзеге асыруда.

Аймақтардың дамуының қазіргі жағдайын саралау олардың дамуының экономикалық қауіпсіздігін бағалауды талап етеді. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі – аймақ экономикасының оның дамуының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілеттілігі, халықтың өмір сүру сапасын жоғары әлеуметтік стандарттар деңгейіне жеткізу, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалана отырып, ішкі және сыртқы қауіптердің ықпалына қарсы тұру. Демек, аймақ экономикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тұтас ел экономикасы өркендеуінің негізгі шарттарының бірі

деп тұжырымдауға болады. осыған байланысты экономикалық қауіпсіздіктің қатерлерін аймақтық деңгейде анықтаудың маңызы да арта түспек[1].

Аймақтар дамуының тікелей қатерлеріне келесілерді жатқызуға болады:

- орталық және жергілікті билік органдарының арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершіліктердің айқын бөлінбеуі;

- аймақтардағы реформалардың жүргізілу қарқынындағы айырмашылықтар;

- халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы бойынша аймақтардың саралануы;

- әлемдік нарық сұранысына сәйкес Қазақстан экономикасының салалық және аймақтық құрылымының өзгеруі, нәтижесінде өнеркәсіптік және аграрлық аймақтардан басымшикізат пен отын өндіретін аймақтар иерархиясы қалыптасты;

- аймақтар дамуындағы аумақтық және салалық үйлестіру қағидасының бұзылуы.

Барлық аймақтар үшін жалпы қатерлер:

- жұмыссыздық;

- ірі өңдеуші кәсіпорындардың тоқтап қалуы немесе толық қуатында жұмыс істемеуі;

- экологиялық проблемалардың көбеюі;

- шағын қалалардың дағдарысты жағдайы.

Аймақ дамуының әлеуметтік қатерлері:

- жан басына шаққандағы табыстың төмен деңгейі және табыстары күнкөріс минимумынан төмен халық үлесінің артуы. Кедейшілік шикізат әлеуеті төмен және жұмыссыздық жоғары (Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл) аймақтар үшін ғана тән болып отырған жоқ. Кедейшіліктің күшейе түсуі мұнай өңдеу және металлургия салаларының жоғары және орта өсу қарқындары бар және осындай аймақтардың ауылдық жерлерінде шоғырланғаны байқалып отыр;

- халықтың жалақысының төмен деңгейі. Бес облыста Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Ақмола және Солтүстік Қазақстан – орташа айлық жалақы республикадағы орташа деңгейге жетпейді;

- жан басына шаққандағы табыс пен орташа айлық жалақы деңгейі бойынша аймақтардың өте саралануы (резкая дифференциация). Мысалы, Атырау облысындағы жалақының жоғары деңгейі мен ақмола облысындағы төмен деңгей арасындағы айырмашылық үш еседен артық;

- аймақтар ішіндегі айтарлықтай саралану – қала және ауыл тұрғындарының, өңдеуші және металлургия салаларында жұмыс істейтіндер мен қалған халық табыстарының арасындағы;

- барлық аймақтарда әлеуметтік аясы (сфера) салаларының дамуындағы жағымсыз тенденциялардың сақталуы[2].

Бірінші топтағы аймақтар (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар) үшін тән қатерлер:

Аймақтардағы өнеркәсіп өндірісі құрылымының өндіруші сала жағына қарай өзгеруі, өңдеуші сала үлесінің төмендеуі. Қара және түсті металлургия салалары басымдыққа ие болып келеді.

Шығыс Қазақстан облысында түсті металл рудалары кен орындарының азаюы.

Қарағанды көмір өнеркәсібінің проблемалары: жер асты көмірін өндірудің жоғары шығындары, өнімге сұраныстың азаюы және т.б. Павлодар көмір өнеркәсібінің проблемалары: қоңыр көмірді (лигнитті) өткізудің тұрақты нарықтарының жоқтығы, меншік проблемаларының әлі де шешімін таппауы. Аймақтағы ірі кәсіпорындардың көпшілігі шетелдік компанияларға басқаруға берілгендіктен, жалдамалы еңбекке қатысты әлеуметтік проблемалардың туындауы.

Аймақтардың (Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан) екінші тобына тән қатерлер:

Оңтүстік Қазақстан облысы энергия тапшы аймақтар қатарына жатқызылады. Бұл облыста энергия ресурстары жеткіліксіз болғандықтан, тасылып әкелінетін көмір мен газға

сүйенед. Қажеттіліктің біршама бөлігі Орта Азия республикаларынан импорттау есебінен қанағаттандырылады. Оңтүстік аймақ облыстары Қырғызстан мен Өзбекстанға шығатын жалпы электр желісіне біріктірілген. Ақтөбе облысы да Ресейден тасымалданатын электр энергиясына тәуелді.

Жамбыл облысында өндірілетін фосфор минерал тыңайтқыштарына сұраныстың жоқтығы.

Орташа республикалық деңгейдің 60-80%-ын құрайтын халық табысының төмендігі.

Аймақтардың (Атырау, Маңғыстау) үшінші тобына тән қатерлер:

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында мұнай өндіру өнеркәсібінің басымдығы;

Сыртқы факторларға, мұнайдың әлемдік нарығындағы конъюнктураның өзгеруіне тәуелділік салдарынан аймақтың дамуындағы тұрақтылықтың төмендеуі;

Өңдеуші өнеркәсіп жұмысшыларының экономиканың басқа салаларындағы жұмысшылардың табыстарымен салыстырғанда өте қарама-қарсылығы;

Көлік коммуникацияларының дамуы, автомобиль және темір жолдардың тығыздығының төмендігі.

Аймақтардың (Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан) төртінші тобына тән қатерлер:

Өнеркәсіптік өндірістің, ең алдымен бұрын аймақтағы дамыған салалардың бірі болған машина жасау саласының құлдырауы;

Машина жасау кәсіпорындарының, әсіресе қорғаныс өнімдері үшін өткізу нарықтарын табу проблемасы;

Қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі. Облыстар республикалық бюджеттен жәрдем қаржы (субвенция) алады. Салықтың түсімдер жергілікті бюджеттің табыс бөлігінің 60-80% - ын қамтамасыз етеді.

Электр энергиясына ішкі сұраныс аймақтың өзіндегі өндіріспен қамтамасыз етілмейді, Ресейден тасымалданатын электр энергиясына деген тәуелділік жоғары.

Жер сапасы мен топырақ құнарлылығының төмендеуі;

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарықтарын жоғалту.

Аймақтардың (Ақмола, Алматы, Қызылорда) бесінші тобы үшін тән қатерлер:

Қызылорда облысының өнеркәсіп өндірісінің құрылымында мұнай өндіру өнеркәсібінің басымдығы;

Алматы облысын электрмен, газбен, жабдықтаудың тұрақсыздығы;

Алматы облысында туризмнің төмен даму деңгейі.

Аймақтардың (Астана, Алматы) алтыншы тобы үшін тән қатерлер:

Қалалық коммуналдық шаруашылықтың материалдық-техникалық базасының «әлсіздігі»;

Алматы қаласы үшін сейсмикалық және сел қаупінің болуы.

Жоғарыда көрсетілгендей, қатерлер әрбір аймақ үшін ерекше және әр түрлі әлеуетке ие. Сондықтан бұл объективті түрде көрсетілген нақты қатерлер факторын анықтау негізінде экономикалық қауіпсіздік қатерін терең зерттеу, талдау және нақты аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін бағалаудың қажеттілігін негіздейді.

Аймақтық шаруашылықтың жекелеген элементтерінің дамуындағы қажетті қатынастардың бұзылуы, әлеуметтік мәселелерді шешудегі артта қалушылық, экологиялық жағдайдың нашарлауы және аймақтық ресурстарды тиімсіз қолдану макро-деңгейдегі экономикалық қауіпсіздік қатерлерін күшейтеді[3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Закон Республики Казахстан «О бюджетной системе Республики Казахстан» от 17.12.1991 года № 1010-ХІІ и во внесении изменений в данный Закон ВуКАЗЕ Президента Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые Законы Республики Казахстан и Указы Президента Республики Казахстан, имеющие силу Закона» от 26.01.1994 года № 2824.

2. Вустер Д. Реформа межбюджетных отношений в Казахстане. // Ал – Пари. -2000. №2. С. 43-48.
3. Махмутова М.М. совершенствование механизма межбюджетных отношений в Республики Казахстан. Диссертация на соискание ученой степени кандидата наук.-Алматы, 2000.-134с.

УДК 37.012

Агумбаева А.Е., Турсын Е.С.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ТӘУЕКЕЛДІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМИ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Тәуекелді еліміздің инновациялық дамуы мен экономикалық бәсекелестігі туралы айтпас бұрын, әуелі инновациялық даму мен экономикалық бәсекелестік деген экономикалық терминдерге тоқталып өтелік.

Инновациялық даму - ең соңғы ғылым жаңалықтары мен жетістіктерін, техника мен технологияларды өндіріске және экономикалық қызметтерге енгізе отырып жетілдіру болса, экономикалық бәсекелестік - нарық субъектілерінің дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналымының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін жарыстастығы.

Қазіргі жағдайда еліміздің инновациялық дамуы орташа дәрежеде деп есептеймін. Дәлел ретінде 2012 жылы 30 шілдеде "Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы негізінде қазіргі жағдайға талдау жасаймын. Жобада қазіргі уақытта Қазақстанда инновациялық белсенділік деңгейі 4,3%-ды құрайды, ал Германияда бұл көрсеткіш – 80%-ды, АҚШ-та, Швецияда, Францияда – шамамен 50%-ды, Ресейде – 9,1%-ды құрайды. Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуына байланысты күшейіп келе жатқан бәсеке, сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі ниеті дамудың келешектегі жолы – инновациялық экономикаға жеделдетіп өтуді айқындап берді. Осыған орай Н.Ә.Назарбаев Қазақстанды инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі пайымы мен бағыттарын тұжырымдауды тапсырып, осы жоба құрылды. Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Қазақстан – 2030» Қазақстанның даму стратегиясына, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» және «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына негізделіп құралған.

Әр ел өз экономикасының, даму деңгейінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, жаһандық инновациялық экономикада өз тетігін табады. Тәуекелді Қазақстанның артықшылықтары – дамыған іргелі ғылым, білім берудің, әсіресе, математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық білімнің жоғары деңгейі. Мамандардың кең ой-өрісі, ғылыми және технологиялық мәселелерді шешудегі тәсілдердің тривиалсыздығы іргелі тиімділікке негізделген қағидатты түрдегі жаңа, озық технологияларды жасау үшін қолданылуы мүмкін. Осы артықшылықтар біздің еліміздің инновациялық экономикаға көшуінің алғы-шарттары болып табылады.

Инновациялық экономиканың қалыптасуы Қазақстанның ХХІ ғасырдағы дамуының баламасыз нұсқасы болып табылады. Экономикалық дамудағы жеткен жетістіктер, саяси және әлеуметтік тұрақтылық Қазақстанның әрі қарай дамуын тұрақты, заманауи және перспективалы негізге қоюға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихи көлемдегі алға секіру алдында тұр, оның алдында тауарлардың, қызметтердің, еңбек ресурстарының, капиталдың, заманауи идеялар мен технологиялардың әлемдік рыногының бөлінбес және динамикалы бөлшегі болу міндеті тұр. Осы жолдағы

негізгі міндеттердің бірі «білім экономикасы» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды қолдану, инновациялық экономиканы дамыту болып табылады. Ол үшін меншікті, адами капиталды дамыту, елдің интеллектуалдық әлеуетін нығайту талап етіледі. Бұл ғылым мен білім беру ісінің алдына үлкен міндеттерді қояды, оларды дамытуда радикалды өзгерістерді талап етеді.

«Инновациялы Қазақстан-2020» форумында сөйлеген сөзінде Президент Н.Назарбаев бізге инновациялық дамудың ұзақ мерзімді және бүтін стратегиясы қажет екендігін атап өткен болатын. Мәселенің осылай қойылуы әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді, оның көрсетуі бойынша нарық инновациялық белсенділікті ынталандыруда маңызды рөл ойнағанымен, ол инновацияның ырғақты дамуын қамтамасыз ете алмайды. Мемлекеттің реттеуші рөлі барған сайын маңыздырақ болып келе жатыр, ол, бір жағынан, инновациялық қызметтің ұзақ мерзімді даму стратегиясын әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасымен бірге қалыптастыра отырып, екінші жағынан, инновациялық қызметті қолдау және ынталандыру бойынша нақты шараларды жүзеге асырады. Осындай тәсілді қолдану арқылы Қазақстанда қарқынды индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Соңғы 8 жылда елдегі инновациялық қызметтің басты көрсеткіштері өсуінің оң үрдісін атап өтуге болады.

Айталық, 2003 жылмен салыстырғанда 2010 жылы зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған абсолютті мәндегі шығындар 2,9 есе өсіп, шамамен 33,5 млрд. теңгені құрады. 2003 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2010 жылы инновациялық өнімнің көлемі 2,2 есе ұлғайып, 142 млрд. теңгеден асты.

Ұлттық экономиканың ғаламдану жағдайындағы сақталынатын бәсекелестік артықшылықтары қарастырылады. Ұлттық инновациялық қор және жеке капиталдың бірігуімен жиынтық жарғылық қоры \$85 млн. құрайтын 5 венчурлық қор құрылды.

Инновациялық қызметті дамыту үшін арнайы қаржылық қолдау құралдары кеңейтіліп, отандық кәсіпорындар үшін салықтық жаңа жеңілдіктер мен преференциялар енгізілді. Соңғы 2011 жылдың өзінде ғана технологиялар сатып алу гранттарына сұраныс 2 есе ұлғайды. Әлемдік дағдарыстың созылып кеткеніне қарамастан, Қазақстан индустриялық-инновациялық жобалар арқылы экономиканың 7% орнықты өсуін қамтамасыз етіп келеді.

Инновациялық дамудың бастапқы тізгіні ғылым болғандықтан, осы саланы инновациялық даму үдерістеріне қосу шаралары маңызды бағыт болуы керек. Бұл жерде Қазақстан ғылымы алдымыздағы басымдықты салаларды дамыту бойынша нақты ғылыми - технологиялық міндеттерді шешуге бағытталған, қалыптасып келе жатқан ұлттық ғылыми-инновациялық жүйеге сәйкес келуі керек.

Қазақстандағы ғылымның дамуының қиын мәселелерінің бірі оның қаржыландырылуы болып табылады. Ұзақ уақыт бойы бұл сала қаржыландырудың жетіспеушілігін сезініп келді. Соңғы жылдары жағдай ЖЖӨ-ге шаққанда 3 % жуық қаражат ғылымға кететін шығындар үлесін көрсетіп отыр.

Ғылымды қаржыландыру мәселелері шығындардың абсолютті көлемінің өсуімен шешілмейді. Қаржыландыру механизмдерінің өздерін өзгерту қажет. Қаржыландырудың ұлғаюымен бірге, іске жарамды ұйымдардың шектеулі тобын қолдау үшін ресурстарды жинақтау мақсатында тура бюджетті алушылар санын шектеу қажет. Сондықтан, «Ғылым туралы» жаңа заңға сәйкес ғылымды қаржыландыруды ұлғайтумен бірге ғылымды қаржыландыру тәсілдері өзгертілді. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың үш тәсілі енгізілді: гранттық – елдің ұлттық басымдықтарына сәйкес келетін ғылыми жобаларды қаржыландыру; бағдарламалық-мақсаттық – стратегиялық бағыттар бойынша қаржыландыру; базалық – мемлекеттік тапсырмалар арқылы ғылыми ұйымдар үшін қаржыландыру.

Тұтастай алғанда, бүгінгі күні Қазақстандағы инновациялық қызметтің қомақты бөлігін мемлекет тікелей ынталандырады және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көпшілігі мемлекеттік зертханаларда жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің

деректері бойынша 2010 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардағы жеке сектордың үлесі 36,6 %-ды ғана құрады, ал Жапонияда (78,5 %), Қытайда (73,3 %) және АҚШ-та (72,6 %) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының қомақты бөлігін жеке сектор жүзеге асырады. Осы ретте зерттеу барысында инновациялық дамуға кедергі болатын төмендегідей мәселерге айтуға болады.

Біріншіден, тұтастай алғанда, экономиканың инновациялық дамуының төмен деңгейі кейде мемлекеттік секторда инновацияларды енгізу дәрежесінің жеткіліксіз болуымен де негізделеді.

Екіншіден, ғылымның тиімдігіне ықпал ететін факторлардың болуы. Соңғы жылдары Қазақстанда ғылым мен ғылыми-техникалық саланы басқаруды жетілдіру мәселелеріне мемлекет зор көңіл бөліп отыр. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы құрылды.

Инфрақұрылым дамытылуда, мысалға қазақстандық және шетелдік ғалымдардың барлығы үшін қолжетімді ашық үлгідегі ұлттық 5 зертхана және инженерлік бейіндегі 15 зертхана құрылып, заманауи жабдықтармен жарақталды. Ғылымды қаржыландыруды жалпы ішкі өнімнің өсімін басып озатын қарқынмен айтарлықтай ұлғайту басталды. Айталық, 2011 жылы ғылыми зерттеулерге бюджеттен бөлінген қаражаттың жалпы көлемі 23 миллиард теңгені құрады. Дегенмен, ғылымның экономика мен инновацияларға іс жүзінде шығуы әзірге әлі де өте төмен.

Үшіншіден, кәсіпкерліктің даму деңгейінің жеткіліксіз болуы елдегі инновациялық белсенділіктің жоғарылауына кедергі келтіреді. 2004 – 2010 жылдар кезеңінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2,3 %-дан 4,3 %-ға дейін айтарлықтай өскеніне қарамастан, машиналар мен жабдықтарды сатып алуға қомақты қаржы кетеді.

Инновациялық әл-ауқат мемлекеттің қазіргі әлемдік нарықта бәсекелестігінің көрінісі болып табылады. Себебі инновациялық дамыған, дамуы бар мемлекеттің ғана экономикасы шарықтамақ. Сол себепті инновациялық даму экономикадағы өзекті сала болып келе жатқанына көзіміз жетіп келеді және еліміздің болашақта инновациялық дамыған, экономикалық бәсекелестігі жоғары мемлекет болатынына сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арыстанов А.К. Экономика будущего – это инновационная экономика // Альпари. - 2010.- №4.
2. “KazakhstanToday” БАҚ құралы, 26.12.2012 жылы жарық көрген мақала// электронды ресурс: <http://kt.kz/?lang=rus&uin=1133168007&chapter=1153566928>
3. «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 тамыздағы № 815 Қаулысы.
4. 2012 жылы 30 шілдеде «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы.

УДК332.145

Агумбаева А.Е., Касымова А.Е.
ГУ имени Шакарима города Семей

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ РЕГИОНАЛЬНЫХ БЮДЖЕТНЫХ ПРОГРАММ В КАЗАХСТАНЕ С НАЧАЛА ОБРЕТЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ

После обретения независимости Казахстан отказавшись от ранее существовавших субвенций и дотаций из союзного бюджета, составлявшую в 1991 году шестую часть бюджета нашей республики, а также ведомственных источников финансирования стал испытывать последствия кризиса отраслей и предприятий, бывших ранее в так называемом союзном подчинении и занимавших свыше 90% в общем объеме производства республики.

Было необходимо создание новой бюджетной системы. Как известно, с помощью государственного бюджета осуществлялось перераспределение преобладающей доли денежных доходов народного хозяйства. Государственный бюджет был финансовым источником расширенного воспроизводства большей части формально хозрасчётных предприятий и отраслей народного хозяйства и ключевым для доходов и расходов всего общества, всех его частей, национально-государственных структур.

Действительно, одним из первых мероприятий по реформированию сферы государственных финансов стало принятие в 1991 году собственного казахстанского закона о бюджетной системе. Так, были изменены принципы формирования бюджетов Республики Казахстан, определены взаимоотношения между республиканским и местными бюджетами. Основополагающим его принципом являлась самостоятельность республиканского и местных бюджетов. В 1991 году был принят республиканский пакет нормативных правовых актов по налогам, включивший в себя четырнадцать законов. В числе которых Закон «О налоговой системе в Республике Казахстан» предусматривал 16 общегосударственных, 10 общеобязательных и 17 местных налогов. Данный Закон стал одним из первых шагов в реформировании экономики государства.

Известно, что до 1994 года в Казахстане было 3045 местных бюджетов. В связи с проведением централизации бюджетной системы были ликвидированы 2500 местных бюджетов - поселковых, аульных. При этом до 1994 года исполнением государственного бюджета занимались и Национальный банк, и Министерство финансов. Такого рода смешанная система не обеспечивала действенного контроля. В целях ее совершенствования было принято решение о создании Главного управления Казначейства в составе Министерства финансов.

продажи, государственных пакетов акций предприятий, выставленных на приватизацию; реализации индивидуальных проектов приватизации; разработке и осуществлению секторных программ; определению стратегических инвесторов; расширению участия иностранного капитала.

В ходе институциональных преобразований в целях активизации привлечения в экономику страны крупномасштабных инвестиционных ресурсов, рационального и эффективного их использования Указом Президента создан единый уполномоченный орган – Государственный комитет Республики Казахстан по инвестициям. Также, Указом Президента РК образован консультативно-совещательный орган – Совет иностранных инвесторов при Президенте РК. Совет создан с целью внесения на рассмотрение Президенту РК предложений по совершенствованию законодательства, регулирующего вопросы инвестиционной деятельности, предложений по вопросам, связанным с реализацией крупных инвестиционных программ и проектов РК, имеющих международное значение [2].

Органом, непосредственно определяющим условия, для повышения инвестиционной активности в экономике страны является Комитет по инвестициям РК. Он создан с целью осуществления единой государственной политики по привлечению инвестиций, активизации работы по обеспечению широкомасштабного участия капитала финансовых, кредитных организаций, компаний, международных организаций в реальном секторе экономики.

В задачи Комитета по инвестициям входит:

- 1) содействие привлечению иностранных инвестиций в экономику республики;
- 2) разработка и реализация мер по улучшению инвестиционного климата в стране;
- 3) координация деятельности государственных органов по работе с инвесторами;
- 4) содействие привлечению финансовых ресурсов для реализации государственных программ за счет займов и грантов,
- 5) предоставляемых международными экономическими и финансовыми странами-донорами;
- 6) создание эффективной системы взаимодействия с иностранными и отечественными инвесторами, обеспечение условий соблюдения гарантий, установленных законодательством РК, а также прав и интересов инвесторов;
- 7) содействие деятельности центральных и местных органов в вопросах привлечения прямых финансовых ресурсов со стороны международных экономических и финансовых институтов для осуществления государственных программ и приоритетных инвестиционных проектов в стране;
- 8) обобщение, анализ и последующее продвижение в установленном законодательством порядке в центральных и исполнительных органах РК предложений и проектов, полученных от зарубежных учреждений, а также контроль за их реализацией;
- 9) оказание в установленном законодательством порядке помощи казахстанским и иностранным юридическим и физическим лицам в урегулировании хозяйственных споров в досудебном состоянии;
- 10) организация и проведение совместно с заинтересованными государствами саммитов, презентаций, конференций и других мероприятий в Казахстане и за рубежом с целью популяризации и показа достижений инвестиционных возможностей Казахстана [3].

Функциями Комитета по инвестициям РК являются:

- проведение анализа потоков прямых иностранных инвестиций, изучение и обобщение мирового опыта стимулирования;
- подготовка предложений по реализации мер, направленных на улучшение инвестиционного климата в республике и др.,

Эффективными инструментами реализации стратегии должны стать государственные институты развития:

- 1) Инновационный фонд должен охватить научно-прикладные исследования, результатом которых может стать его доленое участие в коммерциализированных проектах;

2) наращивание объемов производства и полное восстановление предприятий возьмет на себя Инвестиционный фонд;

3) финансирование проектов посредством банковского кредитования, расширение и модернизацию производства будет осуществлять Банк развития [4].

Дополнительным источником финансирования инвестиций в Казахстане могут быть специальные отраслевые внебюджетные инвестиционные фонды, формируемые путем принудительной капитализации прибыли предприятий, полученных сверх установленной рентабельности. Изъятие сверхприбыли в эти фонды целесообразно осуществлять не на безвозмездной основе, а путем обмена на акции предприятий. Предложенная схема должна способствовать не только аккумулированию инвестиционных средств, но и оживление РЦБ. При этом прибыль, направляемая в инвестиционные фонды, целесообразно освободить от налогообложения. Одним из наиболее интересных продуктов, которые могут быть предложены инвестиционными фондами корпоративным клиентам может быть размещение в инвестиционных паях страховых резервов и активов Накопительный Пенсионный Фонд (НПФ).

Наиболее привлекательным путем развития инвестиционных фондов в Казахстане является кредитование через покупку фондами корпоративных облигаций. Покупая паи фондов, формирующих портфели из валютных инструментов, предприятие может сохранить валютную стоимость своих временно свободных тенговых средств.

В целом государство должно формировать такую систему регулирования инвестиций, в рамках которой финансовые ресурсы частного сектора, иностранных инвесторов, государственного бюджета и финансовых институтов государства будут работать в едином направлении и комплексно решать проблемы развития инфраструктуры, реконструкции, расширения действующих предприятий и создания новых производств. При этом будет обеспечиваться пропорциональное развитие крупных, средних и малых предприятий.

ЛИТЕРАТУРА

1. Нурланова Н.А., Бейсенбина А.К. Оценка потенциальных инвестиционных возможностей регионов // Капитал, инвестиции, технологии.- 2014, - №11. – С. 29-32.
2. Марченко Г., Мачульская О. Рейтинг инвестиционной привлекательности Казахстана //Эксперт.- 2013. – №11. – С.31-34.
3. Национальный инвестиционный веб-сайт: <http://invest.gov.kz>
4. Кадерова Н.Н. Финансирование и кредитование инвестиций. Учебное пособие. – Алматы, 2013. – 632 с.

ӘӘЖ: 330.5 (685)

Мерғалиев Б.К., Турлубекова А.Б., Ахметова А.С.

Қазақ экономика, қаржы және алықаралық сауда университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫ: НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ, ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

2000 жылы негізі қаланған Қазақстанның Ұлттық қоры еліміздің қаржы ресурсының бірден-бір маңызды көзі болып табылады. Ұлттық қордың негізгі мақсаты болашақ ұрпаққа арналған жинақтарды қалыптастыру арқылы қаржы ресурстарын жинау және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы жағдайға тәуелділігін төмендету болып табылады. Тиісінше, Ұлттық қордың функциялары жинақтау және тұрақтандыру болып табылады.

Ұлттық қордың жинақтау функциясын орындау үшін Ұлттық қорда төмендетілмейтін қалдық белгіленеді, сондай-ақ Ұлттық қордың ең жоғарғы мөлшеріне шек қойылмайды. Ал тұрақтандыру функциясын іске асыру республикалық бюджетке

кепілдендірілген трансфертті қамтамасыз етуді көздейді. Жалпы алғанда ұлттық қор қаражатын бөлудің ашықтығына қол жеткізу үшін олар ел экономикасына тек республикалық бюджет арқылы жіберілетінігі көрсетілген.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 наурыздағы № 231 Қаулысын негізге алатын болсақ, Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану мынадай қағидаттарға негізделді:

- транспаренттілік - Ұлттық қордың бекітілген (нақтыланған, түзетілген) көрсеткіштерін, Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру туралы және пайдалану туралы есептерді, Ұлттық қордың қаражатын инвестициялық басқару туралы есептерді міндетті түрде жариялау;

- толықтық - Ұлттық қор туралы есептілікте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды көрсету;

- уақтылылық - Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке алу және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Үкіметтің шоттарына тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіпті сақтай отырып мерзімінде аудару;

- тиімділік - Ұлттық қорды тәуекел деңгейі орташа болған жағдайда ұзақ мерзімді перспективада активтерді сақтау мен кірістілікті қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып басқару.

Аталған тұжырымдама бойынша Ұлттық қордың қаражатын жинақтау мынадай түсімдердің есебінен жүзеге асырылды:

1) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын салықтарды қоспағанда), оларға мыналар жатады: корпоративтік табыс салығы, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық, бонустар, экспортқа салынатын ренталық салық, үстеме пайдаға салынатын салық, өнімді бөлу бойынша үлес және қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосымша төлемі;

2) мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын түсімдерді қоспағанда), оның ішінде мұнай келісім-шарттарының талаптарын бұзғаны үшін түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын түсімдерді қоспағанда);

3) республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;

4) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

5) ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кіріс;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер[1].

Ішкі нарықтағы ақша ұсынысы шамадан тыс болған жағдайда инфляцияның өсуіне жол бермеу үшін, сондай-ақ табиғи ресурстарды экспорттаудан түсетін кірістердің Қазақстан экономикасының басқа секторларының дамуына теріс әсерін жою мақсатында Ұлттық қорға өзге де түсімдер шоғырландырылуы мүмкін. Ұлттық қордың ең жоғарғы мөлшері шектелмейтін болады.

Қазіргі кезде ұлттық қордың қаражатын пайдалану өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Қаражатты пайдаланудың келесі онжылдыққа арналған жаңа тәсіліне сәйкес 2010 жылдан бастап абсолютті мәні 8 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі кепілдендірілген трансфертті республикалық бюджетке тіркеу оның жаңалығы болып табылады.

Шығыстардың басқа түрлерін қаржыландыруға, соның ішінде республикалық бюджетке нысаналы трансферттер белуге, мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторлар субъектілерінің қазақстандық бағалы қағаздарды сатып алуға, заңды және жеке тұлғаларға кредит беруге, міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретіндегі активтерді пайдалануға тыйым салынады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін жыл сайынғы тіркелген кепілдендірілген трансферттің мөлшері бюджет шығыстарының «тарихи» қалыптасқан құрылымы ескеріле отырып айқындалады. Бұл ретте кепілдендірілген трансферт жобаларды инвестициялауды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстарын қаржыландыруға бағытталады, олардың нәтижелерін болашақ ұрпақ пайдаланатын болады.

Тұтастай алғанда, Ұлттық қордың қаражаты тіркелген кепілдендірілген трансфертті қамтамасыз етуге және басқару мен аудитке байланысты шығыстарды қаржыландыруға бағытталуы тиіс. Ай сайын (тоқсан сайын) Ұлттық қордың шотында республикалық бюджетке берілетін айлық (тоқсандық) кепілдендірілген трансфертті қамтамасыз етуге арналған қаражат қалыптастырылады. Көрсетілген шамадан асып кеткен сома рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялануы тиіс.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы» бойынша қорды одан әрі тиімді пайдалану мақсатында келесілерді ерекше назарда ұстау қажеттілігі көрсетілген:

экономиканы тұрақты дамытуды және оның активтерінің сақталуын, сондай-ақ бюджеттің мұнай кірістерінен тәуелділігін азайтуды қамтамасыз ету; әлемдік экономикадағы қазіргі тәуекелдерді ескере отырып, Ұлттық қорға түсетін мұнай секторының кірістерін шектеулі түрде пайдалану жолымен Ұлттық қорда қаражат жинақтауды жалғастыру;

Ұлттық қор активтерінің сақталуы мен өтімділігін қамтамасыз ету шараларының бірі олардың құрамын әртараптандыруды жалғастыру; инвестициялық қоржынының құрамында алтын қоржыны, баламалы және ұзақ мерзімді қоржындар бөлінетін болады.

ұзақ мерзімді кезеңде Ұлттық қордың қаражаты экономикадағы стратегиялық инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздерінің біріне айналдыру; бола алады. Ұлттық қордың қаражатын өтелетін, өнімді стратегиялық жобаларды іске асыруға бағыттау активтерді әртараптандыру;

Ұлттық қордан қаржыландыру айқын және қатаң іріктеу өлшемдері негізінде жүзеге асыру т.б.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаржысын үйлесімді қалыптастыру, сапалы басқару және ең бастысы тиімді қолдану сұрақтары әлі де болса кеңінен талқылау және оларды шешу жолдарын табу өте өзекті болып қала бермек. Әсіресе бұл сұрақтар Ұлттық қордан республика бюджетіне жыл сайын 2015-2017 жылдар аралығында «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру үшін қосымша 3 млрд. доллардың бөлінуіне байланысты күшейе тусуде.

Қазіргі кездегі әлемдік дағдарыстық жағдай, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қызметін арттыру бойынша өзекті сұрақтарды шешудің негізгі әдістерін табуға мүмкіндік береді. Бұл үшін негізінен осындай қорларды құрудың мақсаттарына және олардың атқаратын қызметтеріне бет бұру қажет.

2008 жылы жүргізілген Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) зерттеуінде егеменді қорлардың келесідей негізгі мақсаттары анықталған:

–өтемақылық (халықаралық конъюнктураның ауытқушылығынан, экспорттық түсімдермен байланысты бюджеттік табыстардың тұрақсыздығын толықтыру);

–теңдестіруші (қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстардың экспортынан түсетін табыстары арқылы ішкі экономика салаларын ынталандыру, экономикада «ұзын ақша» көздерін қалыптастыру);

–табыстық (халықаралық қормен салыстырғанда, қаржы құралдарының көп түрлерін қолдану арқылы жоғары деңгейде табыс алу);

–қайта бөлу (қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды экспорттаудан түсетін түсімдерді болашақ ұрпақтар пайдасы үшін қайта бөлу);

–тұрақтандыру (дағдарыс кезінде егеменді қорлардың қаржысын қолдану) [2].

Егер әлемдегі егеменді қорлардың қызметінің бағыттарын талдап қорытсақ, онда олар келесідей міндеттерді (функцияларды) орындауы керек: жинақтау; бөлу; ынталандыру; әлеуметтік.

Қазақстанның Ұлттық қоры да жоғарыда аталған мақсаттарға сәйкестендіріліп құрылды және соларға сәйкес міндеттерді орындауы тиіс. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы қабылданған заңы бойынша Қор қызметінің мақсаты оның активтерінің тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру болып табылады [3].

Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 23-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры келесідей бағыттарда жұмсалады:

–Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт түрінде (аударым) сәйкес жылдың бюджеттік бағдарламаларын іске асыру үшін;

–Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке мақсатты трансферт түрінде Қазақстан Республикасы Президенті анықтайтын мақсаттарды орындау үшін беріледі;

–Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарумен және жыл сайынғы тексеруді жүргізуге байланысты шығындарды жабу [4].

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын тиімді қолдану қорды басқару мәселесін шешудің бастамасы болып саналады. Қорды басқару сұрақтарын зерттеп жүрген көптеген авторлардың айтуы бойынша, осы мәселелердің арасында транспарентті (ашық) еместік, пайданы жіберіп алу, айқындылық, нақты керек бағыттарға салымдардың болмауы аталады. Бұдан басқа, Ұлттық қорды сырттай басқарушылар туралы ақпарат жарияланбайды. Мысалы, Ұлттық банк мұнай табыстарын қандай шет ел компаниялары басқаратындығын айтпайды, бұл компания талаптары деп түсіндіреді.

Ұлттық қорды басқару сұрақтарын зерттеп жүрген көптеген авторлардың ойынша, дәл осы айқынсыздықтың әсерінен қор қаражатты дәл уақытында және толық бөлмеу мәселесіне тап бола бастады.

Даму қорының қызметінде айқындылықты арттыру, тұрақты аудит, даму Қорының қызметінде түсінікті және ашық «бенчмаркинг» жүйесін тұрғызу – міне дәл осы шаралар қор қаражаттарын мақсатсыз қолдануды болдырмауда және инвестиция тиімділігін жалпы қадағалауды күшейтуде қажетті болады. Жекелей алғанда, ақпаратты ашу деңгейі келесідей аспектілерді қосу керек: жүргізілген операциялардың жалпы табысы/шығысы, резервтік жинақтардың келуі, инвестицияланатын нысандардың және құнды қағаздар портфелінің толықтай құрылымы және т.б. [5].

Қазақстан басшылары бірнеше рет ресми түрде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметінің басым бағыттарын қайта қарастыру қажеттігін атап айтқан болатын. Алайда, мәселелер әлі шешілген жоқ. Біздің ойымызша, қордың айқындылығын арттыру мақсатында Ұлттық қордың қаражатын қолдану туралы толық ақпарат көрсетілетін веб-сайт құру дұрыс болады.

Қорытынды

Осылайша, Қазақстанның Ұлттық қорының қызметінде қазіргі уақытта бірқатар мәселелер бар. Олар қаражатты тиімді қолдануға және қамтамасыз етуге негізделген, қорды басқаруды жетілдірумен байланысты. Ұлттық қор қызметінің үлгісі өзгермей қалуы мүмкін емес. Ел экономикасының алдында тұрған ағымдағы және болашағы бар міндеттерді ескере отырып, бірінші кезекке оның осы немесе басқа қызметтері шығуы керек. Қазіргі кезде, әлемдік экономикада пайда болған тұрақсыз жағдайға байланысты және «Нұрлы жол» бағдарламасында көрсетілген Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына жету қажеттілігін ойға ала отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық қызметі толықтай іске асырылуы қажет. Осыған қоса, қорды басқаруды жетілдірудің шешілмеген мәселелері өз шешімдерін талап етіп отыр, ең алдымен, оның

құрылуы және қолданылуы туралы қоғамға толықтай ақпараттың қол жетімді болуын қамтамасыз ету.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы» ҚР-ы Үкіметінің 2010 жылғы 25 наурыздағы № 231 Қаулысы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
2. Sovereign Wealth Funds – A Work Agenda. IMF. //<<http://www.imf.org/external/np/pp/eng/2008/022908.pdf>> [29.02.2008]
3. Ұлттық әл-ауқат қоры туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңы //< <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000550>> [1.02.2012]
4. Устименко А.: Национальный фонд РК: Изменения назрели. Журнал KAZENERGY. №3 (58). //<<http://www.kazenergy.com/ru/3-58-2013/9597.html>> [18.04.2013]
5. А. Юрин. Парадоксы казахстанского бюджета. //<<http://lsm.kz/paradoksy-kazahstanskogo-byudzheta.html>> [18.03.15]

УДК: 338.246

Канапин М.Б.

Государственный университет имени Шакарима города Семей

ФОРМИРОВАНИЕ ИНВЕСТИЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ ПРЕДПРИЯТИЯ В УСЛОВИЯХ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

В Казахстане за 25 лет независимости сформированы правовые основы инвестиционной деятельности, определены стратегические направления инвестирования. В результате в экономику страны были привлечены значительные инвестиции: вложения в промышленность Казахстана в 2015 году составили 3807532222 тыс.тенге, в том числе в обрабатывающую промышленность 774234671 тыс.тенге, что по сравнению с 2014 годом больше на 3,4%. Доля вложений в обрабатывающую промышленность в общем объеме инвестиций в основной капитал составила 11,0%. Собственные средства инвесторов остаются преобладающим источником финансирования отрасли (53,5%) и составляют 414,3 млрд. тенге [1]. Анализ инвестиций в основной капитал показывает устойчивый рост на протяжении всего периода развития Казахстана, как независимого государства (таблица 1).

Таблица 1 – Динамика инвестиций в основной капитал и затраты на НИОКР*

Показатели	Годы						
	1991	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Инвестиции в основной капитал млн. тенге	47	4 653 528	5 010 231	5 473 161	6 072 687	6 591 482	7 024 709
млн. долларов США	-	31 581,5	34 171,5	36 953,3	33 293,2	36 784,9	31 681,4
Внутренние затраты на НИОКР (текущие затраты (оплата труда и капитальные вложения в здания и оборудование для НИОКР)), млн.тенге	-	33 466,8	43 351,6	51 253,1	61 672,7	66 347,6	69 302,9

Количество организаций (предприятий) осуществлявших НИОКР, единиц	-	424	412	345	341	392	390
Численность работников, осуществлявших НИОКР, человек	-	17 021	18 003	20 404	23 712	25 793	24 735

*Источник - <http://stat.gov.kz>

На современном этапе, в качестве стратегически важного направления развития Республики Казахстан определены инновации. В принятой Концепции инновационного развития РК до 2020 года отмечено, финансирование науки в 2012 году было удвоено (47 млрд.тенге) и достигло 0,22 % к валовому внутреннему продукту. Введены новые механизмы финансирования: базовое, программно-целевое и грантовое. Кроме того, финансирование научных исследований выведено из-под действия законодательства о государственных закупках. На этом фоне произошли заметные изменения в показателях научно-инновационного развития. Показатель инновационной активности возрос с 4 % в 2009 году до 7,1 % в 2011 году. В 6,2 раза по сравнению с 2009 годом возросли затраты на технологические инновации (с 31 до 194,9 млрд. тенге). Значительным фактором является 20-кратное увеличение иностранных инвестиций в технологические инновации - с 2,1 до 40 млрд. тенге, доля которых теперь составляет 20 %. Примерно на треть вырос объем выпускаемой инновационной продукции - с 142,1 до 235,9 млрд. тенге[2].

В сложившихся условиях инвестиционная стратегия выступает эффективным инструментом перспективного управления и долгосрочного планирования инвестиций, направленного на развитие инновационного потенциала предприятия. Обзор литературы показал, что проблемам разработки инвестиционной стратегии предприятия уделяется достаточно много внимания, в том числе и раскрытию сути понятий, связанных с инвестиционной деятельностью предприятия. С принятием Предпринимательского Кодекса РК данные понятия определены более четко и дополнены с учетом изменившихся аспектов индустриально-инновационной деятельности (далее ИИД), обзор основных понятий приведен в таблице 2 [3].

Таблица 2 - Модификации определений, связанных с ИИД РК

Понятие	Определение
Индустриально-инновационная деятельность	- деятельность физических или юридических лиц, связанная с реализацией индустриально-инновационных проектов с учетом обеспечения экологической безопасности в целях повышения производительности труда и обеспечения стимулирования развития приоритетных секторов экономики либо продвижением отечественных обработанных товаров, работ и услуг на внутренний и (или) внешние рынки
Индустриально-инновационный проект	- комплекс мероприятий, направленных на трансферт технологий, создание новых или усовершенствование действующих производств, технологий, товаров, работ и услуг, реализуемых в течение определенного срока времени.
Инновация	- введение в употребление какого-либо нового или значительно улучшенного продукта (товара или услуги) или процесса, нового метода маркетинга или нового организационного метода в деловой практике, организации рабочих мест или внешних связей.

Технология	- процесс и (или) комплекс оборудования, работающего в едином производственном цикле, использование которого обеспечивает получение новых или усовершенствованных товаров, работ и услуг.
Субъекты ИИД	- физические и (или) юридические лица, реализующие индустриально-инновационные проекты в приоритетных секторах экономики либо осуществляющие деятельность по продвижению отечественных обработанных товаров, работ и услуг на внутренний и (или) внешние рынки.
Цель государственной поддержки ИИД	-повышение конкурентоспособности национальной экономики на основе стимулирования развития приоритетных секторов экономики, определяемых Президентом Республики Казахстан
Индустриально-инновационная система	- состоит из субъектов, участвующих в государственной поддержке ИИД, инфраструктуры и инструментов
Элементы индустриально-инновационной инфраструктуры	1) специальные экономические зоны, в том числе автономный кластерный фонд; 2) индустриальные зоны; 3) технопарки; 4) акционерные инвестиционные фонды рискованного инвестирования; 5) центры коммерциализации технологий; 6) конструкторские бюро; 7) международные центры трансфера технологий; 8) инновационные кластеры.
Инвестиции в основной капитал	- вложения средств с целью получения инвесторами экономического, социального или экологического эффекта в случае нового строительства, расширения, а также реконструкции и модернизации объектов, которые приводят к увеличению первоначальной стоимости объекта, а также на приобретение машин, оборудования, транспортных средств, на формирование основного стада, многолетних насаждений и т.д.

Перейдем от определений, связанных с ИИД непосредственно к самой методике разработки инвестиционной стратегии. Всем известно, что «стратегия» военный термин, означающий «искусство ведения войны». Стратегия предполагает длительные действия в условиях дефицита ресурсов с целью победы над противником. Цель стратегии выиграть «войну» в целом. Таким образом, именно ограниченность инвестиционных ресурсов и является отправным пунктом при разработке инвестиционной стратегии предприятия.

Одним из методических подходов разработки инвестиционной стратегии является предварительное выделение объектов стратегического менеджмента, а именно: инвестиционная деятельность предприятия в целом; инвестиционная деятельность стратегической зоны хозяйствования; инвестиционная деятельность стратегического инвестиционного центра.

Если рассматривать предприятие как объект стратегического инвестиционного менеджмента, то это, прежде всего открытая комплексная система, интегрирующая все направления и формы инвестиционной деятельности различных его структурных хозяйственных подразделений. Данный подход соответствует принципу инвайронментализма, который рассматривает предприятие как открытую для активного взаимодействия с внешней инвестиционной средой социально-экономическую систему, способную к самоорганизации. В условиях индустриально-инновационного развития этот принцип позволяет обеспечить качественно иной уровень формирования инвестиционной

стратегии предприятия. В противовес данному принципу конституционализм предполагает наличие закрытой организации, деятельность которой не предполагает инвестиций и каких-либо отношений с внешней средой.

Стратегическая зона хозяйствования – самостоятельный хозяйственный сегмент в рамках предприятия, осуществляющий свою деятельность в ряде смежных отраслей, объединенных общностью спроса, используемого сырья или производственной технологии. Инвестиционная стратегия выступает обычно как самостоятельный раздел в общей системе стратегического инвестиционного управления предприятием. Такая ситуация характерна для предприятий перерабатывающей промышленности, выбравших одной из стратегий своего развития – диверсификацию.

Стратегический инвестиционный центр – самостоятельная структурная единица предприятия, выполняющая отдельные функции или направления инвестиционной деятельности, обеспечивающая эффективную хозяйственную деятельность отдельных стратегических зон хозяйствования и предприятия в целом.

Формирование инвестиционной стратегии предприятия включает общие этапы, характерные, на наш взгляд, для всех объектов стратегического менеджмента и в том числе и для предприятий реального сектора экономики. Перечислим данные этапы: формирование стратегических целей ИИД → обоснование приоритетных направлений и форм ИИД → определение стратегических направлений формирования инвестиционных ресурсов → формирование инвестиционной политики по основным направлениям инвестиционной деятельности → определение методов реализации инвестиционной стратегии → оценка результативности разработанной инвестиционной стратегии.

Все этапы формирования инвестиционной стратегии должны быть подчинены общей стратегии предприятия, являться ее составной частью [4].

Кроме того, при формировании инвестиционной стратегии следует знать и учитывать типы стратегического конкурентного инновационного поведения организаций. Как правило, выделяют четыре основных типа: виолентное, пациентное, эксплерентное и коммутантное.

Виолентное поведение: виоленты – это лидеры, обладающие монопольным положением, их поведенческая стратегия направлена на уверенное удержание ранее занятых позиций; стратегия, характерная для крупных компаний, ТНК, осуществляющих массовое производство. В выборе инновационной стратегии они чаще всего ограничиваются таким видами, как защитная или промежуточная стратегия.

Пациентное поведение: пациенты – это предприятия, занимающие узкие ниши и часто специализирующиеся на выпуске новой или модернизированной продукции с уникальными характеристиками. Выбирают разбойничью стратегию и меняют мир потребления и производства.

Эксплерентное. Эксплеренты – это те, кто выживают за счет постоянного перетекания из одних условий в другие. Такие производители часто выходят на рынок с инновационным продуктом, захватывая с его помощью часть рынка, не занятую другими организациями.

Коммутантное. Это особое состояние эксплерентов, которые приспосабливаются к условиям местного рынка, протискиваясь в маленькие ниши, не занятые виолентами и пациентами. Их выигрышная стратегия – это инновационная имитация. Именно она позволяет быстро маневрировать между крупными производителями, осваивая новые услуги и продукты.

Для реальной инвестиционной деятельности, к которой можно отнести деятельность перерабатывающих предприятий, основные виды инвестиционных стратегий сводятся к следующим: стратегии ограниченного роста; ускоренного роста; инерционного роста; комбинированная стратегия [5,6].

Стратегия ограниченного роста используется предприятиями, имеющими уверенное положение на рынке, уникальную продукцию при практическом отсутствии конкурентов.

Инвестиции направляются в расширение производства. Предприятия с ограниченными ресурсами, для них недостаток ресурсов и невозможность их увеличить приводит к стратегии самоограничения развития предприятия.

Инвестиционная стратегия ускоренного роста выбирается при инновационном подходе к развитию предприятия. Упор делается на новых технологиях в производстве и управлении предприятиями.

Инвестиционная стратегия инерционного роста избирается предприятиями при завершении инвестиционного проекта или при ликвидации предприятия.

Комбинируемая инвестиционная стратегия применяется крупными предприятиями, в недрах которых идут различные процессы, участвуют различные подразделения, имеющие каждый свою инвестиционную стратегию развития.

В заключение следует отметить, что формирование инвестиционной стратегии играет большую роль в обеспечении реализации общей стратегии предприятия, направленной на эффективное использование всех ресурсов предприятия, а именно:

- инвестиционная стратегия позволяет оптимально распределить и рационально использовать ограниченные инвестиционные ресурсы;
- обеспечивает механизм реализации долгосрочных планов: общих и планов подразделений;
- позволяет обеспечить максимальное использование внутреннего инвестиционного потенциала;
- обеспечивает быструю реализацию инновационных идей;
- учитывает сценарии развития предприятия, что позволяет свести к минимуму риски и негативные последствия для деятельности предприятия;
- позволяет сформировать опережающие сравнительные конкурентные преимущества;
- обеспечивает четкую взаимосвязь стратегического, текущего и оперативного управления инвестиционной деятельностью предприятия;
- подводит к выбору наиболее реальных индустриально-инновационных проектов и финансовых инструментов инвестирования.

Таким образом, исследования по данной теме показали необходимость дальнейшей разработки теоретических и практических положений реализации инвестиционной стратегии, исходя из новых задач индустриально-инновационного развития Республики Казахстан.

ЛИТЕРАТУРА

1. Социально-экономические показатели РК [Электронный ресурс]: Министерство национальной экономики РК, Комитет по статистике. Режим доступа: <http://stat.gov.kz>, свободный - Загл. с экрана.
2. Концепция инновационного развития РК до 2020 года. Принята 04.06.2013г. Указ Президента РК от № 579, 2013.- 43с.
3. Предпринимательский Кодекс РК, принят 29.10.2015 г. введен в действие с 01.01.2016 г. № 375-V ЗРК, 2016-181с.
4. О.Н. Гладкова. Инвестиционные стратегии промышленных предприятий [Электронный ресурс] / О.Н. Гладкова. - Режим доступа : <http://cyberleninka.ru> свободный - Загл. с экрана.
5. Г.А. Копжасарова. Классификация типов конкурентного поведения фирм инновационного характера на эксплеренты, пациенты, виоленты и коммутанты / Г.А. Копжасарова // Вестник КарГУ – 2015. - №3.- с.24-28.
6. <http://kudainvestiruem.ru/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды. Елбасы айтып өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады».

Сыбайлас жемқорлық Қазақстанның барлық табыстарына қол жеткізуге мүмкіндік туғызған мемлекетіміздің негізгі құндылығы – тәуелсіздікке қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім [1].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бері сыбайлас жемқорлықпен күрес республикамыздың мемлекеттік саясатының басты басымдығының бірі болып келеді. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде ең алғаш «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998 жыл) және «Мемлекеттік қызмет туралы» (1999 жыл) заңдарды қабылдап, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі арнайы мемлекеттік орган құрды.

Алайда қабылданған шараларға қарамастан елдегі жемқорлық деңгейінің жоғарылығы күрделі мәселе күйінде қалып отыр. 2014-2015 жылдарға арналған Бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық Индексінің мәліметіне сәйкес Қазақстанда бизнес жүргізудегі бірінші кезектегі проблема сыбайлас жемқорлық болып табылады (16,7 балл), бейресми төлемдер мен парақорлықтың жайылғандығы жағынан да ахуал нашарлады (2014 жылы – 144 елдің ішінде 80-орында, 2013 жылы – 65-орында). Transparency International көрсеткіші бойынша сыбайлас жемқорлықты түйсіну жағынан Қазақстан 2013 жылы 177 елдің арасынан 140-орын алды (2012 жылы – 133).

Әлеуметтік сауалнамалардың дерегіне сүйенсек, сұралғандардың 42%-ы сыбайлас жемқорлық кеңінен тараған деп есептейді, ал 33%-ы онымен тікелей ұшырасқан. Сауал салынғандардың үштен бірі үшін лауазымды тұлғаның сондай жағдай туғызуы пара берудегі негізгі себеп болған.

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттеген кезде мынадай сауал туындайды: сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері және осы құбылыспен күресудің тиімді жолдары қандай.

Осыған орай, жекелеген шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша жағымды тәжірибесі мен осындай қылмыстардың ауқымын тарылтуға байланысты құқықтық механизмдер қалыптастырғанын көруге болады. Әсіресе, Дания, Швеция, Жаңа Зеландия, Сингапур, Финляндия, Швейцария, Исландия, Нидерланды, Австралия, Канада, Люксембург, Австрия, Гонконг, Германия, Норвегия, Ирландия, Ұлыбритания, АҚШ, Жапония. Бұл мемлекеттер сыбайлас жемқорлықпен күресте белгілі бір жетістіктерге жетті. Бұл елдердің тәжірибеде жеткен жағымды жетістіктері біздің еліміз үшін де ішінара болса да тиімді болуы мүмкін [2, 29].

Әсіресе соңғы кездері еліміздің басшысы да айтып жүргендей, Сингапур, Оңтүстік Корея, АҚШ сияқты елдердің сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша тәжірибесі біздің көпұлтты еліміздің мемлекеттік органдарында осындай қылмыстармен күресуде қолдануға жарарлықтай деңгейде.

Маңыздысы, бұл елдерде сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке сырттай да іштей де төнген қатер ретінде бағаланады. Сыбайлас жемқорлықтың саяси түрі (елдегі саяси

жағдайдың ырқынан шығып кетіп, демократиялық институттарға қатер төндіріп, билік тармақтарының тепе-теңдігін бұзуға әкеледі) және экономикалық түрі (елдегі нарықтық институттардың тиімділігін төмендетеді) нақты ажыратылады.

Сингапурдың тәжірибесіне сүйенсек, біріншіден, қоғам мүшелері мемлекеттік билікке келгенде оны табыс көзі деп емес, баю жолы деп емес, тазалық, ар намысын бірінші орынға қоюы керек.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлықпен күресті саяси көшбасшыларынан бастап жоғары лауазымды адамдарға дейін жүргізеді, оны көпшілік қолдап алып кетеді; оны 1952 жылы құрылған Коррупция жағдайларын тергеу бойынша Бюро тұрақты түрде жүзеге асырады.

Үшіншіден, Бюро ешқандай органға тәуелсіз және ол тек елдің премьер-министріне ғана тікелей есеп береді, басқа органдар мен лауазымды адамдар оның жұмысына араласа алмайды.

Төртіншіден, Бюро қандай мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлыққа жол тез ашылатынын анықтап, одан қалай құтылуға болатын жолдарды әзірлейді.

Бесіншіден, мемлекеттік қызметкерлерге жалақысын өте қомақты етіп көтерді. Себебі, егер мемлекеттік қызметкер кәсіби болуы тиіс және материалдық жағынан қамсыздандырылған болуы тиіс деп дәйектеді. Бірнеше кезеңмен жүргізу нәтижесінде бүгінде айына \$20-25 мыңға жетіп отыр.

Алтыншыдан, шенеунік кәсібін тек қана жоғары жалақылы етіп қоймай, сыйлы кәсіптердің біріне айналдырды. Сингапурде мемлекеттік деңгейде меритократия принципі ұсталынады. Яғни жоғары қарай жол тек қана ақылды, қабілетті, прогрессивті ойлайтындар алдынан ғана ашылатынын дәріптейді. Мектеп қабырғасынан бастап мемлекеттік қызметкер болуға лайықтылар таңдалып (Бюро таңдайды) әрі қарай шенеунік болуына дейін көмекті мемлекет аямайды.

Сингапур да Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекет. Сыбайлас жемқорлықты ауыздықтау елдің экономикалық жағдайына да оң ықпалын береді. Қатаң заңдар, мемлекеттік қызметкерлерге сәйкес жалақы, сыбайласқан лауазымды адамдарды жазалау, коррупциямен күресу органдарының тиімді қызметі, жоғары лауазымды басшылардың жеке үлгілері және т.б. жағдайлар кешенді түрде Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасының негізін құрайды. Және басқа елдерге үлгі болып, өмірдің барлық саласында кешенді түрде жүргізу ғана сыбайлас жемқорлықпен күресуге ықпал етеді деп айтуға негіз құрайды.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мемлекеттің одан әрі табысты дамуы үшін сөзсіз басымдық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністері қоғамның мүддесіне зардабын тигізіп және мемлекеттің экономикалық өсуіне орасан кедергі келтіреді. Сондықтан да біздің еліміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде халықаралық тәжірибелерге сүйеніп әртүрлі шаралар мен модельдерді үйлестіріп отырады [3, 43].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатал жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.

2015 жылы құрылған Мемлекеттік қызмет істері министрлігі бірегей орган болып табылады. Ол мемлекеттік қызмет саласындағы менеджмент, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау, сыбайлас жемқорлықты ескерту және оның алдын алу, құқық қорғау қызметі сияқты жұмыс бағыттарын үйлестіреді.

Бұдан бұрын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі жемқорлықтың салдарымен ғана күресуге және кінәлі адамдарды жазалауға бағытталған болатын. Қазір елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына елеулі түзетулер енгізілуде. Атап айтқанда, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы басты назар оның алдын алуға, мемлекет пен қоғамның күшін сыбайлас жемқорлықты барынша азайту жолына ұштастыруға бағытталған. Осы бағыттағы кешенді іс-шара 2014 жылғы желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стратегиясында көзделген. Стратегияның негізгі бағыттары: мемлекеттік қызмет саласындағы, квазимемлекеттік және жеке секторлардағы, соттардағы және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау, қоғамдық бақылау институтын енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Оны әзірлеу кезінде жемқорлыққа қарсы іс-қимылда елеулі табыстарға қол жеткізген елдердің тәжірибелері зерделенді.

2015 жылғы сәуірде осы Стратегияны іске асыру жөніндегі Үкіметтің жоспары бекітілді. Онда алдағы үш жыл ішіндегі көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар анықталды. Сонымен қатар, Елбасымыз ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында кәсіби мемлекеттік аппарат құру мен сыбайлас жемқорлықты барынша азайту басым бағыттардың бірі болып белгіленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріндегі кешенді көзқарасқа 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы», 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы», 2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы», 2015 жылғы 24 қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» заңдар, сондай-ақ, Кәсіпкерлік және Этика кодекстері сияқты бірқатар заңнамалық актілер арқылы қол жеткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңның басты мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы жетілдіру арқылы, қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Сонымен бірге құжаттағы нормалар мемлекеттік аппарат пен өзге де салаларда сыбайлас жемқорлықтың көрінуінен туындайтын қатерлерден Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамада белгіленген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі формальды және тәртіптік сипатта болғандықтан, әрі материалдық игіліктер алуды көздемейтіндіктен, заң жобасымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жаңа көріністері енгізіліп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға бағытталған.

Бұдан бөлек, құжат арқылы мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру, сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметін үйлестіру жөніндегі өкілеттіктер берілген уәкілетті орган айқындалады. «Сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат», «сыбайлас жемқорлыққа тәуекел» ұғымдары ашылады.

Сонымен бірге заң жобасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен талдау шаралары қамтылмақ. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг барлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерімен жүргізілетін болады. Ондай мониторинг нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу үшін негіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды барлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері де жүзеге асыратыны болжанған.

Мемлекеттік қызметті реформалаудың жаңа кезеңі мансаптық жолға ауысуды және мемлекеттік аппаратқа кадрларды іріктеу мен жылжыту үдерістерін кешенді өзгертуді қалайды. Сонымен қатар, жаңа тетіктер меритократия қағидаларын күшейтуге, мемлекеттік қызметте есеп беру мен сыбайлас жемқорлықтан тыс басқару аппаратын құруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметке іріктеу және мансаптық жоғарылау кезінде біліміне және жұмыс өтіліне қойылатын талаптармен қатар, маңызды талаптар – қызметшілердің атқарып отырған лауазымдары бойынша нақты міндеттерін тиімді атқаруға қажетті құзыреттерінің болуы. Мұндай тәсіл Қазақстанда бірінші рет қолданылатын болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі де елеулі өзгеріске ұшырады. Мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуі жұмыс нәтижесіндегі жетістіктеріне сай еңбекақы өсімі есебінен қамтамасыз етілетін болады. Бұл Парламент қабылдаған «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда көрсетілген. Демек, бұл қабылдап жатқан шаралар мемлекеттік аппараттың кадр құрамын кәсібилендіруге, сондай-ақ, өзара бәсекелестік пен өз құзыреттерін дұрыс пайдалануға ынталандыра түседі.

Жалпы, меритократияны қорғау және жемқорлықты болдырмау бойынша қабылданып жатқан шараларды іске асыруда Этика кодексінің маңызы зор. Ол мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлықтарына қойылатын талаптарды қатаң сақтауға бағытталған. Оның Ар-намыс кодексінен ерекшелігі жаңа Этика кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметіндегі нақты этикалық стандарттарды белгілейді, жемқорлыққа қарсы шектеулерді қамтиды, нақты жағдайлардағы басқарушылық мінез-құлықтарды жүйелейді.

Кодекске этика жөніндегі уәкіл институтын енгізу арқылы этика нормаларының сақталуын бақылау жүйесін анықтау, мемлекеттік органдардың басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ахуалды қамтамасыз етпегені үшін дербес тәртіптік немесе әкімшілік жауаптылықты күшейту де қарастырылған. Ал соған сәйкес мүдделер қайшылығы мәселелері бойынша түзетулер де енгізіліп отыр.

Аталған реформа шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселелеріне де үлкен мән берілуде. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға сай мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтердің бизнес пен халық қамы үшін бағытталуын қамтамасыз етеді, қызмет көрсету стандарттары бекітіледі. Бұл үшін қазіргі уақытта мемлекет көрсететін қызметтердің электронды форматына ауысуы бойынша белсенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде (2015 жылы электронды үкіметті дамытудың әлемдік рейтингісінің нәтижесі бойынша Қазақстан 28-орынды иеленді). Бұған қоса, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау мен бақылау жүргізіліп, халық пен бизнестің қанағаттанушылық деңгейі қадағаланады [4, 17].

Бұған қоса, 2015 жылдың басынан бастап қолданыстағы төрт жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқарушылық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер аясында мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі кешенді шаралар қолға алынды. Парақорлықтың барлық түрлері бойынша жазаның балама шараларын енгізуді жаңалық ретінде атап өткен жөн, яғни алынған параның мөлшеріне сай еселеп айыппұл салу амалы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Сонымен қатар, жазасыз қалдырмау қағидатына сүйеніп, жемқорлық қылмыс жасағаны үшін атағы мен лауазымына қарамастан кез келген адам жауапкершілікке тартылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адам мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан өмір бойы айырылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарға мерзімнің ескіруі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынған, мемлекеттік қызметте лауазымға орналасу құқығына өмір бойына тыйым салу енгізілді. Қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда «мүдделер қақтығысы» деген маңызды ұғым бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы // «Параграф» ақпараттық жүйесі.
2. Әбдіжәми А.Ж. Кейбір шет мемлекеттерде сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері / А.Ж.Әбдіжәми // Фемида. - 2014. - №4. – Б.28-31.
3. Шпекбаев А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудағы жүйелі әрекеттер / А.Шпекбаев // Заң және заман. - 2015. - №9. – Б.41-44.
4. Әміров И. Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретін дерт. / Әміров И. // Фемида. - 2015. - №8. – Б.15-18.

УДК 338.242.2

Атабаев Ж.Т.

к.э.н., и.о.доцента, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
г. Семей

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

По итогам Отчета о глобальной конкурентоспособности Всемирного экономического форума (ВЭФ) 2014-2015 гг., Казахстан занимает 50 место среди 144 стран мира, что аналогично позиции предыдущего года. В то же время, по уровню развития инноваций Казахстан занимает 85 место, что является основанием для совершенствования государственной политики и национальных приоритетов.

Основным средством обобщённой оценки конкурентоспособности стран является Индекс глобальной конкурентоспособности (GCI), созданный для Всемирного экономического форума профессором Колумбийского Университета Ксавье Сала-и-Мартином (Xavier Sala-i-Martin) и впервые опубликованный в 2004 году.

GCI составлен из 12 слагаемых конкурентоспособности, которые детально характеризуют конкурентоспособность стран мира, находящихся на разных уровнях экономического развития. Этими слагаемыми являются: «Качество институтов», «Инфраструктура», «Макроэкономическая стабильность», «Здоровье и начальное образование», «Высшее образование и профессиональная подготовка», «Эффективность рынка товаров и услуг», «Эффективность рынка труда», «Развитость финансового рынка», «Технологический уровень», «Размер внутреннего рынка», «Конкурентоспособность компаний» и «Инновационный потенциал».

Для каждой из экономик, охваченных исследованием, отчёт содержит детальные описания страны и национальной экономики с подробными итогами по общей позиции в рейтинге и по наиболее выдающимся конкурентным преимуществам и недостаткам, которые были выявлены на основании анализа, используемого для расчёта индекса (таблица 1).

Конкурентными преимуществами Казахстана, по оценке экспертов ВЭФ, остаются эффективность рынка труда (15, 2013 – 15) и макроэкономическая среда (27 место, 2013 – 23).

Наиболее слабые позиции Казахстан демонстрирует по таким факторам, как здравоохранение и начальное образование (96, 2013 – 97), развитие финансового рынка (98, 2013 – 103), конкурентоспособность компаний (91, 2013 – 94) и инновации (85, 2013 – 84).

По остальным шести факторам, согласно оценке ВЭФ, конкурентоспособность Казахстана находится на среднем уровне: институты 57 место (2013 – 55), инфраструктура – 62 (2013 – 62), высшее образование и профессиональная подготовка – 62 (2013 – 54),

Казахстан демонстрирует высокие показатели в области привлечения ПИИ, особенно в добывающих отраслях. Для реализации масштабных планов по диверсификации экономики и развитию приоритетных отраслей стране нужны стратегические партнеры – иностранные

инвесторы обладающие наукоемкими технологиями и специализированными знаниями такие как Япония, Китай. Для привлечения и удержания таких инвесторов стране необходимо дальнейшее совершенствование нормативно-правовой среды и правоприменительной практики, развитие инфраструктуры, раскрытие кадрового потенциала, активное освещение инвестиционных возможностей в различных секторах и меры стимулирования инвестиции.

Для повышения своей конкурентоспособности и инвестиционной привлекательности стране следует найти себе нишу в международной экономике и сформулировать принципы комплексного подхода к привлечению инвесторов, продолжая работу по устранению препятствий для ПИИ. Политика в отношении ПИИ должна основываться как на привлечение новых, так и на стимулировании работающих в стране инвесторов.

В Казахстане определены приоритетные сектора в рамках диверсификации экономики. Работу, связанную с развитием этих отраслей, можно активизировать посредством привлечения и мотивирования стратегических иностранных инвесторов. Они могут играть важную роль в поддержке ускоренного экономического развития посредством передачи новых технологии и знания, а также построения производственно-сбытовой цепочки с участием местных предприятия.

Таким образом иностранные инвестиции рассматриваются как универсальное средство решения всех проблем, связанных с преодолением инвестиционного кризиса, и должны сыграть роль достаточно сильного катализатора в инвестиционном процессе.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Зубченко Л.А. «Иностранные инвестиции»: Учебное пособие. М.: ООО «Книгодел», 2010. - 160 с.
2. Инвестиции: учебное пособие / Г.П. Подшиваленко, Н.И. Лахметкина, М.В. Макарова [и др.]. — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: КНОРУС, 2013. - 200 с.
3. Ткаченко И.Ю., Малых Н.И. «Инвестиции»: учебное пособие - М.: Издательский центр «Академия», 2012. - 240с.
4. Стратегия развития Казахстана “Казахстан – 2030.
5. Закон Республики Казахстан «Об инвестициях» от 8 января 2003г.

ӘӘЖ: 338.658

Есенбекова З.Ж., Алибаева М.М., Орынбекова Г.А.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚОЛДАУ МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Кәсіпкерлікті және бизнесті дамудың институционалдық факторы - Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі .

Қазіргі экономикалық жағдайдың басты проблемасы әлемдік нарықта отандық өнеркәсіп өндірісінің өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоқтығы болып табылады.

Кәсіпкерліктің барлық түрлерінің және оның кешенді құрылымдардың дамуы Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал етуі тиіс. Сондықтан, мемлекеттік және халықаралық даму институттарының басты міндеттері институционалдық қолдаудың тиімді нысандарын іздеу зерттеу үшін болып табылады.

Жаһандық рейтингінде (Doing Business 2013) мәліметтері бойынша, Қазақстан бизнесті жүргізу үшін ең қолайлы жағдайы бар 185 елдің [1] арасында 49-ші орында . Алайда, бұл рейтингте бірінші орын Сингапурға тиесілі. Бүгін Сингапурдыбәрі біледі. Соңғы алты жыл бойы Халықаралық қаржы орталығы, әлемдегі порт, DoingBusiness бойынша бірінші орында көшбасшы болып келеді.

Қырық жыл ішінде кішкентай мемлекет , кедей елдерден қазіргі заманғы дамыған елдердің қатарына кіруі үлкен қызығушылық тудырады, тіпті суды импорттады.

Әлемдегі көп мемлекеттердің экономистері Сингапурды бизнес істеу үшін тамаша орын деп есептейді.

Бұл елде әлемдік деңгейдегі құқықтық жүйе және жақсы қаржылық инфрақұрылым, саяси тұрақтылық қалыптасқан.

Осында әлемнің жетекші компанияларының 3,5 мыңнан астам филиалы бар, және 120-дан астам трансұлттық корпорациялардың кеңселері бар .

Сингапурда шетелдік инвесторларды тартуға бағытталған жеңілдетілген салық режимі бар: пайда мен капиталдың базсыз аудару, капитал салымынакепілдік, елде уақытша тұратын шетел азаматтары үшін банктік депозиттер бойынша салықтан босату, жалпы шетелдік инвесторларды тарту үшін қолайлы барлық жағдай жасалған.

Сингапур экономикасының негізі әр түрлі қызмет көрсетулер (көліктік, тиеу және түсіру, сақтау, байланыс саласы , сауда, қызмет көрсету салалары, тауарларды қайта өңдеу және қайта экспорттау, қаржылық, туристік, және т.б.) болып табылады. Қызмет көрсету саласында халықтың шамамен 70% жұмыс істейді.

Шағын және орта бизнес бір топқа біріктіреді. Олардың негізгі критерийі жұмыспен қамтылғандардың саны болып табылады. Ол 200 адамнан аспауы тиіс.Қызметтің түрлі салаларындағы фирмалар мен компаниялар қатысады.

Әрине, барлық шағын және орта кәсіпорындары екі түрге бөлуге болады.

Бірінші түріне әр түрлі қызметпен айналысатын фирмалар мен компаниялар жатады. Бұл - мейрамхана, қонақ үй, сауда-саттық, құрылыс , тасымалдауды қамтамасыз ететін бизнес,шаштараз бизнесі.б.

Сингапур- қызмет көрсету секторында өте қатаң нақты стандарттар қабылданған әлемдегі санаулы елдердің бірі. Қызмет көрсету стилі, персоналдардың біліктілігі, жабдықтар. Қызмет көрсетудің жоғары деңгейде болуының арқасында Сингапурғажыл сайын 6,8 млн турист келеді. Бұл өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Өйткені, халық 4,5 млн аспайды.

Шағын және орта бизнесті екінші түріне, қазіргі заманғы технологияларды қолданатын , өндіріспен айналысатын фирмалар мен компаниялар жатады. Бұл кәсіпорындардың дамуы мемлекеттік қолдау арқасында жүзеге асуда.

Сингапурда электроника мен биотехнологияны, химиялық өндірістің өнімдерін, темекі бұйымдарын, мұнай өндірісіне қажетті құрылғыларды, резеңкені экспорттай отырып, теңіз кемелерін жөндеу қызметтерін көрсетеді. Көрсетілетін қызметтердің дамыған секторы мемлекеттік бюджетке салық түрінде 70% табыс беріп отырады.Үкімет шағын және орта бизнеске жататын кәсіпорындарды , халықаралық деңгейге сәйкес бәсекеге қабілетті қылуға ұмтылады. Бұл елде қабілетсіз кәсіпкер ,бүкіл мемлекетті бәсекеге қабілетсіз етеді деген сенім бар.

Сингапурда шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау үшін бүкіл елде Spring агенттігі құрылған.

Ол кәсіпкерлерге көмек 100-ге жуық түрлі бағдарламалар жүзеге асырады. Spring агенттігі бес басқару бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім компанияның кәсіпкерлік әлеуетін дамыту және басқару жүйесін оның ішінде бредингке көп көңіл аударады.

Екіншісі - кәсіпкерлердің өз қызметі үшін қажетті қызмет көрсетулер. Бұған консалтингтік, бухгалтерлік есеп, мониторингтік қызметтер кіреді.

Үшінші бөлім қызметкерлері , кәсіпорын басшыларына салалық ерекшеліктеріне қатысты көмек береді.

Төртінші бөлім басқару агенттігі өнім сапасы мен стандарттау мәселелерін талқылайды. Ал, бесінші бөлім - кәсіпорын құрылымын жетілдіру, оның ішінде корпоративтік даму , кадрларды дайындауды қарастырады.

Арнайы жеңілдіктер өз ісін бірінші бастап жатқан шағын және орта бизнеске беріледі. Бұл арнайы қарыздар беру, кредиттік сақтандыру, және субсидиялар бөлу.

4 жылға несие алу үшін өтініш берген кезде, қазір жылына- 5% мөлшерлемесімен, ал ұзақ мерзімді – 6,5% беріледі. Сингапурдың сыртқы қарызы жоқ.

ЕО және Жаңа индустриялық елдердің тәжірибесі, шағын инновациялық бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесі екі негізгі арналары арқылы жүзеге асырылады деп қорытынды береді:

1) инновациялық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға көмектесу;

1) шағын бизнесті насихаттау.

Технологияларды коммерцияландыру тиімді процесі елдің тұтас және кешенді инновациялық жүйенің болған жағдайда және инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік қатысуы басты болады.

Шетелде жоғары технологиялар саласындағы инновацияларды коммерцияландыруды ынталандыру -мемлекеттің негізгі болып табылады.

Инновациялық кәсіпкерлікке халық көзқарасын өзгертіп, сенімділігін арттыру керек. Бұл, әрине, күрделі және көп қырлы проблема болып табылады, және оның шешуі қоғамдағы экономикалық өсу мен әлеуметтік табысқа байланысты.

Қазақстан Республикасында шетел тәжірибесін қолдану инновацияға және кәсіпкерлік секторды институционалдық басқару тетіктеріне негізделген жаңа бизнес моделімен байланысты.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясат жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру негізінде орта таптың қалыптасуына бағытталған жеке кәсіпкерлікті дамытуға негізделген.

Міне мұның барлығы да отандық инновациялық инфрақұрылымды дамытудың тиімді тетіктерін қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені, тек дамыған инновациялық инфрақұрылымы қалыптасқан ел ғана инновациялық ортаның толыққанды қатысушысы бола алады. Бұған қоса, инновациялық әлеуеті дамыған елдер болашақтың бағдарын елдегі табиғи ресурстарға қарап емес, адам капиталының, оның интеллектуалдық қуатының шамасына, инновациялық өнім, қызмет, сапалы жұмыс жасай алатын өнеркәсіптік, өндірістік инфрақұрылымның мүмкіндіктеріне ғылыми-зерттеу, ғылыми-ізденушілік орталықтарының шамасына қарап айқындайды.

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы жеке кәсіпкерлік қызметті құру және дамыту үшін қолайлы жағдайлар қамтамасыз ететін кешенді ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасында мұндай ұйымдарға келесілерді жатқызуға болады:

- мемлекеттік және мемлекет бастамасы бойынша құрылған ұйым;
- үкіметтік емес ұйымдар;
- коммерциялық ұйымдар.

төмендегідей институтының құрылымы анықталады қандай байланысты:

Қазақстан Республикасының индустриалды–инновациялық потенциалының орнын, рөлін, қызметін ғылыми–тәжірибелік тұрғыдан талдау инновациялық қызметтің сан қырлы мәселелерін зерттеудің танымдық маңызын арттырып қана қоймайды, сондай–ақ дәстүрлі салалық талдауды жалпы ұлттық және аймақтық тұрғыдан толықтыра түседі.

Шағын инновациялық бизнес мәселелері жақсы зерттелген шет елдерде оны қолдаудың бірқатар тиімді бағдарламалары бар. Алайда шетелдік тәжірибені қазақстандық болмысқа дәлме–дәл тікелей көшіру мүмкін емес және ол шет елдегідей тез және оң нәтиже бере алмайды. Осы мақсатта экономикалық құралдарды отандық жағдайға бейімдеу үшін өтпелі ғылыми–зерттеу жүйесінің қалыптасу кезеңінде шағын инновациялық кәсіпкерліктің айрықша секторын жан–жақты зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. DOING BUSINESS 2013 Smarter Regulations for Small and Medium-Size Enterprises [Электронный ресурс] / ПроектDoing Business.<http://www.doingbusiness.org/~media/GIAWB/Doing%20Business/Documents/Annual-Reports/English/DB13-full-report.pdf> (дата обращения: 22.03.2014)

2. Бизнес в Сингапуре: малый бизнес по-сингапурски Режим доступа: http://www.openbusiness.ru/html_euro/singapur_open2.htm – Загл. с экрана (дата обращения: 22.03.2014)
3. Комиссаров А.Г. Господдержка малого бизнеса: зарубежный опыт // Российское предпринимательство. — 2012. — № 2 (200). — с. 92-96. — Режим доступа: <http://www.creativeconomy.ru/articles/22792/>(дата обращения: 12.04.2014)
4. России нужен сингапурский опыт. Торгово-промышленные ведомости 18 ноября 2013 Режим доступа: http://www.tpp-inform.ru/analytic_journal/4048.html - Загл. с экрана. (дата обращения: 12.04.2014)
5. Стратегия «Казахстан-2050» [Электронный ресурс] / Официальный сайт Президента Республики Казахстан. – Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/category/gos_programmi_razvitiya - Загл. с экрана. (дата обращения: 22.03.2014).
6. Структуры поддержки предпринимательства [Электронный ресурс] / Фонд поддержки предпринимательства «Даму». - Режим доступа: <http://www.damu.kz/127> - Загл. с экрана. (дата обращения: 22.03.2014)
7. Курман Данабек Қазақстан республикасында инновациялық қызметті дамыту ерекшеліктері//groupgroup-global.org/.../1555-kazakstan-respublikasynda-innov.

ӘӨЖ 338.22.524

Омархан Т.Ж.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шағын және орта кәсіпкерлік - нарықтық экономиканың маңызды элементі, онсыз мемлекет жан-жақты дами алмайды. Ол көп жағдайда экономикалық өсу қарқындарын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайды. Шағын және орта кәсіпорындар барлық салаларда кең көлемде дамыған. Қазіргі кезде шағын және орта кәсіпорындар бәсекелестікке қабілеті бар өндірістік құрылымдардың бір бөлігіне айналып және еліміздегі экономикалық үрдістердің белсенді қатысушысы болып табылады. Дегенмен, өркениетті кезеңдегі шағын кәсіпорындардың маңызы мен ондағы өндіріс қарқындылығын арттыру барысына әліде қажетті мән берілмейді. Оның көптеген мәселелері күні бүгінге дейін өз деңгейіндегі ғылыми және практикалық шешімдерін таппай отыр.

Шағын және орта кәсіпорындар субъектілері – жеке және заңды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс әрекетінің тиімді тәсілі. Ол адамдардың өзіне сенімін арттырады, іскерлігін қалыптастырады. Кәсіпкерлік қызметке талдау жасау – оның жалпы экономикалық ой-пікір сияқты ұзақ тарихы мен терең тамырының бар екендігін көрсетеді. Көне тарих пен орта ғасыр ғылымдарында кәсіпкерлік туралы, оның индустриялық кезіне дейін қалай аталғанына қарамастан, ерекше пікірлер қалыптасқан. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кез-келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, кәсіпкерліктің шын, нақты субъектісі – бұған деген алғышарттары бар, ең бастысы капитал иемдену құқығы бар субъектілер жатады [1].

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттарының бірі – ол мемлекеттің қаржы – несиелік және инвестициялық саясаты. Қолайлы инвестициялық климат жасау және несиелеу жүйесін жетілдіру басты мәселелер болып саналады. Республикамызда Шағын кәсіпкерлікті тиімді қаржыландыру үшін қажетті ресурстарға деген үлкен тапшылық орын алып отыр. Қаржы бойынша бірқатар мәселелер шешімін таппай тұр:

- несие алудың шектеулігі;

- коммерциялық банктердің кепілдік міндеттемені жоғары деңгейде ұстауы;
- берілетін несиенің пайыздық мөлшерлемесінің жоғарғы болуы және қысқа мерзімділігі;

- шағын кәсіпкерлікке микро несие берудің заңдылық негізінің жоқтығы;

- банктердің Шағын кәсіпкерлікті несиелеу саясатының анықсыздығы.

Осыған байланысты Шағын кәсіпкерлікті қаржылай қолданудың басты бағыты осы секторға несие мен инвестицияны кеңінен тарату. Сонымен бірге Шағын кәсіпкерлікке қатысты қаржылық-несиелік саясат салалық, аймақтық басымдылықтарға және төмен пайыздық, ұзақ мерзімдік несиелеу жүйесіне негізделуі қажет.

Шағын бизнестің ерекшелігі қызмет ету сферасы болып табылады. Ірі кәсіпорындар жаппай өндіріс жағдайында, тұрақты тауар номенклатурасымен және көтерме сатып алушылармен жұмыс істейді. Шағындар ұсақ партиялармен шығарады, жеке тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, нарықтық арнайы сегментіндегі және екінші реттік шикізат өндірісінің қалдықтарын пайдаланады. Мысалы, автомобиль өндірісі-ірі кәсіпорын қызметіне жатса, автомобильді жөндеу - шағын бизнес қызметі.

Шағын бизнестің келесі бір тиімді ерекшелігі коллективті еңбекке ұмтылуы, жұмыс орның сақтап қалуға тырысу және пайдаға қатысуға негізделген жұмыстың нәтижесінің максималды болуына мүдделілік болып табылады. Ірі компаниялар кәсіби менеджерлерді жалдайды, ал олар акционерлердің барлық талпыныстарының ерекшеліктерін білмейді нәтижесінде басқару проблемаларына алып келеді, ал Шағын кәсіпорындарда құрушының өзі менеджер, бір тұлға, сондықтан бұл жерде ешқандай түсініспеушілік мәселесі туындамайды.

Шағын кәсіпкерлік қоғамның экономикалық және әлеуметтік прогрессінің маңызды факторы болып табылады. Шағын кәсіпорындар бастапқы ірі инвестицияны талап етпейді және ресурстардың айналымының жоғары жылдамдығына кепіл береді, экономиканың құрылымын өзгерту мәселелерін тез және тиімді шешуге қабілетті. Нарық конъюнктурасының өзгерісіне оперативті жауап беріп, шағын кәсіпкерлік экономикаға қажетті икемділік береді. Ол экономикадағы бәсекелестік ортасын қалыптастыруға елеулі үлес енгізуге қарағанда, сұраным мен ұсынымның өзгерісіне тез үн қосуға және осы есептен нарыққа қажет тепе-теңдікті қамтамасыз етуге қабілетті.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту аралас экономикаға икемділік беріп, әртүрлі нысандағы меншікті және оларға тән шаруашылықтың баламалық үлгілерін үйлестіріп, жалпы әлемдік үрдіске жауап береді, онда бәсекелес нарық механизмін күрделі синтезі және ірі және ұсақ өндірісті мемлекеттік реттеу жүзеге асады. Шағын кәсіпкерлік саласы – бұл көбіне экономикалық өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымын және сапасын анықтайтын ұлттық экономиканың жетекші салаларының бірі.

Ол әлеуметтік құбылыс белгілерін иеленеді, өйткені халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді және жұмыссыздық пен кедейлікті азайтады.

Нарық конъюктурасы – нарықта қалыптасқан экономикалық жағдай: сұраным мен ұсыным, баға, сату көлемі, пайыз мөлшерлемесі, валюта курсының және т.б. деңгейі.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қаржы, материал құралдарына және табиғи ресурстарға ұқыпты қатынасты, шаруашылықты істегі жаңа ойлауды қалыптастыруға қабілетті. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытуға объективті қажеттілікке назар аударылады. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау үй-жай, жабдық беру, мемлекеттік тапсырыс тарату, кепіл зат ұсыну жолдарымен жүзеге асады. Шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік ынталандыруды, оның субъектілерін несиелеудің бағдарламасын жасайтын және қолданатын коммерциялық банктер жүзеге асырады.

Көрсетілген мәселенің басымдылығы жыл сайынғы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында көрсетіліп отыр, онда «Келесі тапсырмаларды шеше отырып, шағын және орта бизнесті нығайту қажет» делінген:

- салық салуды төмендету;

- жеке меншікті және активті легализациялау;

- несие ресурстарын алуды жеңілдету;
- әкімшіліктік процедураларды және шешімдерді қысқарту;
- бақылау-тексеру органдарының бюрократиялық қызметтерінен қорғау;
- шағын және орта бизнеске қолдау көрсететін аймақтық орталықтарды құру;
- маркетингтік зерттеулер жүргізуге көмектесу, біліктіліктерін жоғарлату, орталықтандырылған бухгалтерия құру.

Қазіргі сатыда шағын бизнес мәселелесі кешенді және көпжақты формаларымен айрықшаланады, ол жеке қарастыруларды талап етеді.

1) Шағын және орта бизнестің салығы.

Нарықтық экономика жағдайында салық саясаты шаруашылықтың тиімді формаларын марапаттау, инвестиция ағымын және несие қорларын ынталандыру, өндіріс деңгейін және оның рентабельділігін көтеру үшін жағдай жасау. Отандық кәсіпкерлердің пікірінше, жүргізіліп жатқан салық саясаты шағын бизнес кәсіпорындарын дамыту үшін қолайлы жағдай жасап отырған жоқ. Әртүрлі ұйымдардың Қазақстандағы салық салу жүйесіне жүргізген нәтижесі шағын бизнесті дамыту үшін ынталандыру шараларының жоқтығын, икемділігінің жеткіліксіздігін көрсетіп отыр.

Кәсіпкерлер жағынан негізгі шағым салық салу қызметінде болып отыр. Салықтық тәртіп бірқатар тәртіп бұзушылықтармен қолданылып жүр. Бұл салықтық тәртіпке өзгертулерді жиі енгізу және заңдық құжаттармен және нұсқаулардың шамадан тыс көп болуымен түсіндіріледі. Кейбір Шағын кәсіпорындар салықтық заңмен көрсетілген, нақты талаптарды орындауына жұмсалатын шығындарды көтере алмайды.

Бұл Қазақстандық кәсіпкерлердің алдында тұрған ғана мәселе емес. Мысалы, Украинада Бүкіләлемдік Банк тапсырысы бойынша жүргізілген зерттеу бойынша Шағын және орта бизнестегі салық салу мәселелесі көкейкесті болып отыр. Берілген мәселенің пайда болуы салық салу және жинау мөлшерлемесін көбейту емес, бұл салық заңдылығына жиі өзгерістер енгізе отырып, салық органы шенеуніктерінің арасында жемқорлықтың дамуы болып отыр [1].

Салық салу мәселелесі әртүрлі формада болады. Соның ішінде кәсіпкерлердің пікірі бойынша негізгілері болып келесілер табылады:

- төленетін салықтың көп болуы;
- бюджетке түсетін салық салу мөлшерлемесінің және міндетті жинақтарды көтеруі;
- нормативті-заңды базаның жетілдірілмеуі;
- салық қызметінің іс әрекеттерімен қарама-қайшы пікір туындаған жағдайда өз пікірін айтудағы қиындық.

Салық салу саласындағы нормативті-заңды құжаттардың кейбір бөліктерінің жетілдірілмеуі бір жағынан кәсіпкерлерге қолданатын заңдардың бұзылуына, екінші жағынан салық қызметі шенеуніктерінің өз қызмет бабын дұрыс пайдаланбауы болып табылады.

Күшіне енген салық заңдылығын кәсіпкерлер бюджетке төленетін салықты және міндетті жинақтарды әдейі төлемей бас тартуы арқылы бұзуы мүмкін. Ал кейбір жағдайда салық заңына енгізілген өзгерістерге уақытында көңіл аударма алмай қалуы мүмкін.

Жалпы тәуелсіз сарапшылар және кәсіпкерлер бағалауы бойынша Қазақстанда қолданылып жүрген салық салу жүйесі фискальды сипақта ие. Оның негізгі бағыты ретінде кәсіпорын қаржысын толығымен алып алу, яғни кәсіпкерлерді пайдасынан айыру болып табылады. Бұл өз кезегінде шағын бизнеске қатысты салық саясатын қайта қарауды қажет етеді.

2) Қаржы-несиелік қорлардың қол жетімділігі.

Қаржы қорлары нарығын талдау берілген нарықтың жылдам дамып отырғанын көрсетіп отыр: жылсайын берілген несие көлемі өсіп отыр, өндірісті дамытуға берілген банктердің несиелік портфолио құрылымында ұзақ мерзімді несиелер үлесі артып отыр.

Мұндай болғанда да отандық кәсіпкерлер несие алудың қол жетімсіздігін көрсетіп отыр. Бұл олардың қызметіне бөгет болатын маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бірақта

мұндай шағымдар әлемдегі барлық кәсіпкерлерден түсіп отыр. Кәсіпкерлер үшін қызметінің негізгі қайнар көздері болып жеке меншік қаржылары, туыстарының және достарының қарыздары табылады.

Еуроодақ елдерде Шағын бизнес секторының үлесінде 65% жұмыспен қамтылғандар және 40% экспорт көлемі, Шағын кәсіпорын пайдасы арқылы қаржыландырылады (65%), банк несиесі (20%), жеке/жанұялық жинақтары (10%) және қосымша акция шығару (5%). Барлық елдерге тән сипаттама, ол банктер Шағын бизнесті қаржыландыру үшін өте үлкен тәуекелділікке барады, себебі олардың несиені қайтармау ықтималдылығы жоғары.

Қазақстанда несиені қайтару тәуекелділігі тереңдеп отыр, себебі кепілмен және кәсіпорынның банкроттық процедурасын қамтамасыз ету жүйесі жоқ, несие мамандарының арнайы білімді және ұлттық дағдылары енді –енді қалыптасып келеді.

Шағын және орта кәсіпорындар, үнемі жаңарып тұратын номенклатурасымен және ассортиментімен, азғана партияда өнім дайындау, шектеулі тұтынушылар жағдайында елеусіз материалдар мен шикізатты қолдану қажет болған жағдайда пайда болады. Сонымен, шағын кәсіпорындар нарықтың салыстырмалы толған кезінде жекелеген тапсырыстарды есепке алып өнімді аяқтайды, яғни ұсақ – түйек өнімдер өндіріледі. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындар қызметінің барлық саласында нөлдік нәтиже алумен байланысты жоғары тәуекелге ие болып табылады. Бұл әрі инновациялық қызмет, әрі жаңа технологияны игеру. Өнімнің жаңа түрін игеру. Шағын кәсіпорындардың капиталымен тәуекел, іріге қарағанда қоғамға аз шығындар алып келеді, сондықтан мемлекет шағын кәсіпорындарды құру және дамыту үшін арнайы жеңілдіктер тәртібін тағайындау керек [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдуллаева Б.А. Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері/Б.А.Абдуллаева // ҚазЭУ хабаршысы № 2 /2012 ж. 165-169 бет, 0,4 б.т.
2. А.Н.Токсанова. Развитие малого предпринимательства: концептуальный подход/А.Н.Токсанова//Вестник КазЭУ, № 5 2009 г.

ӘӨЖ 338.24:504

Утемисов Е.С.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, соның нәтижесінде халықтың тұрмысын, әл-ауқатын жақсарту өндірістің еңбек, материалдық және табиғи қорларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Қазіргі кезде және болашақта өндіріс қорларының барлық түрін кешенді, үнемді пайдалану мәселесін шешкенде ғана экономиканың даму қарқынын арттыруға болады.

Нарықтық қатынастар жағдайында қоғамның материалдық және рухани мұқтажын қамтамасыз ету мәселелері өзінің мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналып отыр. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және адамдарды өне бойы ресурстармен қамтамасыз ету өте күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануды бболдырмаудың, оларды үнемдеп әрі дұрыстап пайдаланудың маңызы зор. Бұл іс шараларды іске асырудың маңызды жолдары – басқа (арзан) шикізатты кеңінен қолдану және табиғи ресурстарды жан-жақты толық пайдалану.

Қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы, экономикалық дамудың барлық факторлары – еңбек ресурстары, өндіріс құралдары қоршаған табиғи ортаны қоғам өндірісінің дамуы үшін пайдаланылады. Қажеттіліктің бірте-бірте артуы табиғи ресурстарды кең түрде пайдалануға әкеліп соқтырады. Мұның өзі олардың бір мезгілде тозып жүдеуіне,

өндірістік қалдықтардың көбейе түсуіне, сөйтіп қоршаған ортаны ластандыруға себепкер болады. Осыған орай екі мәселе пайда болды [1].

Біріншісі, табиғи ресурстардың қажеттілігі қаншалықты көп болмасада оларды пайдаланудың ең тиімді жолдарын анықтау, тапшы ресурстардың бір түрін тапшылығы азырақ басқа түрлерімен өзгерту, қалдықсыз өндірісті дамытып, шикізаттарды екінші қайтара пайдалану қажет.

Екіншісі, қоршаған табиғи ортаның жағдайын үнемі қадағалап, ластандыратын заттардың түрлерін анықтау үшін не істеу керектігін белгілеу, сөйтіп оларды мүлдем болдырмау жолдарын қарастырған жөн. Табиғатты пайдалану - өндіріс шығындарын азайтып, олардың табыстарын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Қолдағы бар шикізаттар мен энергияны әр уақытта ұқыпты пайдалану қажет. Ол үшін өндіріс процесін барынша кешенді түрде жақсарту, жетілдіру, арзандату керек. Осы жұмыстар іске асқан жағдайда шикізаттардың қалдықтары азайып, шығандары жойылады, сөйтіп, оларды екінші қайтара пайдалануға мүмкіндік болады.

Табиғи ресурстарды шаруашылық тұрғынан үнемді пайдалану міндетінің барлығы бірінші кезекте қоршаған табиғи ортаны мүмкіндігінше сақтау, жаңа технологияны жетілдіру және зиянды заттарды азайту, одан кейінгі – ластарды үнемі тазалау жұмыстары мен сай болуы керек. Сонымен бірге адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін қалдықтарды барынша азайту.

Ең жоғары деңгейдегі барынша ұқыптылық барлық өндіріс процестерін одан әрі дамыту мақсатын дұрыс қоюына байланысты. Өндірісті интенсификациялау қажет. Сонымен табиғатты пайдаланудың басты екі міндеті – ресурстарды үнемдеу және қоршаған табиғи ортаны қорғауды шешкен жөн. Табиғи фактор – нақты жанды еңбек және өндіріс қоры қалыптасқан тарихи тұрғыда өндіріс факторлары бір-бірін толықтырады.

Алайда өндірістің даму кезеңінде бір фактор екінші фактормен пайдалануы мүмкін. Осындайда құрылым мен шығару мөлшері сақталады. Есептеу кезінде өндіріс факторларының өзара тәуелділігі арқылы табиғи ресурстардың нақты қажеттілігін анықтау қажет. Әлеуметтік және экономикалық даму қарқынын тездетуді үш түрлі жолмен жүргізуге болады:

- ұдайы өндіріс процесінде ресурстар мөлшерінің тиімділігін өзгеріссіз пайдалану;
- ресурстар мөлшерін өсіру және оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- олардың өндірісін өсірусіз ресурстардың барлық түрлерін пайдаланудың

тиімділігін арттыру.

Біріншісін – экстенсивті, екіншісін - өтпелі түрі, үшіншісін – интенсификациялау деп атауға болады. Өзінің жалпы түрінде өсу жолдарына талдау жүргізу үшін мына төмендегі формуланы пайдалануға болады:

$$НД=F(P*И)$$

Мұнда, НД- өндірілген ұлттық табыс;

P- ресурстардың белгілі бір түрлерінің мөлшері;

И- ресурстарды пайдалану деңгейі.

Табиғат жүйелерінің тиімді жұмыс істеуінде маңызды көрсеткіш табиғат сыйымдылығы. Бұл көрсеткіш экологиялық-экономикалық дамудың түрлері мен деңгейін жақсы сипаттайды. Табиғат сыйымдылығы табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға байланысты.

Табиғат сыйымдылығын екі түрлі деңгей көрсеткішке бөлуге болады.

- макродеңгейде немесе барлық экономика деңгейі;
- өнімділік немесе салалаық деңгей [1].

Табиғи ортаны қорғау, табиғат байлығын тиімді пайдалану, оған барлық халық, жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар мүдделі болғанда ғана ауқымда және нәтижелі болады. Мүдделікті экономикалық ынталандыру әдістері арқылы басқаруға болады. Экономикалық басқару әдістерін қолданып табиғатты қорғауға, тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Экономикалық жолмен басқарудың ерекшелігі, мұнда ешкімді күшпен

зорлап емес, әркімнің өз еркімен табиғатты қорғауға, оның байлығын молайтып, тиімді пайдалануға жұмылдырылады. Табиғи ортаға зиян келтіру, табиғат ресурстарын ысырапқа ұшырату ең бірінші кезекте оған жол бергендердің өзіне тиімсіз болады.

Экономикалық мүдде тудырудың басты әдістері: жоспарлау, шаруашылық есеп және экономикалық ынталандыру. Бұл әдістер баға қаржыландыру, несие, материалдық сыйлық және жауапкершілік, табиғат пайдалану төлемдері, экологиялық нормативтер, т.б. экономикалық тетіктер арқылы жүргізіледі.

Жоспарлау басқарудың әкімшілік әдісіне тән деп есептелгенімен, экономикалық басқару механизмінде де маңызы зор. Тек мұнда жоспарлаудың сипаты түбірімен өзгереді. Ол жоғарыдан нұсқау, бұлжытпай орындалатын заң сипатын өзгертіп, іс-әрекеттерді ерікті, сапалы басқару сипатына ие болады. Жоспарлау арқылы көптеген жағымсыз құбылыстарды, шығындарды алдын ала болжап, оларды болдырмау шараларын ұйымдастыруға болады. Жоспарлау еңбекті белгіленген мақсатта жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Табиғатты пайдалану саласында жоспарлаудың басты мақсаты – табиғи ортаны қорғауды, табиғатты тиімді пайдалануды, оның ресурстарын үнемдеп, мүмкін болғанда молайтуды қамтамасыз етеді. Жоспарлауды мұндай қызметі нарық экономикасы жағдағында күшейе түседі.

Нарық қатынасы бойынша табиғатты арнайы пайдалану төлемді, табиғат пайдаланушылар табиғат ресурстарын ақылы пайдаланады, табиғи ортаға келтірілген зияндарын жоюға, зиянға ұшырағандардың шығынын қайтаруға міндетті және табиғи ортаны қорғауға, табиғат қорғау заңдарын сақтауға міндетті.

Табиғи пайдалану жоспарларын айқындау үшін экологиялық нормативтер маңызды орын алады. Олар табиғат қорғау, пайдалану ережелеріне, талаптарына, тәртіптеріне сәйкес анықталады және нақты табиғи жағдайына байланысты құрылады. Табиғат пайдалану нормалары орындалғанда, жетілдірілгенде табиғат пайдаланушыларға жеңілдіктер, сыйлықтар беріледі, ал орындалмағанда айып төлем белгіленеді.

Табиғат пайдалану және қорғау мақсатында баға тетігі кеңінен қолданылады. Жалпы баға деңгейі нарық қатынасына сәйкес қалыптасқанымен, оның негізгі құрамды бөлігі – өнімнің өзіндік құны табиғат пайдалану дәрежесіне сәйкес қалыптасады. Табиғат қорғау шығындары өскенде немесе табиғатқа әсер артқанда, төлемдер өскенде, табиғат ресурстары ысырапқа ұшырағанда, өнімнің өзіндік құны артады, таза пайда кемиді.

Табиғат қорғауды, табиғатты тиімді пайдалануды ынталандыру мақсатында қаржыландыру және несие тетіктері кеңінен қолданылады. Табиғат қорғау бағдарламалары, жоспарлары, шаралары республикалық, аймақтық, мемлекеттік және мемлекеттік емес қорлардан бірінші кезекте қаржыландырылуы тиіс. Халықаралық, қоғамдық гранттар көпшілігінде табиғат қорғау шараларына бағытталады.

Несиенің ынталандыру және жауапкершілікті арттыру қызметі әсіресе жоғары. Өйткені несие белгілі мерзімге, белгілі мақсатқа міндетті түрде қайтарылатын жағдайда беріледі. Несиенің пайдалану мерзіміне байланысты өсімі белгіленеді. Табиғат қорғау және пайдалану шараларын ынталандыру үшін басқа іс-әрекеттерге қарағанда, жеңілдетілген несие беріледі. Екінші жағынан несиенің ынталандыру қызметі қайтарымдылығы. Несие неғұрлым тез қайтарылса соғұрлым аз өсім төленеді. Сондықтан несие алушылар табиғат қорғау шараларын тезірек іске асыруға мқұдделі болады.

Табиғат тиімді пайдалануды жетілдіру мақсатында пайдаланылатын маңызды тетіктердің бірі – табиғат пайдалану төлемдері. Ынталандыру табиғат пайдалану төлемдерінің ең негізгі қызметі болып табылады. Төлемдер табиғат пайдаланушылардың оны қорғауға, үнемдеп пайдалануға жауапкершілігін арттыратын бірден-бір экономикалық әдіс болып табылады. Ресурстарды ақысыз пайдалану ысырапшылдыққа әкеп соқтыратынын тәжірибе өте жақсы көрсетті. Табиғат пайдалануды қанша мөлшерлеп шектегенімен, төлемдер механизмі қолданылмаса аса нәтижелі болмайды.

Ынталандыру мақсатында кейде төлемдерден босату, азайту сияқты жеңілдіктер қолданылады. Мысалы, жанама, ілеспе өнімдерді, қалдықтарды, өнімділігі аз, қолайсыз

орналасқан табиғат ресурстарын пайдаланушыларға жеңілдіктер беріледі: төлем алынбайды немесе азайтылады.

Ынталандырудың қаржы, несие, материалдық сыйлықтар, жеңілдіктер тетіктерін қолдану үшін табиғат қорғау экологиялық қорлары құрылады. Олар кәсіпорындарда, өндіріс салаларында, аймақта және республика бойынша ашылуы мүмкін. Экологиялық қорлардың қаржылары тек табиғат қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану бағдарламаларына жұмсалуды тиіс.

Табиғат қорғау шараларын ынталандыру мақсатында амортизациялау тетігі қолданылады. Табиғат қорғау, табиғат ресурстарын кешенді өңдеу, қалдықтарды пайдалану бағыттарында қолданылатын негізгі қорларға жеңілдетілген, тездетілген нормативтер белгіленеді. Соның арқасында осындай шараларға жұмсалған күрделі қаржының қайтарымы тездетіледі, ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңірек қолдануға мүмкіндік туады.

Табиғат пайдалануды және қорғауды ынталандыру әдістері мен тетіктері кешенді, бір-бірімен үйлесімді қолданылуы керек. Жеке-жеке ешқайсысы мәселені толық шешпейді. Сондықтан оларды өзара тығыз байланысты жүйе де қарастыру қажет.

Кесте 1 - Табиғат қорғауды, тиімді пайдалануды жетілдіру әдістері мен тетіктері

Негізгі экономикалық әдістер, тетіктер	Жетілдіру бағыттары
1	2
Жоспарлау, бағдарламалар, жобалар	Кәсіпорындарды, өндіріс салаларын аймақты нақты нәтижелерге ұмтылдыру. Болжау, жоспарлау және бағалау көрсеткіштерін анықтау. Арнайы бағдарламалар әзірлеу.
Қаржыландыру	Табиғат қорғау шараларын бюджеттен, табиғат қорғау қорларын қаржыландыру. Ынталандыру мақсатында қаржыландыру есебіне төлемдер (салық) жатқызылуы мүмкін.
Несие	Ұзақ және қысқа мерзімдерге, арнайы табиғат қорғау мақсатында несиелер, жеңілдетілген несиелер беру.
Амортизация	Табиғат қорғау құрылымдарына, құралдарына, негізгі қорларына тездетілген амортизациялау нормаларын белгілеу.
Төлемдер	Табиғатты пайдалану, қорғау, қалпына келтіру төлемдері белгіленеді. Табиғат қорғау шараларын төлемдер есебінен жүргізуге мүмкіндіктер, төлемдерден жеңілдіктер беріледі.
Табиғат қорғау қорлары	Республикалық, аймақтық, жергілікті кәсіпорындардың табиғат қорғау экологиялық қорлары құрылады, қаржылары табиғат қорғауды ынталандыру мақсатында жұмсалады.
Баға	Ғылыми негізделген тиімді бағалар қалыптасуы. Баға шамасында: халық шаруашылық қажеттілікті; ҒТЖ, қалдықтарды пайдалануды; табиғат ресурстарының үнемделуін; экспорт-импорт тиімділігінің ескерілуі.
Салық жеңілдіктері	Табиғат қорғау, тиімді пайдалану шараларынан түскен пайда уақытша салықтан босатылады немесе жеңілдіктер беріледі.
Материалдық сыйлық (дотация)	Зиянды заттардың ауаға, суға таралуын кеміткені үшін суды, т.б табиғи ресурстарды пайдалану нормасын кеміткен үшін, табиғат пайдалану экономикалық әдістерін жетілдіргені үшін, экологиялық жаңа технология, техника қолданғаны үшін материалыдық сыйлықтар (дотация)

	беріледі.
Айыптар	Табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін, табиғи ортаға шекті шамадан артық ластаушы заттар шығарғаны үшін, табиғат ресурстарын ысырап еткені үшін, келтірілген зиянның қайтарымы ретінде айып төлемдері алынады.
Сана-сезімге қоғамдық қатынастарға әсер ету	Табиғат қорғау жөнінде білім-тәрбие беру, үздік нәтижелерді насихаттау (жариялау, көрсету)
Ластаушы заттар шығару құқын сату	Ластаушы заттар шығару шамасын шектен (нормадан) төмендеткен кәсіпорындарға аймақтың норма шегінде ластау құқын сатуға рұқсат беріледі.
Жанама әдістермен басқару	Жерді ұзақ уақытқа жалға беру, табиғатқа әсер ету жариялылығы, қоғамдық бақылау құқықтық процедураларды жеңілдету, мәліметтерді алуды оңайлату.
Жалпы экономикалық шаралар	Әндіріс құрылымын жақсарту, валюта курсы, шетелдік инвестиция саясаты, бюджет, ақша саясаты, өсім, дисконт, инфляция шамаларын реттеу.

Табиғатты пайдалану және қорғау бағытында әкімшілік, экономикалық (нарықтық) әдістермен бірге жалпы экономикалық саясат маңызды орын алады. Мысалы, өнеркәсіп құрылымын жақсарту, жекешелендіру және мемлекет меншігін алу, шағын кәсіпкерлікті дамыту, инвестиция саясаты, шетелден инвестиция тарту, т.б. [1]

Өнеркәсіп құрылымын жақсарту арқылы табиғатты ластаушы, табиғат ресурстарын пайдаланушы өндіруші өнеркәсіптің орнына дайын өнім шығаратын өңдеуші өнеркәсіптің үлесін ұлғайту экономикаға да, табиғатқа да тиімді. Сол сияқты экспорт-импорт саясаты «ластаушы» өнімдерді әкелуді шектеу бағытында болуы керек. Шетелде инвесторлармен жұмыста табиғат қорғау шараларына баса назар аударылуы тиіс. Әйткені дамыған елдер, бірінші кезекте «ластаушы» кәсіпорындарды шетелде орналастыруға тырысады.

Өнеркәсіп құрылымын жақсарту, әдетте, экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны ауыздықтау, ұлттық валютаның құнын арттыру саясаттарымен бірге жүргізіледі. Әндірістің кейбір салаларын қолдау саясаты да табиғат қорғаумен тығыз байланысты.

Сонымен, жалпы алғанда, экономиканың барлық салаларындағы басқару шешімдері, тұжырымдамалары, экономикалық саясат тікелей және жанама табиғи ортаны жақсартуға, табиғат ресурстарын молайтуға, адамдардың өміріне бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гирусов Ә.В., Бобылев С.Н., Новоселов А.Л., Чепурных Н.В. Экология и экономика природопользования. М.: ЮНИТИ, 2002.
2. Шалболова У.Ж., Казбекова Л.А. Современное состояние внедрения логистики на предприятиях нефтегазовой отрасли Кызылординского региона. /Монография. – Ставрополь: Секвойя, 2015

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Государственное управление среди всех видов управления занимает особое место, которое объясняется некоторыми, только ему присущими свойствами.

Определяющее влияние на характер целенаправленных, организующих и регулирующих воздействий, осуществляемых данным видом управления, оказывает его субъект - государство. При всех различиях в трактовке государства и многообразии его проявлений почти все выделяют заложенную в нем мощную властную силу. М. Вебер писал: «Государство... есть отношение господства людей над людьми, опирающееся на легитимное насилие как средство» [1]. Государство - структура, способная властно определять линию поведения людей и добиваться ее с помощью принуждения. Государство понимается как «структура господства, которая постоянно возобновляется в результате совместных действий людей, действий, совершающихся благодаря представительству, и которая упорядочивает общественные действия в той или иной области»[2].

Государственная служба представляет собой важнейшую сферу государственно-управленческого деяния. Государственная служба, которая реализует на практике функции органов государственной власти и выполняет их задания, функционирует во всех отраслях. Поэтому анализ функций государственной службы позволяет оценить его роль и назначение в механизме государства, определить ее эффективность, полезность и значимость, учитывая то, что государственная служба является основным каналом реализации правоотношений, возникающих в процессе осуществления компетенции органов государственной власти, выполнение задач и полномочий государственных служащих.

Государственная служба в современном понимании сводится к осуществлению функций государственного управления, которое рассматривается в широком смысле, т.е. как управленческая деятельность всех органов в системе законодательной, исполнительной и судебной власти и органах местного самоуправления.

При таком подходе деятельность как законодательных, так и исполнительных и судебных органов государственной власти подпадает под формулировку «управление государством». Иначе говоря, государственное управление в таком понимании характеризует всю деятельность государства, связанную с организующим влиянием со стороны специальных субъектов права на общественные отношения. Обычно эту деятельность осуществляют государственные служащие.

По мере становления в Казахстане новой государственности роль и значение государственной службы как публично-правового института, призванного обеспечить социально-экономические и политические преобразования в стране, постоянно возрастают. Речь идет о том, чтобы повысить качественный потенциал государственной службы республики, обеспечить реализацию общей стратегии и координацию практической деятельности государственных органов по работе с кадрами, осуществлять государственную кадровую политику в стране на основе единых методологических подходов.

В декабре 1991г. Казахская ССР провозгласила независимость и стала Республикой Казахстан. Принципы суверенного развития были закреплены в Конституциях 1993 и 1995 годов.

Неизбежные организационные преобразования происходили в системе государственного управления. Эти процессы сопровождались рядом негативных последствий - высокой текучестью кадров, нарушением преемственности в деятельности, потерей престижа государственной службы, усилением коррупционности государственного аппарата, снижением эффективности управленческой деятельности.

Ощущался острый недостаток нормативно-правовых актов, регламентирующих функциональные обязанности госслужащих.

Современный этап системной модернизации государственного управления характеризуется тем, что республике удалось перейти к рыночной экономике, зародившийся в начале реформ средний класс окреп и постоянно увеличивается. Кроме того, улучшается качественный уровень жизни населения, уменьшается число безработных и др. Но при этом сверхцентрализованная государственная власть становится тормозом для более поступательного движения республики на пути к дальнейшей либерализации экономики и демократизации казахстанского общества. Поэтому, основными задачами нынешнего этапа реформирования системы государственного управления Республики Казахстан выступают:

- совершенствование выборного законодательства;
- расширение полномочий представительных органов власти, особенно на местном уровне и развитие местного самоуправления;
- разграничение функций и полномочий местных представительных и исполнительных органов власти;
- расширение принципа выборности как на общенациональном, так и на региональном уровнях;
- ужесточение государственной борьбы с коррупцией;
- дальнейшее развитие политического процесса децентрализации органов государственного управления;
- создание оптимальной структуры правительства в целях повышения результативности ее деятельности и адаптивности к внутренним и внешним факторам;
- дальнейшая апробация и углубление внедрения «электронного правительства»[3].

В целом, в стране вопросы и проблемы эффективности государственного управления находятся в центре внимания политической науки и общественной практики. Все чаще возникает вопрос об адаптации системы государственного управления к общественным и иным интересам и запросам всего казахстанского общества, о поддержке слабозащищенных социальных групп и каждого человека. На современном этапе на повестке дня стоит вопрос о дальнейшей децентрализации государственного управления. Децентрализация в развитом государстве выступает как одно из основных направлений в процессе демократического, эффективного государственного управления. В ходе демократических и политических реформ системы государственного управления встает вопрос о степени децентрализации, т.е. о выборе оптимального уровня и рационального варианта децентрализации в зависимости от целого ряда обстоятельств.

Под влиянием целого комплекса объективных и субъективных факторов, среди которых научно-технический прогресс, развитие рыночной экономики и уровня общественно-технологического и материального роста государства и населения в целом, многие страны мирового сообщества стали активно проводить административные реформы, направленные на повышение эффективности государственного управления. Это обусловило и заимствование многих теоретико-практических заимствований лучших результативных управленческих практик из бизнеса и менеджмента в целом, что не могло не привести к общественно-политическому, экономическому и финансовому изменению облика современных государств.

При этом следует отметить, что в основе нынешних административных реформ находится идея изменения общественной роли и места гражданина в системе государственного управления. Современная менеджерская парадигма «клиенто-ориентированного» управления представляет собой новейшую управленческую философию государственного менеджмента. В модели «клиенто-ориентированного» государства лежит довольно таки «избитая» управленческая идея, а именно ключевая ориентация государственных служащих на запросы и интересы клиента. В настоящее время менеджерская модель «клиенто-ориентированного» государства реализуется во многих государствах мира. Идея «государства-служащего», нанятого гражданами страны для

предоставления административных и иных государственных услуг в соответствии с международными стандартами и регламентами становится главным смыслом общественно-политической государственной деятельности казахстанского чиновника. Данная модель направлена на построении партнерских, доверительных отношений между государством и обществом, что не может не оказывать своего влияния на углубление внутривластных процессов по дальнейшей демократизации политической системы Республики Казахстан. Таким образом, в модели «клиенто-ориентированного» государства предоставление государственных услуг становится основополагающей функцией административной системы управления Казахстана. Не случайно, в рамках реализации «электронного правительства» реализуется принцип «одного окна», разрабатываются и внедряются международные стандарты государственных предложений и услуг.

В результате проделанной работы постепенно выстраивается своеобразная модель четкой структуры государственного управления, что значительно облегчает переход к эффективному демократическому управлению. При этом главный приоритет - это сохранить статус и целостность унитарного государства и не ослабить центральную власть Республики Казахстан.

По мнению экспертов, необходимо проанализировать 3000 государственных функций и по каждой из них разобраться - к какому из уровней ее необходимо передать. Законодательным и исполнительным органам предстоит серьезная работа, внесения соответствующих изменений в нормативно-правовые акты по расширению полномочий акимов (глав администраций) районных, сельских и аульных округов. Специалисты и эксперты исследовав функциональные полномочия, пришли к выводу о том, что из 3000 функций необходимо 600 осуществлять в качестве рыночных коммерческих услуг.

На наш взгляд, казахстанская модель системы государственного управления на современном этапе базируется на следующих политико-правовых принципах:

- политико-правовое закрепление за Конституцией Республики Казахстан универсальной нормы разделения власти;
- целесообразная адаптация конституционного передового, позитивного опыта зарубежных стран к реалиям казахстанского общества;
- приоритет сохранности политической стабильности путем правового регулирования взаимоотношений между различными органами власти, а также между элитой и обществом;
- поддержание реального баланса политических сил между тремя ветвями государственной власти.

Государственное управление обеспечивает политическое развитие страны, демократизацию общества и его жизни. Государственная служба обеспечивает реализацию программ и законов. Следует заметить, что в каждой стране существует своя, уникальная модель государственной службы, не похожая на другие. Однако все эти модели не были взяты в чистом виде. Каждая отдельно взятая система государственной службы страны – это результат переплетения ее истории, традиций, менталитета с культурой взаимоотношений между личностью и обществом. Казахстан, как и любая страна, имел свои исторические предпосылки к становлению государственно-служебных отношений. Вхождение в состав Российской империи, а затем и Советского государства, обретение независимости – все эти исторические события наложили на государственный строй нашего государства свои положительные и отрицательные моменты. Основная задача на сегодняшний день – преодолеть иждивенческое советское сознание, приобретенное за долгие годы социалистического строя, привить гражданам умение работать на результат, развить корпоративное мышление и ориентировать на новые ценности. Пока мы не научимся сознательно ценить свое время и возможности, никакие реформы в сфере госслужбы не помогут нам решить наши проблемы.

ЛИТЕРАТУРА

1. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: Курс лекции. М, 1997.

2. Зеркин Д. П., Игнатов В. Г. Основы теории государственного управления. - Ростов Н/Д., 2000. 448 с.
3. Уваров В. Н. Государственная служба и управление: Учебник. - Петропавловск: Северо-Казахстанская юридическая академия, 2004. с. 416 с.

УДК: 304.44

Жармакина Ф.М.

Карагандинский государственный университет имени Е.А.Букетова

ЭТАПЫ СОЦИАЛЬНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА

